ISSN 1563-0223
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК КазНУ

ФИЛОЛОГИЯ
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

Алматы **№2 (136)** **2012**

1992 жылдың 22 сәуірінен бастап шыға бастады

Тіркелу куәлігі № 766

Редакциялық алқа:

Әбдезұлы Қ.
(*ғылыми редактор*),
Әбдиманұлы Ө.
(*ғылыми редактордың орынбасары*),
Зуева Н. Ю. (*жауапты хатшы*),
Әбішева У.К., Алтынбекова О.Б.,
Джолдасбекова Б.У., Есімова Ж.Д.,
Күркебаев К., Сағындық Н.Б.,
Таева Р.М., Темірболат А.

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

№ 2 (136)

ИБ № 5792

Басылуға 23.04.2012 жылы қол қойылды.
Пішімі 70х110 1/16. Көлемі 21,58 б.т. Офсетті қағаз.
Сандық басылыс. Тапсырыс № 480
Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2012

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Қансейіт Әбдезұлы. Зейнолла Қабдолов. Махамбеттің түлғасы. Аяқталмаған роман... 3
Абдуалиева Ж.Б. К. Ахметова поэзиясындағы тәуелсіздік тақырыбы ... 9
Агаева Фируза Абдулла кызы. Любовная лирика Махдумкули Фараги ... 12
Ахметжанова А. И. Жанровые особенности памятников деловой письменности... 14
Базылова Б. К. Художественные формы портрета в структуре романа ... 17
Бисенбаев П. Қ. Алтын орда дәуірінен жеткен ғашықтық дастан... 21
Самал Дәрібайұлы. Беташар ... 24
Қазыбек Г. Қ. Алғашқы қазақ газеттеріндегі аударма нүсқалар ... 27
Құлжанова Б. Р. Көне түркі мұраларындағы ел бірлігі, мемлекет тұтастығы идеясы («Орхон» және «Құтадғу билиг» материалдары бойынша)... 30
Beyhan Asma. Tolstoy'un yaşam felsefesi... 34

ТІЛ БІЛІМІ - ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Гайнуллина Н. И. Диахронический взгляд на аксиологическую шкалу эпитета в прагматиконе отдельной языковой личности... 38
Ali Agababa Aliyev. Overcoming ambiguity of verbs in english-azerbaijani mt system: the initial approximation ... 43
Алишова И. К. Кыргызские термины родства в составе имён собственных... 48
Аширова А. Жазбаша мәтін және оның құрылымдық ерекшеліктері... 50
Байманова Л.С. Жаһандану дәуіріндегі түрік-герман тілдерінің байланысы... 54
Бедусенко Г.А. О некоторых лингво – функциональных особенностях заимствований в современной разговорной речи... 58
Егорова Т.В. Способы выражения амбивалентной оценки в русском языке ... 62
Загинайко О. Ю. Динамика речевого поведения персонажей в рассказе А. Проханова «Знак девы» ... 67
Искакова А.Г. Структурно-семантические особенности имен существительных с не-префиксальным в современном русском языке ... 72
Искакова А.О., Торемуратова А. Лексико-орфографические особенности языка общения в интернете и его влияние на современный английский язык ... 76
Казкенова А.К. Иноязычное заимствование и развитие многозначности: номинативная общность и взаимодействие (на материале русского языка) ... 81
Найманбай А.Р. Әлемнің тілдік бейнесіндегі «Әйел-еркек» ұғымдары ... 85
Нугушманова К.Т. The category of time relation the present perfect tense... 88
Сабитова З.К. Прецедентные феномены как результат текстовой редукции... 91
Супрун В.И., Мадиева Г.Б. Онимическая семантика и её специфика ... 96
Рецензия. Л.К. Жаналина. Интегративное словообразование: Монография ... 101

Абдрахманова Ж. Фразеологиялық тұлғалар компоненттерінің дистантты орналасуы....104

ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ - МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ

Бисенғали Зинол-Ғабден Қабиұлы. Қазақ әдебиеті пәнінен өздік жұмыс ұйымдастарудың модульдік жүйедегі жаңа тәсілдері....108
Атабаева Ф. К., Атабаева Г.К., Тлеугабылова З.А. Использование видеофильмов на уроках английского языка....112
Қасым Б., Нүптекеева Г.Б. Қазақ тілінің сөзжасамынан берілетін білім көлемі мен оқыту әдіс-тәсілі....114
Бекалаева А.О., Нуржумаева К.А. Языковая компетенция преподавателя и стратегии, применяемые в обучении иностранным языкам....118
Бекишева Р.М. Понятие об инновациях в образовании....120
Мамиева А.Н. Тіл тарихы курсы пәндерін жаңа технологиялар арқылы оқыту жолдары....123
Михальченко Е.Н. Integrating the newspaper and the news into the curriculum....126
Субботина В.В. Необходимость изучения английского языка и его роль в современном мире....128
Сулейманова С.А. Презентация как эффективная форма модульного обучения деловому английскому языку....131
Таганова А.М. Оқулық жазу шарттары және оның тәрбиелік негіздері....134
Мұстафина М.Ә. Әдебиетті оқытудағы проблемалық әдісті қолданудың тиімділігі....139

АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ - ТЕОРИЯ ПЕРЕВОДА

Жумадилова М.Н. Лингвоэтническая специфика перевода....143
Тастемирова Г. А. Аударма – халықтар достығының дәнекері....146

МӘДЕНИЕТ - КУЛЬТУРА

Ломова Е.А. Русско-англо-американские литературные связи в первое двадцатилетие XX века....151
Жапарова А.Ж. Английский этикет....154

ЖАС ҒАЛЫМДАР - МОЛОДЫЕ УЧЕНЫЕ

Әзизова А. Қабдеш Жұмаділов шығармаларындағы мифтік көріністер....158
Таттимбетова К. О. Төлеу Көбдіков лирикасындағы ұлт-азаттық сарын....162
Акшолакова А. Ж. О грамматической адаптации казахских топонимов....165
Абдуллаева А.К. Формулы выражения благодарности в кыргызском и английском языках....168
Абдуллина Б.А. Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы шығармашылығы....171
Абжалова А. Қазақ драматургиясының зерттелу жолдары....174
Ахметбекова А.М. Дефиниция как основное средство раскрытия значения термина....177
Валикова О. Синергетическая природа речевого имиджа....182
Досанова К. Айтыс және имандылық....187
Ергубекова Ж.С. Қазақ батырлар жырларындағы «Адам» концептісі....190
Ибраева Д.С. М.Мақатаев өлеңдеріндегі және қазіргі қазақ поэзиясындағы діни сарын көріністері....195
Кайбулдаева А.З. Тенденции образования и развития неологизмов в русском языке....198
Қайдауылова С.Ғ. Сұраулы сөйлемдердің функционалды-семантикалық сипаты....201
Кайралапова С., Тусупова А.К. Фраземы в переводах художественных произведений на русский и английский языки (на материале рассказа М. Ауэзова «Коксерек»)....206
Каналиева С.У. Ахмет Байтұрсынұлының төл поэзиясындағы тәуелсіздік идеясының көрініс табу мәселелері....210
Кдыралиева Ж.Б. Шешендік теңеулердегі көркемдік стиль....213
Койлыбаева С.С. Критерии пассивизации лексики русского языка на современном этапе (социолингвистический аспект)....216
Оспанова А. А. Ғұмар Қараштың азаттықты аңсаған туындылары....222
Оспанова Н. А. Linguacultural aspects of simile in kazakh and english languages....226
Сейтхожаева А. Влияние лингвострановедческих знаний студентов на ход общения....229
Фот Л.В. К истории становления лингвистики текста....232
Байсакалов Т.К. Ілеспе аударамдағы лексикалық трансформациялар....236
Әзікен Г. Бөлтіріктің «Ел жарыла көшкенде» дастаны....239
Нусипов А. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Шыңғыс хан бейнесі....242
Джаламова Ж.Б., Алдабергенкызы Л.А. Коммуникативная культура и компетентность в профессиональной сфере общения....246
Бекжанова А.Б. Языковая идентичность и язык СМИ: к постановке вопроса....250
Назарова А. Масс-медианың мемлекеттік тілді дамытудағы рөлі....253

ҚазҰУ хабаршысында басылатын қолжазбаларға қойылатын талаптар....256

Требования к рукописям, публикуемым в вестнике КазНУ....258

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Зейнолла Қабдолов. Махамбеттің тұлғасы. Аяқталмаған роман...

Қансейіт Әбдезұлы,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ф.ғ.д., профессор, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада ұлы ғалым, академик Зейнолла Қабдоловтың аяқталмаған романы туралы сөз болады. Қаламгер Махамбет образын сомдау арқылы XIX ғасырдағы көшпелі қазақ өмірінің шындығын ашып көрсетеді. Жауынгер ақын өмірін оның шығармашылық өнерімен бір арнада өрбіткен жазушы шеберлігіне талдаулар жасалады. Аталған зерттеу еңбек З. Қабдоловтың Махамбет Өтемісұлы туралы романына арналған түңғыш мақала.

Суреткер жазушы Зейнолла Қабдоловтың қаламынан проза жанрында бірнеше құнды туындылар дүниеге келді. Жетпісінші жылдары жарық көрген «Біз жанбасақ...» роман-дилогиясы қазақ әдебиетінің алтын қорынан орын алған көркем шығарма десек артық айтпаймыз. Заманауи тақырыпқа қалам тербеген қаламгер аталған шығармасында көркемдік бітімі мүлдем бөлек бірнеше тың кейіпкерлерді қазақ әдебиетіне алып келді. Сондықтан да бұл роман-дилогияны кезінде қазақ оқырманы жылы қабылдап, жоғары бағалады.

Қазақ прозасындағы сол түста жақсы көріне бастаған интеллектуальды бағыттағы соңғы, жаңа тынысты шығармалардың көш басында осынау роман түрды. Әдебиет сыны романның әсіресе осы құндылығын баса көрсетіп, жарыса жазды. Сардар, Қабен, Тайман сынды жаңа кейіпкерлер көркемдік жинақтау биігінен табылған, қаламгердің суреткерлік дарынын айрықша жарқыратып көрсеткен типтік бейнелер ретінде әдебиет төріне көтерілді.

Тура осы арнада, өзінің суреткерлік қолтаңбасынан көз жазбаған қаламгер араға уақыт салып Әуезов бейнесін де әдебиетімізге алып келді.

«Менің Әуезовім» роман-эссесі де тұлға және заман тақырыбын тереңнен тартып бейнелеген, тарихи шындықты үлкен ауқымда көркемдік түрғыдан жинақтап бере алған бірегей туынды ретінде оқырман жүрегіне жол тапты. Мемлекеттік сыйлыққа ие болған бұл роман да З.Қабдоловтың көркем прозадағы көп жылғы шығармашылық ізденістерінің бір белесі ретінде әдебиет тарихында қалды.

Саңлақ суреткер, ғұлама ғалым, әлемдік әдебиеттің классигі Мұхтар Әуезовтің жеке тағдырынан бастау алатын оқиғалар тереңдей келе ұлы тұлғаның тұтас өмір жолымен, қаламгерлік жолымен, сол заманның тарихи шындығымен сабақтасады, қатар ашылады. Әуезовтің күллі кісілік болмысы, жан дүниесі, жеке басының трагедиясы нақты оқиғалар арнасында суреттеледі.

Жазушы Зейнолла Қабдоловтың көп жылдар бойында іштей дайындалып, ойына алған, осы мақсатта деректер жинастырып, жүрек түкпірінде сақтап жүрген, жанына жақын тақырыбы қазақтың алдаспан ақыны Махамбет бейнесін сомдау болатын.

«Менің Әуезовім» роман-эссесінен кейінгі күрделі туындысы - Махамбет бейнесіне қалам тартқан қаламгер бұл романын толық аяқтап үлгермеді. Оу бастан Махамбет тағдыр кешкен тұтас дәуірді толықтай қамтып, сол кезеңнің тарихи шындығы мен тарихи тұлғаларды қатар ала отырып,

© 2012 al-Farabi Kazakh National University

бүгінгі заман биігінен ой толғағысы келген қаламгердің аяқ алысы, қалам сілтесі бірден сезіледі.

Ой ауқымын кеңге салған, суреткерлік, көркемдік жинақтаудың эпикалық биігіне қол артқан автордың суреттеулерінен болашақ туындының терең тынысы, көп қырлы болмысы бірден көзге түседі.

Бұл туындының алғашқы тараулары З.Қабдоловтың өзі дүниеден өткеннен кейін жарық көрген бес томдық таңдамалы шығармаларының бесінші бөлімінде «Мүз үстінде от жаққан» атты тақырыппен жарық көрді. Болашақ романның алғашқы беттеріндегі оқиғалардан-ақ оқырманға терең әсер тастайтын “Арыстан еді-ау Исатай”, “Қаһарман ақынның тағдыры мен тағылымы”, “Айбын мен айдын,” “Ақын өлімі” (роман эскиздері) деп аталатын атаулар бірбірімен іштей сабақтасып, түтас дүниенің енді көтеріле бастаған қабырғаларын көзге елестетеді.

“Ақын өлімі” тарауында түтаса бастаған басты идея, тартысқа толы сюжет шырғаландары қылаң бергендей. Махамбет қазасына байланысты өрбитін оқиғалар суретінің алғашқы арналарын Зекең өзіне тән құнарлы тілмен, суреткерлікпен, өзіне тән стильде қағазға түсіріп үлгірген екен. Өте әсерлі, тартымды оқылады.

Жазушы бірден Бөкей ордасына байланысты тарихи оқиғаларға баға беріп, тарихи ретроспектива аясында бірнеше шегіністер жасайды. Еділ-Жайық арасын бейбіт жайлаған қалың қазақтың тарихи тағдыры қалайша замана көшінде сан қайтара сынға түскені де жазушы жинақтауларында суреткерлікпен көрініс табады. Жазушы ой ауқымын кеңге салады. Тарихи деректер шығарма тініне әдемі кірігіп, болашақ Махамбет түлғасына барар жолды саралай түседі.

«Жәңгір туатын жылы патша ағзамның жарлығымен Бөкей сұлтанның қашаннан бергі арманы орындалып, Еділ, Жайық – екі өзен арасы түгелімен Бөкей Нұралыұлына мәңгі-бақи меншіктеліп берілді. Бұл бұған дейін ешбір қазаққа жасалмаған мырзалық еді.

Еділ, Жайық арасын бұдан бұрын жоңғарлар таптап, қалмақтар жайлап бұларды патша жасауылдары казактар қуып шыққан соң көп уақыт бос жатқан қызыл шағыл боз дала болатын. Сол дала енді күтпеген жерден Бөкей сұлтанға берілді. Бұған жұрт таң қалды:

- Япырмай, тас сараң патша қалай қиып беріп жүр? – десті. Оны біреулер түзетіп:

- Бос жатқан жер, үстап тұратын адам керек, неге бермесін! – деді.

- Жоқ-ау, қазаққа қалай қиды деймін ғой.

- Бөкей де жарты қазақ, жарты орыс емес пе? Берген содан соң.

- Қалай орыс болады Бөкей?

- Көк көз ғой, орыстан несі кем?

- Солай екен-ау!

- Солай болғанда қандай? Биыл туған ұлы Жәһәнгердің де көзі көкпеңбек. Бұл да орыс, әкесінен аумайды, аузынан түскендей...

Бұлардың бәрі қаңқу. Өсек.

Тумыстан асыл жаралған ақылды, парасатты Бөкей не істеп жүргенін өзі біледі. Хан тұқымы, төлеңгіт емес, төре Бөкей сонау Шыңғыстан бергі ата-бабаларының орыстан шылбыры үзілмей келе жатқан тағдыр үрдісін бұл да бұза алмады. Қазақтар орыссыз өз алдына дербес ел бола алмайды деп білетін. Ойда – орыс, қырда – қытай. Шылбырдың бұрышын қара қытай ұстаған жөн бе, әлде қазақтың көзі үйренген сары орысы дұрыс па?

Әрине, отаршылар аяққа түсау салмақ түгіл шідер салса да, қытайдан орыс дұрыс деп білді.

Әрине, Бөкейдің мойнына ілінген үзбелі түйме жай түйме емес, оның өзіне, өзі басқаратын халыққа салынған отаршылдықтың қыл бұрауы да еді. Бұл бұғалыққа көнбеуге Бөкей ханның да, оның қай заманда да құлдықтан, азап пен бейнеттен арылмаған бодан халқының ешқандай лажы жоқ еді».

Осылайша тарихи шындықты ой елегінен өткізген қаламгер Махамбет бейнесіне барардың алдында Әбілхайыр, Бөкей сұлтан Нұралыұлы, Жәңгір хан сияқты тарихи түлғалардың тағдырына да соғып өтеді.

Болашақта Махамбет, Исатай бастаған ұлтазаттық көтерілістің әлеуметтік себептеріне, тарихи тамырларына ой, парасат көзімен үңіледі.

Жалпы романда көп сөз болатын тарихи мекен Қарой, Қаройдағы Махамбет тағдыры, ақын ойын түйыққа тірейтін шытырман түстің күдігі, осы тұстағы жазушы суреттемелері бүкіл романның идеялық жүгін ұстап тұрған бел омыртқадай көрінеді. Яғни "Түс", "Шер" деп аталатын тараулардағы сөз болатын оқиғалар сарыны, кең тынысты авторлық баяндаулар болашақ романның көп қатпарлы, көп кезеңдерді қамтитын күрделі шығарма ретінде жоспарланғанын анық аңғартып тұр.

Қазақ тағдырының ең бір күрделі, алмағайып кезеңін Жәңгір хан, Өтеміс, Исатай, Махамбеттей тарихи тұлғалар арқылы бейнелеуді мұрат тұтқан қаламгердің осынау шығармасының аяқталған нұсқасының қолымызда қалмағаны, әрине өкінтеді. Солай бола тұра Махамбет тұлғасына, Махамбет тағдырына арналған барлық шығармалардың ішінде З.Қабдоловтың осынау романының соңғы жылдары жарық көрген туындылардың арасында дара, шоқтығы биік көрінетіні сөзсіз.

Жалпы, осы орайда кішкене шегініс жасасақ, тұтас қазақ әдебиетінде Махамбет тұлғасына қалам тартқан қазақ қаламгерлері аз болған жоқ. Барлық жанрда, үлкенді-кішілі туындыларда Махамбет тағдыры шығарма өзегіне айналды. Алдымен қазақ поэзиясындағы Ы.Шөрековтің «Исатай-Махамбет» дастаны, Ж.Молдағалиевтің «Кек», Ж.Нәжімеденовтің «Жаңғырық», Ә.Кекілбаевтың «Махамбет», М.Шахановтың «Нарынқұм трагедиясы», Ф.Оңғарсынованың «Алмас қылыш немесе Махамбетпен қалай кездестім», М.Неталиевтің «Арыстан еді-ау Исатай» поэмалары, Қ.Бекхожиннің «Махамбет қабірінің басындағы тебіреніс» атты толғауы, ақындар Х.Ерғалиев, О.Сүлейменов, М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев, Ж.Әбдіраш, Т.Медетбек, Р.Ниязбек, И.Оразбаев, Ү.Есдәулет, т.б. әр жылдары жарық көрген туындылары Махамбет тұлғасын әр қырынан сомдауға арналды.

Бұлардың арасында жаңа жанрлық форма өлең-роман да ұшырасады. Айталық, «Арыс» баспасынан жарыққа шыққан ақын Р.Ниязбектің «Махамбет майданы» атты туындысын осы қатарға жатқызуға болады. Екі жүз өлеңнен тұтастырылған поэзиялық шығарма Махамбет тағдырының барлық кезеңдерін қамтып қана қоймай, сол тарихи тұстағы қоғамдық-әлеуметтік сахнаға шыққан қазаққа белгілі тұлғалардың барлығының халық санасындағы орны да айшықталып шығады. Өлең-романның басты-құндылығы – бүгінгі заман рухымен терең сабақтасып жатқандығы.

Бұл қатарға сонымен бірге І.Жансүгіровтің «Исатай-Махамбет», Б.Аманшиннің «Жақия», Ғ.Слановтың «Махамбет», М.Ақынжановтың «Исатай-Махамбет», соңғы кезеңде жарық көрген С.Жүнісовтің, Ә.Таразидің, И.Оразбаевтың «Махамбет» атты туындыларын, т.б. қаламгерлердің драмалық шығармаларын қосуға болады.

Әсіресе, І.Жансүгіровтің отызыншы жылдары дүниеге келген «Исатай-Махамбет» атты трагедиясы сол тұстағы әдебиетіміздің шоқтықты туындыларының бірі болды десек қателеспейміз. Бұл драмалық шығарма сол заманның талабына сай жазылса да ішкі көркемдік қуаты, тілі, жазылу стилі тұрғысынан ақынның сәтті шығармаларының бірі болды. Әсіресе Исатай батырдың қан майданда мерт болатын тұстарын бейнелейтін сахна көріністері, соғыстың тұтас суреті, осы арадағы Махамбет аузымен айтылатын астарлы толғаулар, қазақ елі мен жерінің тағдырына қатысты сол кездің өзінде көтерілген өткір ойлардың шығарма ішіне енуі Ілияс Жансүгіровтің қайталанбас қалам қуатын танытты.

Ал енді проза жанрында тарлан қаламгерлер Тәкен Әлімқұловтың атақты «Қараой» әңгімесі, Әнуар Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» атты романы, кейінірек дүниеге келген Берқайыр Аманшиннің «Махамбеттің тағдыры», Қажығали Мұқамбетқалиевтің «Бас жұтқан бас», Ә.Сарайдың «Исатай-Махамбет», Нәбиден Әбуталиевтің «Қайран Нарын», Марат Мәжитовтың «Барлыбай түбіндегі ән», тағы басқа да

қаламгерлердің прозалық туындылары алдымен ойға оралады.

Бұл туындылар несімен қымбат, несімен қадірлі? Авторлары қандай көркемдік ізденістерге қол жеткізе алды? Махамбеттің күрделі тұлғасын көркемдік тұрғыдан жинақтауда, сол тұстаға қазақ басына түскен бодандық, патшалық Ресей империясының қазақ даласында жүргізген отарлау саясатының қанқұйлы көрінісі, сонымен бірге ел ішіндегі, ағайын арасындағы зұлымдық пен сатқындық үстемдік құрған заман шындығын шынайы жеткізуде қай қаламгер қандай суреткерлік әдіс-тәсілдерге қол артқан екен.

Соған бір сәт назар тоқтатсақ, алдымен, Махамбеттің өмірі мен заманы туралы көркем шығармалардың ішінде Тәкен Әлімқұловтың «Қараой» атты туындысы айрықша дара тұрады. Бұл туынды көтеретін, арқау ететін көп қатпарлы әлеуметтік-қоғамдық шындық, осы арнадағы суреттелетін оқиғалар ағымының ауқымдылығы тұрғысынан келсек осы шығарманың бір өзі Махамбет тағдырының барлық кезеңін қамтып өтеді.

Қараой – жер атауы. Махамбетке жасалған соңғы қастандықтың да осы жерде өткендігіне автор айрықша мән береді. Сондықтан да осы қасіретке бастаған қаралы оқиға тарихы жазушы суреттеуінің басты көркемдік нысанасына алынған.

Әңгімеде Махамбет өмірінің соңғы сәттері сөз болады. Ең бастысы, мұнда қайсар ақынның ешкімге бас имеген асыл рухы асқақ көрінеді. Ешқашан, керек болса хан, сұлтан алдында да төмендемеген, аласармаған ар-намысы соңына түскен көп тобырдың қолы жетпес биікте қалады.

Елінен айрылып, жерінен ауып, қос қыраны – екі ұлын қатар жоғалтса да ақынның қанаты қайырылып, жігері құм болып жасығанын көрмейміз. Махамбет те ет пен сүйектен жаратылған жұмыс басты пенде, қаншама ауыр күрсініп, арыстан үлдарын жоқтап, іштен жыламсыраса да, бірақ оның тұлғасы тауы шағылған, сағы сынған жанның кейпінен алыс. Тек қана көз алдында бақилық болған біртуар балаларын ойлап, есіне алғанда жүрегі елжіреп, көкірегі сары сағынышқа толады.

Әсіресе, балаларының Өтемістен туған ондай түгел атқа қонып жасақты қолға айнала алмағаны орны толмас өкініштей өзекті өртейді. Махамбет жапан далада жалғыз қалғанда жүрегіне жебедей қадалатын жалғыз жан жарасы осы ғана. Әйтпесе батыр рухы, ақын ар-намысы бір сәтке де аласармайды, өзінің биік тұғырында қалады. Осы идеяны автор иін қандыра бейнелеп, әсерлі жеткізеді.

Махамбеттің басын қатерге тігіп, жауына қызмет етпеуі, серіктерінен айрылып, жалғыздықпен дос болуы және осылардың жанға салған сызы шығармада терең суреттеледі. Бұл арада ақынның көңіл күйінің кейбір толқымалы сәтін көрсету мақсатында жазушы оның өз өлеңдерінде көрініс тапқан сырларға сүйенетіні рас. Табиғат көріністерін де жазушы ақын өлеңдеріндегі оның жан шындығын білдіретін осындай сазға сай сипаттайды. Алайда оның елінің еркіндігі, халықтың бостандығы, «қара қазан, сары баланың» қамы үшін ереуіл атқа ер салған, егеулі найза қолға алған, асыл мұрат үшін жанын оққа байлаған қаһарман рухы әңгімеде жарқырап көрініс табады.

Ең ауыр трагедия – ақын қазасының суреттелетін тұстарында қаламгер сұңғыла шеберлік танытады, әңгіменің құнарлы тіл өрнегін дәл табады. Оқиға мүмкіндігінше сығымдалып, қысқа қайырылады, кейіпкерлердің іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын, ойпиғылын жазушы қысқа-қысқа диалогтар, ой ағымы арқылы жеткізеді. Әсіресе, кейіпкердің мінез-құлқын аз сөзбен өте дәл жеткізетін психологиялық талдау тәсілін ұтымды қолданған.

Ал енді, суреткер жазушы Зейнолла Қабдолов өз романының барлық тарауларында дерлік Махамбет тұлғасына, оның болмыс-бітіміне, қайсар мінезіне қайта-қайта айналып соғып отырады. Романның ішінде ерекше көзге түсетін бір ерекшелік – Махамбет, Исатай тағдыр кешкен табиғи орта, атамекен суреті кең ауқымда суреттеледі. Табиғат көріністеріне автор айырықша мән береді.

«Тайсойған да аумаған Нарын, Ойыл мен Жем арасын түтастыра жалғап көсіле көлбеген жалпақ шағыл. Бұл да шағыл болғанда сусып төгіліп жатқан жалаңаш құм емес, қызғылт топырағы сүрғұлт шүйгінмен, кей түстары жасыл шалғынмен қымталған көгілдір қоңырлықтар мен кең қолтықтар, белес-белес белдер, қырқа-қыраттар, қалың елге сая, мал мен жанға пана Нарын ханжайлау болса, бұл – саржайлау. Оңтүстік шалғайы Жем суынан басталатын Тайсойған солтүстігінде Бүйрекқұмға ұласып, Ойыл өзеніне тіреледі. Ойылдың дәл осы аралығында Сырым бөгеті, бөгет жиегінде даланың жалындай жалбырап тұрған бір шоқ терек бар. Мұны да Аққөл мен Кезауызға қарай өткен жолаушыға көлеңке болсын дегендей Сырым батыр өз қолымен егіп кеткен көрінеді.

Кезауыз – кезауыз десе кезауыз, - оңтүстікке қыртыс-қыртыс қызыл шағылды қақ айырып ағып жатқан Жарыпшыққан өзенінің солтүстіктегі Ойыл суынан жырылған жіңішке жылғаның толқыны терең Тайкеткен арнасына келіп тоғысатын құйылысы – табаны тастақ, жиегі қайраң құмды өткел. Бұл араның суы – жайылма, саяз, тізеден аз-ақ асады. Жағасы жайпақ. Сырым бөгетінен арғы Қарамеңнен Қаракөлге, одан әрі Қарабайға қарай сапар шеккен жолаушы арбадан түсіп, балағын түрініп, білегін сыбанып, бой сергітіп, үйқы ашар салқын сумен бетін бір сипайды да, көлігін қылт етпеден ат емес өзі сүйреп өткендей арғы бетке шыға бере жайланып суын ішеді.

Содан соң пар аттың қамытын алып, делбелерін шұбатып, жағада жайқалған көк құраққа тұсаусыз қоя береді. Аттар шашасын салқын су шайған жерден тапжылып табан аудармастан қысқа дейін бояуын өзгертіп, буынын қатырмайтын балдырған бала құрақты бас салып шалғыша қияды да оқта-текте пысқырып қойып күрт-күрт, кірш-кірш шайнайды. Содан мінер жағынан иесі оралғанша орнынан қозғалмайды.

Ал иесі жағадан жоғары көтеріліп, шағыл шетіндегі шоқыға шығады, шешінеді. Шоқының іргесіне ырп-ырп соғып Жарыпшыққан ағып жатады. Нәрі тап-таза, жағасы-құмайт, түбі-тегіс ақ қайраң. Суының мөлдірлігі сондай ағыспен ығып, жүзіп келе жатқан шоршыма, сойқан балық шортан жағадағы адам қараны көріп кенет шошиды да толқынды құйрығымен бір ұрып кері бұрылып қашып кетеді. Соған бағып, бетінен түбі көрінген мөлдір су саяз шығар деп секіріп түсе қалсаң, үш кісі бойы тереңге шым батасың да кетесің.

Жарыпшыққан – сондай алдамшы өзен, тереңі тентек, тек беті ғана күледі.

Өтеміс пен Махамбет – әкелі-балалы екі салт атты Тайсойғанды екі күн аралап, бүгін үшінші күн дегенде Кезауыздан өтіп, күн шыға Сырым бөгетіне қарай бет түзеді. Бірақ бұлар жағаға шешінген жоқ, Жарыпшыққанға шомылған жоқ; күз салқын, күн желкем еді». Осылай төгіліп түсетін табиғат суреттері романның өне бойына айырықша құнар дарытып, қаламгердің тіл кестесін айшықтап көрсетеді. Зейнолла Қабдоловқа тән суреткерлік тіл, көркемдік бояу, оқырманға терең әсер тастайтын теңеулер үрдісі ой мен парасатқа суарылған.

Осындай суреттеулер Тәкен Әлімқұловтың «Қаройында» да сан қайталанады. Мысалы, Махамбеттің оңашада ой үстінде толғаныс кешкені «Қараойда» төмендегідей суреттеледі: ат үстінде талай ой кешті. Сонау қырандарды жайлаған қалың ел сүмбіледе осы Қараойға құлап, айнала қоныс тебетін шақ еске түсті. Жаз соңының желігі, күз басының қамы той-думанымен, қарекет-қарбаласымен көз алдынан шұбырып өтіп жатты.

Осы шақта Мақамбеттің үстінен көңқарға қарқылдады. Ертеде шаруалар қыстауға қарай ойысарда «көңқарғасы түскір кеп қапты ғой» десуші еді. Дәулеті тапшы Өтеміс ел көшкенде өспірімін атының сауырына салып, майталмандарға ілесе алмай лоқылдатқанда, қаршадай Мақамбеттің сыр бермейтін шағы әр түрлі ғазабымен осы шаққа ұласқанын енді жарастырғандай. Ашамайлы тайға мінген бай баласының көбінің кейін құймышағы өскендей көтерілісте атқа қонбауын енді бағалағандай. Баяғы жарлы әкенің артында жарбиған өспірімге: «Қош бол, Қараой!»

дегізетін мезгілдің жұмбағын енді өзінше шешкендей. Есейген Мақамбетке Қараой: «Ей бейбақ, сенің өмірің өткінші, мың күн жанған шырағың бір күн сөнеді», - деп түрғандай. Үрейлі, уанышы аралас лебізімен арбағандай. Көзі көмілген бұлақтың тілі байланса, беті жыбырлаған қалың шүйгін: Мәжгүннің керегі жоқ. Қалың елің қайда?!» - деп табалағандай. Осылайша екі суреткер де ақын тағдырына, ақын трагедиясына жақындай түскен сайын табиғат көріністерінің бояуын қалыңдата баяндайды. Салқын күздің, желкемді күннің суреті екі шығармада да ұқсас қайталанады. Табиғаттың сұсты суреті Махамбетке қатысты өрбитін қанды оқиғаға астарлы мән береді. Осы арқылы Махамбет трагедиясына алып келетін күллі іс-әрекеттің динамикасы ширатыла, ширыға түседі.

Т.Әлімқұловтың шығармасында күтпеген жерден қызғыш құстың көрінуі, көң қарғаның ұшып жүруі, ботаның боздауы, сол кеште, апақ-сапақта айдың тұтылуы, барлығы ақын өлімін, оның ауыр қазасын шарықтау шегіне жеткізе суреттеуге жол ашады.

Зейнолла Қабдолов өз романында Махамбет қазасын суреттейтін эпизоттарды қағаз бетіне толық түсіріп, үлгеріп кете алмағанымен, бірақ ақын қазасына алып келетін барлық оқиғалардың дәлелдеректерін айна-қатесіз, нанымды, сенімді суреттеулер арқылы алып келеді.

Махамбет трагедиясына алып келетін оқиғалар тізбегі жазушы суреттеулерінде көп қырлы, полифониялық сипатымен есте қалады. Махамбеттің соңғы күндерде, жалғыз қалғанда, күллі өмір жолын көз алдынан өткізіп, ой түңғиығына батқан сәттерін суреттеген беттермен роман нүктесі төмендегідей қойылады: «Сол баяғы жалғыз үй, сол баяғы екі құлынды бие, екі боталы түйе, бір ат. Қазір боталар босатылып, құлындар ағытылған. Бәрі қосылғанда тоғыз құрапты; кәдімгідей көз кідіртер бір табын мал. Және бәрі қосылып, топталып, бірге жайылып жүр; тоғызы да Қаройдың Дендер жақ беткейінде-шідерлеулі кер арғымақтың төңірегіне шоғырланып, бір-бірінен қара үзбей жайылады.

Махамбет біраук аспанға-бүрқыраған будай яки түтілген түбіттей будақ-будақ әуеде ілініп түрып қалған қызғылт бүлттарға қарады. Алып аспанға айшық-айшық сурет салған қызыл бүлттар шынында да әр нәрсеге бір ұқсап кетеді. Махамбеттің көзіне мына суреттер Жасқұстағы Орда шаһары секілденіп кетті. Хан ордасына Теке жақтан келіп төте кіретін айдау жол бар-ды; мынау орданың сол Теке беті сияқты. Хан сарайының әшекейлі биік қақпасы, сарайдың екі қанатын кере созып әкететін көше-көше көп үйлер, тіпті оң жақтағы айдын – Шалқар көл мен сол жақта қолдың саласындай тізіле самсап, жиекқұмды жағалай жосылып әрі асқан жал-жал жасыл теректер... Бәрі де қызғылт сары нұрға балқып, керемет көркем келбетпен Махамбеттің көзін арбап алды.

Махамбет аспандағы бүлтқа телміріп ұзақ түрды; қызыға қарап, қатты толқып ойланып түрды: «Япырмай, тіршілік түптүгел жерден кетіп, аспанға көшкен бе, қалай!»... Жапан далада жалғыз қалған ақынның күллі ішкі жан әлемі, жүрек күйзелісі, атамекеніне, туған жеріне, туыс-бауырларына деген ұлы сағынышы, ұлы қайғысы, ұлы мұңы, барлығы ақынның осынау сана ағымы арқылы көз алдымыздан өтеді.

Осыдан кейін роман Махамбеттің басын шабуға келген бір топ жендеттердің, яғни «сау желіп, суыт келе жатқан тобырдың» оңаша отырған қараша үйге өңмендей кіріп, залым ойларын іске асыруға беттеген зымиян іс-әрекеттерін суреттеумен тәмамдалады.

Ары қарай Махамбеттің Ықлас бастаған опасыз ағайынның алдында алдаспандай арқырап сөйлеп, айыбын айтып, ат құйрығын кесісіп, шарт кетуі. Ызадан жарылардай болған жеті баскесердің қылыштарын ала ұмтылған қаскөйлігінен титтей де қаймықпаған, жаралы арыстандай жалғыз алысқан алып жүректі ақынның жан алысып, жан беріскен арпалысы.

Махамбеттің жантәсілім етер сәттегі Үлы өкініші. Үлы арманы. Осының барлығын жазушы ақ қағазға түсіріп үлгермеді.

Тағдырдың жазуы.

* * *

В статье рассматривается незаконченный роман великого ученого, академика Зейноллы Кабдолова. Писатель, описывая образ Махамбета, раскрывает казахскую кочевую жизнь XIX века. Он пишет о жизни и творчестве великого поэта, анализирую его мастерство. Названная исследовательская работа – это первая статья о романе З. Кабдолова, посвящённом М. Утемисулы.

* * *

The article considers the incomplete novel of the great scientist, academician Zeynolla Kabdolov. While describing the image of Makhambet the writer shows the Kazakh nomadic life of the 19-th century. He writes about the great poet's life and creativity analyzing his skill. This research is the first article about Z. Kabdolov's novel devoted to M. Utemisuly.

К. Ахметова поэзиясындағы тәуелсіздік тақырыбы

Ж. Б. Абдуалиева

ТарМПИ-дың ф.ғ.к., доцент, Тараз, Казахстан

Аннотация. Қазіргі кезең әдебиетінде Күләш Ахметованың алар орны ерекше. Уақыт талабына сай көтеріліп отырған ел, жер, ұлт қамы, тәуелсіздік жемісі сияқты тақырыптар ақын поэзиясында көрініс алады.

Түсірмес асылыңды шаңдақ құмға,
Туса да ақылды қыз, ардақты үлдар,
Торғыным, тозып кете жаздап едің...
Үлы елге үлы Азаттық келді уақытында!
(К. Ахметова)

Тәуелсіздік! Қазақ үшін бұдан асқан киелі, бұдан асқан қасиетті ұғым болмаса керек – ті. Өйткені бұл ұғымның сандаған ғасыр бойы мынау жалпақ әлемде еркін өмір сүріп, үрпақ өрбіткен, әлемдік өркениетке өшпес үлес қосқан алаш баласымен бірге қайнасып, кіндігі бірге жаратылғандай көрінетіні бар. Қазақ елінің басынан қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай тірлік те өтті: о баста біздің бабаларымыз ат шаптырып, той жасап, әнін айтып, салтын ұлықтаған азат ел еді. Басынан дүшпанның өзі түгіл сөзін асырмаған бұла күшті, асқақ рухты еді. Жеті күнгі жорықта аттан түспеген, алысқан жауын жеңбей қоймаған жауынгер халық еді. Дүние шіркін шыр айналып, «ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен» алмағайып заман да болды: үстіне қара бұлт үйіріліп, ерлерінің қол – аяғы бұғауда, қыздарының көз жасы бұлауда болған қасіретті жылдар еді. Өз еркімен тырп етуге шамасы жоқ бодан болған, қайғыдан қан жұтқан ғасырлар еді. Бүлдыр да бүлдыр күн өтіп, туған дала тарихын ұмыттыруға, жадыдан өшіруге күш салған қаскөй дәуірлер еді. Алла берген жұмыр басын бостандықтың бодауына байлаған, азаттықтың ақ жолында шейіт болған әлемде екі халық болса, соның бірі қазақ шығар бәлкім?! Өйткені, қазақ сөзінің түп – төркіні «еркін, ешкімге бас имес адамдар» дегенді білдіретінін ғалымдар айтып жүр. Тәуелсіз еліміз, егемендігіміз жайында ақын К. Ахметова: «Адам үшін де, қоғам үшін де азаттықтың бағасы аса қымбат. Біз ата – бабамыз ғасырлар бойы аңсап, көксеген Тәуелсіздікті көзімізбен көріп, миымызға сыйғызып, жүрегімізден өткізіп, өмір салтымызға айналдырдық. Есімізді жиып, еңсемізді тіктеп, ел қатарлы бағыт – бағдар ұстадық.

Баста ноқта, аяқта кісен жоқ, өз еркіміз өзімізде! Ұлан – ғайыр даламызға иелігімізді мөрлеп, дәлелдеп, рухымыз асқақтап, жанарымыз жарқылдап, төрткүл дүниеге бойымызды көрсетіп, елдігіміз бен теңдігімізді паш еттік.

Елдігіміз – бірлігіміз бен бөрілігімізге байланысты. Осынау ұлы мүмкіндікті ұстап тұру – ұлтқа сын, ұрпққа аманат. Қазақтың қарымы мен дарыны таразыға түсетін кезі – осы!»,- деп айтқан сөзі бар[1,3].

Азаттыққа жету жолында елін сүйген ержүрек батырлар қандай қызмет сіңірсе, алты ауыз сөзі алты алашқа жайылған арқалы ақын – жыраулар да одан кем еңбек сіңірген жоқ.

Азаттықты аңсаған халқым сол арманының арқасында «Күлтегінін», «Алпамысын», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Ер Тарғынын» жазып, жырларына ерлік, еркіндік, азаттық сияқты асыл ұғымдарды арқау етті. Қазақ жұртына Жерүйық іздеген Асан Қайғыдан бастап, наркескен Махамбет пен дауылпаз Дулаттарға дейінгі аралықтағы даңқтылар поэзиясының мәңгілік сарыны азаттыққа келіп тірелетіні заңды еді.

Бұның бәрі кешегі. Ал бүгін ше?! Қазақ елі 1991 жылдың желтоқсанында анық азаттыққа қол жеткізгенде қуанбаған, қуаныштан көзіне жас алмаған адам кемде – кем. Сондағы ыстық сезімді, шаттықты, қуанышты ақындардан артық жырлаған ешкім жоқ.

Менің тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойына орай осы тақырыпқа ой жазуым жайдан жай емес. Алланың маған тәуелсіздігіктің құрдасы ретінде берген сыйы болар, тәуелсіздігімізді тойлайтын айдың алғашқы күні жол түсіп ақын, журналист Күләш Ахметованың үйіне бардым. Мен үшін мұндай ерекше тұлғаның үйіне бару қызық та, қиын болды. Қызық екені айдан анық. Дегенмен, қиын болуы тек естіп, біліп, оқып жүрген атақты ақынның үйіне баруым, ол кісімен жүздесуім жүрегімнің дүрсүлін жиілетті. Дегенмен, «шешінген судан тайынбас» дегендей, өз өзімді берік ұстадым. Үйіне кіргеннен бастап, басында ойлаған қиындықтарым ұмыт болды. Ол кісінің қарсы алуы, жылы шырайы бөлек әңгіме. Күләш апай да мен секілді мерейтойға арнап мақала жазғалы отыр екен. Барысымен әңгімеміз түрлі тақырыпта болды. Әрбір айтқан әңгімесі жаныма жылу болып құйылып жатқандай. Мен де қалыспай апай жайында білгім келетін сұрақтарымды қойып отырдым, уақыттың тапшылығы бола тұра ол кісіден біраз нәрсе біліп, ұғып, үйреніп алғандаймын. Ол кісінің үйі құдды бір кітапханадай. Өзіме қызықты көптеген кітаптарды кездестірдім. Солардың ішінде ерекше қолыма алғаным осы жылы жарық көрген «Жайна, Қазақстан» кітабы. Бұл кітапта тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай ақынның барлық тәуелсіздік жайындағы туындылары жинақталған кітап екен. Міне, осы сәтте мен өзімнің мақаламның тақырыбын тапқандай қуандым. Күләш Ахметованың кісілік келбеті бір бөлек үлкен рухани әңгіме. Ал, тәуелсіздік жырлары өзінше бір зерттерлік тақырып. Осы ойымның жетегімен ақынның кітаптарын іздеп кітапханаларды араладым. Ақынның «Арғымақтар даласы», «Бақ», «Құт» кітаптарын қолыма алып таныстым. Ақынның тәуелсіздік жайындағы, еліміз, елордамыз, елбасымыз жайындағы, одан да бөлек тақырыптағы өлеңдерін зерттей түстім.

Ақын алғаш желтоқсанның суық желі тұра бастаған кезде қырық жасқа келген екен. Мен ақыннан сол ызғардан сезінген сезімі жайында сұрағанымда: «Менің дәл сол уақытта қолыма қалам алып, бойымдағы бар ойымды ақ қағазбен бөліскенім есімде » - деп жауап қатты.

Сол суық ызғарлы 1986 жылдың желтоқсан айында жазған:

Үмытуға бола ма сол дауысты –
Өз елінен таппаған қорғанысты?
Желтоқсанның дауылы шайқағанда
Құлатпады арулар ар – намысты.

немесе

Үмытуға болама тірі тұрып –
Шыңғыртқанын аруды жігіт ұрып?!
Қарындастың шырылдап жылағаны
Қандастарға батпай ма түбі түрік - , деп жазғаны бар. [2,158].

Ақын өзінің сөзін қару етіп, сол бір ызғарлы күннің бейнесін көз алдымызға алып келгендей. Желтоқсанның жалындаған отына күйіп – піскен, ару қыздарымыз бен жігерлі үлдарымызға құрмет қылғандай сезіледі. Күләш Ахметованың «Қазағым менің» өлеңі құдды бір еліміздің тарихы жазылған томдық кітап секілді. Бұл өлеңінде халқымыздың артықшылығы мен кемшілігін айрықша суреттеген. Оқыған сәтте бүкіл тарихымыз көз алдымыздан жүріп өткендей сезімде қаласың. «Жауына қатты қасарған, қасарған сайын жасарған. Найзамен нағыз қазақтың намысын кімдер баса алған?!» - деп келетін шумақтарында батыр бабамыздың қайсар мінезін суреттеген. Ақын сонымен қатар елімізге деген махаббатын «Таң», «Қазақстаным», «Өз елім», «Отанды сүю» жырларында айтып өткен. Мысалы үшін,

Адамдарды таңдантып, мәңгі ойлантып,
Үшқан құстай зулайды, самғайды уақыт.
Мына шексіз ғаламда
Өз далаң мен
Өз Отаның болғаны қандай бақыт! – деген өлең жолдары ақынның өз елін өзінің басты бақыты деп түсінетінін байқайсың. [2,5].

Ақынның «Сен – қазақсың» туындысы жырмен танысқан әрбір тұлғаның бойында ерекше мақтаныш, күш – жігерлік тудырып, намысын оятарлығы анық. Туындысында:

Сен – қазақсың!
Бір Алланың құлысың!

Адамға адам құл болғаны құрысын!
Жойқын соғыс, зұлматтарда жойылмай,
Қалған үлтсың. Қаһармансың!
Ұлыссың! –деген

жолдарында сан түрлі сынақты бастан кешіп, абыроймен жеткен азаттық туының астында бейбіт өмір кешіп жатқан еліне мақтау айтуда. Немесе:

Қазынасы – нәсіп, күт.
Қазақ болу – ғаламатқа ғашықтық.
Жерің, суың, тауың сұлу соншалық,
Көрген кезде кететіндей жас ытқып, –

деген жолдарда, ақын шынында да өз туған жеріне ғашықтай және сол жыр моншағымен оқырманды да ғашық етеді [3,6].

Ақынның тәуелсіздігімізді баянды еткен елбасымызға арнап жазған жырларымен де таныстым. 1991-1992 жылдары ақ қағазға түсірген «Теңдік үшін мүхитқа қайық салдық» туындысын еліміздің басты тұлғасына, елбасымызға арнаған.

Қайтып жатыр оралып түз алтыны:
Алда – биік асқар шың, мұзарт ұлы.
Президент!
Қазақтың дербестігін
Бүкіл дүние таныды Сіз арқылы – деп,

елбасымызға еліміздің ертеңгісін сеніммен тапсырғанын, халқының қамқоршысы тек өзі екендігін айтқысы келгендей[4,9].

Ақын елбасымыз бастаған барлық істерін мақұл көріп, бір өзіне сеніммен қарағаннын тарихта ерекше орын алатын елордамыздың орын ауыстыруына жазған өлеңінен байқадым. «Астана» туындысы 1998 жылы жазылған. Дәл, елордамыздың Алматыдан солтүстік аймаққа көшіп, орын тепкен уақыты. Бұл оқиға да ақынның жыр дәптеріне түскен екен. Онда:

Өнерлі орда, аспаны ән,
Жаңбыр - нұрмен жуынған –
Көшіп кеттің, Астана –
Жауһар Жетісуымнан

немесе

Астана бол, аман бол,
Ақылман бол, амал бол.
Тайсалатын тәмам қол,
Тәуелсіздігіме қамал бол! – деп жырлайды елін сүйген ақын[4,19]. Ал, бір өлеңінде:

Біліммен, парасатпен заманыңа ер,
Асыл Ер асқар шыңды ала білер.
Ерлігін Елбасының көргің келсе,
Есілдің бойындағы қаланы көр! – деп,

елорданың көркеюі елбасының ерен еңбегі екенін өлеңмен өрледі[4,35].

Елін шын сүйетін тұлға ретінде ақынды еліне байланысты, оның жері, халқы, тілі ойландырмай қоймас. «Қазақтың тұтастығы – қасиетті іс» өлеңінде тіл жайына тоқталып өткен.

Мұны ұқсақ, «қазынамыз – той» демес ек,
Той емес, ең керегі – ой мен есеп.
Қазақтың бай тілінде кім сөйлесін,
Шырынын тамызып біз сөйлемесек? – дейді [4,35].

Ақынмен жүздескен кезімде тіл мәселесі мені де көп ойландыратындықтан ол кісінің ойын білгім келді. Ақын: «Расында да, тілдің жайы көп айтылып жүр. Дегенмен, уақыттың бір жақсы қасиеті бәрін өз орнына жайғастырады. Тіл де уақыттың еншісінде», - деді.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойы қарсаңында мен үшін естен кетпес сыйлық, осындай айтулы жырларды өмірге әкелген ардақты ана, аяулы жар, қасиетті ақын Күләш Ахметовамен кездесуім болды. Ақынның өмірдің сан түрлі оқиғасы мен жай күйіне жазған туындыларын ары қарай оқып, зерттей түсетіндігіме сенімдімін.

Сөз соңын ақынның:

Бұлбұлдай әуез төккен лағыл таңға,
Бұл дүғам жамандықтан арылтар ма?
Ақ үлпа нұр жауып түр!
Ақ нұрыңмен,

Қазақты жарылқа Алла, жарылқа Алла! – деп қорытындылағым келеді.

Еліміздің бейбіт құсы мәңгілікке көкте қалықтап, бақытымыз баянды болғай! Тойымыз тойға ұлассын!

Әдебиеттер:

1. Азаттықтың жырлары (Өлеңдер жинағы). – Тараз, 2011.
2. К. Ахметова, «Бақ». – Алматы: «Атамұра». – 2005.
3. К. Ахметова, «Жайна, Қазақстан!». – Тараз, 2011.
4. К. Аметова, «Күт». – Алматы: «Дәуір». – 2005.

* * *

В статье рассматривается поэзия известной казахской поэтессы Куляш Ахметовой, которая посвящена таким важным темам как: народ, независимость, родная земля и т.д. В ее творчестве природа, описывается как живое явления и сравнивается с неповторимыми оттенками описания.

* * *

The article considers the poetry of the famous Kazakh poet Kulyash Ахметовой, which is devoted to important topics such as: the people, the independence of the native land, etc. In her work nature, is described as a living phenomenon and is compared with the unique tone of the description.

Любовная лирика Махдумкули Фараги

Агаева Фируза Абдулла кызы

Сотрудник Бакинского Государственного Университета, Баку, Азербайджан

Аннотация. В творчестве Махдумкулу лирика любви занимает большое место. В этих стихах описание духовной жизни, чувств и переживаний является ведущим. Основу его стихов о любви составляют воспевание человеческой красоты, ощущений чистой любви, гуманистических отношений. В этих стихах пропагандируются такие воспитательно-этические мысли как любовь к жизни, содержательная жизнь, верность, преданность.

В любовной лирике поэта имеется горькая тоска. Его лирический герой не вымышленный, романтический образ, а реальный, живой человек, его современник. Сердечные переживания в стихах поэта, в юности полюбивший красивую девушку (двоюродную сестру) по имени Менли (Менгли – проф. П. Халилов) и из-за невозможности не сумевший соединиться с ней, носят общечеловеческий характер. Иной раз поэт при восхвалении любимой девушки обращается к классическим образам. Героем лирических стихов поэта является лицо, имеющее имя, адрес. Он посвятил все свои любовные стихи только одной красавице – Менли, всю жизнь остался верным к той недостижимой любви:

Билбилем, ахы-зар чекип,
Тязе гцлзардан айрылдым:
Гюзден ганлы йашым дюкцп,
Ол север йардан айрылдым…

Иллери бар динли-динли,
Совук сувлы, тер юленли,
Или-гюклен, ады – Менли,
Нязли дилдардан айрылдым.

Магтымгулу, ашык местан,
Багладым шанына дестан,
Мензилгяхи багы-бостан,
Алмалы нардан айрылдым (3, 62-63).

Махдумкулу обращается к возлюбленной со словами милая, родная и называет ее своей Меккой – Мединой:

Вадарыга, нейлерем мен, мяхрибаным, кайда сен?
Ики дцнйя йолдашым, шякри-иманым, кайда сен?
Гюзлеримнин рювшени, йагты нураным, кайда сен?
Нейлерем багу-чеменни, мах-табаным, кайда сен?
Валыдым, Мекге-Мединям, мяхрибаным, кайда сен? (3, 37).

Красавица поэта не только красавица в духовном отношении. Ее внешняя красота сводит с ума влюбленного, уста красавицы похожи на воду священного колодца «Земзем», а сама на свежий цветок, любящий сладостнее, чем сахар, мед, а своей красотой она ровняется с Юсифом-Зулейхой:

Сачбагын ужунын симдир ишмеси.
Цстцнден йол дцшсе, кындыр ашмасы,
Агзын абы-хайат, Земзем чешмеси,
Айналбакы сувнун лайы гюзел сен!

Гызыл дийсем – гызыл, ай дийсем – ал сен,
Хиндистанда – шекер, Булгарда – бал сен,
Ышк билен ачылган бир тязе гцл сен,
Йусуп – Зцлейханын тайы гюзел сен! (3, 70).

Поэт, не сумевший соединиться со своей возлюбленной по обычаям того времени, отдалившись от нее, разочаруется:

Ей пери, мен ашыгам, сана, йанарам, догрусы,
Гюрмегинче гцл йцзцнни бикарарам, догрусы (3, 71).

Возлюбленная красавица - лекарство для поэта-горемыки. Если она убьет его, то это для поэта равно как веление падишаха:

Хер сачлары бир сцнбцл,
Гойя ки мен хем билбил.
Ей женнет ера бир гцл,
Рызвана гюзцм дцшдц.

Сен-сен дердиме дерман,
Юлдцрсен, будур перман,
Магтымгулы дийир, ей жан!
Жанана гюзцм дцшди (3, 85).

Любовные чувства в стихах Махдумкулу очень искренние, простые, одновременно очень суровые. Он любит, как влюблялись романтические герои Юсиф, Меджнун, Фархад, Варга, Тахир, Гариб и др.:

Йагуп йурт етди Кенганы,
Оглы Мцсурнин солтаны,
Ашык Йусуп Зцлейханы
Сюйен дек сюймцшем сени.

Йаланчыны тутды ады,
Олардыр ышкын бинйады,
Межнун Лейли перизады

Сюйен дек сюймцшем сени.

Дилдилер дагын зирини,
Тапмадылар бир-бирини,
Ашык Перкат гцл Ширини
Сюйен дек сюймцшем сени! (3, 125).

То, что любовная лирика занимает в творчестве поэта своеобразное место, еще раз видно из его стихов. Его способ высказывания, слова, рифмы, полустишия и в целом стихи бесподобны. В стихах Фараги чувствуется дух поэта, истраченный с ювелирной чуткостью и точностью. Поэтичность поэта, образность его мышления впитался в дух его творчества. Мастерство Махдумкулу состоит в том, что он создает картину с лаконическими, образными выражениями, дает психологический мир человека. Поэт в стихах, украшенных поэтическими чувствами и мыслями с чуткостью подходит к слову, пользуется оттенками значения слова.

Махдумкулу в стихах, написанных на тему любви, описывает силу любви поэта, его любовные страдания и обращается к людям, изъездившим мир, говоря «есть ли человек, страдающий в любви подобно мне?»:

Жахан кештеси гедалар,
Менин киби йанан бармы?
Ышк ашыгы перваналар,
Ол аташдан ганан бармы? (3, 426).

Поэт, не сумевший забыть свою любовь, осуждает феодально-патриархальные отношения, создающие препятствие для соединения возлюбленных, и приходит к выводу, что как бы ты искренне не раскрывал душу, все равно всех страданий не выразишь:

Магтымгулы, сюзледин аз,
Дерт-зякерин кылдын бейаз,
Эюл ичинде мейлисде газ,
Бизлер цчин ватан бармы? (3, 427).

Махдумкулу в стихах, написанных на эту тему выражает тонкие чувства, а порой в отличии от гошмы Вагифа сетует на эпоху.

Поэт все стихи о любви, можно сказать, адресует одной героине – возлюбленной Менли:

Перде тартып йцзлерине,
Райыш берип сюзлериме,
Магтымгулы, гюзлериме,
Еке Менли хан гюрцнер (3, 648).

Суровые обычаи, стоявшие неразрушимыми преградами между влюбленными во все времена, не дали возможности поэту соединиться со своей возлюбленной. Выдача Менли в замужество силой очень тяжело подействовало на Фараги. В стихах, посвященных ей, поэт выражает грусть, исходящий из разлуки, искреннюю любовь:

Айрылдым гунча гцлцмден,
Сыйа сечы сцнбцлимден,
Хош авазлы билбилимден,
Ширин гцфтардан айрылдым (3, 62).

Прослеживая стихи, написанные в таких нотах, становится ясно, что он до конца жизни не забыл эту несбывшуюся любовь, часто высказывал свою сердечную боль, эти тонкие чувства перенес на бумагу:

Магтымгулы, ышк юзцнден бат ейляр,
Ишк ишидир ашналары йат ейляр,
Йалынсыз йандырар, кюзсцз от ейляр,
Хер замана чексе, сюнмез, йаранлар (3, 68).

Поэт, имеющий широкий и всесторонний творческий диапазон, создал и прекрасные образцы лирики, посвященные любви, которая является общечеловеческой темой.

Литература:

1. Хялилов П. ССРИ халглары ядябиййаты. ЫЫ щисся. – Бакы: «Маариф». – 1977. – 360 с.
2. Хялилов П. Тцрк халгларынын вя шярги славйанларын ядябиййаты. – Бакы: «Маариф». – 1994. – 431 с.
3. Магтымгулу. Сайланан есерлер. Ашгабад, «Тцркменистан» нешириййаты. – 1958. – 530 с.

* * *

The poetry of Makhdumkulu in thematical respect is very various and picturesque. The poet appearing as a real and legendary love-hero, devotes the most part of his verses to his vast, but inaccessible love. Verses from this circle have been chosen as an object of the research during the work on this article.

Жанровые особенности памятников деловой письменности

А. И. Ахметжанова

к.ф.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается понятие жанра, складывавшееся в языке, язык документов и, в частности, дипломатии, зародившийся в начале 18 века.

В литературоведении понятие «жанр» понимается как «исторически складывающийся тип литературного произведения», в теоретическом понимании жанра «обобщаются черты, свойственные более или менее обширной группе произведений какой-либо эпохи, данной нации или мировой литературы вообще». Проблема жанра в современном литературоведении связана с «проблемой классификации произведений, выявление в них общих – жанровых признаков».

Как известно, «каждый функциональный стиль реализуется через систему своих собственных жанров». Жанр наряду с общими чертами функционального стиля несет в себе и собственные специфические черты, определяемые конкретными целеустановками. Вместе с тем, жанр – понятие неоднородное и предрасположенное к делению на жанровые разновидности. Степень расположенности к жанровым разновидностям напрямую зависит от степени жесткости композиционной структуры жанра.

Деловые документы на Руси возникли сразу же после появления письменности. Исследователи считают, что «многие законы древнерусского государства сложились и закрепились в устной форме в дописьменный период, а в письменности был зафиксирован готовый, обработанный устный текст этих законов. В посольских, договорных, воинских речах до появления письменности были выработаны, очевидно, деловые термины и устойчивые выражения».

Наиболее ранним и ярким образцом делового языка является «Русская правда» - свод феодальных законов Киевской Руси XI-XП вв., в котором нашло письменное закрепление устное право. По научным сведениям краткая редакция этого памятника возникла в XI в. и сохранилась в списках XV в. Также существуют деловые юридические памятники, возникшие раньше «Русской правды», – тексты договоров с греками, помещенные Нестором в «Повести временных лет». Они сохранились в более поздних списках XIV в.

От эпохи Киевской Руси сохранилось немного пергаменных грамот. Сохранилось гораздо больше деловых памятников, относящихся к XIII-XIV вв.

Интерес, который проявляют государственные учреждения ко всем изменениям общественно-политической и социальной жизни Московской Руси, обусловливает дальнейшее обогащение, а также дифференциацию жанров деловой письменности. В этой связи Н.А. Мещерский отмечает: «Обогащение и увеличение числа форм деловой письменности косвенно влияло на все жанры письменной речи, и, в конечном счете, способствовало общему росту развития литературного письменного языка Московской Руси».

В функционально-жанровом отношении памятники деловой письменности неоднородны. В научной литературе они подразделяются на следуюшие группы: а) актовая письменность (грамоты, кабалы, записки в писцовых книгах и т.д.); б) статейная письменность; в) эпистолярная письменность (письма и другие бумаги, написанные в эпистолярном жанре). Также в круг материалов, относящихся к деловой письменности, можно включить отказные, таможенные и другие приходо-расходные книги, челобитные, сказки, расспросные речи.

Отметим, что каждая разновидность памятников деловой письменности имеет свою характеристику и дополнительно делится на подтипы. Например, профессор Н.И. Гайнуллина по содержанию текста бумаг, относящихся к эпистолярной письменности, различает бытовые, деловые и официальные (бумаги). При этом автор отмечает, что «бытовые и деловые бумаги характеризуются теми же лексико-стилистическими чертами, что и соответствующая переписка. Заслуживает внимания такая их черта, как лаконичность, носящая иногда характер афоризма».

«Лексический состав и набор стилистических средств в официальных бумагах (договоры, указы, грамоты и т.п.) стабильней по сравнению с перепиской, бытовыми и деловыми бумагами. Здесь отмечается значитель-

ный консерватизм в сопоставлении с активными стилистическими процессами, свойственными эпистолярно-деловому жанру».

Среди огромного числа памятников деловой письменности наибольшее распространение имели такие их разновидности, которые являлись фактом фиксации различных форм хозяйственной деятельности, например, отказные, посевные, ужинные, опытные книги и памяти, приходо-расходные и таможенные книги; челобитные: обыскные, сыскные, допросные и расспросные речи; отписки, сказки, поручные и другие записи. Как отмечает А.А. Кожин, «в языке этих жанров деловой письменности просматриваются приемы словоупотребления, свидетельствующие о наличии стилистических норм, которые имели широкое распространение в сфере делопроизводства и соблюдались при оформлении того или иного документа».

В дипломатической практике существует жанр, называемый статейными списками. Под статейными списками в науке и в дипломатической переписке понимают официальные отчеты русских послов о выполнении возложенной на них дипломатической миссии. Составлялись данные отчеты в форме дневников, в которых подробно описывались все события посольства, а также речи русских дипломатов и ответные речи их коммуникантов. Собственно, повестями эти отчеты становились позднее в летописных изложениях устных посольских «речей».

Содержание деловых документов определяет их стиль: лаконичность, клишированность фраз, юридическая точность и др. В деловой письменности отражаются особенности народно-разговорной речи, и это обусловлено тем, что тексты создавались местными уроженцами, освещавшими различные явления обыденной жизни простого люда. Необходимо отметить, что деловая письменность была широко развита в Московской Руси. Именно на основе московского говора в XV-XVI вв. развивается деловой – «приказный» язык – Московской Руси, сформировавшийся в основном в московских «приказах». Таким образом, на языке, называемом приказным, писались государственные и юридические акты, письма московских великих князей, посольские донесения, географические и исторические сочинения, лечебники и многое другое.

Итак, «приказный язык», по определению известного российской специалиста в области истории языка М.Л. Ремневой, – «это язык документов, составленных профессиональными писцами, дьяками и подьячими приказов на всей территории Московского государства. С точки зрения жанра, основной корпус текстов, написанных на приказном языке, представляет собой указы, памяти, крепости, акты, составлявшиеся и рассылавшиеся в местные приказы».

Приказная система управления проходит ряд стадий развития: от постепенного перерастания временных поручений – «приказов» как разового поручения отдельным лицам до приказа как постоянного поручения («пути»), которые сопровождались соответствующим оформлением должности – казначея, печатника, посольского, разрядного, поместного, ямского и других дьяков. Приказы, прошедшие длительный путь эволюционного развития, просуществовали до начала XVIII в. Так, существовало три вида важнейших приказов: Посольский, Разрядный, Поместный, которые и являлись основным стержнем системы государственного управления России на протяжении более чем 200 лет.

Относительно семантики понятия «приказный язык» следует отметить, что среди исследователей нет единства в толковании объема данного понятия, о чем свидетельствует анализ работ, посвященных московскому приказному языку. Существует немало сторонников широкого понимания этого понятия. Например, Винокур считает, что это – «язык канцелярских бумаг, юридических актов, хозяйственных записей, официальной и частной переписки, т.е. таких явлений письменности, в которых нет стремления к литературности изложения».

В неопределенности числа приказов состоит суть самого приказного строя – текучего, меняющегося и приспосабливающегося к различным историческим условиям и в то же время неизменного. Как утверждает Т.В. Кортава, «приказный язык как достояние определенной корпорации писцов был функционально и тематически ограничен. Связь с письменной традицией отличает приказный язык от разговорного, однако отсутствие строгой кодификации норм приказного языка сближает его с разговорным языком».

М.Л. Ремнева пишет: «Приказный язык, как и церковнославянский, был нормированным. Нормированность проявлялась не только на уровне языка, но и на уровне текста, так как будущие профессиональные писцы юридических текстов обучались правилам заполнения

определенных образцов, формуляров различных текстов, свободному владению и пользованию юридическими формулами. Но в отличие от литературного языка, он не был кодифицирован. Отсутствие кодификации сближает приказный и диалектный языки и обеспечивает существование достаточно широкой области вариативности в данных языковых системах».

Сказанное позволяет внести дополнения: степень книжности деловых памятников была неодинакова. Документы, создававшиеся в верхах государства, отличались большей книжностью, поскольку писались они людьми, получившими книжное образование, которые придавали деловой речи легкую, но ощутимую книжную окраску.

«Норма представляет собой объективное свойство языкового развития. Для того чтобы выполнять основную свою функцию – коммуникативную, язык должен обладать определенным набором грамматических норм. Когда исследователь говорит о норме применительно к определенному периоду, всем ясно, что это условность, заданная необходимостью сделать конечные выводы. Кодификация, таким образом, есть в некотором смысле условность, противопоставленная норме как объективной языковой реальности». Приказная система управления и соответственно приказный язык были для своей эпохи достаточно гибкими и эффективными, в то же время простыми и удобными, поскольку уже существовал и обычай и проверенный веками опыт. «Приказный язык, не имевший кодификационных источников, равных авторитетным грамматикам, так и остался на уровне стихийной кодификации. Грамматик не было, но существовала длительная письменная юридическая практика, закрепленная в определенных традициях составления документов, в правилах заполнения формуляров, отражающих прежде всего синтаксические нормы приказного языка».

Надо отметить, главная задача Посольского приказа XVI-XVII вв. состояла в постоянном контроле «за сношениями с иностранными государствами, присоединение новых территорий и собирание Российской державы. На протяжении двух столетий небольшой по численности штат приказа неустанно поддерживал отношения почти с тремя десятками стран. За это время непрофессиональные дипломаты собрали обширную военную, политическую, экономическую и культурную информацию о странах Европы и Азии, которая сохранилась почти в 800 посольских книгах».

Деловые документы, созданные на территории Казахстана и России, весьма любопытны: они дают убедительное представление о широте делопроизводства, об устойчивых формах использования русского языка в различных жанрах деловой письменности.

Литература:

1. Николсон Гарольд. Искусство дипломатии (Лекции по истории дипломатического метода). Под. ред. А.Е. Абишева. – Астана: Казахстанский Институт «Свободное Общество», 2005.
2. Хафизова К.Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии. X вв. – Алматы: Гылым. – 1995.
3. Рогожин Н.М. Посольский приказ: Колыбель российской дипломатии. – М.: Междунар. отношения. – 2003.
4. Медведев И.П. Очерки Византийской дипломатики. – Ленинград: «Наука», Ленинградское отделение. – 1988.

* * *

Осы мақалада дипломатия мәселелері талқыланады. Дипломатия өнері қай кезден бастап дамығанын көре аламыз. Тарихта дипломатияға үлес қосқан адамдардың аттары берілген.

* * *

This article includes the development period diplomatic art history diplomacy begins manu centuries.

Художественные формы портрета в структуре романа

Б. К. Базылова

к.ф.н., доцент КазГосЖенПУ, Алматы, Казахстан

Аннотация. В настоящей статье рассматриваются художественные формы портрета в структуре романа Л.Толстого «Анна Каренина». В рассматриваемом романе портрет выполняет функцию эскиза характера, приобретая в ходе повествования новые черты. В нем психология персонажа проявляется не столько во внутренних монологах, сколько в поступке, действии.

Рассматривая портрет как способ воплощения авторского знания о характере героя, мы должны уточнить параметры конкретных художественных форм. Существующее деление видов портрета на статичный и динамический продиктовано стремлением определить его функциональную роль в общей композиции произведения, либо в композиции отдельного образа, особенности метода и жанра. Очень часто портрет (или визуальный образ) героя мог информировать читателя о подробностях его внутренней «биографии», включаясь также и в его автобиографию. В классическом русском романе второй половины XIX века портреты героев представлены в трех основных разновидностях - портрет как изображение внешности персонажа с точки зрения повествователя, визуальный образ, передающий точку зрения «другого», а также портретная характеристика, в которых раскрывается нравственный мир героя и содержится авторская оценка персонажа.

Исследователи русского романа отмечали связь портрета с биографией героя, а также с жанром и творческим методом художника. Здесь следует учитывать, что каждый из ученых вкладывал свой смысл в понятие «портрет». С. Шаталов считает, что все виды портрета отличаются равными возможностями в расширении сферы психологического анализа. Портрет обладает чертами структуры, передающей «связь между социально-историческими условиями бытия человека и его внутренним миром, который находит проявление в его внешности» [1, с. 69]. Судьба героя в её частных и социальных аспектах представляет писательское понимание об историческом движении времени.

В.М. Маркович портрет относит к функции описательных элементов или статических описаний и рассматривает их в соотнесенности со статусом повествователя и его объективным характером его позиции. М.Б. Храпченко советует обратить внимание на исследование функции портрета в раскрытии психологии героя в тот или иной момент его жизненных испытаний, «изображение целостных портретов действующих лиц мало характерно для творческого метода Толстого» [2]. И.В. Страхов определяет различие между статичными и динамичными портретами Л. Толстого, отмечая «генетическую характеристику персонажа в форме биографического экскурса о его предшествующей данному времени жизни и деятельности» в составе динамического портрета [3, с.35]. Э.Г. Бабаев видит в портрете важную функцию для организации сюжета романа и мотивации дальнейшей «биографии» - судьбы главных героев произведения [4, с.186].

А.П. Чудаков пишет о различных принципах портретирования, которые становятся формой знания о судьбе героя [5]. Исследователь отмечает, что у разных художников «степень подчиненности этим формам времени различна». Л. Толстой остро реагируют на формы предметно-временные (вещные), в которых получает воплощение их знание о вечных проблемах бытия, обозначенное в судьбах созданных персонажей. Итак, из приведенных выше точек зрения следует, что существующее деление видов портрета на статичный и динамический продиктовано стремлением исследователей определить его функциональную роль в общей композиции произведения, либо в композиции отдельного образа, связав её с наблюдениями над особенностями метода и жанра.

Механизм портретирования мы рассмотрим в структуре романа «Анна Каренина» Л. Толстого. Здесь портрет выполняет функцию эскиза характера, приобретая в ходе повествования новые черты. В «Анне Карениной» психология персонажа проявляется не столько во внутренних монологах, сколько в поступке, действии. В свою очередь поступок часто мотивирован умением героя проникать во внутренний смысл зрительного образа.

Портретная характеристика Анны складывается из многочисленных деталей, собранных автором вокруг трех живописных изображений

героини - её портрета в итальянском костюме, начатого и незавершенного Вронским в Италии, портрета кисти известного художника и портрета, созданного Михайловым.

В «Анне Карениной» Толстой пересматривает возможности и такого приема, как физиогномическая характеристика, которой уделял особое внимание в пору работы над неоконченным романом «Четыре эпохи развития». Писатель впоследствии отказался от прямолинейной характеристики внутреннего облика человека и стал работать над созданием визуальной поэтики: лицо персонажа, его мимика и жест, увиденные повествователем и другими персонажами, читаются как своеобразный текст, интерпретация которого служит характеристикой персонажа. В основу визуальной поэтики романа положено закрепление в слове особенностей зрительного восприятия.

В романе «Анна Каренина» умение «читать» чужое лицо, видеть в поступках персонажа скрытую за ними психическую реальность сочетается с размышлениями о тайне живописного образа, что замедляет динамику внешней и внутренней жизни, не мешая свободно интерпретировать художественный текст.

Герои романа оцениваются Толстым по их способности видеть скрытый смысл явленного. В романе словесный и живописный образы по-своему передают зрительные впечатления.

Визуальная поэтика используется писателем и в построении романного повествования, основанного на трех узлах, вокруг которых группируются события, определяющие характер поведения действующих лиц. Символическими узлами являются три портрета Анны, в связи которыми Толстой реализует принцип субъектной многоплановости повествовательной речи. Изображение внешности Анны становится одним из важных элементов романа. Поступки других персонажей по отношению к главной героине мотивированы и так или иначе связаны с голосом повествователя: они или вторят ему, или вступают с ним в спор. Ремарки здесь играют важную роль. Ими сопровождается диалог - обсуждение или внутренний монолог героя; в этом случае речь персонажа тоже становится зрелищной, обнаруживая скрытый за репликой, жестом, мимикой характер психологического переживания говорящего и его оценку автором.

Портрет Анны, на который смотрит Каренин, появляется в главе XVI; он следует сразу за текстом письма, в котором Алексей Александрович очертил рамки поведения жены, обозначив границы дозволенного ей: «...наша жизнь должна идти, как она шла прежде». Существует определенная близость в оценках поступка Анны Карениным и автором – осуждение её как преступившую нравственный закон. Но представления Толстого и Каренина о сути преступления героини разные, поэтому в описании портрета Анны «сталкиваются» два восприятия, взаимно дополняющих друг друга, несмотря на их противоположность.

Толстой наблюдает за Карениным, обратившего свой взор на портрет случайно: Алексей Александрович смотрит на портрет Анны работы знаменитого художника, выделяя лишь её «непроницаемые глаза» на портрете «насмешливо и нагло, как ему кажется, смотрели на него, как в тот последний вечер их объяснения» (6, т.7, 316)). Перед нами не столько портрет, сколько характеристика Толстым сложившейся ситуации в отношениях между Анной и Карениным. В данном живописном портрете Анны не отражена её индивидуальность, что свидетельствует об отсутствии между супругами духовной близости. В фокусе обозрения Каренина, так же, как и в глазах знаменитого живописца, проявляется лишь внешнее в облике Анны Аркадьевны - красота «белой прекрасной руки с безымянным пальцем, покрытым перстнями».

Описание портрета в структуре романного повествования наглядно передает суть того положения, в котором оказалась Анна: «Над креслом висел овальный, в золотой раме, прекрасно сделанный знаменитым художником портрет...». Портрет в раме символизирует образ несвободы изображенной на нем женщины высшего света, пленницы своего мужа и его окружения. Толстой выражает эту идею, еще раз используя слово сделанный для определения характера восприятия Карениным ее портрета: «Невыносимо нагло подействовал на Алексея Александровича вид отлично сделанного художником черного кружева на голове...» (6, т.7, 317).

Этот портрет - первое звено в структуре романа, второй и третьей частью которой являются портреты Анны работы Вронского и Михайлова. Важнейшая роль его – символическое обозначение этапа в отношениях Анны, Каренина и Вронского. Это также функционально значимое звено, связывающее сюжетную линию Карениных с сюжетной линией Кити - Левин. Между событиями XXIX главы второй части романа (признание Анны) и главы XIV третьей части (письмо Каренина и портрет

Анны) расположен блок событий, свидетельствующих о выздоровлении Кити на водах, а конец ХП главы завершается осознанием Левиным своей любви к младшей Щербацкой.

Нравственная «болезнь» Карениной противопоставляется Толстым нравственному «выздоровлению» Кити. Описания портрета Кити автор не дает: представление читателя о внешнем облике героини, запечатленном художником Петровым, формируется у читателя под воздействием слов писателя о том, что ей «...открылось то, что, кроме жизни инстинктивной, которой до сих пор отдавалась Кити, была жизнь духовная» (6, т.7, 249). Яркая «физиологичность» выразительных деталей внешности Анны, разрушающая гармонию красоты в её портрете, противопоставлена «бестелесному» очарованию Кити, возрождающейся для новой жизни. Возможность для неё новой жизни понял и Левин, находившийся от неё в этот момент так далеко.

Изображение Анны на первом портрете символически связано и с гибелью Фру-Фру: описание состояния тревоги и страха Анны перед скачками невольно ассоциируется с тем, как ведет себя лошадь Вронского. Вот так передается состояние Фру-Фру перед скачками: «...продолжала дрожать как в лихорадке. Полный огня глаз косился на подходившего Вронского» (6, т.7, 218). Анна испытывает похожее состояние: она «...говорила очень просто и естественно, но слишком много и слишком скоро... Она говорила весело, быстро и с особенным блеском в глазах...» (6, т.7,229). Невольный страх Фру-Фру перед Вронским предваряет появление темы страха Анны перед предстоящим признанием Алексею Александровичу: её решительный вид, говорит Толстой, «с трудом скрывал испытываемый страх» (6, т.7, 236). Эта связь отмечена тоном рассказа, интонациями повествователя, что позволяет читателю обратить внимание на близость состояния тревоги и волнения, которые испытывают обе перед скачками.

Толстой отсылает читателя к зрительному впечатлению от первого портрета Анны, рассказывая о трех важнейших событиях в пятой и седьмой частях романа: посещение Вронским и Анной мастерской художника Михайлова, разговор Левина и Песцова после концерта и знакомство Левина с Анной в тот вечер, когда он видит её итальянский портрет. В первых двух сценах Толстой раскрывает свою мысль о том, что «ошибается поэзия, когда описывает черты лиц» и что это « должна делать живопись».

Тема страха дальнейшее своё развитие получает в сюжетной ситуации посещения Вронским, Анной и Голенищевым мастерской художника Михайлова. Упоминая о его картине, автор не знакомит читателя с её содержанием, но передает визуальный образ через зрительское впечатление от фигур Христа и Пилата. Это имеет первостепенное значение для обнаружения конфликта, который еще не осознан Анной и Вронским. Анна увидела в картине Михайлова чувство, пережитое художником в период работы над лицом Христа, и назвала его «жалостью» (Христос жалеет Пилата), Голенищев угадал в фигуре Пилата «человека доброго, славного малого... который не ведает, что творит» (6, т.8, 44), а Вронский поражен лишь техникой исполнения, что мало беспокоила Михайлова и не имела первостепенного значения для обнаружения смысла живописного образа. По мысли Толстого, задача живописца - «снять покров» с изображаемого объекта, передать идею лица или фигуры на картине: в неясных очертаниях капли стеарина, попавшей на полотно, художник находит ракурс изображения человека в состоянии гнева.

Из первого впечатления от фигуры и лица Анны, увиденной Михайловым в тени подъезда, вырастает её портрет, а сам факт его создания - мотив для Вронского отказаться от продолжения писать портрет Анны. Этот отказ свидетельствует о духовной слепоте Вронского. Библейский сюжет Христа и Пилата в картине Михайлова используется Толстым не случайно, он выполняет важную символическую функцию, предваряя трагедию героев. Такую же задачу решает и словесное обрамление сцены. В нем ключевая роль принадлежит характеристике Пилата в седьмой части - «не ведает, что творит» и Христа (Анны) - в его лице «есть выражение любви, неземного спокойствия, готовности к смерти и сознание тщеты слов» (6, т.8, 45). Зрительный образ Анны в этой сцене восстанавливается через ее оценку нравственного состояния Христа, которое будет испытывать героиня в последние моменты своей жизни, на вокзале, в конце пути. В этой сцене статика живописного изображения преобразуется во внутреннюю энергию восприятия Анны, определяя трагический финал ее судьбы.

Сцена с портретом Анны в доме Вронского дана писателем «глазами» Левина, который видит в Анне те черты и особенности харак-

тера, что недоступны пониманию находящихся рядом с нею - Вронского, Стивы. Вся десятая глава седьмой части посвящена изображению того «нового, привлекательного, чего не было на портрете», тому, что переживает Левин.

Структура девятой и десятой глав целиком подчинена раскрытию возможностей визуального образа, с помощью которого Толстой характеризует происходящие в Левине изменения нравственных ориентиров. Герой оказывается способным увидеть то, что скрыто за внешним обликом Анны. Большую роль в этом познании Левиным самого себя сыграл портрет, созданный Михайловым. Он замирает перед портретом Анны, почувствовав в этом изображении живое впечатление художника. Контуры портрета лишь намечены: взгляд схватил черные вьющиеся волосы, обнаженные плечи и руки, задумчивую полуулыбку и глаза, смущавшие его. В одной фразе писатель соединяет восприятие портрета и оценку его. Левин сравнивает живую Анну и ее портрет. Красота Анны на портрете - одновременно и «не живая», она внешняя, по отношению к её чувствам и мыслям, пока не известным Левину, и «живая», поскольку герой видит её еще и внутренним взором. На этом устойчивом контрасте восприятия и выстраивается структура образа Левина в названной сцене, постоянно поверяющего свое впечатление от портрета и оригинала. Отталкиваясь от живописного образа портрета Анны, автор создает визуальный словесный образ, выстраивая ряд картин-мизансцен девятой и десятой глав, данных в восприятии героя. Живописный образ портрета обозначен динамикой восприятия, переданной цепочкой слов «живая» → «не живая» → красивая картина → портрет → «живая».

Психологическое состояние персонажа передано Толстым путем тщательного подбора названных зрительных впечатлений, в самой последовательности которых заключен глубокий смысл. Рождение нового знания в Левине обозначено двумя сложными синтаксическими конструкциями, начинающимися союзом «и», который обозначает непрерывность зрительного восприятия: «И в том спокойствии, с которым она протянула... руку... и познакомила... и указала... и Левин чувствовал... и ему стало легко и приятно...» (6, т.8, 288-289). В данном контексте многократное повторение сочинительного союза «и» приобретает дополнительный смысл. Автор показывает рождение внутреннего духовного взаимопонимания, возникшее между Левиным и Анной.

Оценка Левиным портрета Анны («я не видал лучше портрета») сравнивается с тем, как оценивают его Стива Облонский («необыкновенно хорош») и Воркуев («необыкновенно похож»). Мысль Левина и мнение Анны, что в копировании природы нет поэзии, в высшей степени оказывается созвучно: «Я смеюсь, - сказала она, - как смеешься, когда увидишь очень похожий портрет» (6, т.8, 290).

Все, что делает Анна имеет непосредственное отношение к Левину, и писатель пытается об этом напоминать читателю: «перевела свой взгляд с Левина на брата; ...взглянув на Левина, просительно-робко взглянула на Левина; ...обращаясь по внешности к брату, но, очевидно, только к Левину...» (6, т.8, 291). Когда Анна признается Левину в бессмысленности своего теперешнего положения, он открыл еще одну новую её черту - правдивость. Тяжелые нравственные переживания оставили след на внешности Анны, что отразились на ее лице, которое «вдруг приняв строгое выражение, как бы окаменело» (6, т.8, 292). Статичность черт лица Анны Левин воспринимает как форму проявления ее духовной сосредоточенности. Такое выражение её лица кажется ему «еще красивее, чем прежде». Неподвижность мимики объясняется Левиным как страница невысказанных страданий героини, как временная остановка перед грядущей катастрофой, которая вызревает из динамики сюжетного движения.

Правдивость Анны, открытая Левиным, рождает в нем самом неизвестное до этого чувство «нежности и жалости» к ней, что позволило ему предположить, что «Вронский не вполне понимает её». Так через Левина писатель возвращает нас к началу истории с портретом Анны и слова о Христе и Пилате, сказанные в тот день Анной, обретают новый смысл. Толстой показывает процесс превращения зрительных образов в чувство и мысль персонажа, живая динамика восприятия Левиным итальянского портрета Анны не только продолжает процесс «портретирования» героини, существенно корректируя его образ.

В романе Л.Н. Толстого «Анна Каренина» изображение внешнего облика персонажа выполняет важную функцию в структуре повествования. Как развернутое описание облика героя, так и созданный двумя-тремя словами «эскиз» его внешности, несут важную информацию о сложнейших динамических связях,

существующих между автором, повествователем и системой образов-персонажей. В структуру визуального образа, передающего впечатления персонажа, Толстой-художник закладывает информацию о характере героя, определяя его место в системе образов и общей композиции произведения. Портретные изображения оказываются тесно связанными с романным повествованием: из них складываются узловые в смысловом отношении сцены и эпизоды.

Анализ художественных форм портрета в романе Л.Н. Толстого «Анна Каренина» свидетельствует о том, что многие визуальные образы героев романа созданы автором в расчете на активность читательских ассоциации, включающих в себя различные способы интерпретации художественного текста, в том числе и живописный контекст, который, безусловно, расширяет смысловое поле образа и всего произведения в целом. Портретная характеристика героев постепенно «освобождается» от выполнения чисто служебной «описательной», репрезентативной роли и становится наряду с другими элементами художественной структуры конструктивным элементом повествования, несущим в себе знание о жанровой модификации произведения.

Литература:

1. Шаталов С.Е. Художественный мир И.С.Тургенева. – М., 1979.
2. Храпченко М.Б. Лев Толстой как художник. – М., 1965.
3. Страхов И.С. Психологический анализ в литературном творчестве: Учебное пособие. Ч.1. - Саратов, 1973.
4. Бабаев Э.Г. Очерки эстетики и творчества Л.Н.Толстого. – М., 1981.
5. Чудаков А.П. Предметный мир Достоевского // Достоевский. Материалы и исследования. – М., 1980.
6. Толстой Л.Н. Анна Каренина // Полн. собр.соч: в 12 т. Т.7, Т. 8. – М., 1987.

* * *

Бұл мақалада портреттеу механизмі Л.Толстойдың «Анна Каренина» романының құрылымында қарастырылады. Бұл жерде портрет хабарлау барысында жаңа сипатқа ие бола отыра, мінез эскизінің функциясын атқарады. Кейіпкер психологиясы ішкі монологтан көрі оның іс-әрекеттері мен қимылдарында байқалады.

* * *

In this paper given Methods of personages' description are examined in the structure of the novel “Anna Karenina” by L. Tolstoy. Decryption of personage fulfils the function of the character's sketch, which gets new features during reading. Psychology of personage is showed through inner monologues and also through actions.

Алтын орда дәуірінен жеткен ғашықтық дастан

П. Қ. Бисенбаев

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушы, Алматы, Казахстан

Аннотация. Мақалада Дүрбек ақын жырлаған «Жүсіп-Зылиха» дастанының идеялық мазсұны мен көркемдік кестесі жайында сөз болады. Сонымен қатар автор Дүрбек өмір сүрген уақыттың шындығына да тоқталған.

Жүсіп пен Зылиха турасындағы аңыз – әпсаналар жер жүзінің көзі қарақты азаматтарының қай-қайсысына да таныс дүниелер. Ғасырлар қойнауынан жеткен бұл аңыздар батыс пен шығыс әдебиетіне тең тараған әлемдік сюжеттер қатарынан саналады. Аталмыш оқиғаның күллі жұртқа мәшhүр болуына қасиетті кітаптардағы хикаялардың сюжеттері әсер еткені анық. Сонымен қатар Жүсіпке қатысты әңгімелердің әлем халықтарының жазба әдебиеті мен фольклорынан орын алуына олардың жүректі селт еткізер драмалық фабуласындағы жалпыадамзаттық гуманизм көрінісі, жақсылылықтың жасампаздығы туралы жарқын түйіндеулер, түптің-түбінде зұлымдықтықтың жеңіліс тауып, әділдіктің үстемдік құратындығы жайындағы тәпсіл сөздер мен адамгершіліктің әлеуметтік мән-маңызы туралы идеялық мазмұны себеп болды деп есептейміз. Қаламы қарымды ақын-жазушылардың араға уақыт салып осы тақырыпқа оралып отыруының сырын аңызға арқау болған дә п осындай асқақ идеялардан іздеген жөн.

Жас күнінде Жүсіпке арнап повесть жазбақ болған атақты Гете өзінің «Поэзия және шындық» аталатын танымал кітабында: «Шағын

әңгіменің өн бойынан жан жадыратар жаңалықтарды көп көрдім...» - деп жазыпты. Міне шығарма желісіндегі осындай жаңалықтар ғасырлар бойы елдің назарын аударып. Ақындардың шабытын оятты, оқырман қауымның қызығушылығын туғызды.

Жүсіп пен Зылиха туралы әпсана әдебикөркем сюжет ретінде шығыс елдерінде ерекше құрметке бөленді. Шығыс халықтарының әдебиетінде осы тақырыпқа жазылған жүз елуден астам шығарма бар екенін айтсақ та жеткілікті. Көркемдік өңдеуден өткен бұл сюжеттерді Орта Азия мен Кавказдың. Иран мен Ауғанстанның. Индия мен Пәкістанның. Түркия мен Араб елдерінің әдебиеттерінен кезіктіруге болады.

Жүсіп туралы аңыздардағы идеялар мен образдардың әдебиет әлеміне дендеп енуіне байланысты атап өтерлік тағы бір жайт- ақын-жазушылардың бұл тақырыпқа өз елінің саяси-әлеуметтік тарихындағы ауыр кезеңдерде көңіл аударғандығы. Жиырмасыншы ғасырдағы ірі тұлғалардың бірі. немістің белгілі жазушысы Томас Манн ежелгі сюжетке дәп осындай жағдайда қалам тартады. Автор Германияда фашистер билікке келгенге дейін жазылған «Жүсіп және оның ағалары» атты күрделі философиялық роман-тетралогиясында басқыншылыққа негізделген өмір шындығын тәрк ете отырып, ақыл-парасат иелерін фюрердің жантүршігерлік шешімдері мен әрекеттеріне себеп болған бейсаналық түйткілдеріне қарсы қояды. Неміс жазушысы Жүсіп туралы аңыздардың мәліметтері арқылы нәсілдік артықшылық жайындағы зұлымдық ұялаған фашистік доктринаны әшкерелеуге күш салады.

Заманымыздың әйгілі суреткері, атақты түрік ақыны Назым Хикмет «Жүсіп пен Менафис» атты драмасында ежелгі аңыздың тақырыптық-идеялық мазмұнына өзгеше әлеуметтік астар үстей отырып, сан салалы сюжеттің жаңа қырын ашады. Ол өзінің сахналық туындысында аңыз нұсқаларының алғашқы үлгілерінде көрініс тапқан саяси-әлеуметтік мәселелерді бірінші кезекке шығарады. Назым Хикмет адамгершілік идеалдары мен азаттық мұраттары жолындағы қоғамдық әділетсіздіктерге ойсырата соққы беретін заманауи күрес идеяларын шеберлікпен бейнеледі.

Өткенге, бес ғасыр белестеріне назар аударған болсақ, Дүрбек ақынның «Жүсіп пен Зылиха» поэмасы Орта Азия халықтарының өміріндегі тарихи сілкіністер кезінде дүниеге келгенін аңғармау мүмкін емес.

Бұл өзі елді жұтатып. қанқүйлы қантөгіске әкелген кескілескен тайпааралық қақтығыстардың кезі болатын, осы жағдайлар Әмір Темірдің сол уақыттағы алып империясының аумағына енетін Мауренахр мен Хорасан тұрғындарының онсыз да ауыр жағдайын мүлде құдыратып жібереді. Қалың әскермен Қытай жеріне аттанбақ болған алпыс жастағы Ақсақ Темір 1405 жылдың 19 қаңтарында Отырар шаһарында дүниеден озады. Ұлы әміршінің қазасы туралы хабар оның салтанатты астанасы Самарқандқа жеткенде әйгілі билеушінің ұрпақтары түгелге жуық атсалысқан тақ үшін тартыс басталып кетеді. Ал Самарқанд қаласы аз уақытқа әмір Темірдің немересі Халел сұлтанның қолына көшеді. Бірақ бұл кезде билікке таласқандардың берекесіз күресі күн санап күшейіп келе жатқан-тұғын.

Ақсақ Темір ұрпақтарының ішіндегі ең қайраттысы 1409 жылы 30 наурызда Халел сұлтанға күйрете соққы берген ұлы Шахрух Мырза болып шығады. Осы кезден бастап Шахрух астанасын Самарқандтан өзіне оңтайлы Герат қаласына көшіреді. Ол билеуші ретіндегі басқыншылық жорықтарын дәп осы жерден бастайды. Бұл жорықтың алғашқы құрбаны Балх қаласы болады. Шахрух 1409 жылдың 22 шілдесінде қабырғалары берік, еңсесі биік бекініске келіп ат басын тірейді. Қаланың айналасындағы бау-бақшаны тып-типыл етіп тонайды. Сөйтіп Шахрух әскері Балхты сол жылдың 10 қыркүйегіне дейін қоршауда ұстайды.

Біздің қолымызда «Жүсіп-Зылиха» поэмасының авторына қатысты ғұмырбаяндық мәліметтер жоқ, әрине. Алайда Дүрбектің поэмаға кіріспе сөзінде өз туындысын Балх қамалы қамауда тұрған кезде жазғанын дәлелдейтін жолдар кездеседі.

Көп адамға сын болған сол күндерде,
Қала қалды қамауда жау келгенде.
Қорқынышты күн туды, тамұқ басып,
Шаһардан пана тапты жұмыр пенде.
Шарасыз жұрт қалдырып бау-бақшасын,
Қыл үстінде күн кешті, қорғап басын.
Қамаудағы қаламыз-тозақ оты,
Ал сыртында гүл-шешек жұмақ-бағың.
...Үш ай бойы тас қорғанда қамалдым,
Арып-ашып мен құсадан жарадым.
Көппен бірге тұтқын болып шаһарда,
Адамзаттың құпиясын ақтардым.(1,13)

Ақын осындай ауыр күндерде, жау құрсауындағы қалада отырып өзінің атақты поэмасын жаза бастайды. Ол шығарманы жазу ба-

рысында құран хикаяларын ғана пайдаланып қоймайды, сонымен бірге Жүсіп туралы аңыздық проза үлгілерінде кездесетін өзге деректердегі қосымша мәліметтерді де молынан жаратады.

«Жүсіп-Зылиха» поэмасында екі бірдей көркемдік-идеялық желі анық бой көрсетеді. Солардың бірі ежелгі аңыздардың мазмұнымен ұштасатын болса, екіншісі ақын өмір сүрген уақыттың саяси-әлеуметтік мәселелеріне бағышталады. Дүрбек поэмасының сюжеті құран хикаларының оқиғасын толық қайталайды. Бірінші тарауда Жүсіптің бақытты балалық шағы, он ағасының қастандық ойлауы, Жүсіпті құдыққа тастауы, оның құлдыққа сатылуы көрініс табады; басқа тарауларда оның елге танылуы, содан кейін көп жыл қайғы шегіп түрмеде отыруы, Жүсіптің үлкен жетістіктерге жетуі және т.б. баяндалады. Шығармада Дүрбек ақын басты қаһарманнның ғана ойы мен көңіл күйін толық ашуға ден қоймайды, сонымен қатар әрекетке араласатын басқа кейіпкерлерді де кеңірек бейнелеуге күш салады.

Зылиха махаббатына қатысты оқиғалар ақын туындысындағы қосымша желі ғана. Шығарма атауында Зылиха есімі қатар алынғанымен оған парсы жұртынан ауысқан эпикалық дәстүр ықпалы деп қараған жөн. Зылиха тарихы, оның басты кейіпкерлермен қарым-қатынасы Жүсіптің психологиялық мінездемесін ширықтыру үшін алынған эпизодтық көрініс. Тағы бір атап өтерлік жайт- шығармадағы түрмыстық детальдардың молдығы мен оқиға өрбитін кеңістіктің жанды, нәрлі сипаттамасы . Бұл жағынан, яғни түрмыстық детальдары әлсіз басқа нұсқалардан Дүрбек поэмасын ерекшелендіріп тұратын да осындай нәзік өрнектері дер едік.

Жоғарыда сөз болғандай, Шығыс халықтарының әдебиетінде Жүсіп, Зылиха туралы аңыздардың дастандық үлгілері өте көп. Түркі тілдерінде осы бір әйгілі сюжеттің негізінде дүниеге келген жетпіске жуық көркем шығарма бар екен. Дүрбек ақын өзінің ғажап поэмасын жазу барысында құран хикаяларынан өзге қандай дерек көздеріне сүйенуі мүмкін? Ол тұста бұл аңыздың желісінде туған белгілі шығарма Құл Ғалидың 1233 жылы жазылған «Қисса Жүсіп» дастаны болатын. Оның үстіне, Дүрбек Бұрханиддин Рабғузидің «Қиссасул Әнбиесімен» де таныс болуы мүмкін. Ол ғасырда Жүсіп туралы аңыздардың парсы тіліндегі өңделген үлгілері көп тараған еді. Солардың бірі парсы-тәжік жұртының ұлы ақыны Фирдауси қаламынан туғаны мәлім. Дүрбектің өзі атақты поэмасының алғы сөзінде осы аңыздың парсы тіліндегі прозалық нұсқасын негізгі дерек көзі ретінде пайдаланғанын айтады.Әзірге ол варианттың кімнің нұсқасы екені анықталмай тұр.

Қалай айтсақ та «Жүсіп-Зылиха» поэмасын оқи отырып, оның авторының шеберлігі мен шығармашылық қиялының күшіне таңданбау мүмкін емес. Ақын өз шығармасының көркемдік кестесіне қандай эпизод, қандай деталь енгізбесін соның бәрі кейіпкерлердің көңілкүйі мен әрекеттеріне психологиялық дәйектеме ретінде қызмет жасайды. Дүрбектің шеберлігі ақын поэмасының композициялық тұтастығынан да көрініс табады. Шығарманың бірнеше тарауларға бөлінуі, әрбір тараудың баяндау жүйесіндегі жаңа саты, жаңа бөлім ретінде танылуы соның нәтижесі. Поэманың тараулар саны барлық басылымдарында бірдей емес, әрбір тараудың негізгі мазмұнын аңдататын атаулары да әрқалай. Бірақ поэманың сюжеттік даму кезеңдері жұмыр, туындының жалпы стилінде де біріздiлік байқалады. Оның образдар жүйесінің классикалық болмысында да ақау жоқ, поэманың сүзгіден өткен таңдаулы формасы, яғни Дүрбектің өлеңмен өрілген әңгімесі бастапқы беттен, соңғы параққа дейін ырғақты әрі бейнелі екі тармақты бәйіттерден тұрады.

Алайда аттас поэмалар ішінде Дүрбек шығармасы көркемдік болмысымен ғана ерекшеленбейді, Дүрбек туындысы дәстүрлі тақырыпқа жазылғанымен ақын өмір сүрген дәуірдің оқиғаларымен, әлеуметтік, этикалық өткір мәселелерімен үндес, мазмұндас келуімен де мәнді. Шығарма сюжетінің басынан аяғына дейін дендеп еніп, Дүрбек поэмасына азаматтық, гуманистік сарын үстеп тұратын екінші идеялық желінің маңызы да дәп осында.

Орыстың атақты шығыстанушы ғалымы Е.Э. Бертельс «Өте ауыр тарихи оқиғалар тұсында жазылған Дүрбек поэмасының негізгі айтар ойы түсінкті-ауыр қайғыға қарсы тұру» (2,271) - деп атап өткен болатын. Ақын өзінің замандастарын кез келген қиындыққа шыдап, қайсарлық танытуға, ең бастысы-келешекке деген сенімін жоғалтпауға шақырады. Дүрбек поэмасының терең оптимизмі де осында. Адамдардың төзімділік пен қайсарлық арқылы қайғы-қасіреттен азат болып, бақытқа қол жеткізетіні турасында айтқан ақынның нақты өмірдегі бақытты меңзеп отырғаны анық. Бәрі де: поэмадағы негізгі тартыстардың шешімі де,

психологиялық дәйектеме де, сюжетті құрудың көркемдік амалдары да осы мақсатқа бағынады.

Ағайын-туыстар арасындағы қанды қырғын мен жойқын соғыстардың куәсі болған ақын өзінің замандастарын бір келісімге келіп, бейбіт ғұмыр кешуге шақырады.Бұл идея поэманың шарықтау шегінде, Жүсіптің ағаларымен татуласатын түсында да көрініс табады. Поэмадан қарапайым халықты қолдайтын, адамгершілік пен әділдікке үндейтін гуманистік идеяларды айқын аңғарамыз..

Бұның бәрі, әрине, Жүсіп туралы аңызды саналы түрде ізгілендіруге бет бұрған Дүрбек поэмасының ар-ождан кодексіне негізделген болмысын танытады. «Жүсіп-Зылиха» поэмасының өн бойындағы гуманизм идеясы, оның қайталанбайтын көркемдік кестесі осы туын дыны ортағасырдағы түркі әдебиетінің інжу-маржандарының қатарына қосуға мүмкіндік береді. Дүрбек поэмасы ақиқат өмірдің күллі әлеуметтік, саяси, этикалық өткір мәселелерін бейнелеуге бет бұрған кезең әдебиетінің дамуына зор үлес қосты.

Әдебиеттер:

1. Дурбек. Юсуф и Зулиха. – Москва, 1987.
2. Бертельс Е.Э. Литература народов Средней Азии от древнейших времен до XV в. «Новый мир». – №9. – 1939.

* * *

В статье рассматривается идейное содержание и художественное своеобразие дастана «Жусип и Зулейха» Дурбек акына. Также автором исследуется историческая действительность того времени, когда жил и творил Дурбек акын.

Беташар

Самал Дәрібайұлы

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ф.ғ.к., доцент, Алматы, Казахстан

Аннотация. Қазақ халқының үйлену салтындағы ерекше қайталанбас жырларының бірі – беташар. Беташар – үйлену және жерлеу ғұрыптарындарындағы дүниетанымдардың тоқайласар түсы. Мақалада беташар жырының генезисі, оның тәрбиелік мәні ғұрыптардағы параллельдер арқылы түрлі аспектіде қарастырылады.

Қазақ фольклорының жанрларында әлі де зерттеуді қажет ететін түстар аз емес. Соның бірі - үйлену және жерлеуге қатысты әдет - ғұрыптардағы параллельдер. Алаш баласының тал бесіктен жер бесікке дейінгі таным түсінігінің тоқайласар түсы қазақ халқының **беташар** салтында айқын аңғарылады.

Біз сөз еткелі отырған үйлену мен жерлеу ғұрпындағы параллельдерді ғұрыптық өлеңдерге, түр-түске және ырым-тыйымдарға байланысты танымдар арқылы қарастыруға болады.

Күні бүгінге дейін беташар салтының тұрмыс-салт өлеңі ретінде жанрлық ерекшелігіне, тәрбиелік мәніне фольклортанушы ғалымдарымыздың еңбектерінде жүйелі пікірлер білдірілді.

Қазақ халқының дүниетанымында **беташар** қыз баланың келін атанып, жаңа шаңырақтың табалдырығын аттағаннан кейін бір рет қана және міндетті түрде жасалатын ерекше салт.

Беташар - келінге жаңа ортаны таныстырумен бірге, тазарту миссиясын да жүзеге асырады. Яғни, келін түсіруші жақ беташар жасау арқылы жас келінге келген ортасын таныстыра отырып, онымен бірге көзге көрінбес тылсым зұлым күш иелерінің ілесіп келмеуін де мақсат етеді. Келіннің қадамының құтты не құтсыз болуы оның түскен шаңыраққа тез сіңіп кетуіне тікелей әсер етеді. «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деген мақалдың осындай жағдайларға байланысты айтылғаны хақ. Егер келін түсірген шаңырақ немесе әулет тойдан соң тағы бір қуанышқа кенеліп жатса, үлкендер жағы «аяғы құт болды» деп жақсылыққа жорып жатады. Мұндай жағдайда жас келіннің іс-әрекетіндегі кейбір олқылықтар көпке дейін еленбей қалатыны да анық. Сол секілді босаға аттағаннан кейін әулет ауыр қайғыға ұшыраса (отбасы мүшелері не жақын туыстардың қайтыс болуы, ауруға ұшырауы, т.б.) «аяғы құтсыз

келін» деген атқа таңылуы да мүмкін. Бұл - күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан түсінік. Келіннің бетін ашарда кей жерлерде қамшының пайдаланылуы да негізінен осы факторға байланысты. Себебі, қамшы - көне түсініктер бойынша сыртқы тылсым күштерден қорғаушы. Ертедегі бақсы-балгерлердің толғағы ауырлап, босана алмай жатқан әйелдің жанжағынан ауаны қамшымен осқылап, оны жеңілдетуге тырысқандығы туралы деректер баршылық. Яғни, бұл ретте қамшы - әйелді қинап жатқан албасты секілді зұлымдық иелерінен сақтайды деген түсінік болған. Беташарда келіннің жаулығының үшына байланатын қамшы осы функцияны атқарады. Күні бүгінге дейін қазақ отбасында қамшы аяқ асты тасталмайды, көрнекті орынға (төр) ілінеді.

Беташардың ғұрыптық генезисінде фольклордағы «жұтып, қайта құсу мотивінің» негіздері бар екенін аңғарамыз. Белгілі зерттеушіғалым

С. Қоңдыбай өзінің «Арғықазақ мифологиясы» атты еңбегінде бұл мотивті «...тек ұсталықпен, металмен байланыстырып қоюға болмайды. Осындай байланыстың дұрыс екендігі анық, дегенмен «металдану идеясы» бастапқы «ұлы ананың жұтып, қайта құсуы» әрекетін инициялық сынақ түрінде қайталап отырудың бір варианты ғана. Бастапқы әрекеттік схемадан - архетиптен басқалай да (ұсталыққа, металға қатысы жоқ) түсініктер, ырымдар, ғұрыптар өрбіп шыққандығы анық...» [1, 57] деп түйіндеген болатын. Олай болса ғалым пікіріндегі «өрбіп шыққан» ғұрыптың бірі осы **беташар** деп айтуға негіз бар. Себебі, беташар салтының негізінде қалыңдықты «өмірге қайта әкелу» миссиясы бар. Сөзіміз дәлелді болу үшін беташарға дейінгі жасалатын ғұрыптардағы параллельдерге назар салайық:

Тұрмыс-салт өлеңдеріндегі параллельдер. Қазақ халқының қыз балаға «аз күнгі қонағым», «жат жұрттық бала» деп ерекше ілтипатпен қарағаны белгілі. Қызын ұзатқан үйге «қызыңды күтты орнына қондырдың ба?» деген мағынадағы тілек сауалдарды дүниеден бақилық болған адамның артынан шаңырағына бата оқып барушылардан «қарияны күтты орнына қондырыпсыздыр» деген сипатта естіп жатамыз. Қыз баланың ұзатыларда айтатын **сыңсуы** мен дүниеден озған адамға арнап айтылатын **жоқтаудың** арасында да көне танымдардың ізі жатыр. Бұл екеуі де міндетті түрде айтылуы тиіс ғұрыптық өлеңдер. Осы ретте сыңсудың көп ретте қыз баланың өз теңіне қосыла алмай, шерменде болып бара жатқанда ағайын-тумасымен, ата - анасымен қоштасып айтататын өлеңі ретінде танылып келгені де жасырын емес. Әсіресе бұл ғұрыптық шығарма кеңестік идеология түсында кедей қызының малға сатылып, өзінен бір - екі мүшел үлкен адамға тоқалдыққа еріксіз бара жатқанда айтатын өлеңі ретінде біржақты баяндалды. Әрине, халықтың тұрмыстық жағдайында осындай беттердің болғаны да ащы шындық. Дегенмен, сыңсуды тек қыз баланың сүйгеніне қосыла алмай, өзіне тең емес адамның етегінен амалсыз ұстағандағы зарлы шері, мұңды әні ғана деп қарау дұрыс емес. Сыңсу қыз баланың қандай жағдайда ұзатылып бара жатқанына тәуелді емес және міндетті түрде айтылуы тиіс ғұрыптық өлең болған. Бұл функция жоқтауға да тән. Дүниеден озған адамның артынан жоқтау айту күні бүгінге дейін көп жерлерде сақталып қалған. Жоқтау - дүние салған адамның жасына, пәни дүниедегі жақсылы - жаманды істеген әрекет-амалдарына тәуелсіз айтылуы тиіс шығарма. Яғни, жоқтау да сыңсу секілді қайтқан кісінің не ұзатылғалы отырған қалыңдықтың әлеуметтік статусынан тыс міндетті түрде орындалатын ғұрыптық шығарма. Әрине, біздің бұл ретте айтпағымыз, адамдардың әлеуметтік жағдайына қарай кәдесалттардың барлығы бірдей орындала бермейтіндігі. Белгілі фольклортанушы - ғалым Б. Уахатов осыған байланысты: « Мұның өзі бір жағы байлықтан, барлықтан, асып төгіліп жатқан жеке адамдардың молшылығынан туғанымен, қалың кедей, кемтарлар, қойшы-қоландар үшін қолдан келмес кәделер. Бұл кәделер: ат байлар, ентік ақысы, сүт ақысы, жыртыс, босаға аттар, көпшік қыстырар, шатыр байғазысы (мұны бөкейліктер «отау тігер» дейді), түндік жабар, кемпір өлді, ит ырылдатар, шаш сипатар, қол ұстатар, төсек салар, шымылдық байғазысы, арқа жатар, қыз көтерер, көрпе қимылдатар, мойын тастар, бақансалдымдық, төстің басы, күйеу аттандырар, сарын (аужар), орын тойы(қыз қашар), келін келді, сәукеле байғазысы, босаға ілу, отқа май құю, беташар, бие қысырамас, өңір салу, енші бөліп беру, төркіндеу секілді түр-түрге бөлінеді де және соның әрқайсысына ақы төленеді» [2, 181] деген пікір айтады. Ғалым дерегінде баяндалған салт-дәстүрлердің беташардан басқасы сыңсу мен жоқтау секілді міндеттілікті қажет етпейді. Бұл кәделерді әркім өз жағдайына қарай орындауға тырысады. Оның әр өңірдегі аймақтық ерекшеліктерге, келін алған не қыз

ұзатқан әулеттің түрмыстық жағдайына байланысты бірі орындалып, бірі орындалмай жатуы да мүмкін. Ал сыңсу мен жоқтаудың танымдық мәні адамдардың әлеуметтік статусын теңестіреді. Бұл ретте ескеретін нәрсе, қалыңдықтың ұзатылып, беташары жасалғанға дейінгі жоралғылары дүниеден озған адамға жасалатын ғұрыптармен қатар өрбіп отыратындығы.

Ырым-тыйымдардағы параллельдер. Қыз балаға өз ошағынан ұзатылып келін атанғанға дейінгі аралықта жасалынатын ырым-тыйымдар мен әдет -ғұрыптар да негізінен дүниеден озған адамға жасалар жоралғылармен параллель келіп отырады. Мысалы, қыз ұзатылып бара жатқанда үлкендер жағы «артыңа қарайлама» деп ескертіп жатады. Бұл - егер қыз артына қараса барған жерінен төркініне қайтып келуі мүмкін деген сенімнен шыққан тыйым. Дәл осыған ұқсас тыйым дүниеден озған адамды жерлеп немесе бейіт басына зиярат етіп келе жатқанда да жасалады. Яғни, бейіттен қайтқан кісілерге артына қарайлауға болмайды деген табу жасалынған. Табудың түп төркінінде оны бұзған жағдайда «әруақтар әлемі шақырады, өлім жақындайды» деген түсінік жатыр. Сол секілді ұзатылып бара жатқан қыздың басынан жеңгелері немесе жақындары дәм-тұз айналдырып алып қалып жатады. Ы. Алтынсарин дәл осы ырымның қайтыс болған адамға да жасалғандығына дерек келтірген. Екі ырымның да көздеген мақсаты біреу: құт берекенің шаңырақтан ауып кетпеуі. Нақтырақ айтар болсақ, алғашқысында құттың ұзатылған қызбен кетпеуі, ал екіншісінде дүниеден салған адамның отбасының ырыс-несібесін өліліер әлеміне алып кетпеуіне байланысты жасалатын ырымдар. Қазақ қашанда отбасының, әулеттің құт-берекесін сақтауға мүдделі. Сондықтан болар, қазақ түрмысында әлі күнге жалғасын тауып келе жатқан ырым-жоралғылар (қазанды ретсіз бермеу немесе бос қайтармау, төңкеріп тастамау, бас тартылғанда оның құлағын кесіп алып қалу, сатылар малдың бас жібін бермеу, т.б.) құт-берекені сақтаумен тікелей байланысты.

Ұзатылған қыз көші межелі жеріне жетем дегенге дейін еш жерге аялдамауды, кідірмеуді көздеген. Бұл ырым дүние салған адамды жерлеу ғұрпында да ескеріледі. Мәйітті құтты мекеніне қойғанға дейін еш жерде аялдатпау, жерлеу барысында мүрдені көмушілердің күректі бірінен бірі іліп әкетіп, толық аяқтағанша жұмысты кідіртпеуі алдағы мысалмен қабысып жатыр**. Осы ретте екі функцияның да ертеректе түске дейін, яғни күннің алғашқы жартысында жүзеге асырылатындығына да мән берген жөн.** Дегенмен қазіргі қыз ұзату тойлары кешке басталатындығына орай қалыңдықты түнгі он екіге дейін әкету (сағаттық өлшеммен қалыптасқан дәстүр) дәстүрі қалыптасқан.

Сыңсу айтылып болғаннан кейін қыз шашы тарқатылып (ертеректе қайтыс болған адамның шашы тарқатылған), қос бұрыммен өрілген. Себебі, қос бұрым - жұптық өмірдің белгісі. Ал, қазақ қыздарының кішкентай кездерінде шаштарының көп бұрымды болғанын да ескеруіміз керек. Осы орайда қазіргі қазақ қызының сұлулығының өлшемі болып жүрген қос бұрымның көне жырларымызда кездесе бермейтіндігін де ескерген жөн. Қазақ халқының лиро - эпостық жырларында мақпал шашты, сүмбіл шашты, қолаң шашты қазақ аруларының бейнелері сомдалғанын айта кеткеніміз орынды.

Түр-түске байланысты параллельдер. Қазақ халқының дүниетанымында ақ орамал тағу босаға аттаған, есік көрген әйел баласына тән. Сондықтан түрмысқа шықпаған қыз баланың орамалы ақ түсті болмауы қадағаланады.

Қыз бала ұзатылып барған жерінде беташар дәстүріне дейін ақ шымылдықтың ішіне түсіріледі. Бұл қазақ даласының көп аймақтарында әлі күнге дейін сақталған. Шымылдық ішіне кіргізудің параллелін біз дүниеден озған адамға да жасалатын ырымдардан көреміз. Яғни, мәйітті жөнелтуден бұрын оны ақ шымылдыққа жатқызу ғұрпы, оң жаққа қойылуы (қыздың ұзатылғанға дейінгі оң жақтағы орны) Қазақстанның көптеген өңірлерінде, ата дәстүрдің қаймағын бұзбай сақтап отырған шет елдердегі қандастарымыздың ғұрыптарында әлі күнге дейін бар.

Ақ түс тек тазалықтың, пәктіктің белгісі ретінде қабылданғанымен күні бүгінге дейін оның көне замандардағы өлілер әлемнің символы ретіндегі танымы да қатар келе жатқанын айта кеткен абзал. «Символдар сөздігінде» ақ түстің қорқыныштың, мойынсұнудың, өлімнің белгісі ретінде қабылданғаны туралы айтылады. [3]Мысалы, жаугершілік уақытта ақ ту көтеру берілудің, мойынсұнудың немесе елшінің белгісі ретінде қабылданған. Қытайда, ежелгі Римде, Европа мемлекеттерінің көпшілігінде ақ түс қайғымен бірге, өлген адамды күтіп жатқан әруақтар әлеміне арнау мағынасындағы функцияға ие еді. Әрине, қазіргі таңда

ақ түс дәл осындай танымдық мағынада қолданылмаса да біз мысалға келтіріп отырған қыз бала мен әйел адамдардың киім кешектерінің түр-түсіндегі ерекшеліктердің генезисі, нақтырақ айтсақ жаңа түскен келінге ақ жаулықтың жабылуы осы танымдардың негізінде қаланғаны анық.

Ақ жаулық - жас келіннің бетін ашардағы ең негізгі атрибут. Әлбетте, жаңа ортаға таныстырам дегенге дейін келіннің бетіне ақ жаулықтың жабылып, көпшілікке көрсетілмеуі де заңдылық. Яғни, беташардың негізгі ғұрыптық функциясы - осы жаулықты ашу. Үзатылған қызға жасалатын ғұрыптар жерлеу ғұрпымен параллель келсе, **ақ жаулықты ашу** арқылы «өмірге қайта әкелу» функциясы орындалады. Бұл функцияның қазақ дәстүрінде дүние салған адамның жүзін ақ матамен жауып, арулап жөнелтуімен параллель екенін де айта кеткен жөн. Мәйітке жасалатын танымдық ғұрыптың негізгісі оның **бетін жабу** және негізгі атрибут ретінде мұнда да ақтық (ақ мата) қолданылады. Жоғарыдағы параллельдер беташар салтының тамыры тереңде екендігін аңғартады.

Бүгінгі күнге дейін зерттеу еңбектерде қазақ халқының түрмыс-салт жырларының ішіндегі өзіндік ерекшелігімен дара түрған беташар салтының жанрлық ерекшелігіне, жас келінді жаңа ортаға таныстырудағы тәрбиелік мәніне көбірек көңіл бөлінді. Рас, беташардың тойға жиналған қауымға, соның ішінде ақ босаға аттаған келінге берер өсиеті үлкен. Өкінішке орай, бүгінгі бетешарлардың танымдық-тәрбиелік сипаты әлсіреп, жасанды шарттылыққа айналып бара жатқанын аңғару қиын емес. Әсіресе, ешқандай халықта қайталанбайтын осы ғажап салттың коммерциялық сипатқа ауыса бастауы көңіл қынжылтады. Бұл ретте тойшы қауым да, беташар жасаушы өнерпаздар да ойланатын мәселелер бар.

Әдебиеттер:

1. Қондыбай Серікбол. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап. – Алматы: «Дайк пресс», 2004.
2. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: «Ғылым», 1974.
3. Турскова Т. Новый справочник символов и знаков. – Москва: «Классик», 2003.

* * *

Одним из особо неповторимых поэтических произведений казахского народа является беташар. Беташар представляет связь мировоззрений между традициями казахского народа. В настоящей статье генезис беташар, а также его воспитательное значение рассматриваются в различных аспектах через параллели в традициях.

Алғашқы қазақ газеттеріндегі аударма нұсқалар

Г. Қ. Қазыбек

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ф.ғ.к., доцент, Алматы, Казахстан

Аннотация. Орысшадан қазақ тіліне аудару өнерін ілгері бастыруда XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақша мерзімді баспасөздің дүниеге келуі үлкен рөл аткарды. Солардың ішінде ең алғаш баспа бетін көрген "Түркістан уалаяты" газеті.

"Түркістан уалаяты" газеті 1870 жылы 28 сәуірде Ташкент каласында бірінші саны жарық көрген. Ол "Туркестанские ведомости" газетінің қосмышасы ретінде шықты. Алғашында ол айына төрт ретінде, оның екі номері өзбекше және екі номері казақша шығарылды. Кейіннен ол "Туркестанские ведомости" газетінен бөлініп, қазақша және өзбекше /1870-1882/ жылға дейін шығып отырды.

Газеттің редакторы және аудармашылары ағайынды Ибрагимовтар болды. Сонымен катар осы казақ газетін шығару ісіне Хасан Жанышев, Заманбек Шайхыәлібеков. Ж.Қазыбековтар аудармашы әрі әдеби қызметкер болып қатысқан.

Газет негізінен аударма газет болып табылды. Сондықтан оны баспасөз бетіндегі ресми аударманы қазақ даласына алғаш әкелген деп айтуға болады. Бірнеше жыл бойына газеттің беттерінде қазақтың мақал-мәтелдерінде беріліп отырды. Сол кездің озінде - ақ газетте тіл тазалығы жөнінде мәселе көтерілген болатын. Мысалға алатын болсақ, газеттің 1876 жылғы 2-санында "Алматы қаласындағы оқу-ағарту жайлары" және 29-санында жарияланған "Қисса

Қожа Ғафан уә һәм Сағдуахас" деген кітап қазақ тілінде басылып шыққан екен" деген мақалаларды айтуымызға болады.

"Түркістан уалаяты газеті" бетіндегі сонымен қатар өзбек халқының революцияшыл ниеттегі демократ ақыны Луқимидың және ағартушы ақыны Фурхаттың, орыс әдебиетінің классиктері Крыловтың, Пушкиннің, Толстойдың шығармалары да басылып отырған.

Сонымен бірге газет орыс халқының ауыз әдебиеті шығармаларын, шығыстың атақты "Мың бір түн" хикаясын қазақ тіліне аударып басты. Қазақтың ауыз әдебиеті мен Абай, Ыбырай сияқты белгілі ақындарымыздың шығармаларын жариялады. Орыстың мерзімді баспасөзінің әсерімен алғаш қазақ газетінде заметка, корреспонденция, мақала, фельетон мен очерк жанрлар туа бастады.

Н.П.Остроумовтың "Петр Ведомостарының" XVII-XVIII ғасырларда орыстар үшін қандай маңызды болса, "Түкістан уалаяты газетінің" де XIX гасырда өзбектер мен қазақтар үшін сондай маңызды болды" деген түжырымымен келіспеуге болмайды.

Сол уақытта аз да болса баспасөз бетін көрген газеттеріміздің бірі "Серке" газеті. Ол қазақ оқушыларына арналып Петербургте шығып тұратын "Үлфат" газетіне қосымша ретінде Шаймерден Қошығұловтың басқаруымен және Х.Ибрагимовтың редакторлығымен 1907 жылы жарық көрді. Бірақ ол көп ұзамай жабылып та қалған болатын. Ол екі жетіде бір шығып тұрған. Осы газетітің шығуы туралы 1911ж. М.Сералиннің оқушыларға арнап жазған бас мақаласында: "1907 жылы II-Мемлекетгік думаның мүшесі Шаймерден Қошығұловтың ыждиһатымен Петербургте "Серке" есімді газет шыға бастап еді, ұзаққа бармай үкімет тарапынан тоқталды.

"Қазақ" газеті 1907 ж. наурыз айында, Тройцк қаласында шыққан. Бір саны шығып тоқтап қалды. Шығарушысы Хаим Шумов-Сосновский, бастырушысы Жетпісбай Андреев, Ешмұхамет Иманбаев. Осы газет кейіннен А.Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың аркасында өз оқырмандарымен 1913 жылы 2 ақпанда қауышты. Ол енді Орынбор қаласынан шығып отырды. Газетте әр түрлі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне сай мәселелер көтеріліп отырған. Мысалы, казақ әдебиетінің мәселерін 3 топқа бөліп 1915 жылғы 112-113 сандарында қарастырған.

1. Қазақтың көне ауыз әдебиеті.
2. Жазба әдебиеті.
3. Абай, Ыбырай бастаган жаңа өдебиеттер дәуірі.

Оқу-ағарту мәселесіне де газет көп көңіл бөліп, казақ даласында жаңадан мектеп — медресе салудың қажеттігі жөнінде де мәселе қозғап отырған.

Газеттте М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Дөнентаев, Б.Майлин, С.Торайғыров, Ғ.Қарашев, Б.Серкебаев, Қ.Қоңыратбаев т.б. көптеген мақала-өлеңдері басылған. "Қазақ" газетінің бетінде сонымен бірге аудармалар туралы сын мақалалар да басылып түрды. Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, М.Лермонтов, В.Г.Короленко, И.А.Крылов шығармаларын, аударып басумен қатар Б.Стоудың "Том ағайдың лашығың" іеген мақаласында кездеседі.

"Казақстан" газеті 1911 ж. 16 наурыздан бастап, алғашқы сандары Ордада, кейін Оралда (бұрынғы Теке қаласында) казақ және орыс тілдерінде басылған. Орыс тілінде қазақ мәтінінің кейбір қысқаша аудармасы ғана беріліп түрған. Көлемі 6 беттік шағын газеттің 5 саны 1911 жылы, ал қалған сандары 1912-1913 жылдары барлығы 14-15 саны ғана шыққан.

Газетттің редакторы Елеусин Бюрил оны А.Н.Шелкованың жекеменшік баспаханасында бастырылып отырған. Газеттің негізгі мақсатын әр санының басында: "Газеттің асыл мақсаты: кәсіп ету, ғылым үйрену түрғысында" делінген сөздерден-ақ айқын ағаруға болады. "Казақстан" газетінің бетінде орыс мөдениетінен, әдебиетінен үйренуге үлгі алуға шақыруы секілді сарын басым болды.

Халқымыздың әдеби мұраларының ішінде «Дала уалаяты газетінің орны ерекше. "Дала уалаяты газеті" 1888 жылдан 1893 жылға дейін Омбыда шығатын «Акмолинские областные ведомости газетіне қосымша ретінде орыс және казақ тілдеріне шығып түрды. Газет 1888 жыл мен 1902 жылдар арасында аптасына бір рет шығып түрды. Газеттің ақырғы номері 1902 жылы наурыз айында шығып, содан кейін "Сельскохозяйственный листокке" айналды. Газетте әр уақыт редактор болғандар: И.Козлов, К.Михайлов, Г.Абаза, А.Попов, Д.Лавров. Қазақ тіліндегі нөмерлерін шығару ісін басқарушылар Ешмұхаммед Абылайханов, Дінмұхамед Сұлтанғазин, Рахымжан Дүйсебаевтар болды.

Газет негізінен алғанда аударма газет болды. Ресми материалдардың бәрі міндетті түрде екі тілде беріліп отырған. Газетке баратын материалдардың көпшілігін генерал-губернатордың жанындағы тілмаштар тобы аударып беріп отырған.

Газет бетінде Л.Н.Толстойдың шағын әңгімелері мен нақылдар, И.А.Крылов мысалдарын, өлең-жырлар, айтыс, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, әдеби публицистикалық мақалалар жинақ болып немесе жеке дара жарияланған. Газетте жарияланған нұсқалар кейін халықтың қазынасына айналып, көптеген жинақтарда басылған. Казақтың тұңғыш ғалымы Шоқан, классик ақыны Абай, ағартушы және Ыбырай, жазушы С.Көбеев, Ш.Құдайбердиевтің шығармалары осы газет бетінде жарияланған. Осы сияқты, газет қазақ тілінде кітап бастыруды газетттің тілін қазақша етуді бірталай сөз қылды. Ол осы мәселелерге байланысты қазақтың әдеби тілі мен емлесі, тыныс белгілері жөнінде де мәселе қозғады. Мұнысы да орынды, игі іс еді.

"Дала уалаяты газеті" он бес жыл үзбей шығып түрды. Онда барлығы 1385 аударма қамтылған.

Газет сол дәуірдегі қазақ халқының өмірінен әртүрлі мәлімет беретін шежіре іспетті болуымен қатар белгілі дәрежеде ғылыми, әдеби және шаруашылық мәселелерінен нақты мәлімет беретін, ғылым-білімді насихаттайтын журналдардың әрі көпшілікке арнап шығарылган кітаптардың ролін де атқарды /3/.

Сонымен қатар XIX ғасырдың екінші жартысында "Дала уалаяты газеті" ғана болса, XX ғасырда 6 газет жарық көрді.

XIX ғасырда 70 қана кітап басылса, XX - ғасырда оның саны 200-ге жетті. Осының өзі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы баспасөздің қаншалықты дәрежеде дами бастағанының көрінісі.

Енді осы газетте жарияланған бір-екі мақалаға тоқталып, соларды талдап көрейік. Орыстың мысалшы ақыны Крыловтың "Инелік пен құмырсқа" деген мысалын "Дала уалаяты газеті" 1899 жылы 14 тамыздағы санында қазақшалап жарияланған. Аударған Асылқожа Құрманбаев. А.Құрманбаев осы газетте аудармашы болып істеп, 1899 жылы бірнеше ай болып істеп, 1899 жылы бірнеше ай бойы редактордың міндетін де атқарған. "Инелік пен құмырсқа" ("Стрекоза и муравей") И.А.Крылов.

Помертвело чисто поле:
Нет уж дней светлых боле,
Как под каждым ей листком
Был готов и стол и дом

- деген шумағы, яғни дархан жаздың өтіп, қытымыр кыстың келгенін суретгеген жері аударылмай қалған.

Орысшасы:

Попрыгунья стрекоза
Лето красное пропело:
Оглянуться не успела
Как зима катит в глаза.

Қазақшасы:

Шегіртке, шегіртке, бүкіл жаздай өлең айтып,
Болғанын білмей қалды күздің қайтіп,
Күлі суып, тамақ табу қиын болды,
Күн көрер бұл шегіртке енді қайтіп.

Байқап-қарағанда сөзбе-сөз баламасы да, әлгі аударылмай қалған шумақтың ішіндегі "Нет уж дней тех светлых боле" - деген түйінді аудармашы "Күн суып, тамақ табу қиын болды" - деген өлең тармағында беріп отыр. Бұл мысалдың да қазақ тіліндегі төрт түрлі аудармасын кездестіреміз. 1898 жылы Абай Құнанбаев аударған "шырылдауық шегіртке, ыршып жүріп ән салған", - деп басталатын болса, 1910 жылы "Үлгілі бала" деген атты Көбеевтің кітабындағы аудармасы, 1912 жылы «Айқап» журналында "Омбылық" деп қол қойылған аударма нұсқаларын білеміз.

Сөйтіп орыс классиктерін аудару, одан үйрену дәстүрі XIX ғасырдың аяғында одан әрі дами, өркендей келе, қазақ әдебиетінде аударма мысалдарымен бірге төл қазақ мысалының тууына себеп болды. С.Көбеев, Б.Өтетілеуов, С.Дөнентаев сияқты ақын — жазушылар қазақтың ауыз әдебиетінен ұсақ ертегілердің сюжеттерін пайдаланып, оларға жаңа мазмұн енгізіп, мысалға айналдырған.

Сондай-ақ осы газет-журналдың бетінде қазақтың өз мысалдары, мысал жанрына тән ауыз әдебиетінің нұсқалары көп жарияланған.

Сонымен қатар қазақ халқының көрнекті ғалымы, ағартушы—демократ, публицист жене фольклорисі Шоқан Уалиханов негізін салған орасан зор маңызды істерді, орыс және Еуропа ғалымының жаңалықтарын насихаттау, әдебиет классиктерін демократиялық халықтық идеялы шығармаларын ана тілімізге аударып таныстыру және қазақтың ауыз әдебиетінің таңдаулы нұсқаларын, жаңа туып келе жатқан жазба әдебиетінің жеке шығармаларын орыс тіліне аудару істерінде "Дала уалаяты газеті" игі қадам жасаған. Соның ішінде Абай, Ыбырай шығармаларын көптеп аударғанын тілге тиек ете аламыз.

Газет бетінде Ы.Алтынсариннің "Киргизская хрестоматия" оқулығына еңген бірнеше әңгіме өлеңі жарияланған. "Балқожа бидің баласына жазған хаты" деген өлеңі газетте "Нұржан бидің окудағы баласына жазған хаты" деген атпен аударылған. Аударған Адрахман Қылышбаев.

Қазақтың "Қамбар батыр", "Бозжігіт", "Еңлік-Кебек", "Қозы Көрпеш - Баян сұлу" дастандарымен Алдар көсе, Қожанасыр, Жиренше туралы аңыздары, көптеген қазақ ертегілері де осы газетте аударылып басылып отырған. Сонымен қатар ең алғаш осы газет беттерінен қазақ әйелдерінің өмірін суреттеп, солардың мұң-зарын шертетін шығарма да екі тілде жарық көрді. Ол "Бети" шығармасы. Осы шығарманың желісі арқылы С.Торайыров, С.Көбеевтың "Қалың мал", "Камар сұлу", "Кім жазықты" атты романдары дүниеге келді. "Бети" шығармасы "Дала уалаяты газетінің 1898 жылгы 305 сандарында жарық көрді.

Тағы да газет бетінде қазақтың салт, әдет-ғұрпына қатын "айтыс", "Жоқтау", "Жұмбақтар" да жарияланып отырған.

Газеттің 1899 жылғы 51-санында, 1898 жылғы 4-шы басылған қазақ елінің түрмыс-салт жырларынан берілген жоқтау. Орысшасы аударма да "Казақтардың жоқтауы" "Лирические песни киргизов" деп берілген. Жасыратыны жоқ, сол кездегі аудармашылар жіберген кемшіліктер тың саланың күпияларын игеруде біршама қиындықтар туғызғанымен, бірақ газеттеп аударма материалдардың көпшілігі жатық тілмен қазақ ұғымына түсінікті аударылғанын көреміз.

Әдебиеттер:

1. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.
2. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1975. – 286 б.
3. "Дала уалаятының газеті": әдеби нұсқалар. 1888-1894 Қазақ ССР-інің "Ғылым" баспасы, 1989. – 654 б.

* * *

В статье рассматриваются произведения на двух языках (казахском и русском), опубликованные в первых печатных изданиях Казахстана.

* * *

The article deals with library works in two languages (Kazakh, Russian) published in the first publications of Kazakhstan.

Көне түркі мұраларындағы ел бірлігі, мемлекет тұтастығы идеясы («Орхон» және «Құтадғу билиг» материалдары бойынша)

Б. Р. Құлжанова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің ф.ғ.к., доцент, Алматы, Казахстан

Аннотация. «Тарихы бар халық тарихын таспен жазады, тарихы жоқ халық жаспен жазады» дегендей, біздің түркілік ата-бабаларымыз бай тарихын, мәдениетін, ерлік дәстүрлері мен қаһармандық жорықтарын «Тастағы жазудан тағлым алғайсың!» деп, – кейінгі ұрпақтарына мәңгілік тасқа қашап жазып қалдырып отырған.

Көне түркі ескерткіштері – сайын даланы мекендеп, түлпар мініп, ту алған ата-бабаларымыздың өмірін жыр еткен, түркілердің асыл мұралары. Міне, осындай ескерткіштер қатарында «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жырлары және де ортатүркілік дәуірде жазылған Жүсіп Баласағунидің «Құтадғу билиг» атты ғажайып дастандары бар. Түркілер дәуірінен жеткен шығармалардың қайсысынан да халықшылдық сезім лебі еседі. Адамзаттың көркемдік талғамының ерте кезден-ақ дамығанын дәлелдейтін көркем сөз ескерткіштері көне түркілер ру-тайпаларының рухани өмірін бейнелеген әдебиет туындылары. Ежелгі түркілердің қоғамдық, әдеби, мәдени өмірін бейнелеген бұл ескерткіштер жазба мәдениеттің ғана емес, сол замандағы саяси ойдың да асыл мұралары болды. Жалпы қай ғасырда өмір сүрген түркі ғұламасы болмасын, түркі елінің, түркі жұртының «Тұғырлы мемлекетін» құру жолында аянбай еңбек етті.

Көне дәуірлерден жеткен рухани мұралардың негізгі түйіні – «Тәңірінің өзі дәулет ұясын түріктер жұлдызына жаратқан» [1] қасиетті ұлыс – түркілер, ел бірлігі, түркілік бабаларымыз аңсаған тәуелсіздік, бірлік жолында жасалған еңбек, оны ұстап тұру үшін ұрпақтарына аманаттап кеткен ұлағат, түркі мемлекеттерінің ыдыраудан сақтандырып, алауыздық пен шиеленістерден сақ болуға шақырған, ғасырлар

қойнауындағы даналық ойлар мен көрегендік тұжырымдар. Тәңірден жаралған көк түркілер ел деп туады, ел деп өмір сүреді, ел деп соғысып, ел деп өледі.

Руна жазуларында елді сақтау, мемлекетті түзу, кеңейту, ұлтты сақтап қалу сияқты қаһармандық ерліктер нақты ой түйіндерімен жеткізілсе, XI ғасыр жазбасы Ж. Баласағунидің «Құтадғу билиг» дастаны сол рухты ұстанып, елдік дәстүр, халықтық рух, білік мұраттарын айқындай түседі. Дастанда мемлекет, ел басқарудың міндеттері мен шарттары шежіреленеді. Шығарма XI ғасырда ұлан-байтақ атырапты алып жатқан Қарахандар әулетінің мемлекеттігін нығайтуға қатысты алуан проблемаларға жауап айту мақсатынан туған. Дастанда көтерілген тақырыптардың ішіндегі ең негізгісі – мемлекет, ел басқару, ел басқарушының міндеттері мен құқығы туралы, жалпы адамзаттық, халықтық мәселелер қозғалады. Дастанның ең өзекті тақырыбы, басты мақсаты – халыққа ізгі өмір сыйлау, бақытты, әділетті қоғам құру.

Ата-мекеннің азаттығын, ата-тегінің тазалығын, түрік ұлтының рухани дәстүрлік, тілдік тәуелсіздігін басты қасиет ретінде ұстап, «Ел болып бірігуден асқан бақыттың жоқ» екенінің бағасын білген бабаларымыз: «Түркі халқы жойылмасын, ел болсын!», «Пәк ұлдарың құл болмасын, пәк қыздарың күң болмасын!» деп күресті. Ел билеудегі жалғастықтың үзілмеуін, дәстүрлердің жойылмауын ескертеді. Яғни, «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай» жеткен тәуелсіздікті ұстап тұрар татулық, бірлік мәселесі, түркілерді бірлестіру мәселесі тарих сахнасынан қай кезде де түскен жоқ.

Енисей өзені аңғарынан табылған әдеби жәдігерліктер де сол замандарда ғұмыр кешкен түркі әулеттерінің бізге қалдырып кеткен өлмес мұралары.

Ежелгі дәуір ескерткіштерін зерттеуші М. Жолдасбеков: «Орхон» ескерткіштерін жалаң тарихи фактілер тізбегі деп қарамай, түркі халықтарының ізгі арманын, кескілескен соғысын, айбынды батырларын өзгеше әуезбен жыр еткен ерлік эпосының ең әдепкі үлгісіне жатқызу орынды» [2, 72-б.] деген болатын. Дүниенің төрт бұрышын түгел мекен еткенін түркілер жырда зор мақтанмен баян етеді. Төрткүл дүниені дүр сілкіндірген түркілердің күштілігі олардың бірлігінде болатын. «Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында Адам баласы жаралған». «Бастыны еңкейткен, Тізеліні бүктірген» [3.10-б.] түркі елінің тұтастығы, бірлігі ынтымақта болатын.

Дегенмен осындай бірлік бір кездері осалдап, түркілер батыс және шығыс қағанаттарға бөлінген. Түркі мемлекетінің басқа елге тәуелді болу себебі шығармада былайша баяндалады:

Соңындағы інісі ағасындай болмады,
Үлдары әкесіндей болмады.
Біліксіз қағандар отырған екен,
Жалтақ қағандар отырған екен,
Әміршілері де біліксіз екен
Жалтақ болған екен.
Бектерінің ымырасыздығынан,
Табғаш халқының тепкісіне көнгендігінен,
Түркі халқы елдігін жойды. [4,11-б].

«Орхон» жырларында түркі мемлекетінің ыдырауы, жойылуы айқын көрсетіліп, болашақ ұрпақты содан сақтандырады. Мемлекеттің күйреу себептерін қадап-қадап айтып береді. Біріншіден, ел билеудегі жалғастықтың үзілуі, жақсы дәстүрлердің жойылуы, інінің ағадай, үлдың әкедей тізгін ұстай алмауынан біліксіздік, жалтақтық, алауыздық жайлап, жат жұрт – айлалы табғаш мемлекетінің сұрқия саясатына сеніп, алтын, күміс қазынасына, жібек байлығы мол, тәтті сөзіне алданып арбауына түскендіктен, бектер мен ел басыларының алдамшы байлыққа қызығуы, құнсыз, еңбексіз байлықтың түркі бектерін мастандырып, мемлекет шаңырағын шайқалтқаны, екіншіден, ағалы-інілі дауласқандықтан, бегі мен халқы жауласқандықтан түркі халқы жұдырықтай тұтастығынан, елдігінен айырылып қалғандығы, түркі халқының жойылғанын, тоз-тоз болып шашырап кеткендігі, бек ұлдарының құл болғаны, пәк қыздарының күң болғаны, түркі бектерінің түркі аты жойылып, табғаш атына көшкендігі, жат елге ісін-күшін беріп, табаны күректей елу жыл езгіге түскені зор өкінішпен айтылады. Сондықтан да мемлекет ішіндегі ішкі алауыздықты болдырмау, ру, тайпаларды бір ту астына жинау мәселесін басты назарда болды. Бірлік бар жерде береке, татулық орнайды. Үшіншіден, мемлекет басқаруға ақылды тұлғалардың тартылмай, дарынсыз, тек қара басының қамын ғана ойлаған, ұсақ адамдардың келуі.

Көне түркілік қай жырды алсақ та, күшті мемлекеттің кепілі ақылды, көреген басшы, мықты заң екендігі, сол заңды тура ұстай білу керектігі баса айтылады. Яғни ақылды басшы өз халқына бостандық пен тәуелсіздік бағын орната алады, мемлекетті нығайтуды өмірлерінің басты мақсаты деп таниды. Ақылды қағандар басқарған қоғамда халықтың әдет-ғұрпы мен заңдары мүлтіксіз орындалады, ниеті

бұзық жандар болмайды, мемлекет күшті болады. Билеуші нашар болса, ауызбірлік болмаса, мемлекеттің шаңырағы шайқалады, билік кетіп, халқы күлдық қамытын киеді. Сондықтан да «Халыққа алып үлдар керек саспайтын, Үлы істерде үлы жорық бастайтын» [5, 1961-бәйіт]. Немесе «Шыншыл, сара басшы керек халыққа, Халық үшін түсіп шығар тамұққа» [5, 1964-бәйіт].

Түркілік жырларда мемлекетті нығайтудағы ірі тұлғалардың ерекше роль атқаратыны айтылады. «Күлтегін» жырында түркі мемлекетін орнықтырған алғашқы қағандар елдің бірлігін сақтау үшін көп күш жұмсаған ақылды да, күшті болып суреттеледі. Әсіресе, түркі мемлекеттінің бірлігін сақтауда зор табыстарға жеткен Білге қаған мен әскери қолбасшы Күлтегін батыр болды. Күлтегін тақтың мүддесінен гөрі елдің мүддесін жоғары қойды. Ағасы Білгемен Күлтегін қосылып, Тоныкөк секілді ақылгөйдің жәрдемімен өмір бойы жанын жалдап, барлық күш-жігерін Түріктерді бірлестіру, басын қосу мәселесіне жұмсаса, кейін «Құтадғу билиг» жырында қарахандар мемлекетінің бегі Күнтуды Елік те уәзірі Айтолдымен бірігіп, өз кезеңде елінің гүлденуіне барынша үлес қосты.

«Құтадғу билиг» жырында 2016 бәйітте «Қай жерде бек заңды түзу ұстаса, Елдің де онда күні жарқын қысқасы» деп жырланса, «Күлтегін» жырында «Елін сонша шексіз билеген екен, Ел ұстап, заң жасаған» деп, шексіз биліксіз елді бейбіт өмірге, молшылыққа жеткізе алмайтындығы» дәлелденеді, «Күлтегін» жырында да, «Құтадғу билиг» дастанында да мемлекет басшысына биліктің берілуі тек тәңір арқылы келетіні баяндалады. «Құтадғу билигтің» 5469 бәйітінде «Ұлықтықты алған жоқсың сен тілеп, Берді құдай рахымымен белгілеп» дейді. «Күлтегін» жырындағы «Әміршілері де білгіш болған екен» дегені Жүсіп Баласағуни дастанындағы бекке қойылатын талаптармен, яғни ел басқаруға ақылды, данышпан адамдардың тартылуы керек екенімен үндесіп жатыр. «Орхон» жырларында оқиғалар, ел амандығы, мемлекет тұтастығы үшін жасалған ерліктер нақты іс-әрекет арқылы көрініп отырса, XI ғасыр дастанында сол өз дәуірдің қоғамдық-саяси, моральдық мәселелері жан-жақты, мемлекет басқару туралы құнды пікірлер кең көркемдік тыныспен жырланады.

«Құтты білік» – түрік елінің ел болу жолындағы қоғамтану, елтану дастаны десе де болады. Орта Азия, түрік тарихының аласапыранға килігіп, түркі дарабоздарының шашасына да, санасына да шаң тимеген түста туған туынды. [5, 21-б.]. Дастан XI ғасырда ұлан-байтақ атырапты алып жатқан Қарахандар әулетінің мемлекеттігін нығайту, «мемлекеттің ішкі-сыртқы тәртібі қалай болу керек, ел басқарған бек пен қоғам мүшелері арасында қарым-қатынас нормалары қандай болу керек, мемлекетті сақтап отыру үшін қандай заңережелер керек?» деген сияқты өмірдің өзі туындатқан сауалдарға жауап айту мақсатында жазылған. Надандық жайлаған қоғамда адам қайткенде бақытты заман кешпек? Құтты ел құру үшін не істемек керек? «Қайтсек ел боламыз, қайтсек тұғырлы мемлекет боламыз?» деп, ұлы мақсатқа бет алған түста «мемлекет құрушылар қандай болу керек?» деген сұраққа жауап ретінде ел басқарар бектеріне моральдық-әдептілік тұрғысынан бірқатар ойлар айтады. Халық бақыты ең бірінші ел басқарған бекке тікелей қатысты дей келе, басшысы қарамағындағы әкімдер мен халықты өзінің өнегелі ісімен үйыта білу керек екенін ескертеді. Халықтың бақыты – билеуші үшін басты мұрат болу керек. Билеушінің сыйлы болуы – біріншіден, билік жүйесіне, тыныштық пен бейбіт өмір елдегі тәртіпке байланысты. Ол әділ, адамгершілігі мол болса ғана құрметке ие болады. Ізгі басшы халқын ізгілікке, берекеге бастайды. Басшысы жақсы елдің жұрты түзу, құлқы түзу. Бектері ізгі елде халқы байып, құт-берекеге оранады. Ізгі бекке тән қасиеттер: сабыр, ізгілік, мейірімділік пен қаталдық. Елдің ел болуы үшін ең әуелі бектері білімді, парасатты болу керек. Яғни, елдің құты – білімді, мейірімді бек.

Кім дана бек болса, жақын білімге,
Біліктіні жақын тартар түбінде.
Ел үшін еңбек етер бек – ең абзал бек.
Бек жақсы боп, істесе көп қайырды,
Ел-дүние жайнап, халық байыр-ды. (880-бәйіт).

«Елді әділ заңмен басқару арқылы елді ұйытуға, құтқа, береке-бірлікке бастауға болады дейді» дейді ортағасырлық ғұлама. «Зұлым күшпен бек ұзаққа бармайды, күш-зорлыққа халық шыдап қалмайды» – дейді дастан бәйіттері. Сонымен бірге бекте жігерлілік, жомарттық және шырын тіл болған жағдайда ғана, елін тұтас, әділ билей алатынын айтады. Сонымен бірге осыдан мың жыл бұрынғы дастан бектің ойы мен бойынан бастап, қалай тамақтану, сарай жұртымен қандай қарым-қатынас жасау керек екеніне дейін егжей-тегжей түсін-

діреді. Мансапқорлық – мемлекет адамы үшін үлкен кемшілік екенін көз жеткізе дәлелдейді. Және де ел басшысын парақорлықтан аулақ болуды үндейді. «Өзің бексің дүниеге құл болма, Үкім күтпе, өзің билеп, бұр жолға». «Егер ізгі болса елдің басшысы, түгел ізгі болар атқосшысы». Жүсіп Баласағунидің бұл пікірлері әл-Фарабидің қала басшысының бойынан табылуға тиіс он екі талабымен де шебер үндесіп жатыр.

«Жырды жазудағы автордың мақсаты «көк түркілердің» тарихын жазу емес, түркі халқының бұрынғы дәстүрлерін өз замандастарына идеал етіп көрсету» еді дейді Н. Келімбетов [2. 43-б.]. Авторды қызықтырған түркі елінің ішкісыртқы жағдайы емес, мүсәпір халықты Білге қаған қалайша дәулетті, бақытты еткенін оқушысына көркем сөз арқылы жеткізу, құтты қоғам құру, әлеуметті түзіп, халықтың әл-ауқатын көтеру, ел іргесін нығайту. Құтты қоғам, іргелі ел болу үшін не керек? Ел билеуші қаған ел тәуелсіздігін бәрінен жоғары қояды. Көктегі Тәңірден: «Түріктің қасиетті жері, суы, түркі халқы жойылмасын, ел болсын!» деп, аян беріліп, сол құлдыраудан қайта бас көтеріп, ес жиып, Тәңірінің жарылқауымен еліне, жерінен айырылған халықтың басы қосылып, ата-баба мекеніне қайта оралады. Түркі елінің бүтіндігі мен тәуелсіздігі туралы «Күлтегін» жазбаларында мынадай жолдар бар: «Түркі халқының атақ-даңқы өшпесін деп әкем қағанды, шешем Қатынды қаған көтерген Тәңірі –Түркі халқының атақ-даңқы өшпесін деп мені қаған етіп отырғызған еді. Іші –ассыз, сырты – тонсыз бейшара халыққа отырдым. Інім Күлтегінмен ақылдастық. Әкеміз, ағамыз құрған халықтың даңқы өшпесін деп түркі халқы үшін түнде үйықтамадым, күндіз отырмадым. Өліп-тіріліп жерді ұлғайттым, біріккен халықты от-су (алауыз) қылмадым», Немесе, «Өлімші халықты тірілттім, жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым, тату елге жақсылық қылдым». Жыршы бұл арқылы сол дәуірдің қас батырының көркем бейнесін жасау мақсатын қойды. «Орхон» жырлары: «Бектері де, халқы да сенімді екен, Сол үшін де елін сонша билеген екен, Ел ұстап, заң жасаған...» десе, «Құтадғу билиг» дастанында «Кедейді – орташаға, орташаны – байға» теңеген Күнтуды Елік заманында:

Халық байып, ырысы артты елінің,
Тілін безеп, көтерді елі Елігін.
Құт дарыды, өсті халық өрісі,
Бірге жусап, өрді қозы, бөрісі

Деп жырланады. Бұл жолдардан қоғамның саясиәлеуметтік мұраттары айқын танылады.

Жырдағы Тоныкөк бейнесі батагөй дана, әрі үлкен қолбасшы, жауынгер ретінде көрініп отырады. Әр түрлі жағдайларда ой түйіп, тұжырым жасап отырады. «Тоныкөк» ескерткішінің басты ерекшелігі – негізгі оқиғалар Тоныкөк аузымен баяндалады. «Тоныкөк» жырында алдымен қағандарды мадақтай келе, солармен үзеңгілес болып, түнде үйықтамай, күндіз отырмай түркі елі үшін, түркі мемлекеті үшін қызыл қанын суша ағызып, қара терін төккенін, күш-қуатын сарқып бергенін, құрсауы берік, күдіретті қауым жасағанын мақтанышпен паш етеді. Әр түрлі жағдайларға батагөй дана өз бағасын беріп отырады. Билік ұстап отырған қаған мен ақылгөй абыздың біраузыздылығы, сөз бен істің бірлігі үнемі ескертіледі. Елдікті, тәуелсіздікті қамтамасыз ету үшін қағанды құрметтеу, ақылгөйді тыңдау, ел басына қатер төнгенде басты бәйгеге тігіп, сол жолда мерт болу батырлықты мадақтау, елдікті жырлау, бабаларымыздың аңсарлары мәңгілік тасқа қашалды. Түркі елінің тұтастығы ынтымақта екендігі, барлық күштердің үйтқысында екендігі түп нысана болып табылады. Бірлесіп, ынтымақта жасаған түркі халқын жеңетін күш жер бетінде жоқ екені баяндалады. Ал «Құтадғу билиг» дастанында уәзір ақылгөй Айтолды да Күнтуды Елікке қызметке келіп, өзінің өмірден түйгенін, білгенін үйретіп отырады. Бұл даналардың аузынан небір шұрайлы сөз орамдары, мысалы, «Тоныкөкте»: «Жұқаны таптау оңай, жіңішкені үзу оңай», «Қағаны – батыр, ақылгөйі – кемеңгер елдің бағы жанады»; «Құтадғу билигте»: «Келген құтты ұта алмасаң озады, Бергенге ие бола алмасаң – тозады!», «Бақ қонса адам, көңілі судай сарқырар, Жаңа айдай толысар да, жарқырар» деген жолдар айтылып, күні бүгінге дейін құндылықтарын жоймағанын куә боламыз.

Мемлекеттің мелекет болуы үшін керек басты белгілер: тілі, шекарасы, астанасы болуы міндетті болса, көне түркілер де бұл ұғымдарға ерекше құрметпен қараған. «Орхон» жырларында туған жер – Өтүкен жайлауы аса бір құрмет сезіммен ауызға алынып отырады. «Ол жерге барсаң, түркі халқы өлмейсің, Өтүкен қойнауында отырсаң, мәңгі ел ұстап отырарсың сен. Сонда түркі халқы тоқ» делінеді. Білге таққа отырған кейінгі түркілердің астанасы Өтүкен жайлауы болды. Бұл жерде қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастарға жол ашылды.

Ел билеудегі табыстар мен кемшіліктер қатар айтылған, одан сабақ алуды өсиеттеген көнетүркілік жырлардың негізгі арқауы қағанның халыққа мемлекет ісіне адалдығы, халықтың қағанына бағынуы. «Орхон» жырлары: «Егер, сен, түркі халқы, өз қағандығыңнан, өзіңнің бектеріңнен, өз Отаныңнан бөлініп кетпесең, онда өзің бақытты өмір сүріп, өз үйлеріңде боласың, қайғы-қасіретсіз өмір сүресің» десе, қағанының басты мақсаты «Ел-жұртының қамын ойлау, күші мен ісін мемлекет мүддесіне жұмсау» дейді. Қаған басына қойылған таста да: «Ол өзінің халқын армансыз асырады» делінген. XI ғасыр дастанында да патшаның халық алдындағы міндеттері айтылса, қарапайым халықтың да қағанда қақы бар екені ашып айтылады. Осы үш талап, міндет орындалаған жағдайда ғана мемлекет гүлденіп, ел ырысы артады деп сенеді.

Мақаламызды қорытындылай келгенде, әлемдік мәдениеттегі ұлы ескерткіштердің қатарынан орын алған көнетүркілік мәдени жазбаларда саясат, ел билігі, ел ынтымағы, көсемдердің мақсат-мүдделері көркем баяндалады. Түркі халқы Білге қағанның «кедейді байытып, азды көбейткен» түркі халқын біріктіруші, қуатты қасиетті, ерлік істерін мадақтап, «түркі халқы неден қауіптеніп, нені білуі үшін», болашақ үшін, ата сөз, шежіре сөз үрпақ жадында сақталуы үшін қара тасқа мәңгілік қашап жазды. Бұлар адамзат үрпақтары үшін мәңгілікке ұласатын құндылықтар, рухани самғау биіктер. «Тарихы бар халық тарихын таспен жазады».

Әдебиеттер:

1. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. – Алматы: «Хант». – 1997 ж.
2. М. Жолдасбеков. Асыл арналар. – Алматы, 1990 ж.
3. Н. Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: «Ана тілі» – 1991 ж.
4. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. (Құрастырған Алма Қыраубаева). – Алматы: «Ана тілі». – 1991 ж.
5. А. Егеубаев. Құтты білік. – Алматы: «Жазушы». – 1986 ж.

Tolstoy'un yaşam felsefesi

Doç. Dr. Beyhan Asma

Erciyes Üniversitesi, Edebiyat Fakültesi, Kayseri, Türkiye

Аннотация. Мақалада Лев Толстой және басқа белгілі философтардың өмір интерпретациясы мәселесі қарастырылады. Ерекше көңіл Толстойдың өмір түсінігіне және оқырмандарға өз көзқарасын жеткізу талпынысына аударылады. Толстойдың өмір философиясы мен адам алдында тұрған басқа мәңгі сұрақтар түсінігін зерттеудің алғашқы сатысының нәтижелері берілген.

İnsan Yaşam Felsefesi kavramı daha önce Schopenhauer ve Nietzsche felsefeleri için kullanılmıştır. Bu iki filozof Simmel gibi 19. yüzyıldaki aydınlanmış aklın çıkmaza girdiğine inanmaktadırlar. Yaşam Felsefesi genel anlamda aydınlanma ve rasyonalizme karşı çıkan Ramantik akımın devamı olarak görülür. Yaşam Felsefesi hayatı yalın bir düşünce olarak değil, gerçekten yaşanması gereken canlı bir değer olarak görür. Burada akıl bazen hayata yardımcı bir unsur olarak bazen de ona karşı çıkan bir düşman olarak görülür. Bütün 20. yüzyıl yaşam filozoflarının ortak noktası Schopenhauer ve Nietzsche felsefelerini kendilerine çıkış noktası olarak almış olmalarıdır. Bu düşünürlerin diğer ortak yanları şöyle sıralanabilir: Hepside varlıkta hareketin, oluşun, gelişmenin hüküm sürdüğüne inanmakta, donuk bir varlık anlayışını kabul etmemektedirler. sanlığın tarihsel kökenlerini dinsel anlamda Âdem ve Havva'ya; dünyevi ve ideolojik olarak ilkel kominel toplum, avcılık, toplayıcılık, yerleşik toplum, imparatorluklar, feodal ve ulus toplumlarına kadar dayandırmak mümkündür. Toplumların sosyal, siyasi, ekonomik, kültürel ve dinsel yaşam tarzları ne kadar farklı olsa da toplumda yaşayan tüm bireylerin ortak duygu, düşünüş ve hayat anlayışları mevcuttur. Her zaman ve her yerde güncelliğini koruyan, tartışılan, anlam yüklenen kavramlar olmuştur. Bunlar genel anlamda hayatı anlama, yaşamı sorgulama, umut,

özlem, eşitlik, adalet, mutluluk ve sevgidir. Bana göre bunların en can alıcı olanı insanın kendisini hayat karşısında var etmeye yeltenmesidir ya da ispatlamasıdır. Kendini ve yaşamı anlamaya ve anlamlandırmaya çalışmasıdır. Bunlar büyük bedeller gerektiren duygulardır. Öyle görünüyor ki bu, insanoğlunun var olduğundan bugüne kadar giriştiği en büyük mücadele örneğidir. Hayat içinde kendimize değer yüklemek, yaşamın kırmızıçizgilerini sorgulayıp anlam yüklemeye çalışmak. Bu çok çetin bir mücadele örneğidir. Belki de tarih boyunca girişilen en kanlı ve şiddetli savaşlardan, en dramatik sahnelerden, sonu faciayla sonuçlanan tüm toplumsal hareketlerden daha acımasız ve hüzünlü bir tablodur. Çünkü bu savaş kişinin kendi kendisiyle verdiği savaşıdır. Bunları düşünürken bazen kendimize gülmüyor değiliz. Neden mi? Bu kavramlar o kadar masum, çekici ve kulağa hoş geliyor ki bu hayattan çok mu şey istiyoruz diye kendimize sormadan edemiyoruz. Hayat içinde yerimizin ne olduğunu anlamak için türlü serüvenlere girdik. Evet, iki sihirli kelimemiz var: "Yaşamın anlamı ve amacı nedir, nasıldır, ne olması gerekir?" soruları değil mi bizi sürükleyen, maceralara yelken açtıran, umuda yolculuk ettiren. Acaba hayatın anlamı ve önemi diyalektik bir bakışla yaşamı kabul edip ona sıkıca sarılıp kabul etmek midir? Rüzgâr bizi yeri ve sonu belli olmayan yerlere götürecek. Bazen sevindirecek, sürprizler yapacak, göz kırpacak; bazen de kederli ve hüzünlü bırakacak. Yaşam bu gelgitler içerisinde zıt kutuplu dünyada yaşamaya benzer. Hayatımızın bir tarafında etrafımızı saran mayın tarlaları, uzaydaki kara delikler, korkunç bermuda üçgenleri işgal etmekte; hemen yanımızda ise yeni bir günün habercisi olan güneşin doğuşunu, karşılıksız bir anne sevgisini, doğan bebeğin ilk ağlayışını, bir dostun sıcaklığını yüreğimizde hissederiz.

Bir çok dünya edebiyatları yazarları Tolstoy için 'bir insanlık örneği' der. İlk bakışta abartılı bir değerlendirme gibi görülen bu tespite, *İtiraflarım'*ı okuyunca hak veriyorsunuz. Tolstoy, bu hayatın içine doğan, yaslanılacak bir anlam dizgesi için soruların ardına düşen Rus edebiyatının önemli bir temsilcisidir. Kalbin uyuşmadığı, zihnin gündelik hayatın genel-geçer kabulleriyle canlılığını yitirmediği çocukluk döneminin naif sorularına yol açarak yaşamış nadir insanlardan biridir. Birçok filozof onu Sokrat konuşan adamsa, Tolstoy soru soran adamdır diye yorumlar. On sekiz yaşına kadar tabi olduğu Ortodoks bir eğitimin öngördüğü anlam dünyasının, yaşadığı reel hayatı izah edemediğini, insana ayağı yere basan bir anlam katamadığını görmüş, cevapsız kalan sorular onu inanç öğretisinin dışına sürmüştür: "Hıristiyanlığın Ortodoks mezhebine göre vaftiz edildim ve o doğrultuda eğitildim. Çocukluk ve gençlik yıllarımda, bu inanç çerçevesinde öğrenim gördüm. Ama on sekiz yaşında, ikinci yıldan sonra üniversiteyi bıraktığımda, artık bana öğretilmiş şeylerin hiçbirine inanmıyordum. Benim inançtan kopuşum, kültürlü tabakaya mensup insanlarda nasıl olmuşsa ve şimdi de nasıl oluyorsa, öyle olmuştu "der[1].

Sanırım bu, çoğunlukla şöyle olmaktadır: Çevresindeki çoğunluk nasıl yaşıyorsa, öyle yaşıyor insan; herkes inanç esaslarıyla ortak olmayan, çoğunlukla ona ters düşen ilkelere bağlı olarak yaşıyor; inanç öğretisinin hayatımızda yeri yok, ne başka insanlarla olan ilişkilerimizde rastlıyoruz ona, ne de bizzat kendi hayatımızda onunla alış-verişimiz oluyor, inanç esaslarını herhangi bir yerde, hayattan uzakta ve ondan bağımsız olarak kabulleniyoruz. O, bir kere karşımıza çıkınca da, tıpkı, hayatı içten hiç ilgilendirmeyen dıştan bir olaymış gibi karşılıyoruz. 'Tolstoy, gençliğin en coşkun dönemindedir; inanç esaslarının müdahale etmediği bir pratik hayatla kuşatılmış olsa da, ruhunun derinliklerinde iyi insan olma arzusu vardır. Ahlaken iyi olma arzusunu gerçekleştirmek isterken karşısına ihtirasları ve inançla bağını kopartmış toplumun küçümsemeleri çıkar; hem ihtirasları hem de toplum onu negatif duygulanın içine iter. Kötünün göklere çıkarılması ve iyinin ezilmesi istikametinde bir hayat yaşar, yazılar yazar. Artık o, yazar ve sanatçı bir çevrededir. Yazar ve sanatçı, hakikati bulmuş insanlardır; insanlığın gelişmesinde büyük payları vardır. Görevleri insanlara ders vermek, onları adam etmektir. Böyle bir çevrede, kendisine böyle bir görev benimsetilen Tolstoy, hakkında çok şey bilmediği hayatı öğretmeye girişir; karşılığında kazanç ve çevre edinir.

Yazar arkadaşlarında hayat felsefelerinin özü şuydu: Hayat, genel olarak ilerleme yoluyla gelişmektedir. Bu gelişmede en büyük pay fikir adamlarına aittir ve fikir işinin erleri arasında en büyük etki yapanlar da sanatçılar, şairlerdir. Onların işi, insanlara ders vermektir. Tolstoy kendini eşsiz bir sanatkâr ve yazar olarak görüyordu. Bu teoriyi benimsemesi, çok doğaldı. Tolstoy, yani sanatkâr ve yazar olan kişi, yazıyordu, neyi öğrettiğini kendi de bilmeden öğretiyordu. Bunun

[1] Richard Freeborn. Turgenev: The Novelist's novelist. 1970.

karşılığında para kazanıyor, oldukça iyi bir şekilde yaşayıp gidiyordu, güzel bir evi vardı, çevresinde insanlar çoktu; ünlüydü. Bu onun için öğrettiği şeyin çok iyi olduğu anlamına geliyordu.

Ortalama seviyenin çok üstünde bir hayat standardını yakalayan ve sıradan yaşayan Tolstoy'un bu dönemi on beş yıl sürer. Bu sürede içindeki çocuk sesini tekrar yükseltir; yazarlığını ve yaşadıklarını beğenmez olur. Sorular onu rahatsız eder. Cevapsız kalan soruların kendisine bulaştırdığı boşluk duygusuyla hayat tutkusu söner. Anlamı olmayan bir hayatı yaşamak ona dayanılmaz acılar yaşatır; ne istediğini de bilmez. Bir uçurumun başındadır ve yok oluştan başka bir şey görmez. Birer yırtıcı hayvan gibi insanın üzerine atlayan hayatın acılarından kaçmak için kendini bir kuyuya atar. Hayata dair o kadim soru ve acıların üzerini örten, onları unutturan, insanı oyalayan zevklere tutunduğunu, bunlardan haz etmekle bir yanılsamayı yaşadığını düşünür. Kuyunun dibinde ağzını açmış vahşi hayvana yem olmamak için tutunduğu hayat dalından hazlar emen insanın trajik durumundan kurtulmak isteyen Tolstoy, bilimde, 'hayatın anlamı nedir?' sorusunun cevabını arar. İçindeki boşluğu büyüten, çaresizliğine vurgu yapan çözümsüzlük durumuyla karşılaşır. Çözümü bilimde bulamayan Tolstoy, düşünce tarihinde birer yıldız gibi parlayan filozoflardan bu konuda bir ışık bekler. Tutkuyla, neredeyse öfkeyle, karmakarışık ve düzensiz bir şekilde, önce hüzünlü ruhun ebedi yoldaşı olan Schopenhauer'i, sonra Sokrates'i, Platon'u, LaoTse'yi, mistikleri, stoalıları, septikleri ve Nietzsche'yi okur. Ama çok geçmeden kitapları kapatır. Kitaplarda da, bu dünyayı açık ve seçik olarak görme imkânını verecek farklı bir araç bulmaz; onlar da bilmekten çok, soru sorarlar. Endişeli bir ruhun huzura kavuşması için değil, düşünce için birtakım sistemler geliştirirler; avuntu değil, bilgi verirler. Bilim ve düşünceden umudunu kesen Tolstoy, hayatı gözlemlemeye başlar; kendi çevresindeki insanların hayatı karşılayış biçimlerini anlamaya çalışır. Bu gözleminden sonra kendini bir kavşakta bulur; tercihini yapar. Kim ne derse desin, Tolstoy bu tercihini çok önemser. Tolstoy inançla yeniden buluşmuştur. Aklın çözemediği ama inancın hallettiği o önemli nokta nedir? Tolstoy bağlamında cevap şudur: 'Akıl yalnız başına ancak hayatı anlamak için yeterlidir, ölümü anlamak için değil; bunun içindir ki, o zamana kadar bir nihilist olan Tolstoy, kavranılmaz olanı kavrayabilmek için yepyeni ve çok farklı bir manevi yeteneğin var olması gerektiğini anlar. Hayatın ve insanın anlamına vurgu yapan soruların ardına düşen çoğu insan gibi, içine doğduğu hayatı okumuş; konuşan hayatın dilinden dökülenlere kulak kabartmış; tam anlamıyla kalbinin ve vicdanının işaret ettiği yere yürümüştür. Bu sebeple, "Tolstoy Diyor ki" başlığı altında okunabilecek İtiraflarım'ı, 'Hayat Diyor ki' şeklinde de okuyabiliriz. Zweig'in kendisi için yazdığı 'Son Sözler ne kadar yerindedir. Tolstoy, eşsiz bir ruh içtenliği sayesinde, insanın en yüce şeklini aradı ve ona ulaşmaya çalıştı. Onu, kendi vicdanının derinliklerinde, insanın ancak kendini yaralayarak inebileceği derinliklerde aradı, sordu, soruşturdu. Örnek bir ahlaki deha olarak, amansız bir ciddilik, acımasız bir sertlikle, kayıtsız şartsız bir şekilde eşeleyip durdu ruhunu. Goethe'den bu yana, hiçbir şair, kendini ve aynı zamanda ebedi insanı bize bu şekilde gösterememiştir. Öyle görülüyor krallar da ya da kendini özne olarak gören insanlar da ne kadar özne oldukları ve hayat karşısında kendilerini var ettikleri tartışılır bir mevzudur. Onlarda bir gün coşkun bir akarsuyun üstünde yüzen küçük bir odun parçası olup denizin kıyı çizgisindeki sıfır noktasına boşalarak bir hiçliğe boğulacaktır. Kendi özlerini kaybederek, varlık nedenlerini yitirerek bütünün bir parçası olacaklar ama hiçbir zaman kendileri olamayacaklar. Onların da sesi kalabalıklar arasında kaybolup gidecektir; ama onlar seslerinin duyduklarını zannedecekler. O yanılgıyla yaşayacaklar ve o ihaneti hiçbir zaman goremeyecekler. Kendi yaşam alanımız da bu çileli, sıkıntılı ve hüzünlü ortamdan kurtulmak mümkün mü? İnsan olmamız icabıyla içimizdeki merak duygusunu harekete geçirmemiz gerekmiyor mu? İnsanı, doğayı ve evreni kısaca var olan olmayan her şeyi irdelememiz gerekmiyor mu? Karl Jasper*'in* dediği gibi "Felsefe yolda olmak demek değil miydi?" Hiç bitmeyen bir yolculuk, bir macera, bir umut kapısı değil mi? Keşfedilmemiş yerleri görmek kazma, kürek ve sondaj vurulmamış bakir toprakları ele geçirmek. Evet, felsefi düşünmenin zihniyeti bu olmalı. Bu yaklaşım tarzını bize öğütlerken şu uyarıyı da yapmadan edemiyor. Hiçbir zaman elimizdekilerle yetinmeyip tembellik yapmayacağız. Sokrates'in dediği gibi: " Bildiğim bir şey varsa oda bir şey bilmediğimdir.'' önermesini hayatımızın merkezine yerleştirip bu anlayışı genetik kodlarımıza işlememiz zor olmayacaktır. M.Ö 469_470 yıllarında yaşadığı tahmin edinilen Sokrates*:* "Sorgulanmamış bir hayat yaşanmamıştır" diyerek hepimizi tembihleyerek kulağımızı çekti. Aslında bu söylemlerin dışına çıkmayı bazen gerekli görüyorum. Amaç insanı, doğayı, evreni ve hayatı derinden kavrama yüceliğiyse neden yapmayalım.

Neden alışılmışın dışında değişik kulvarlarda dolaşmayacağız. Bu önermeler zincirinde aklıma Platon*'un ve* Farabi'nin varlık anlayışı geliyor**.** Platon'un iddia ettiği gibi bizler gerçekten idealar dünyasının bir kopyası, bir yansıması, bir gölgesi olmanın ötesinde anlam ifade edebiliyor muyuz? Duyular dünyasının ölümlü, sınırlı, kusurlu, eksik ve gelip geçici bir hayat olduğuna inanmamızın vakti geldi mi acaba? Bu dünyada bize verilen tiyatro oyununu ustaca oynayıp ebedi âleme gitme yolculuğuna hazırlanmamız mı gerekiyor? Bir figüran olmaktan başka anlam ifade etmiyor muyuz? Doğrusu bu fikirlerde bazen kafamı kurcalamıyor değil. "Mutluluğu, güzelliği, ölümsüzlüğü, kusursuzluğu, idealar dünyasıyla bütünleşerek nirvayaya ulaşabilir miyim?" sorusunu çoğu zaman birçok kişi kendisine sorar. Bu düşüncelerimi belirtirken şu yönde bir eleştiri geleceğini hisseder gibiyim. Hayat karşısında benzer ve farklı duruşlar sergiledik; ama nedense hiç birine de sahip çıkmadık, hiçbirini savunmadık, yanımıza alıp da yaşam gerçekliğimiz olarak görmedik. Aslında felsefi bakış tarzı bu değil miydi? Hayata meydan okuyuş, otoritelere ve kutsallıklara boyun eğmeden doğmaları eleştiri oklarından geçirmek değil miydi? İnsanı, doğayı, evreni, kısaca var olan ya da olmayan tüm varlıkları derinden kavrama ve bilme yüceliği taşımıyor muydu? İnsan var olmak için düşündü, hayata meydan okudu. Bunun sonucu Truva savaşında Aşil'in keskin kılıcı ve barbarlığı karşısında hayatını hektar gibi onurlu bir şekilde kaybetse de bundan vazgeçmeyecek. Bu insanı hayata bağlayan ve yalnızlıktan kurtaran biricik yaşam pınarıdır belkide. Var olduğu halde yok olmamak için. Tolstoy'un insanı, doğayı, toplumu, evreni; anlama ve bilme sürecinde farklı bakış açılarını geliştirip bunları ortaya çıkarmaktı. Tıpkı çalışkan bir arının gücü ve yeteneği ölçüsünde mümkün olduğunca çiçeklerden toz alması gibi.

Kaynakça:

1. Haluk H. Erdem. Karl Jaspers Felsefesinde İnsan Problemi // Felsefe Dünyası. – 2003. – № 1. – Sayı: 37. – S. 173-178.
2. Haluk H. Erdem. K.Jaspers'in Felsefesinde İnsanın Varoluşunu Gerçekleştirmesi Olarak İletişim // Felsefe Dünyası. – 2001. – № 3. – Sayı: 35. – S. 152-159.
3. Richard Freeborn. Turgenev: The Novelist's novelist. – 1970.

* * *

В статье анализируется проблема интерпретации философии жизни Льва Толстого и других известных философов. Особое внимание уделяется пониманию жизни Толстым и его попытки донести свое видение читателям. В статье представлены результаты начального этапа исследования философии жизни Л. Толстого и понимания им других вечных вопросов, которые стоят перед человеком.

* * *

This article tries to understand the essence of life, Tolstoy and other famous philosophers and works are to understand the meaning of life and try to explain to the readers. This is an introductory article, the essence of life and man's questions for the answer to that answer.

ТІЛ БІЛІМІ
ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Диахронический взгляд на аксиологическую шкалу эпитета в прагматиконе отдельной языковой личности

Н. И. Гайнуллина

д.ф.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье предлагается нетрадиционный взгляд на функциональные особенности эпитета с позиций диахронического развития русского языка. На примере переписки Петра I показано формирование аксиологической шкалы эпитета, представляющей набор ценностных характеристик, соотнесенных не только с отдельной языковой личностью конца XVII – первой трети XVIII вв., но и с общими эволюционными процессами в русском языке на начальном этапе его становления как национального.

XX – начала XXI вв. к проблемам речевой деятельности в контексте интегративности гуманитарного знания представляет неоспоримый факт современного состояния науки о языке. В этой интегральной научной модели центром исследования и одновременно его аккумулятором выступает ЧЕЛОВЕК, личность homo sapiens, определившая удивительно продуктивное интегративное направление в изучении языка – антропоцентрическое. Оно позволило не только расширить, но, прежде всего, углубить наши представления о главном объекте изучения – языке – не только в синхронном его состоянии, но и (что особенно важно!) в диахроническом, наиболее сложно воспринимаемом и реализуемом исследователями письменной продукции прошлого с позиций новых научных парадигм современности. Именно в подобном аспекте нам представляется интересной, казалось бы, хорошо изученная в науке о русском языке проблема функционального назначения эпитета.

В предлагаемом сообщении мы пытаемся представить названную частную проблему как отражение определенного этапа исторической линии развития русского языка, в частности, на примере такого ее отрезка, как начальный этап формирования русского литературного языка национального типа, когда произошли кардинальные изменения в его структурном и, особенно, функциональном аспекте, сломавшие предшествующие стереотипы использования литературно-книжной (церковнославянской в своем генезисе) формы языка и заложившие новые полифункциональные особенности формировавшегося русского языка национального типа. И здесь основополагающую роль сыграло появление на культурно-исторической арене отдельных ярких языковых личностей, своим примером продемонстрировавших основные направления в развитии и использовании русского литературного языка единой нации с его богатейшими потенциально и реально имевшимися средствами выражения. Среди них можно назвать таких культурных деятелей этой эпохи, как Ф. Прокопович, Ф. Поликарпов, Я. Брюс и др.). Однако главной фигурой следует признать прежде всего самого Петра I, известного преобразованиями не только в общественно-политической и культурной сферах жизни, но и целенаправленными реформами в области языка. Эти реформы впервые в истории русского языка демонстрируют именно *осознанную, целенаправленную* его языковую политику как государственную проблему. Не случайно все, что он оставил после себя в виде письменной продукции творческого характера (различного содержания и назначения письма, тетради, дневники, записки, распоряжения, указания, законы, уставы, заметки на полях и т.п., что мы определяем единым понятием *бумаги*), оказалось прекрасной иллюстрацией происходящих в русском языке Нового времени изменений. По этой причине мы вновь обратились к ним,

© 2012 al-Farabi Kazakh National University

чтобы показать подобные новшества на примере такого, казалось бы, хорошо изученного научного явления, как ***эпитет***, и заодно углубить представления о нем. Известная теория языковой личности, активно разрабатываемая современной наукой, помогает с максимальной степенью доказательности сделать это и для исторического аспекта развития русского языка на отдельном участке его строя, подчеркнув такую его особенность, как *эволюция.*

Чем известнее имя собственное, тем больше у него информационных и ассоциативных сем. Семантическую структуру гидронима *Волга* можно было расширить значительным числом других ассоциативных характеристик: *транспортная артерия*, *гидроэлектростанции и водохранилища*, *крупные города*, *Жигули*, *песни*, *Стенька Разин*, *издалека долго*, *колыбель моя* и мн. др. У названий незначительных рек такого семантического объёма нет, фактически присутствует только денотативная связь: Гуселка – река (РВВО: 111). Этот гидроним может существовать только в составе апеллятивно-онимического комплекса (Широков 2001: 3). Однако и в этом случае объём семантики приведенного гидронима может увеличиваться за счёт расширения сферы использования названного этим именем объекта, его узнаваемости, значимости для использующих это название и т.п.

Обязательность / факультативность функционирования онима в составе апеллятивно-онимического комплекса определяется отнесением имени собственного к ядру или периферии онимического поля. Ядерные конституенты, к которым относятся антропонимы (Супрун 2000: 17), употребляются без апеллятивного сопровождения (*Иван*, *Иванов*), тогда как периферийные единицы проявляют свою семантику только в сочетании с дифференцирующим нарицательным именем: *конфета «Ромашка» – детский сад «Ромашка» – кафе «Ромашка» – ансамбль «Ромашка» – стихотворение «Ромашка»*. Антропонимы с терминами родства образуют неделимые единицы прагмаономастического характера: *дядя Коля, тётя Надя, бабушка Ира, дедушка Слава* и пр. (Супрун 2000: 20). Н.Д. Арутюнова говорит о стремлении к таксономической диф-

ференциации онимов с помощью категориального существительного: *фабрика «Красная роза», кинотеатр «Художественный», улица Пречистенка* и пр. (1999: 35).

У разных типов онимов может быть различная семантическая структура. Так, для русского отчества главным является деривационное значение. С помощью суффиксов *-ович/-ич, -овна/-ична/-инична* выражается понятие ‘сын / дочь человека, носящего имя, от которого образовано отчество’. Дополнительно у русского отчества проявляются этнокультурные семы ‘в сочетании с именем является наиболее вежливой формой обращения к человеку’, ‘в деревенской и городской рабочей среде может использоваться самостоятельно как уважительное обращение’. В казахской лингвокультуре такими маркёрами служат термины родства *ул* ‘сын’, *кыз* ‘дочь’, которые в совокупности с именем отца образуют отчество: *Баянжанулы* (в этом случае аффиксоид *-улы* выполняют функцию русского суффикса, показателя мужского рода *-ович/-ич*) и *Баянжанкызы* (аффиксоид *-кызы* используется в значении русского показателя женского рода *-овна*) (Мадиева 2010: 164).

Для фамилий деривационная семантика, лежащая в их основе, затемняется, на первый план выходит значение ‘наследственное семейное именование человека, прибавляемое к личному имени, переходящее обычно от отца к детям’ (БТС: 1415). Не все русские фамилии являются суффиксальными образованиями (*Арнаут, Мельник, Автух, Артюх, Андрус*), многие не имеют посессивных формантов (*Суперанский, Подольский, Успенский, Архангельский, Аржановский, Артельный, Атаманский*). Для фамилий важной является дифференцирующая сема ‘указывает на принадлежность человека к определённой семье’ (Подольская 1988: 140).

Исландское отчество в связи с отсутствием фамилий у этого народа в большей степени берёт на себя номинативно-идентификационно-дифференцирующую функцию, выделяя комбинацией имени и отчества отдельного человека и объединяя с помощью отчеств детей одного исландца: *Elin Olafsdottir, Ingþor Olafsson; Sveinbjörn Sveinbjörnsson; Björk Guðmundsdottir*. Исландское законодательство вообще запрещает иметь фамилию, делая исключение только для натурализированных иностранцев и их потомков. Отсутствие фамилии наполняется при этом в социуме этнокультурным содержанием: ‘типичный исландец, не иностранец’.

Подобная двухкомпонентная система *имя + отчество* существуют также и у других народов. У родовитых монголов до XX века антропонимическая формула состояла из трёх частей: родовое имя, отчество, личное имя, однако при социализме родовые имена были запрещены, остались только имена и отчества: *Жүгдэрдэмидийн Гүррагчаа* (сначала идёт отчество – имя отца в родительном падеже, затем личное имя). Русские женщины, выйдя замуж за монголов, брали в качестве фамилии имя или отчество мужа. С 2000 г. в Монголии вновь разрешены фамилии. Некоторые вернули прежние родовые имена, другие придумали фамилии по роду деятельности или на других основаниях: космонавт Гуррагча взял себе фамилию *Сансар* ‘космос’. В Эфиопии семьи также не имеют постоянных фамилий. Ребенку даётся имя, после которого следует имя отца: у эфиопского стайера и марафонца Хайле Гебреселассие отца зовут Гебреселассие Бекеле; известный амхарский писатель Мэнгысту Лемма родился от Лемма Хайлу. Сложнее система именования у арабов, она включает отчество, дедичество и даже имена более далёких предков, которые могут считаться семейными именами: *Мухаммед Ахмед Амир Сулейман Шараф-Эль-Дин* < личное имя Мухаммед, отец Ахмед, дед Амир, прадед Сулейман, прапрадед Шараф-Эль-Дин.

Русский антропоним способен обладать сакральной семантикой. Церковный обряд наречения имени рассматривается как предшествующий таинству крещения, он приравнивается к оглашению, т. е. приготовлению к принятию христианства. Неизбывной составляющей семантики православного имени становится сакральное значение, которое основывается на том, что «имена святых возлагаются на нас в знамение союза членов церкви земной с членами церкви, торжествующей на небесах» (Булгаков 1993: 955). С.В. Булгаков поясняет далее: «Те и другие составляют одно тело под единою главою Христом и находятся в живом общении между собою. Святые, обитающие на небесах, по любви к братьям своим, живущим на земле, принимают живое участие в их судьбе <…>» (там же).

По мнению православных богословов, «имя действительно направляет жизнь личности по известному руслу и не даёт потоку жизненных процессов протекать где попало» (Флоренский

1998: 510). Сакральная сема есть только у собственно ядерных конституентов ономастического поля, у некоторых единиц и в некоторые периоды развития общества она может иметь нулевую представленность, однако со времени возникновения религии как формы общественного сознания её проявление становится важным параметром семантики антропонима.

Для понимания онимической семантики важно рассмотрение имён собственных как части речи. Российский учёный, основатель Екатеринбургской ономастической школы А.К. Матвеев в своей книге «Ономатология», а также ранее в статье «Ономастика и ономатология» предложил различать ономастику как совокупность собственных имён и ономатологию – науку об именах собственных (Матвеев 2005: 5; Матвеев 2006: 16). Ранее в статье «Апология имени» ученый заявлял, что «нецелесообразно предлагать новые термины, тем более что стаж тех, которыми мы пользуемся, уже превышает два тысячелетия» (Матвеев 2001: 87; Матвеев 2006: 5).

Высказав это замечание, А.К. Матвеев далее подвергает ревизии устойчивое противопоставление *имя собственное* (*nomen proprium*) – *имя нарицательное* (*nomen apppellativum*), полагая, что онимы выходят за рамки лексики (Матвеев 2006: 6). Действительно, среди имён собственных встречаются глагольные слова, словосочетания различного состава, структуры, равные предложению (см. многочисленные примеры – Матвеев 2006: 5). Трудно установить частеречную принадлежность онима в языках изолирующего и полисинтетического строя: в первых сложно отличить сложное слово от словосочетания (в китайском языке, например), для вторых характерно включение в состав глагола-сказуемого прямого дополнения и других членов предложения (Журинская 1990: 511), что сказывается на структуре и восприятии микротопонимов и других имён собственных.

Однако даже такая специфика онимов не позволяет усомниться в субстантивности имени собственного. Только став именем существительным, оним выполняет все свои функции: номинативно-идентификационно-дифференцирующую, информационную и экспрессивную, познавательную и аккумулирующую (Подольская 1988: 145). Как и любое слово, имя собственное проявляет себя в контексте, в предложении, в котором оно всегда занимает позиции, свойственные существительному: *Пришёл Умойся Грязью. Отдайте это Ивану Затуливетру / Нине Затуливетер. Я ходил на охоту с Угадаем. Мы читали «Как закалялась сталь». Евгений просидел весь вечер в «Кинь грусть».*

Много ещё будет написано об онимической семантике. Эта проблема постоянно получает новые импульсы для размышления при обращении к ранее не исследованным или слабо изученным именам, к специфическим разрядам и типам онимов, к языкам разной типологии и генеалогии. Языковые факты и явления столь разнообразны и многоплановы, что они с трудом укладываются в строгие логические рамки, всё время стремятся сломать стереотипы, выйти за пределы таксономии, проявить свою уникальность. Но это не значит, что понять семантическую природу онимов невозможно. Каждое следующее осмысление этой проблемы становится новым шагом на пути к недостижимой цели – создать непротиворечивую и полную теорию имени собственного.

Литература:

1. Алефиренко Н.Ф. О природе ономастической семантики // Ономастика Поволжья: Тез. докл. VIII междунар. конф. Волгоград: Перемена, 1998. С. 165-168.
2. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. М.: Языки рус. культуры, 1999. 896 + XV с.
3. Балкански Т., Цанков К. Енциклопедия на българската ономастика: Към основите на българската ономастика / Великотърновски ун-т «Св. св. Кирил и Методий»; Център на българска ономастика «Проф. Николай Ковачов». Велико Търново: Фабер, 2010. 552 с.
4. БТС = Большой толковый словарь русского языка/Гл. ред. С.А. Кузнецов. СПб.: Норинт, 1998. 1536 с.
5. Булгаков С.В. Настольная книга священно-церковно-служителей. Ч. I-II. М.: Издат. Отдел Моск. патриархата, 1993. 1172 с. (единая пагинация) (Репринт. воспроизведение изд. 1913 г.).
6. Булыгина Т.В., Крылов С.А. Денотат // Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В.Н. Ярцева. М.: Сов. энцикл., 1990а. С. 128-129.
7. Булыгина Т.В., Крылов С.А. Референт // Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В.Н. Ярцева. М.: Сов. энцикл., 1990б. С. 410-411.
8. БЭС = Большой энциклопедический словарь / Гл. ред. А.М. Прохоров. Изд. 2-е, перераб.

и доп. М.: Больш. Рос. энцикл.; СПб.: Норинт, 2001. 1456 с.
9. Гак В.Г. Лексическое значение слова // Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В.Н. Ярцева. М.: Сов. энцикл., 1990. С. 261-263.
10. Ефремова Т.Ф. Современный толковый словарь русского языка. В трёх томах. М.: АСТ; Астрель, 2006.
11. Журинская М.А. Типологическая классификация языков // Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В.Н. Ярцева. М.: Сов. энцикл., 1990. С. 511-512.
12. ЛЭС = Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В.Н. Ярцева. М.: Сов. энцикл., 1990. 685 с.
13. Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. Алматы: Арыс, 2010. 240 с.
14. Мадиева Г.Б., Супрун В.И. Теоретические основы ономастики: Учеб. пособие. Алматы: Арыс; Волгоград: Перемена, 2011. 280 с.
15. Матвеев А.К. Апология имени // Известия Урал. гос. ун-та (Екатеринбург). 2001, №21. Проблемы образования, науки и культуры. Вып. 11. С. 86-92.
16. Матвеев А.К. Ономастика и ономатология // Вопросы ономастики (Екатеринбург). 2005, №2. С. 5-10.
17. Матвеев А.К. Ономатология. М.: Наука, 2006. 292 с.
18. Новиков Л.А. Сема // Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В.Н. Ярцева. М.: Сов. энцикл., 1990. С. 437-438.
19. Отин Е.С. Русская ономастика в Русской энциклопедии. Иван. Иванов // Русская ономастика и ономастика России: словарь. М.: Школа-Пресс, 1994. С. 7-11, 85-90, 91-92.
20. Отин Е.С. Материалы к Словарю коннотативных собственных имён (буква А) // Восточноукраинский лингвистический сборник. Вып. VI. Донецк, 2000. С. 108—151.
21. Отин Е.С. Словарь коннотативных собственных имён. Донецк: Юго-Восток, Лтд, 2004. 412 с. 2-е изд. М.: А Темп, 2006. 440 с. (Сер. Филологические словари русского языка).
22. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. М.: Наука, 1978. 198 с. 2-е изд. перераб. и доп. 1988. 192 с.
23. РВВО = Крюкова И.В., Супрун В.И. Реки и водоёмы Волгоградской области: Гидронимический словарь. Изд. 2-е, перераб. и доп. Волгоград: Изд-во ВГАПК РО, 2009. 380 с.
24. Суперанская А.В. Общая терия имени собственого. М.: Наука, 1973. 366 с.
25. Супрун В.И. Ономастическое поле русского языка и его художественно-эстетический потенциал: Монография. Волгоград: Перемена, 2000. 172 с.
26. Флоренский П.А. Имена: Сочинения. М.: ЭКСМО-Пресс; Харьков: Фолио, 1998. 912 с. (Сер. Антология мысли).
27. Широков А.Г. Русская урбанонимия в диахроническом освещении: апеллятивно-онимические комплексы. Автореф. дисс. … канд. филол. наук. Волгоград, 2001. 20 с.
28. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. Л., 1974.

Рецензия

Л.К. Жаналина. Интегративное словообразование: Монография.
– Алматы: КазНПУ им. Абая, 2011. – 492 с.

Русское языкознание в целом и русистика Казахстана продолжают углубленное исследование русского языка как в традиционном, так и новом его представлении с позиций сменившихся парадигм знания о языке и культурно-исторических парадигм времени, активизировавших внимание к языку как средству коммуникации в разных формах его применения. Изменившиеся парадигмы времени, особенно начиная с середины 80-х годов прошлого столетия, резко изменили прежде всего функциональный облик русского языка, охватив практически все его уровни. Но особенно заметными такие новшества, вызвавшие соответственно и структурные трансформации, оказались на лексико-семантическом уровне русского языка, в том числе и на такой пограничной его полосе (или пространстве), как словообразование. Не случайно в последние оды отмечается повышенное внимание исследователей к такому аспекту осмысления языковых фактов, которое было названо узуальной лексемой *состояние*, выступающей теперь в лингвистических работах с оттенком терминоло-

гичности и подчеркивающей специфический взгляд на проблему развития языка в целом.

Внимательный анализ лингвистической литературы последних десятилетий обнаруживает уже достаточно как частных наблюдений в виде статей на данную тему, так и монографических работ (ср., напр., Дуличенко 1994; Костомаров 1999; Русский язык конца XX столетия 1996; 2000; Современный русский язык: активные процессы на рубеже XX-XXI веков 2008, и др.), в которых с той или иной степенью полноты осмысливаются активные процессы, происходящие в русском языке на разных его субуровнях, дается их оценка с опорой на опыт предшественников и прогнозируются возможные пути развития в перспективе. Русское языкознание Казахстана также не стоит в стороне от этой проблемы и вносит свою заметную (и я бы даже подчеркнула – существенную) лепту в решение выдвинутых временем проблем.

В связи со сказанным заслуживает внимания знаменательное событие, связанное с выходом в свет интереснейшей монографии «Интегративное словообразование» известного казахстанского исследователя-русиста, деривато-лога-теоретика, специалиста, работающего в аспекте и таких новых научных парадигм конца XX – нач. XXI вв., как когнитивная лингвистика, антропоцентрическое и неофункциональное направление в языкознании, Лязат Кабылдашевны Жаналиной, существенно дополняющая и углубляющая сложившиеся представления о процессах номинативной деятельности носителей русского языка в новых исторических условиях его функционирования.

Книга «Интегративное словообразование» написана в русле современных тенденций интегрального подхода к трактовке и интерпретации фактов русского языка, включая и факты словообразования, для того чтобы доказать основную идею, выдвинутую и решаемую в данной монографии, - о *статусе* словообразования в системе лингвистического знания. Общая идея и стратегическая задача, поставленная Л.К. Жаналиной в рецензируемом труде и заключается в решении данной проблемы с привлечением интегративного подхода к словообразованию как области *номинативной деятельности* носителя языка, а следовательно, требующей не только системно-структурного подхода в описании фактов, но и функционального, учитывающего участие носителя языка в процессах такой деятельности. Эта ключевая идея ученого была разработана Лязат Кабылдашевной еще в рамках ее докторской диссертации 90-х годов и постепенно стала основой всех ее научных разработок, постепенно углубляя и расширяя горизонты функциональных характеристик фактов словообразования, что породило базовый постулат, говоря ее словами, о «целостном представлении объекта лингвистики на основе реализации идеи о единстве языка и речи». Эта идея органично вписалась и в смену состояния современного русского языка, и в смену культурно-исторических парадигм времени, представляющих, с позиций диахронии в синхронии языка, один из этапов в цепи судьбоносных эпох, значительная часть которых, по необъяснимым причинам, приходится на стыки столетий, когда история языка как бы изнутри отзывается на хронологические разломы с периодичностью в столетие или два (реже – больше, но, как правило, именно на стыке столетий) (см. об этом в нашей работе: [Гайнуллина Н.И. Состояние современного русского языка в синхронно-диахронической интерпретации // Язык – текст – дискурс: проблемы интерпретации высказывания в разных коммуникативных сферах: Матер. междунар. науч. конф., 12-14 мая 2011 г. – Самара, 2011. – С.230-235]. Рецензируемая монография уважаемой коллеги с ее глубоким и многосторонним исследованием отдельного субуровня и его рефлексией на происходящие изменения в современной жизни и науке о языке лишний раз подтверждает выдвинутый нами тезис.

Книга Л.К. Жаналиной «Интегративное словообразование» состоит из четырех глав: «Исходные позиции интегративной лингвистики» (с. 12-134), «Субсловообразование – первая часть интегративного словообразования» (с. 135-316), «Собственно словообразование с интегративных позиций» (с. 317-429), «Фрагменты интегративной лингвистики (вторая модель)» (с. 430-473), Введения, Заключения и Литературы. Последняя включает как наиболее важные и значимые труды предшественников, так и многочисленную литературу последних двух десятилетий (в основном середины 90-х – начала первого десятилетия 2000-х годов).

Наряду с известными, традиционными взглядами на проблему дихотомии *«язык – речь»,* сформированными учением Ф. де-Соссюра, автор в *гл. 1*, с позиций современного антропоцентрического (когнитивного по своей природе) и неофункционального направлений,

делает акцент на единстве данной оппозиции *«язык-речь»*. Для такого понимания учитывается то, что «Речь, речевая деятельность представляют реализацию языка-системы, знаний о языковых формах и о языковых значениях и их соединениях, что означает, что в этом случае реальность становится материальной, воплощенной в звуковые или графические формы». Тогда «речь / речевая деятельность онтологична с позиций носителя языка, который оперирует языковой субстанцией. Для лингвиста, описывающего и/или объясняющего объект науки она и онтологична как для носителя, и гносиологична как для ученого» (с. 15). Вот почему в подобном взгляде на объект исследования (в том числе и на факты словообразования) успешность решения рассматриваемой проблемы в данном направлении, считает ученый, «обеспечивает функциональный подход – определение, с одной стороны, различий языка-речи, а с другой стороны – их единства на основе выявления их функции» (с. 15). С учетом других не менее важных, но частных выводов автор приходит к главной мысли своего научного труда – об интегральном подходе к описанию словообразования как самостоятельного объекта изучения, так как «Интеграция функций мышления и речи и языка-системы и речи (речевой деятельности) происходит в человеке, который мыслит, выражая мысли в речи, хранит в памяти язык-систему и пользуется знаниями о языке, осуществляя речевую деятельность» (с. 43). Это позволяет ученому постулировать основную теоретически важную мысль о том, что «язык и речь (речевая деятельность) составляют единство, определяемое согласованием их функций, потому единство является функциональным» (с. 42).

Исходя из такого подхода и используя аспект динамики и статики в понимании языка, автор рассматривает традиционные понятия морфемы и основы слова с интегративных позиций, выявляя две модели интеграции (с. 107-134), учитывающие системно-структурный (система-1) и функциональный подходы (первая модель) и более сложная, вторая, модель, учитывающая промежуточный этап порождения языковой единицы в процессе номинативной деятельности – мыслительный, ментальный (система-2). Сама номинативная деятельность в таком представлении выступает как связующее звено в оппозиции язык-речь. И тогда становится более явной и объективно значимой известная трихотомия Л.В. Щербы «языковая система – речевая деятельность – языковой материал», которая и представляет объект интегративной лингвистики. В этом отношении труд Л.К. Жаналиной, на наш взгляд, следует рассматривать как дальнейшее углубление в объект исследования и трактовку известных идей великих русистов прошлого, представленных в *развитии* с позиций новых теорий в современном языкознании.

Последующие главы являются великолепной реализацией выдвинутых основных теоретических принципов интегративной лингвистики на примере словообразования, которое как особая область знания в русистике наших дней предстаёт в совершенно новом свете, а сама теория интегративности, показанная в действии, приобретает реальную объяснительную силу применительно к такому участку языковой системы, каким является словообразование. Именно материал этих глав подтверждает главный и для исследователя, и особенно для всех, кто будет иметь возможность познакомиться с днным интереснейшим научным трудом, постулат о том, что «интегративная лингвистика является попыткой представить язык в трех основных аспектах, в единстве ***языковой системы-1,*** которая описывается грамматикой номинации, ***номинативной деятельности,*** изучаемой теорией номинации как форма речевой деятельности, и ***номинативной системы-2,*** состоящей из номинативных и когнитивно-номинативных парадигм. Целостность объекта интегративной лингвистики обеспечивает соотношение между языковой системой-1, номинативной деятельностью и номинативной системой-2. НД относится к системе-1 как к источнику, а к системе-2 как к результату» (с. 134).

Предложенные в монографии Л.К. Жаналиной две интегративные модели описания словообразования в значительной степени снимают давний спор в целом о дихотомической или трихотомической модели языка-речи. По убедительному мнению автора, он объясняется традицией в понимании таких категорий лингвистики, как коммуникативная деятельность (КД) и речевая деятельность (РД). И тогда, считает Л.К. Жаналина, с учетом современного лингвистического знания, признающего существование речевой деятельности (РД) в двух формах - коммуникативной и номинативной, - «КД укладывается в дихотомическую модель, а НД – в трихотомическую». Эта трихотомия и

является второй интегративной моделью, в которую входит ЯЗЫК[1] (система 1, которая предоставляет материал и модели для НД), НД и ЯЗЫК[2] (система 2, организующая результаты НД в номинативные и когнитивно-номинативные парадигмы)» (с. 478).

Завершая рецензию, хочу подчеркнуть, что в ней представлены в основном исходные теоретические позиции автора книги «Интегративное словообразование». Многие частные, но очень интересные и значимые теоретические и фактические наблюдения исследователя остались за пределами данного краткого ее описания. Тем больше радости, я думаю, они доставят тем, кто будет знакомиться с содержанием этого оригинального и глубокого труда более подробно и заинтересованно.

В целом монографию Л.К. Жаналиной, безусловно, следует отнести к важным событиям научной жизни не только в русском языкознании Казахстана, но и русистики в целом. Много полезного в ней найдут не только дериватологи, но и специалисты разных других направлений в лингвистике.

Н.И. Гайнуллина,
д.ф.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби

Фразеологиялық тұлғалар компоненттерінің дистантты орналасуы

Ж. Абдрахманова
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ф.ғ.к., доцент, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі қазақ тіліндегі фразеологизмдердің түрлену түрі яғни, олардың компоненттері арасына сөз енгізу арқылы өзгерістер жасау қарастырылады. Жалпы көркем әдебиет тілі көркем сөздің ұлтқа тән нормаларына жүгінеді. Ал ұлттық нормалар сонау халық ауыз әдебиетінен бастау алатын бейнелі, синонимдік жарыспа қатарлары мол көркем тіл. Әдеби тілде бар стильдік тәсілдердің көбі ауызекі тілден алынған. Олардың иесі – халық. Бірақ халықтық мұра сол күйінде сіресіп қатып қалмайды. Олар өзгеру, даму процесінде болады. Кейінгі жылдары пайда болған жаңа ұғымдарға лайық көптеген сөз, сөз тіркестері, фразалық түйдектер, стильдік тәсілдер әдеби тілге молынан енді. Кейде әбден қалыптасқан тұрақты тіркестерді белгілі мақсатқа лайық өзгертіп те қолдануға болады.

Фразеологизмдерді түрлендірудің тағы да бір амалы фразеологиялық тұлғалардың (әрі қарай – ФТ) компоненттері арасына сыналатып сөз ендіру. ФТ компоненттері арасына сөз сыналатудың стильдік мүмкіндігі зор, сондықтан да ол қаламгер идеясының әсерін қуаттырақ етудің көркемдік бір құралы болып табылады. Бірақ қазақ тіліндегі ФТ-лардың құрылымында мағыналық тұтастық болғандықтан, олардың құрамына сырттан сыналап сөз қосуға көбінесе ырық бере қоймайды. Дегенмен, бұл құбылыс көркем мәтіндерден гөрі ауызекі сөйлеу жанрында көбірек кездеседі. Мысалы: *басқа түсті – басқа бәле түсті; арты ашылды – арты қатты ашылды – арты жаман ашылды; аузы-мұрны қисаймай – аузы-мұрны дым қисаймады – аузы-мұрны тұк те қисаймады; кеудесіне сыймады – кеудесіне демі сыймады; көңілі түсті – көңілі қатты түсті; қақпан құрды – қақпанды жақсылап құрды; қақпанға түсіру – қақпанына әдемілеп түсірді; сөзбен шалды – сөзбен қатты шалды* т.б. фразеологиялық тіркестерінің арасына бөтен сөз енгенімен ФТ тұтастығы бұзылмаған, ал семантикасы аса өзгермеген, бірақ онда экспрессия басымырақ.

ФТ құрамына сыналап сөз ендіру, оның құрамын кеңейте түседі.

Айдың, жылдың бірінде үйіне әлдеқалай бір құдайы қонақ гайыптан тайып келе қалса, «азаныма келмейді, қазаныма келеді» деп жазғырады. Қатын-баласының ***жер-жебір, жекен суына жетіп ұрысады*** (Ә. Кекілбаев, 82 б.). ҚТФС-да «жер-жебіріне жетті» – әбден балағаттады, түп-түбімен қазбалап ұрысты [1, 199 б.] деген мағынада беріледі. Ал біз қарастырып отырған контексте *жер-жебіріне жетті* узуал фразеологиялық тұлғалар (әрі қарай –УФТ) құрамына *жекен суына* компонентін сыналату және *ұрысады* етістігін қосу арқылы, ФТ-ның эмоционалды-экспрессиялық мәнін арттыра түскен. Мұндағы ФТ-ны окказионал қолда-

нысқа түсіргендегі айтар ой бөлек. Окказионал фразеологиялық түлғаның (әрі қарай – ОФТ) берер мағынасы жәй ғана ұрысып қана қоймай, оның дымын қалдырмай жер жебіріне жетіп, сүйегінен өткізіп ұрысу мәнінде айтылған. ФТ-лар компоненттері арасына сөз кірістіру амалы оның мағынасын кеңейтіп қана қоймай кейіпкер портретін ашады, контекске экспрессивті мән үстейді.

Жалпытілдік қолданыстағы ФТ-лардың семантикалық жағынан ескіріуі, қаламгерді тың түлға жасауға итереді. Осылайша контекс құрамына жаңа сөздер ене бастайды. Қаламгердің кейбір ендірген осындай тіркестерінің бірі ФТ құрамында стильдік сұранымға сай тұрақталып қалып жатса, енді бірі бір қолданар сипатта болады.

Осы жайында ***жіңішкелеп қана*** *Хасанның өзінен* ***сұрағанда****, анау көзін тарс жұмып, құпия күліп отырып:*

- Аспан астында қырық тылсым бар, тақсыр, - деген (Ә. Кекілбаев, 12 б.). Осы мысалда берілген *жіңішкелеп сұрау* ФТ-сының қалыпты қолданыста «майдалап сұрау, жәймен сұрау» сияқты синонимдері жиі кездеседі. *Жіңішкелеп сұрау* тіркесінің арасына енген *қана* демеулік шылауы ФТ құрамына эмоционалды реңк үстеп, оның мағынасын кеңейте түскен. Мұндай трансформацияға түскен фразеологиялық тіркестің экспрессиясы басым болып келеді.

Мұрагатты сөйлетсем, мынандай болып шығады екен. ***«Аспаннан қозы түсті»*** *деген сол фельетон «Торғай таңы» газетінің 1974 жылғы маусымның 20-сы күнгі санында басылыпты* (Д. Досжанов, 22 б.). «Аспаннан түсті» – ойда жоқта, күтпеген жерде пайда бола кетті, тап бола қалды [1, 53 б.] мағынасын білдіреді. Сөйлемдегі *аспаннан түсті* қалыпты тіркесінің арасына басқа сөз ендіру нәтижесінде пайда болған ОФТ *аспаннан қозы түсті* – бейтаныс, ештеңені біле бермейтін, түкті де ұқпайтын адам туралы айтылады. *Аспаннан қозы түскен* – көп мағыналы және омонимиялық тіркес. Жалпытілдік қолданысты *аспаннан екі аяғы салбырап түскен – аспаннан салбырап түскен* сияқты синонимдік түрлері де бар.

- Жоқ, былай, дұрыстап ***майын тамызып, көзін ағызамын*** *гой* (Ғ. Мүсірепов, 335 б.). «Майын ағызды (тамызды)» – келістіріп айтты, шебер сөйледі [1, 384 б.] мағынасында жұмсалады. Қалыпты қолданыстағы фразеологизмнің *ағызды, тамызды* етістіктері жеке-жеке жұмсалып, арасына «көзін» сөзі енгізіліп, өз алдына қосымша компонент ретінде пайда болған ОФТ құрамын толықтырып тұр. *Майын тамызып, көзін ағызамын* тіркесі *өте шебер айту, жылату* мағынасында қолданылады. Мұнда жаңа тіркес семантикалық реңкке ие болып тұр.

*«****Беттің арын белге төгіп****» дегендей, вагоннан сығылыса шыққан халықтың артын ала біз де қолтықтаса шықтық* (С. Мұқанов, 62 б.). «Бетінен арын төкті» – ұялтты, ұятқа қалдырды [1, 117 б.] мағынасында айтылады. *Бетінен арын төкті* нормалы қолданысының арасына *белге* компоненті қосылуы арқылы *беттің арын белге төкті* окказионал фразеолгизмі пайда болған, ол *бар ар-ұятты кейінге ығыстыру* деген мағынаны білдіреді.

Сонымен қатар фразеологиялық тіркестердің соңғы компонентін ауыстыру арқылы да тосын окказионал фразеологизмдер жасалады. Мысалы: *Бастығымыздың* ***алдын «күзетіп»*** *отырған жылтың деген шықылтыр қыз есігінен баптап алған басын көрсетіп:*

- Болған ағай кабинетіне шақырып жатыр,- деді де, аяғының арасында тауық қит-қиттап жүргендей өкшесі тық-тық етіп «Неге?» дегізбей тез кетті (О. Әубәкіров, 27 б.). *Алдын күзету – алдын торыды* – жолын күтті, аңдыды деген мағынаны білдіретін нормалы ФТ-ның үлгісінде жасалған [1, 35 б.].

Домино десе ***құлағын төсеп*** *құлаштап ұрады* (О. Әубәкіров, 123 б.). *Құлағын төсеу/ құлағын тосты 'көңіл қойып тыңдады, зейін қойды, елеңдеді, елегізі тыңдады'* деген мағынаны білдіретін [1, 360 б.] ФТ-ның субституцияланған түрі.

Ойпыр-ой, Оттауизмнің ***ордасын тігіп****, тіпті бір кезде «Сықиған СҚ» атанғанын да білмейміз бе?* (Ж. Сабыржанұлы, 308 б.). Орда бұзды 'хан ордасын, үйін шапты, ерлік көрсетті' мағынасын беретін нормалы қолданыстағы болымсыз мәндегі тіркесіне қарамақайшы [1, 419 б.] *орда тікті* окказионал тіркесі жасалған және бұзды/ тікті етістігімен ауыстырылған.

Ауызға абай болу керек, айналайын,- деп сәлпәл тығынымды ашып леп шығарып алдым. Сонда да ***көзімде от ойнап*** *жүр* (О. Әубәкіров, 77 б.).

Қаз дауысты Қазыбектің қызынан туған Керей Жәнібек жалт-жұлт еткен ***көзінен от тұтанып*** *нағашы атасының алдына келген, бұ жолы да дат айтқан... Ер жетіп ат жалын тартып мінгені іш-өзегін жайлаған армантілегі – жорыққа аттану* (Ж. Ахмади, 15 б.). Сөздікте *«көзінен оты жанған»* – өткір, жігер-

қайратқа толы, алғыр мағынасында [1, 262 б.] берілген. Екі сөйлемдегі етістіктер *ойнау/тұтану/жану* синонимдес етістікті түлғасымен ауыстырылған, ФТ мағынасы өзгермеген.

Мыржық арқылы «биті семіргенін» білмей, оның ***буына бұлғақтаған*** *әлгі пақыр әп-сәтте судан шыққан әтештей сүметіліп, өзінің табиғи сүмелек екендігі бірден ашылатын* (Ж. Ахмади, 56 б.). «*Буына семірді*» – ішпей-жемей мас болды, біреуді мақтаныш етті [1, 126 б.]. *Семірді/бұлғақтаған* сөзімен ауыстырылған, бірақ бұл сөздер қалыпты қолданыста бір-бірімен синонимдес болмағанымен, ФТмен ОФТ шеңберінде мағыналық ұқсастықтары бар.

Алдыма қанша рет келсең де айта алмай ***тілім қырқылып*** *отырғаны сол* (Ж. Ахмади, 7 б.). «Тілін кесті» – сөзін тыйды, сөйлетпей тастады [1, 536 б.], кесті/қырқу синонимдес сөзімен өзгертілген, өзгерген формасының семантикалық мәні сақталған.

Қара суға қаймақты Тұрғызам*! - деп Су айтты* (К. Әмірбек, 119 б.). Сөйлемдегі ФТ өзгеріске ұшыраған *«қара судан қаймақ алды»* (әбжіл, жылпос, қу кісі туралы айтылады [1, 328 б.] узуал тіркесінің тұрақты құрамы бұзылып, қалыпты ФТ құрамындағы *алды/тұрғыды* сөзімен алмастырылып, сөйлемге жаңа сипат беріп тұр.

Ана жақтың жастары асығыс қайтып, болған боласыны өз ауылдарына ***тізгін ұшымен жеткізген****. Енді о жақтағылар жінігіп дүрліккен* (Ж. Ахмади, 29 б.). 1) «Тізгін ұшымен келді» – асығыс, тез келді [1, 531 б.]; 2) *тізгін ұшымен жеткізген* – түгел, бүге-шүгесіне дейін айту деген мәнде айтылады. Қалыпты түлғаның құрамындағы келді етістігі субституцияға ұшырап, жеткізу етістігімен алмастырылған.

Үшеуміз ***қан көшені*** *өрмелеп барып «Алматы» ресторанына бас сұқтық, жазушылармен бірге жүргенім үшін шалқыған сезімдемін* (Ж. Ахмади, 17 б.). «Қан базар» – ҚТФС-ға енбегенмен узуал қолданыста бар тіркес. *Базар/көше* сөздері бір-бірімен синоним емес, бірақ *базар* сөзі ығы-жығы халқы көп деген ассоциация тудырады, сондықтан жазушы осы түрғыдан ФТ компонентін ауыстырған. Пайда болған жаңа ФТ-ның мағынасы 'халқы өте көп көше' дегенді білдіріп тұр.

Пай-пай, не дейім... Осынша сәулетіңмен әлі күнге бие сауып, ***сарыала етек «шор» болып*** *жүргеніңді қайтейін!.. «Су түбінен ал балық, аузыма сал балық» деп төр төбесінде, төрт қабат торғын көрпе үстінде көсіліп отыратын «ақ бәйбіше» атанарлық уақытың болмады ма?* (Ж. Ахмади, 90 б.). ҚТФС-да «сары ала етек сарпылтаң» – күнделікті күйбең тіршілік ыңғайымен сарытап болды деген мағынада [1, 454 б.]. Сөйлем ішіндегі ОФТ түрлі жолдар арқылы жасалған: 1) «сары ала» деп бөлек жазылатын сөздерді біріктіріп «сарыала» ретінде берген; 2) УФТ эллипсиске ұшыраған; 3) соңғы компоненті субституцияланған. Бірақ қалыпты қолданыстан ауытқымаған.

Құдайдың берген ***тіл мен жағын жұмсап*** *көрермін* (С. Мұқанов, 48 б.). *«Тілі мен жағына сүйену»* – сөзді желеу етті, әр нәрсені бір сылтау етіп қылжақтады [1, 535 б.] мағынасында. *Сүйену/жұмсау* бір-біріне синоним емес етістігімен алмастырылған. «*Тіл мен жағын жұмсап көру»* - бар өнерін салып сөйлеу деген жаңа мағынаны беріп тұр.

Гүлжаһан ағасындай емес, көрер көзге әлжу, нәзік көрінгенімен, күні-түні садақ тартып, ***құралайдың құлағын тесетін*** *мерген болып алған* (О. Сәрсенбаев, 27 б.). ***«Құралайды көзге атқан»*** – атқан оғы бос кетпейтін асқан мерген [1, 365 б.] мағынасында. Автор әбден айтыла-айтыла жауыр болған тіркесті қайта жаңғырту мақсатында тұрақты тіркес құрамын жаңа сөздермен ауыстырған. Мұнда ФТ-ның беретін мағынасы өзгермегенімен, оның компоненттері субституцияға ұшыраған.

Ең арғысы осыдан үш жыл бұрын Жалайыр ханның басынан бағы тайып, Сыганақтың алтын тағына Әбдірахманның отыруына да Хасан қожа ***қол ұшын жалғаған*** *еді. «*Қол ұшын берді» – қолғабыс етті, көмек көрсетті, жәрдемдесті [1, 346 б.] мағынасында, *берді/жалғады* етістігімен ауыстырылған, бұдан ФТ құрамына, мағынасына еш зиян келмейді.

Осылайша, бүтін фразеологиялық түлғалар құрамына сөз сыналатудың, фразеологиялық бірліктер компоненттерін ауыстыруға болатындығына көз жеткізе аламыз және одан ФТ-ның құрамына ешқандай зиян келмейтін, керісінше осындай өзгерістердің, жаңартулардың контекске ерекше мәне беретіндігін байқадық.

Әдебиеттер:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
2. Кекілбаев Ә. Құсқанаты. – Алматы: Жазушы, 1978. – 348 б.
3. Досжанов Д. Мұхтар жолы. – Алматы: Жазушы, 1988. – 400 б.

4. Мүсірепов Ғ. Үлпан. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 285 б.
5. Мұқанов С. Сұлушаш: Роман мен повесть. – Алматы: Атамұра, 2002. – 288 б.
6. Әубәкіров О. Мың мінездеме. – Алматы: Жазушы, 1989. – 239 б.
7. Сабыржанұлы Ж. Өкпелесең, өзің біл. – Алматы: Үш қиян, 2001. – 349 б.
8. Әмірбек К. Мың бір мысал. – Алматы: Жазушы, 1991. – 187 б.
9. Ахмади Ж. Жүрек қартайса, ажал аңду салады. – Алма ты: Қайнар, 2000. – 192 б.
10. Сәрсенбаев О. Гүлжаһан. Таңдамалы шығармалар: 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 1992. – 1 т. – 428 б.

* * *

В данной статье рассмаривается преобразование фразеологизмов современного казахского языка, а именно изменение путем появления новых слов в составе фразеологизмов.

Язык художественной литературы всегда подчиняется нормам художественного слова, свойственным языку определенной нации. Между тем нормы национального языка берут свое начало еще из устного народного творчества, язык которого характеризуется образностью и богатством синонимических рядов.

* * *

In given article the transformation of phraseological units of modern Kazakh language, namely variation by addition of new words structure of phraseological units.

Language of fiction always submits to the norms of the art word which are peculiar to language of the certain nation. In the mean time norms of a national language originate even from national oral work which art language is characterized by figurativeness and abundance of synonymic numbers.

ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ

Қазақ әдебиеті пәнінен өздік жұмыс ұйымдастарудың модульдік жүйедегі жаңа тәсілдері

Бисенғали Зинол-Ғабден Қабиұлы

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ф.ғ.д., профессор, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Студенттердің өз бетімен істелетін жұмысында кейде көпшілік біле бермейтін материалдар да қолданылады. Бұлардың аталған жұмысқа қосатын үлесі айтарлықтай. Сондықтан мүндай жұмыстарды талдау барысында жоғарыда аталған бұрын белгісіздеу көрінген деректерді, болмаса әдеби мәтіннен алынған материалдарды қолдану қажет.

Қазақ әдебиетінен оқытылып жатқан арнаулы курстарды немесе жалпы курстарды бірнеше модульге топтастырып беру үрдіске айналды.. Бір дәуірге жататын әдеби туындыларды осылай бөлшектеудің барлығын ғылыми жаңалық ретінде қабылдауға болар ма еді? Ойлануға тура келеді. Жоқ, - деп біржақты айту қаншалықты қиын болса, бар деудің өзі де оңай емес

Әдебиет тек қана ғұламалар мен таланттар жазған туындылардан түрады деп түсіну мүлде қате. Оның ауыр жұмыстарын жасайтын солдаттары да болады. Ендеше олардың жазған туындылары мен шығармашылығын ескермеу мүлде дұрыс емес.

Әдебиетте көрнекті қаламгерлер таба алмай жүрген көркемдік-идеялық, түрлік (формалық)-стильдік жаңалықтарды, талантты жастардың, болмаса белгісіздеу қаламгердің өз шығармашылығында пайдалануы әбден мүмкін. Бұл жаңалықты саналы түрде, әдейі қолданбаса да шығарма мәтіні ішінде күтпенген жерде кездесетін мүндай жаңалықтардың орны бөлек. Тіпті оған автордың мән бермеуі де мүмкін. Сыншы, зерттеушілер тарапынан да бұл жаңалықтың, детальдің бағаланбауы да ғажап емес. Ал осы көркем идея әдеби процеске жіті көз тігіп отыратын талантты қаламгердің қаламына іліксе, бұл жаңа өрнек бірден көзге түсіп көпшіліктің назарын аударады. Бірте бірте соның ашқан «аралы», жаңалығы тәрізді қабылданып та кетеді.

Мәселен, Оралхан Бөкейдің «Өз отыңды өшірме» романында алғаш қолданған «Сахараны дүр сілкіндіріп тағы бір поезд өтті.Сол поездің ішінде кімдер кетіп барады екен..» өзге бір түста, «осы поездың ішінде Оспан да кетіп бара жатуы мүмкін-ау».., «Көз ұшынан тағы бір поезд көрінді. Сол поездағы көп жолаушының бірі ғана..».., «Оспандар қай вагонда кетіп барады екен?..- деген тәрізді қайталаулар кеңістік пен уақыт өлшемдерінің символдық мәнін поезға байланысты көрсету, кейін Ш.Айтматов шығармашылығында қолданыл-ды.(1) Әрина, қолданыстар мақсатында сәл өзге реңк те бар, алайда сауатты оқырман көңілін аудартын деталь ретінде қолданылу үлгісі ұқсас.

Сол тәрізді «мәңгүрт»-ке байланысты Ә.Кекілбаев қолданған астарлы мағына мен ой да кейін Ш.Айтматов шығармасында қолданылып, өзгеше символға, әлемдік көркем ұғымға айналды.

Мүндай мысалдарды әлем әдебиетінін де көптеп кездестіруге болады. Мәселе кімнің бірінші қолданғанында емес, адамзат руханиятының алтын қазынасына, оның дүниені, болмысты бейнелеу әрекетіндегі көркем танымының пернесіне айналуында.

Ендеше, қазақ әдебиеті тарихынан өздік жұмыстарды жоспарлау барысында өзіндік өрнегі мен айтар жаңа ой-идеясы байқала бастағы қаламгерлер шығармалары мен шығармашылығын бөлек модульге топтастырып, маңызды тақырып ретінде ұсынған жөн.

Өздік жұмыстар мен арнаулы курстарда талантты студенттерге, әдебиет тарихын зерттеймін деген ізденушілерге әдеби әлемге әзірше беймәлімдеу, қосқан үлесі де көріне қоймаған

© 2012 al-Farabi Kazakh National University

қаламгерлердің, шығармашылығын ұсынып көруге болады. Ал оларға бағыт пен бағдар көрсетіп көмектесіп отыру жоғары оқу орындары кафедраларының, ұстаз ғалымдарының негізгі міндеті. Әсіресе, студенттердің өздік жұмыстарын мән беріп, олардың жазғандарын талдап, қанаттандырып отыру үлкен іс.

Қоғамдық санаға біртіндеп еніп орныға бастаған жаңалықтар, өтіп жатқан процестер әдебиетке жаңа таным өрнектерін әкеледі. Сол жаңа танымның бірден қабылданар, жинақталар және көрініс табар алаңы - жастар шығармашылығы. Әрине олардың барша ізденістерін көркем үлгі, үлкен табыс деп қабылдауға болмайтыны түсінікті. Бірақ, ойлана қарауға, талдап, байқауға міндеттіміз. Оны талдап түсіндіруде жаңаша ойлау мен таным технологияларын қолдану ғана тиімді нәтижелерге қол жеткізеді.

Жаңалық тәрізді көрініп, көңіл аудара бастаған әрбір әдеби құбылыс пен шығарманы көркемдік дамудың қажетті, маңызды бөлшегі ретінде қарастырған жөн. Ол жазу стиліне байланысты бөлектене ме, идея мазмұнымен өзге көріне ме, әйтеуір қоғамдық санада қозғалыс туғызса ол тексерілуге тиісті. Бейнелеу құралдарындағы, шығарма құрылысы мен құрылымындағы тосындау көрінген жаңалықтардың көпшілік ықыласы мен тығыз байланысы бар және тек қана қазақ әдебиеті аясында ғана емес, әлемдік әдебиет төңірегінде де солай.

Әлемдік әдебиет дегеннен шошынудың қажеті жоқ, өйткені бүгінгі таңдағы ғылым мен техника жетістіктері әлем мен әр үйді интернет арқылы кәдімгідей жақындастырды деп айтуға әбден болады. Сондықтан көркемдік танымға байланысты зерттеу жұмыстарындағы басты мақсат – әдебиеттегі шығармашылық ізденістерді ғылыми тұрғыда деректі нәтижелермен негіздеуде. Осы құбылыстарды жүйелі түрде зерттеуге басты назар аударуда.

Бұл жаңалықтарға көңіл аудару біздің әдебиеттануды замана талабына сай деңгейге көтереді және жазушылар шығармашылығын да жаңа ізденістерге, замана талаптарына сай шығармалар жазуға бағыттайды.

Қазақ қаламгерлері арасында да замана талабына сай жаңа көркемдік танымды қолданушылар бар. Мәселен, М.Шаханов, (2) Т.Әбдіков, Т.Нұрмағанбетов, Иран-Ғайып, Е.Раушанов, Г.Салықбай, Р.Мұқанова, Д.Амантай, А.Алтай (3) т.б. шығармашылығы қоғам алдында пайда болған мәселелерді жаңаша көркем бейнелеуге бағыт алады. Олардың шығармаларындағы эстетикалық объектіні сезіну мен қабылдау, жаңа ой мен парасатты байымдау замана талабына сай деңгейіндегі көркем өрнектерге ұласа бастады. Аталған қаламгерлердің шығармашылық ізденістері әлемдік әдебиетте өтіп жатқан көркемдік ізденістері-мен үндеседі деп айтуға әбден болады. Сон-дықтан да олардың шығармалары Қазақстаннан тыс елдерде де өз оқырмандарын табуда. Мәселен, М.Шахановтың жаңа сипатты романдары мен өлең толғауларының Америка, Франция, Жапония елдерінде сөз болуы да осыны анық көрсетеді. Ал орыс тілінде жазатын қазақ жазушылары Б. Қанапьянов, Д. Нақыпов т.б. шығармашылығындағы көркемдік ізденістер мен табыстардың шетелдік сыншы, зерттеушілер тарапынан жоғары бағаланып отыр айрықша айтуға болады.

Қазақ жазушыларының нақты эстетикалық объектілерді, ой, сезімдерді бейнелеудегі табыстары әжептәуір болғанмен, кейбіреулерінің оны қаламгерлік стиль, бейнелік (образылық), таңбалық өрнек деңгейіне көтере алмауы бар. Бірақ, замана талабына сай жаңа бейнелеу құралдарын (кең мәнінде) қолдануға ұмтылыстары қуантады. Ал жастар шығармашылығындағы сезім, ой толғаныстарын түптей түсінуге, жаңаша бейнелеуге ұмтылыстар құптарлық.

Қаламгерлер ізденістерінің басты арналары уақыттың жаңа танымдарын өзгеше, дара суреттеуге, бағытталуға тиіс. Демек: «Көркемдік таным табиғатын өзіндік мүмкіндігін жетілдіре отып, адам баласы жаңа ғасыр, ғалам сырын жете таныу, игеру жолында құлшына қызмет етуде»-деп айтқандай (4), жаңа бейнелеу технологияларын замана талабына сай әдіс-тәсілдермен көмкеру, әрлеу қажет.

Әрине, замана талабына сай жаңа таным, жаңа әдіс-тәсілдер дегенде, көпшілікке таныс, белгілі қаламгердің бұрынғы оқырмандары, олардың дүниетаным, ойлары қайда қалады деген сұрақтардың да туындауы мүмкін. Олардың замананы қабылдауы тез өзгереді деп айтуға бола ма? Ойлануға тура келеді. Алайда, өзгермейді, замана оларға әсер етпейді, ойлан-байды деуге де болмайтын шығар. Қалай болғанда да, қаламгердің, замана дамуының көкжиегіне көз тігетіні шындық.

Жанталасқан бәсекеге бағыт алған мына заманда, оның талаптарын, заңдылықтарын ескермей бейғамдыққа бой алдыру – бәйгенің соңында қалып, шаң қабу ғана емес, той тарқағанда келумен парапар. Сондықтанда адамзат баласы алдына замана тартып отырған

барша ірі құбылыстарды көркем суреттеу, қазақ ұлтының дүниетанымына сай бейнелеп көрсету барлық қаламгерлер алдындағы қасиетті борыш болмақ.Осы деңгейден табылатын шығармалар ғана қазір де, болашақта да оқырманын табады ғой деген ойдамыз.

Қоғамдық санасының дамуы әлемдік деңгейдегі мәнді мәселелерге көз тіккенмен оның нақты ұлттың төл мәдениеті мен әдебиетінің дамуынан, ішкі жағдайлардан тыс бола алмайтыны түсінікті. Мәселен қазақ әдебиетіндегі, кез-келген шығарма негізінен қазақ руханиятына қатысты жайларды суреттейді. Әлемдік, жаһандық мәлелерге де сол арқылы келеді. Әдебиетіміздің аса көрнекті өкілдері, Ә.Нұрпейісов. З.Қабдолов. Ә.Кекілбаев, т.б. замана талабына сай шығармаларындағы көркемдік табыстар мен жаңа танымдарға қазақ елі мен ұлтының басындағы уақиға, құбылыстарды тереңдей, жан-жақты суреттеумен келген. Бірақ, бір өкініштісі, олардың шығармаларында келісті көрініс тапқан жаңа көркемдік-идеялық табыстарды, бейнелеу әдіс-тәсілдерін әрі дамытушылар көп емес. Әркім өзінше жаңа тәсілдер іздегенмен, табылған жемісті байнелеу құраларын байқап көру, пайдалану аз. Қысқаша айтқанда, жеке ізденістер бар да, қол жеткізген табыстарға көңіл аудару, қолдану, дамыту жоқ. Бұл біздің алдымыздағы басты қиындықтың бірі болып тұр.

Міне, өздік текстологиялық жұмыстарды орындау барысында студенттерге осы жайларды өздері аңғаратындай деңгейде тапсырмалар ұсынып, олардың шешімдері мен нәтижелерін тексеру, түсіндіру керек.

Қуатты ағым, көркемдік табыс ретінде байқала бастаған көркемдік – идеялық ізденістерді көре білу, оның кейбір сырлары мен заңдылықтарын ұғыну жұмысымыздың аса маңызды шарты. Оны алғаш ұсынушы. қолдаушы, дамытушы шығармашылық күштерді таба білудің де маңызы өте зор.

Біздің әдебиетіміздің тарихына мұндай құбылыстар жақсы таныс. Кезінде Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ. Мүсірепов т.б. дәстүрін ұстаушылардың аз болмағаны белгілі. Алайда, бүгінгі таңда осы дәстүрге көңіл бөлушілердің көп еместігі де көрініп-ақ тұр. Ешкімге ұқсамаймын, өзімше жазамын, өз стилімді, өрнегімді табамын деген мақсат теріс емес, алайда мықты мектептің әсері, ықпалы – өнер жолындағы үлкен күш. Мына озық технологиялар мен информациялар заманында адасулардан және «шайтан арба» (велесипед) жасап әуре болуден сақтайтын төле жол осы. Мықты мектептің қажеттігі әдебиет қана емес, өнер мен спортта да табысқа жетудің бірден бір құралы болып отырғаны құпия емес.

Замана талабына сай жаңа ізденістерге көз тігіп, шығармашылық істерінде осы қиын жолға шығып отырған қаламгерлер табыстарын шама жеткенше тексеріп, басты заңдылықтары туралы ойланып көру, пікір айту үлкен міндеттеріміздің бірі. Олардың шығармаларына айрықша қоғамдық ықылас қалыптастырған жаңа ізденістер мен табыстарға жігерлендіретін пәрменді күшдің қандай екенін ажырата білуіміз қажет. Әсіресе әдебиеттану мен әдеби сын маңында жүргендердің сын, мақалаларында осы заңдылықтар ескеріле ме бұл да есте болғаны жөн.

Осы бағыттағы қаламгерлер шығармашылығын қолдайтын, қанаттандыратын стимул (ынталандыру) ретінде соңғы кездері үкімет тарапынан тағайындалып жатқан сан түрлі гранттар мен сыйлықтар, мүшәйралардың ролі зор болып табылады. Бұл қаламгерлерге рухани қанағатты, шығармашылық шабытты ғана емес, қолды байлайтын қаражаттық мұқтаждықты, біраз уақытқа болса да шешуге жәрдемдеседі.(5)

Осы ықылас жаңа бағыттағы ізденістердің көбеюіне, осының арқасында жаңа сипатты шығармалардың дүниеге келуіне жағдай жасайды деген ойдамыз.

Жана сипатты шығарманың әлдеқалай өзінен өзі дүниеге келмейтіні түсінікті. Көп ізденістер мен талантты қаламгерлердің маңдай тері, үйқысыз түндері мен мазасыз күндерінің жемісі бұл. Әрі оны өзге ел, болмаса ұлт өкілдері жазып бермейтіні де түсінікті. Тіпті, жазғанның өзінде де күндердің күнінде ол өзгенің қазынасы болып табылады. Оған жұбанудың да, алданудың да қажеті жоқ. Ендеше, жаңалыққа көз тігіп, жаңа танымды дүниелерді, шығармаларды жасап жатқан қаламгерлер ізденістеріне қолдан келгенше жағдай жасау қажет. Олар сол ізденістерін тынбай, тынымсыз жалғастыра берсе, осының өзі оларды бейнелеудің жаңа белестеріне алып шығары анық. Бұл - біз үшін ең маңызды белестің өзі. Осы ізденістер негізінде жазылған туындыны жаңа көркемдік мақсаттағы шығармалардың басы деп атауға әбден болады. Бұл өнердегі кезекті толқының басы. Жаңа таным мен тәсілге сүйенген, соның негізінде жазылған шығарма тыныш жатқан әдебиет әлемінде толқын туғызады. Толқыннан толқын туады деген осы.

Жаңа шығарманың тілін, стилін, құрылымын, мазмұнын қайталауға қымсынбайтындар аз емес. Алдынлағы үлгі неғұрлым ірі болған сайын, озғе ел, ұлт мәдениеті мен әдебиетіндегі құбылыстармен теңескен сайын оған еліктеушілер де аз болмайды....Тіпті осы толқынның ішінде де өзіндік ой, таныммен байқала бастайтын талантты қаламгерлер болады. Осы бағыттағы шығармашылық топтардың ізденістерін де талдап тексеру өздік жұмыстар үшін аса маңызды шарт. Көркемдік іздністерді тез қанаттануға жағдай жасайтын және көрші елдер мен озық әдебиеттерде өтіп жатқан үдерістерді туған әдебиет мысалдарымен түсінуге жағдай жасайды. Әрине, әдебиет пен өнердің түптеп келгенде таланттарға тірелетіні түсінікті, алайда талант қашан туады деп аспанға қарап жататын заман да өтті...

Қаламгерлердің нарыққа сүйенген заман талаптарын да ескергені де жөн. Өйткені өтпейтін кітап пен оқырманды тартпайтын, көркемдігі әлсіз шығарма жазудың күні келмеске кеткен.

XXI ғасыр – білім ғасыры болса, жас үрпақтың ой-өрісінің даму үрдісін (тенденциясын) заман талабына сай дамыту бүгінгі мектеп құрылысына үлкен өзгеріс енгізді. Жас үрпақ – егеменді еліміздің есті азаматы болып өссе, ол қоғам үшін де үлкен мұрат. Ол үшін оқу үдерісі барысында оқушылардың білім деңгейін арттыру, танымдық қабілетін дамыту, ой-өрісін кеңейту жеткіліксіз. Сонымен қатар, оларды бүгінгі күннің сұранысына сай мектеп қабырғасында адамгершілігі мол, отансүйгіш азаматтар ретінде тәрбиелеуіміз керек. Өйткені, қазіргі таңда оқушыны пәндік, білім, білік дағдыларының бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу үдерісін қалыптастыру негізінде оқушылар-дың жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылады. Ең алдымен білім, білік дағдыларын меңгерудің негізі ретінде оқушы дамуы мен тәрбиесінің қамтамасыз ету міндеттерін шешу көзделінеді.

Тәрбие – ол жеке тұлғаны дамытуға, қазіргі заманғы мәдениетке сай, жас үрпақты тәрбиелеуге бағытталған ұстаздың мақсатты кәсіптік қызметі. Тәрбие – баланы әлеуметтік даму факторы ретінде қабылдап, мәдениеттің барлық қол жеткен табыстарын игеруге мүмкіндік беретін, оның жоғары мәдени деңгейде дамуына әсер ету.

И.П.Подласый тәрбие ұғымын төмендегіше түсіндіреді: «Педагогикалық тар мағынада алғанда тәрбие – белгілі бір тәрбиелік мақсатты жүзеге асыруға бағытталған, тәрбие жұмысының нәтижесі» [6].

Ғалымдар Н.В.Бордовская мен А.А.Реан тәрбие ұғымына мынадай анықтама береді: “...тәрбие жеке тұлғаны немесе адамдар тобын қайта өзгерту іс-әрекетінің бір түрі болып табылады. Бұл практика арқылы іске асатын іс-әрекет психологиялық күйді, көзқарасты және сананы, білім мен іс-әрекет қабілеттілігін, тәрбиеленушінің жекелік және құндылық бағдарлауларын өзгертуге бағытталады”.

Ал Н.В.Бордовская мен А.А.Реанның пікірінше, бүгінгі таңда тәрбие ұғымы мынадай мәселелерді қамтиды:

- әлеуметтік тәжірибе мен әлемдік мәдениеттің берілуі;
- жеке адамға, адамдар тобына немесе ұжымға тәрбиелік ықпал (тура және жанама);
- тәрбиеленушінің іс-әрекеті мен өмір сүру салтын ұйымдастыру;
- тәрбиеленуші тұлғасының дамуына жағдай тудыру, яғни оған отбасылық мәселелерде, оқудағы қиындықтарда, кәсіби іс-әрекетте немесе қарым-қатынаста көмек көрсету және қолдау [7].

Әдіскер-ғалым Н.Ж.Құрманова: «...тану тәрбиенің де, рухани тәрбиенің де түпкі мақсаты – адамшылықты тәрбиелеу. Оның айқын жолы - баланың, жасөспірімнің дүниенің сырын тануға деген құлшынысын ашу, қалыптастыру, дамытып отыру» дей келе, тәрбие берудегі өзіндік деңгейлер бар екенін айтады. Олар:

I деңгей – Әлемдік көзқарас, әлемдік құндылық бағыты тәрбиесі.

II деңгей – Жер шарындағы рухани және материалдық құндылықтарды меңгерту тәрбиесі.

III деңгей – ұлттық шеңбердегі руханият пен материалдық құндылық тәрбиесі.

IV деңгей – отбасылық рухани дәстүр мен материалдық мирас тәрбиесі.

V деңгей – әрбір жеке адамның өзінің дербес рухани әлемі мен материалдық құндылыққа деген көзқарасын қалыптастыру [8].

Ғалымның айтуынша, тәрбиелік үдеріс осы аталған бес деңгейдің айналасында қарастырылуы тиіс.

Сондықтан да, орта мектеп алдында негізгі мақсаты – тәрбие әрекетінің қажетті бағытталуын дұрыс ұйымдастыру болып табылады.

Білім беру саласында тәрбие мәселесі әрқашан да өзекті, өйткені өскелең ұрпаққа қандай құлықтылық бастауы берілсе, ұрпақтың қандай қоғам құратындығы және болашақта олардың қандай мұраттарды үгіттейтіндігі осыған негізделеді.

Әдіскер-ғалым Н.Ж.Құрманова жасөспірімді тәрбиелеуді төмендегі бағыттарда жүргізілген дұрыс деп санайды:

• **Әлемдік тәрбие** беруде Абайдың «27 қара сөзіндегі»: «Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті һәм қандай лайықты жарастықты законімен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмайтұғынын көресің. Бұлардың

бәріне таңғажайып қаласың һәм ақылың жетпейді, осының бәрі де кез келгендікпенен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? Егер ақылменен болмаса, бұлайша бұл хисабына, өлшеуіне ой жетпейтұғын дүние әрбір түрлі керекке бола жаратылып һәм бірі-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтұғын мықты көркем законға қаратылып жаратылды» – деген ұлағатты қағидасына сүйенеміз.

• **Жалпы адамзат баласына** деген құрметке баулу да Абайдың: «Адам баласын сүй, адам баласы – бауырың» деген ойы концепция ретінде алынады.

• **Ұлттық жан-дүниені қалыптастыру** – оқушылардың, болашақ қазақ азаматтарының, санасын Абайдың ізімен: «Қалың елім, қазағым қайран жұртым» дей алатын дәрежеге көтеруден басталады.

• **Аймақтық тәрбие** – кең-байтақ Қазақстанның әрбір бөлігі – Отанның ыстық топырағы дейтін түсінік тууына игі әсерін тигізетіндей ұйымдастырылуын талап етеді.

• **Отбасылық тәрбие** – ата-ананың, бауырдың, ағайынның қадірін жақсы білетін, сезімтал, сол арқылы адамзат баласына деген сыйластығы мен сүйіспеншілігін қалыптастыра алатын бала тәрбиелеуге бағытталады.

• **Жеке бас тәрбиесі болса** – әрбір адам өзінің осы Жер бетіндегі өмірінің уақытша екендігін анықтаудан туындайды. Өйткені, осылай тәрбиеленген әрбір адам ғана екінші адамға да дәл өзіндей қарай, бағалай алады. Міне осы аталған бағыттар жасөспірімдерді тәрбиелеудің негізіне алынуы қажет деп санаймыз.

Әлемдік тәрбие беруде өскелең ұрпақта әлемдік сананы тәрбиелеу мәселесі білім беру саласында ерекше орын алады.

Ғалым Н.Құрманованың тұжырымдауынша, «әлемдік сананы тәрбиелеу – тым асқақтап кету емес, тұтас дүниетаным қалыптастырудағы негізгі міндет, жүйелік көзқарас қалыптастыру» [8, 65].

Жас ұрпақта әлемдік көзқарасты қалыптастыруда, ең алдымен, бүкіл әлемге әйгілі көне ғасырлардан сақталып келе жатқан қазақ халқының асыл мұраларын басшылыққа алып отыруды қажет етеді. Осындай мәдени құндылықтардың бірі Орхон-Енисей ескерткіштері болып саналады. Өйткені, бұл ескерткіштер, ғалымдар-зерттеушілердің сөзімен айтқанда: «...тарихи мазмұны мен деректанулық тұрғыдан аса құнды. Онда Түрік Елінің саяси тарихы толықтай қамтылмаса да, едәуір дәрежеде хатталынып қашалған. Сондықтан Орхон бітіктастары мен ескерткіштері ішінде ең ірісі Білге қаған бітіктасы мен Күлтегін бітіктасында көне түріктердің этносаяси тарихы, этномәдениеті және тағы басқа жақтарына қатысты мол деректер бар. ...Орхон бітіктастары мен ескерткіштері археологиялық, тілдік, мәтіндік, археографиялық және т.б. этносаяси, этноэлеуметтік, этномәдени тұрғыдан көптеген жайттарды анықтауға мол септігін тигізетін аса мол мұралар болып табылады» [9].

Жасөспірімдерді осындай біздің ата-бабаларымыздың көне жазуы, мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы құнды мағлұмат бере алатын рухани мұрамен таныстырудың тәрбиелік-танымдық маңызы зор екені даусыз. Сондықтан 6-сыныптағы қазақ тілі оқулығында, оқушыларға ана тілін терең таныту мақсатында, аталған ескерткіштердегі қазақ тіліне қатысты тілдік фактілердің берілуі өте құнды.

Қазақ тілі оқулығында әрбір грамматикалық тақырып бойынша грамматикалық түсінікке қоса, оқулық авторлары қосымша мағлұмат ретінде Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі грамматикалық ережелерді ұсынады. Бұл жөнінде оқулықтың авторлары: «Қазіргі қазақ тілі – көне түркі тілінің бір бұтағы. Сондықтан, біздің тіліміздегі көптеген тілдік құбылыстардың заңдылықтардың дені, сол көне тілден бастау алады. Бұдан былай біз сендерді көне түркі тілінің айнасы - Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі грамматикалық заңдылықтармен де таныстырып отырамыз», – деп жазады.

Ал әдіскер-ғалым Н.Құрманова: «Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі ұлағаттар жазылуының өзі – соған жеткізуге мүмкіндік берген даму нәтижесі. Сонда, тәрбиенің жас ұрпаққа өзіне дейінгі және өзінің кезеңінде түйсікке түйген құндылық қасиеті таныла түседі», – дейді [8, 68].

Үлкен танымдық ақпаратты көрсетумен қатар, Орхон-Енисей ескерткіштері болашақ ұрпақ үшін мол рухани байлық болып табылады. Сонымен қатар әлемдік құндылықтармен танысу арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімі жетіліп, тұлғалық қасиеттері жан-жақты дамиды.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының болашақ азаматтарына патриоттық тәрбие берудің көзі де отбасын танып білуден және оны сүюден басталады. Тек отбасында ғана жоғары рухты, білікті де парасатты, отансүйгіш еліміз-

дің болашақ азаматтары қалыптасады. Олай болса, оқушыларға біздің жазушыларымыз жазған көркем әдебиеттерде отбасылық тәрбие жайлы көптеген мағлұмат беру өте тиімді.

Оның дәлелі ретінде (Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық) 5-сыныптағы «Қазақ тілі» оқулығындағы 126-жаттығуда берілген Б.Момышұлының ой-пікірлерін келтірген дұрыс: *«Ешкім батыр болып тумайды. Басында бұлағы бар өзеннің ұзақ ағатыны секілді өнегелі* ***ата-ананың*** *тәліміне сусындап, адалдық, еңбексүйгіштік, бауырмашылдық рухта ер жеткен бала мектеп, қоғам тәрбиесін де бойына тез сіңіреді. Батырлықтың негізі бауырмашылықтан туады. Ерлік аспаннан түспейді, ол Отанды сүюден туады. Ал Отанды сүю,* ***үй ішіңнен, отбасынан*** *өседі. Ата-ананы, апа-қарындасты, аға-ініні сыйлап, құрметтеген жан халқының да қадіріне жетеді. Халқын қадірлеген сын сағаттан сүрінбей өтеді. Елін сүйген ер атанады. Өйткені ерлік білекте емес, елін сүйе білген адал жүректе»* [9, 56].

Біздің ұлы ақынымыз Абай отбасы, ата-ана, бала туралы өз пікірлерін философиялық, өмірлік тәжірибеге толы *Қара сөздерінде* жеткізген. Мысалы, Абайдың жетінші қара сөзінде «адам болу» туралы жазады: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидығы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады».

Сондықтан, бала тәрбиесінде Абайдың «адам болу» түжырымдамасын негізге ала отырып, жас ұрпақты адал да ізгі адам болып өсіру үшін қазақ халқының әйгілі ақын-жазушыларының құнды ой-пікірлерін, ата-бабаларымыздан қалған асыл мұраларын белсенді түрде пайдалануы тиіс.

6-сыныптағы «Қазақ тілі» оқулығында: «*Тіл тазалығы, мағына дәлдігі үшін, тіл өткірлігі үшін күресу – мәдениет құралы үшін күресу*» (Ә.Хасенов), «*Ана тілін құрметтемеу – анаңды да сыйламау деген сөз*» (Ғ.Мүсірепов) (263-жаттығу, 135-бет, 6-сынып) [10, 135 б.].

5-сыныптағы «Қазақ тілі» оқулығында: *Т.Әбдірахманованың «Ана тілім – әрекеті азығы» өлеңі* (4-жаттығу, 5-бет), *Н.Айтовтың «Ана тілім» өлеңі* (31-жаттығу, 15-бет), *Ш.Айтматовтың ана тілі туралы пікірі* (6-жаттығу, 6-бет). Қазақ тілі сабағында оқушылардың жан-дүниесінің рухани және өнегелі баюына әсер ете алатын тілдік материал пайдалану өте тиімді. [9, 6-15 бб.].

Сондықтан оларды грамматикалық ережелерді меңгеру мақсатында тапсырмалар ретінде ұсынылуы өте тиімді. Өйткені, біріншіден, оқушылар өткен грамматикалық тақырыпты игереді, екіншіден, тәрбиелік мәні зор материалдармен танысады. Мысалы, 144-беттің 332-жаттығуындағы келтіріп отырған ұлы жазушы Мұхтар Әуезов пен Расул Ғамзатовтың арасындағы әңгімелесу жасөспірімдер үшін тәрбиелік маңызы зор мәтін деп санаймыз.

Сайып келгенде бүгінгі таңда мектептің маңызды міндеттерінің бірі - қазіргі заманға сай 5-6 сыныптағы оқушыларға ана тілінен сапалы білім берумен қатар дарынды, сауатты, парасатты, жан-жақты дамыған, ой-өрісі кең, әлемдік, ұлттық, отбасылық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақтар тәрбиелеу.

Сонымен қатар, ұлттық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпын, танымдық-ғибраттық, тарихи-мәдени және діни-рухани мұраларды қастерлей, сақтай білетін Қазақстан Республикасының болашақ азаматтарын қалыптастыру.

Әдебиеттер:

1. Құсайынов А.Қ., Ү.Ә.Асылов. Оқулықтану. Өзекті мәселелер. – Алматы: Рауан, 2000. – 32 б.
2. Зверев И. Каким быть учебнику? – М.: Просвещение, 1987.
3. Фогельсон И.А. Учебники и пути его развития. Кітапта: Вопросы теории составления школьного учебники. − М., 1982.
4. Байбуртян Н.М. Основы теории составления учебников русского языка в армейских школах. − М.: Педагогика, 1988.
5. Лернер И.Я. Вопросы теории школьного учебника // Дидактические основы учебника. − М., 1982.
6. Подласый Л.С. Педагогика – М.: Педагогика, 1992.
7. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. – Санкт-Петербург: Питер, 2000. –304 с.
8. Құрманова Н.Ж. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдістемесінің негіздері. − Ақтөбе, 2001. – 298 б.
9. Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына

арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2001. – 192 б.
10. Исаев С., К.Назарғалиева 6 класқа арналған қазақ тілі оқулығы. – Алматы: Мектеп, 1994. –208 б.

* * *

В статье затрагиваются проблемы качества преподавания родного языка в современной школе, а также воспитания разносторонне развитой личности, в том числе вопросы социокультурного, патриотического, семейного воспитания подрастающего поколения.

* * *

The problems of teaching the native language in modern schools are broached in this article. The author touches upon the questions of upbringing a versatile person as well as social-cultural and patriotic upbringing of a young generation.

Әдебиетті оқытудағы проблемалық әдісті қолданудың тиімділігі

М. Ә. Мұстафина

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың п.ғ.к., доцент, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Бүгінгі таңда мектеп оқушыларының арасында кездесетін үлгірмеушіліктің болу себебі олардың сабақты толық меңгере алмауымен ғана шектелмейді, мұның өзі оқушының естігенін, тыңдағанын ұмытуымен да байланысты.

Ал ұмыту сабақ процесінде, біздіңше, игерілетін материалдың ауырлығына немесе жеңілдігіне байланысты. Материалдың күрделі болуы көпшілік оқушыны күр жаттауға итермелейді. Мұның аты – білім негізін түсінбеу деген сөз. Ал жеңіл материалдың тез ұмытылу себебі – оны оқушы оңай игереді де, кейін оған оқушы көп назар аудармайды. Бұл сияқты көріністермен күресуде көптеген әдіс-тәсілдер қолданылып келеді. Оқушы білімінің тиянақты болуы, түсінігінің дұрыс қалыптасуы үшін жаңа сабақты түсіндіру процесінде оларды үнемі тартып, әрекетке араластырып отыру қажет. Жаңа материалға байланысты білгенін ортаға салу, оның құпияларын ашу үшін өз үлесін қосу немесе түсінгенін өз білгенімен салыстыру сияқты жұмыстар оқушыларды сабақ үстінде сергек ұстап, сабаққа деген ынтасын арттырады. Міне, осы бағытта жүргізілетін жұмыстың негізгі бір түрі – сабақ өтудің проблемалық әдісі. Кей мұғалімдер «неге?» деген сұрақ қоятын жерде ғана оқу проблемасы бар деп түсінеді. Проблемалық оқыту - мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттері мен ол мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды. Проблемалық оқытудың мақсаты - ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзін де, процессінде меңгеру, оқушының таным дербестігін қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Проблемалық оқыту - ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау және тағы басқа) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және тағы басқа) ескере отырып жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Проблемалық оқытудың негізі ерекшелігі – оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемалары міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық жағдаят пайда болады, осыған орай оқушының ізденушілік әрекеті мен ынтасы күшейе түседі. Оқыту технологиялары оқушының тұрақты жоғары нәтижелерге қарай біртіндеп сатылай жылжуын, жаңа оқу ақпарлары мен біліктіліктерді меңгеру мақсатына жақындау деңгейлерін әр қырынан бағалау және өзін-өзі бағалау мүмкіндіктерінің туындауын қамтамасыз етеді.

Әдетте оқушыларға жартылай таныс немесе бұрын өтілген тақырыпқа қатысты қалыптасқан кейбір түсініктеріне сүйене отырып игерілетін тақырыптар болады. Ондай тақырыптарды оқушылардың өздігінен жұмыс жүргізуі негізінде меңгертуге болады. Бұл үшін оқушыларға олардың шамасы жетерліктей лайықталған сұрақтардан құралған проблемалар тізбегі ұсынылады. Сұрақтардың шешімін табу

барысында жаңа материал оқушы алдында түтас не жартылай ашылады да, сөйтіп мұғалім баяндауға тиіс уақыт мөлшері оқушының үлесіне тиеді әрі материал тиісті көлемде меңгеріледі. Оқушы білімі тиянақтылығының басты шарты – материалды меңгертуде оқушыны ойланта отырып, қадам жасату болып табылады. Оқушының өзіндік қадамы, өзіндік ойының қалыптасуы оны шығармашылық жұмысқа жетелейді.

Мектепте әдебиетті оқытуда проблемалық жағдаяттың өзіндік белгілеріне тоқталатын болсақ, ең алдымен, оқушыны проблемаға деген субъективтік көзқарас пен объективтік мазмұнды айыруға, образды түсіндірудің ерекшелігін ажырата білуге дағдыландыру қажет болады. Танымдық әрекеттер сапындағы ой – қарама-қарсы процестердің санадағы сәулесі, болмыс суретінің экспозициясы. Олай болса, ой - проблемалық жағдаяттың (қарама-қарсы ұғымдардың) сәулесі. Проблемалық жағдаят міндетпен анықталатын болса, ой сол міндеттің экспозициясы, міндеттің өзі емес, хабаршысы, кіріспесі болғаны. Міндетіміз – шығармашылық тапсырма. Ойды бейнелейтін айшықты (образды, бейнелі) сөздер тіркесе келіп, поэтикалық образ құрайтыны белгілі. Мысалы, Абайдың «Адасқан күшік секілді, ұлып жүртқа қайтқан ой» деген өлең жолдарын ойда синтездеп-ажыратып, көз алдымызға елестетейікші. Мұнда ой символмен бейнеленген. Оқушыларға осы елесті суретке айналдырыңдар деп тапсырған болсақ, олар шамамен: «...Көшкен ауыл орны. Иесіз жүрт. Сол жүртта қалған жалғыз жан иесі – көштен адасып, қайтып оралған күшік. Ол иесін іздейді, таба алмайды. Қолынан келері – ұлу» деп бейнелеген болар еді. Ал енді «Ой қалайша ұлып, жүртқа қайтады?» деген сұрақты қоя отырып, оқушыларға проблемалық жағдаят туғызамыз. Берілген жауаптарды тыңдай келе, осы ұлан-ғайыр сурет, жиынтық ой түжырымы сан түсті бояу, алуан қырлы поэтикалық образға айналып, екі-ақ жолмен берілген. Немесе, Абай «Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?» деген жолдар арқылы да терең мағына білдірген. Бұл жерде де жоғарыдағыдай тапсырма беріп, суреттеп жазуды тапсырамыз. «...Жайлау. Қалың ел, мыңғырған мал. Қызық та, ойын-сауық та, қарбалас тіршілік те, бәрібәрі де осы жерде. Оның бәрін қыздырып жатқан – адамдар. Егер сол жайлаудан өмір иесі – адамдар көшіп кетсе, онда қандай сән, қандай мән қалады...» деген жауапты аламыз. Ал көңілдің объектіге құрылған ойы кетсе, құлазыған жайлаудай болатыны белгілі. Бұл мысалдардың дидактикалық негізі – оқушыларды бейнелі ойды талдауда ойландыра отырып (осы уақытқа дейін оқыған, игерген, бақылаған әдеби-теориялық білімдер мен дағдыларды жинақтау барысында) өзіндік шығармашылық тапсырма мен проблемаларды іздей білу белсенділігін арттыруға болатынын көрсетеді.

Әдеби проблема дегеніміз идеялық, философиялық, тарихи-эстетикалық және тағы басқа мазмұндардың қоспасы. Демек, бұларды біртұтас бірлікте талдау керек. Проблеманың идеялық немесе философиялық мазмұнын оның эстетикалық мазмұнынан бөліп қарауға болмайды. Мұғалімнің міндеті – оқушының ақыл-ойын проблеманың идеялық, философиялық, адамгершілік көзқарастарына әкелмей қоймайтын эстетикалық талдау жасауға бағыттау.

Абай «Болыс болдым мінеки» деп кейіпкерлердің өзін сөйлету арқылы шығарманың әшкереушілік мақсатын күшейтеді. Ақын өзінің көркемдік-эстетикалық мұратына орай шығарманың композициялық құрылымын дұрыс таңдайды. Сол көркемдік тәсіл ақынның идеялық нысанасын ашып беруге көмектесіп тұр. Абайдың бұл өлеңінен идеялық-эстетикалық бірлікті танимыз.

Әдебиет сабақтарындағы проблемалық жағдаят тудырудың басты ерекшелігі оқушыларға шығарманың көркемдік ерекшелігін түсіндіру деп ұғуымыз керек. Проблемалық сұраққа берілетін логикалық жауаптардың артында мәтін бойынша автормен бірлікте жүргізетін эстетикалық тұрғыда құрылған зерттеу нәтижесі тұруы тиіс. Оқушыларға проблемалық тұрғыдағы өздік тапсырмаларды орындату барысында шығарманың көркемдік шешімін өз бетінше ажыратып, талдай алатын және түсіне білетіндей білім мен дағды беру – негізгі мақсат болу керек. Мысалы, «Қамар сұлу» романын оқыту барысында мұғалім «Жазушының Қамарды азап пен ақыреттің құрбаны етуі кездейсоқ па? Ахмет пен Қамардың махаббат бостандығы үшін күресуіне, мұраттарына жетуіне болмас па еді?» деген проблемалық сұрақтарға жауап алуына болады. Әдебиет сабағында қойылатын проблемаларда тарихи-нақтылы және жалпы адам баласында болатын құбылыстар өзара диалектикалық байланысты келіп көрінуі мүмкін. Көркем мәтіндегі сөз – поэтикалық ой көрінісі. Әр ақын-жазушы сөз айшықтарын өзінің әлеуметтік, эстетикалық мұраттарына орай қолданады. Сұлтанмахмұттың «Залым-

дығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен былш-былш насыбай, ішпей мас әрі нас, елу шамасында жасы бар, қол шоқпардың басындай басы бар, жай формасының өзі сүп-суық, бүйі секілді, түксиген-күпсиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, дорба сақал, тоқпақ мұрын бір түрлі нысаналы жануар еді», - деген суреттеуіндегі эпитеттер мен теңеулер Нұрымның жексұрын, үсқынсыз бейнесін беру үшін алынған. Бұл жай суреттеу ғана емес, «Неге бұлай?» дегендей сезім туғызарлық баяндау. Нұрым бейнесінің жиіркеніш сезім шақырарлық әсерінің өзі проблемалық эмоция туғызады. Түрлығұлды «Үзын бойлы, мес қарын, түксиген қалың қабақты... жалпақ мұрын...» десе, Ғайшаны «Ақкудың көгілдіріндей» деген тәрізді шығарманың көркемдік өрнегін толықтыратын суреттеулер арқылы түрлі тапсырмалар береміз.

Оқытудың проблемалық әдісін, жоғарыда байқағанымыздай, кейіпкер бейнесін ашуда тиімді пайдалануға болады. Мәселен, С.Көбеевтің «Қалың мал» романындағы жағымсыз кейіпкерлер, оның ішінде Итбай бейнесін талдау сабағында мынадай түрғыда пайдаланған дұрыс. Мұғалім «Қалың мал» романында кездесетін жағымды, жағымсыз кейіпкерлер тобы бар екенін ескерте отырып, ең басты кейіпкер – Итбайға тоқталып, оқушылардың бұл образды ашуда не нәрселерге көңіл бөлу керектігін ескертеді. Олар тақтаға жазылады:

1. Ойы: «Осы қалқам ер жетіп, бай жерге беріп, мал алсам».
2. Ойы: «Етімді текке жеп қоятын болды ма?.. Қазыны бекер түтас салдырған екенмін!»
3. Сөзі: «250 сомның саудасын істеймін, қайсыларың маталарыңды арзанға бересіңдер!.. Енді, бай, шыныңды айтшы, өзің ес білгелі түтас 250 сомның саудасын істеген кісі бар ма?
4. Сөзі: «Маса-шыбынға жем болып отырамыз ба? Әр түрлі шаруамыз бар ғой, бие де байлаған жоқпыз...»
5. Ойы: «Ит, өзі өлетін болса, өлмеді-ау!

Итбайдың тақтада жазылған осы ойлары мен сөздеріне қарап, оның қандай адам екенін анықтау керек. Осы сөйлемдердің мағынасы мен айтылу мақсатына қарай оқушылар Итбайдың ой-пиғылын, мінезін, адамдық санақасиетін ашады. Кейіпкер бейнесін проблемалық әдісті қолдана отырып ашудың пайдасы, ең алдымен, оқушы мұғалімнің бағыттауымен сабақтың өн бойында өздігінен жұмыс жасайды, екіншіден, жазушының образ жасау шеберлігіне көз жіберіп, оның құпияларымен танысып, өзінше жаңалықтар ашады, сол арқылы өзіндік ой, пікір қалыптастыра бастайды. Сабақтың басым бөлігі оқушы пайдасына шешіледі, ал мұғалім тек бағыттаушы рөлінде ғана болады. Әрине, барлық образдар осы жүйеде талдауға келе бермейді. Айталық, Абай образын ашуда алдымен образға байланысты материалдар теріледі. «Қодар өлімінде», «Әке сыны», «Тентек ояз келгенде және Семейдегі жауап» т.б. Барлық күрделі материалдар теріліп болған соң, олар мазмұнына, мәніне қарай топтастырылады. Мысалы, «Әке сыны», «Жігітек-Тәкежандар дауында», «Мәкен қыз дауы» тағы басқалар Абайдың үстем таппен күресін көрсетеді. «Абай жолы» романында образға байланысты материалдар өте көп. Сондықтан уақытты үнемдеу үшін және оқушыларды бірыңғай тапсырмалармен жалықтырып алмас үшін жоғарыда айтқандай, қойылатын проблемалық сұрақтар образға қатысты материалдарды теру, оларды топтастыру, жоспар құру және соған сүйене отырып Абай образын ашу сияқты сатылардан тұрады.

Әрбір шығарманың, образдың өзіндік ерекшелігі болады. Әдеби шығарманың ерекшелігі – олар бірінен-бірі оқшауланбайды, шығарманың идеялық-көркемдік концепциясына бағынып, өзара байланысады. Егер біз бір проблеманың аясында ғана әңгіме етсек, образдың мазмұны жүдеп қалар еді. Сондықтан, жетекші проблемалардың да өзара байланыстарын анықтап отыруымыз керек. Бұл мәселелер үнемі оқушылардың мәтін талдау барысында тапсырма түрлерімен берілуі шарт. Проблеманың идеялық-көркемдік жүйеде өзара бір-біріне бағынып байланысатынын дәлелдейтін мысалға жүгінейік. Абайдың «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» деуі қалай? Мыңға қарсы әрекет қайшы, кері мағына – проблемалы міндетті анықтайды. Ол міндет: жал,ыз адам мың адамға қарсы қалай күресті? Проблеманың шешімін табуға қойылатын сұрау, берілетін тапсырма да осы міндет. Осындағы мыңмен деген сөздің поэтикалық жүгіне ой жіберейік. Абайдың өмірі – күрес. Ол өзінің прогресшіл идеясы жолында талай тосқауыл кедергіге жолықты, талаймен алысты. Надан, топас әкіммен де, әккі-айлакер ку, алаяқ залымдармен де күресті. Ақын алысқан адамдар: «Ку старшын, аш билер», «Сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсеқызар жалмауыз», «күлкішіл, кердең, надан», «закончик-арызқой» т.с.с. Шебер суреткер «мыңмен жалғыз алыстым» деген поэтикалық жолға күрес әрекетінің барлық азабын сыйғыза білген.

Проблемалық іздену тапсырмаларын бір тақырыпқа қалам тартқан әр ақынның өлеңдерін салыстыра отырып талдауға болады. Бұл әдістің әсерлілігі бір тақырыпта екі адам жазған шығармаларды салыстыра талдау әр автордың өзіне тән стилін, идеясын, өзіне ғана тән ойды көркем бейнелеу әдісі мен шеберлігін айқындауға, талдауға жағдай туғызады. Талдаудың дидактикалық әсерін күшейтеді. Оқушыларға Ы.Алтынсарин мен А.Құнанбаевтың өнербілім, ғылым, табиғат жайында жазған өлеңдерінің көркемдік құрылымдарын: композициясын, ырғағы мен сөз қолдану айшықтарын, үйқасын және т.б. салыстыра отырып, іздену жолдарын түсіндіріп, әрі қарай талдап, қорытынды шешімді ауызша немесе жазбаша баяндауды тапсырсақ, шығармашылық дағдыларын дамытамыз. Екі ақынның бір тақырыпты, бір құбылысты, бір көріністі суреттей отыра әрқайсысы өзінше өрнек тапқанын, өлең үйқасы мен ырғағының әр түрлі болуын, әлеуметтік өткірлігі де бірдей емес екендігін анықтайды. Жаңа материалды түсіндіру кезінде проблемалық әдісті материалға тікелей байланысты проблема, материалды терең меңгертуге, ойлантуға байланысты немесе шығармашылық проблема, үйге тапсырма ретінде берілетін проблема, білімді жүйелеу проблемалары деп топтауға болады. Жоғарыда келтірілген мысалдардан ең бірінші көзге түсетіні – оқушы ойы, яғни материалдың басынан соңына дейін араластыру арқылы оқушы ойына қозғау саламыз. Оқушы өзіне белгісіз дүниенің қыр-сырына көз жіберуіне мүмкіндік алады, оның құрылысымен танысып, өзара байланысын анықтайды; материалмен іштей танысу ауқымы артқан сайын ойы да кеңейе түседі, оқушы жан – жақтағы дүниеге, құбылысқа өз ойын жүгірте бастайды. Бұл – оқушының алға қойған межесі болады. Проблемалық әдіс арқылы берілетін білімнің тұрақтылығы зор. Білім жиынтығын дайын материал арқылы ойға сақтау әрекеті мен ол материалдың қандай жолмен жасалғандығын айқындай отырып меңгертудің айырмашылығы зор.

* * *

В статье рассматривается вопрос эффективного использования проблемного метода обучения в школе.

* * *

The article highlights the question of effective usage of problem teaching at schools.

АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ
ТЕОРИЯ ПЕРЕВОДА

Лингвоэтническая специфика перевода

М. Н. Жумадилова

к.ф.н., доцент КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются вербальные формы в контексте речевой деятельности как специфическое средство закрепления в языке содержания ментальных образов. Концептуальная система рассматривается как чувственное отражение реального мира в сознании, что реализуется в формировании замысла речевого сообщения. Данный процесс свойственен представителям любого языкового коллектива, исследуются приемы передачи его в переводе.

Каждый язык на протяжении своей истории впитывает в себя особенности обычаев и характера народа, который на нем говорит, факты его истории — все, что связано с этнографией коллектива, пользующегося этим языком. Особенности эти настолько существенны, что принято говорить о *языковой картине мира,* специфичной для говорящих на каждом языке как родном. В виде лингвоэтнических компонентов эти особенности в большей или меньшей мере входят в любой текст на этом языке.

В контексте речевой деятельности вербальные формы рассматриваются как специфическое средство закрепления в языке содержания ментальных образов. Движение от мысли к слову обусловлено активизацией целой системы компонентов, обеспечивающих - в форме образов, схем, отпечатков, концептов и т.д. – чувственное отражение реального мира в сознании, что реализуется в концептуальной системе, в формировании замысла речевого сообщения.

Этот процесс свойственен представителям любого языкового коллектива, он имеет надэтническую природу. Однако в ходе вербализации трансформируемая мысль приобретает этнокультурную выраженность, что наглядно проявляется при анализе творчества казахского акына Абая Кунанбаева концепт ночь имеет лингвоэтническую специфику. Ночь в его стихах подразумевает прекрасную идиллию, а светлая луна описывается в традиционном для казахов национальном колорите.

«Желсіз *түнде* жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың маңы терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп….». Поэтому в переводах А.Кунанбаева стихотворения Ю.Лермонтова «Горные вершины» концепт ночь приобрел этноментальный окрас. Соответсвенно с позиции лингвокультурологических особенностей Ю.Лермонтов в стихотворении Гете описание ночи воспринял с точки зрения европейской этноментальности, как время глубокого одиночества, душевной тревоги (горные вершины, *спят во тьме ночной*…), то у Абая *ночь* время наслаждения тишиной (*Қараңғы түнде* тау қалғып).

Қараңғы *түнде* тау тау қалғып,
Үйқыға кетер балбырап,
Даланы жым-жырт дел-сал ғып
Түн басады салбырап....

В процессе изучения казахского языка и при переводе человек, конечно, знакомится с лингвоэтническими реалиями, переводчику как эксперту в области эти знания нужны в максимальном объеме. Для перевода большинства текстов на стадии подготовки к переводу ему нужен некоторый объем фоновой информации, однако для пополнения фонда фоновой информации переводчик может воспользоваться этноментальными источниками. Лингвоэтнической спецификой текста переводчик должен владеть активно, поскольку она часто не дана в тексте в концентрированном виде, а рассеяна в нем или зашифрована, и его задача — опознать эту специфику, исходя из полных активных знаний.

© 2012 al-Farabi Kazakh National University

К примеру тексты казахского эпического фольклора, где каждое слово пронизана национальном колоритом и историзмами:

Қыз Жібек (Перевод: Канапьянов Б.) (Қыз Жібек лиро-эпостық поэмасы -Алматы: Мектеп, 2003 «Жетінші сөз» сериясы) (Қазан, 1900 жыл)

Кешегі өткен заманда, Дін, мүсылман аманда, Кіші жүздің ішінде, Жағалбайлы елі бар. Жағалбайлының мекені – Ақ теңіз деген көлі бар Жаз жайлауын сұрасаң, Қара теңіз жағасы Үлан, Жәміл белі бар, Жағалбайлы еліде Базарбай атты байы бар. Байлығын оның сұрасаң, Өлшеу қылып айтуға Есеп жетпес жайы бар. Байлығында өлшеу жоқ Жеті жүз түие жүгі екен Ділдәсі менен жамбысы Мың түйеге жүк тағы да Қант пен шайы бар. Аяқты малда есеп жоқ, Айдалып бағып жайлылар.	Былые вспомним времена … Во Младшем жузе племена Жили в здравии и в мире, И этим степь была сильна. Где вольные парят орлы, Там племена жагалбайлы, Море черное имели, Море белое имел, Угодья-пастбища имели. И в стародавние те дни Улан, Шамбиль звались они. Бай Базарбай привольно жил, Богато сказочно он был. Его богатства перечесть Ни у кого не хватит сил. И там всех слитков серебра, Хоть это только часть добра, Не увезли б семьсот верблюдов – Такая их была гора. В ауле прочее добро Потяжелей, чем серебро. Чай, сахар, мед, тюки товаров Не подняла б и тыща наров. А чтобы счесть его стада, Нужны здесь многие года.

Кешегі өткен заманда, Дін, мүсылман аманда, - традиционный зачин казахских эпосов. Затем переходящий из одного эпоса в другую сюжет описание богатсва хана, бая, также придерживается традиционного повествавания: *Байлығын оның сұрасаң, Өлшеу қылып айтуға, Есеп жетпес жайы бар. Байлығында өлшеу жоқ. Жеті жүз түйе жүгі екен...* В данном отрывке есть еще и слова реалии : *Ділдәсі менен жамбысы. Узуальные словосочетания с этнокультурным окрасом: аяқты мал,жаз жайлау и т.д.*

Когда речь идет об отражении в тексте особенностей поведения, обычаев, привычек народа, говорящего на данном языке, которые не сводятся к употреблению отдельного слова, а воздействуют на специфику предметного содержания текста, т. е. когда лингвоэтническая специфика заключена в ситуации, Речь идет обычно о представлениях народов, связанных с глобальными особенностями в их мировосприятии, которые воздействуют на систему и иерархию основных ценностей. Так, возникают непреодолимые сложности при переводе стихотворении Абая европейцами.

Ночь в европейском понимании – метафора смерти, черный цвет - символ смерти, ночь - это сон, бездеятельность, холод. В восточной иерархии ценностей все наоборот. Летний день - это жара, ослепительный свет, отсутствие воды, убийственное солнце, смерть, грязь и пыль, необходимость трудиться. Зато ночь - прохлада, покой, чувственные удовольствия, отсутствие ненавистного труда - на Востоке ночь ассоциируется с понятием красоты. Поскольку особенности мировосприятия связаны в этом случае с эстетическими идеалами, с представлением о прекрасном, а в поэтическом тексте эстетическая информация входит в инвариант содержания, она вполне может быть передана, но не будет воспринята. Ведь то, что прекрасно для европейца, отвратительно для восточного человека. Таким образом, тексты европейского читателя лишь источником когнитивной и эмоциональной информации, но эстетическая будет блокирована.

При переводе осуществляется перенос культурных концептов из текста оригинала в другую социокультурную и языковую среду. Своеобразный диалог культур возникает в рамках заданного в тексте оригинала коммуникационного фона, который тоже следует перенести в текст перевода. Исследователи выявили, что наличие или отсутствие лакун в переводном тексте является “свидетельством успешности или неуспешности его натурализации в определенном культурном контексте”. В основе культурологической лакунарности лежит различие – несоответствие в способе организации либо репрезентации экстралингвистического знания в культуре оригинала и культуре перевода. Культурологическая лакуна как фрагмент ценностного опыта культуры представляет собой когнитивную модель культуры отправителя и выступает как ее культурологически значимый концепт.

Переводчик должен постичь когнитивную модель культуры-отправителя таким образом, чтобы переносимый фрагмент ценностного опыта, представленный в оригинале, перестал быть в его сознании лакуной, а стал частью его коммуникативной компетенции. При интерпретации текста система вербальных значений соотносится с социо- и этнокультурной компетенцией носителя языка, концептуальное наполнение которой и является одной из определяющих черт менталитета, так как “концепт – это фрагмент этнокультурной среды в ментальном мире человека”. Значит, культурологический концепт можно определить как динамичный когнитивный процесс, направленный на интерпретацию культурологической лакуны текста оригинала и ее последующую презентацию в тексте перевода.

Формирование культурологического концепта предполагает глубокий анализ всего сообщения, художественного мира произведения и стоящей за лакуной экстралингвистической ситуации. Только лишь соответствие концептуальных структур в контексте перевода служит условием оптимальной реализации самого процесса перевода. Дефиниция культурологического концепта по отношению к процессу перевода должна включать интеллектуальную деятельность переводчика по постижению фреймовой пресуппозиции носителей языка, представленной в культурологической лакуне. Переводной текст переносит концепт в новую культурно-языковую среду и в зависимости от его образных функций и ассоциативных связей, которые он порождает, сохраняет или заменяет его образный код.

Литература:

1. Ж.Т. Балмагамбетова. Проблема передачи культурологических концептов в переводе. – КарГУ им. Е.А. Букетова.
2. Т. А. Фесенко. Этноментальные константы и проблемы перевода. – Тамбов, ТГУ.
3. Алексеева И. С. Введение в перевод введение. – СПб, 2004.
4. Абай. Мақсатым – тіл үстартып, өнер шашпақ. – Алматы, 2010.
5. Қыз Жібек лиро-эпостық поэмасы. – Алматы: Мектеп, 2003.

* * *

Мақалада вербалды формалар сөйлеу қызметі контекстінде, яғни тілде үлттық бейнелерді қалыптастырудың ерекше құралдары ретінде қарастырылады. Концептуалды жүйенің шынайы болмысты сезім арқылы тілде қалыптасуын білдіретін сипаты сөз болады. Мақалада аталмыш үдерістің әрбір тілдік коллективтерге тән құбылыс екендігі және оның аудармада беру әдістері айтылған.

* * *

Verbal forms in a context of speech activity are considered in the given article, as specific means of fixing in language of the maintenance of mental images. The conceptual system is considered as sensual reflection of the real world in consciousness that is realized in formation of a plan of the speech message. In article this process is investigated as peculiar to representatives of any language collective and receptions of their transfer in translation.

Аударма – халықтар достығының дәнекері

Г. А. Тастемирова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ф.ғ.к., доцент, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Автор мақалада ғаламдық өзекті мәселелер қоғамдық дамудың қайшылықтарынан туындайтынын, адамзаттың өзін қоршаған әлемге деген ықпалы ауқымының күрт өсуімен, сонымен қатар елдер мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық даму деңгейінің әркелкілігімен, еларалық өмірдегі аударма ауқымының тарылып, халықаралық тілдердің үстемдігі артуымен де байланысты болып жататынын жайлы сөз қозғайды. Сонымен қатар мүнің алғашқы қадамы аударма арқылы жүзеге асып, әлем халықтар арасындағы әдеби байланыстар нығайып, байи түсетінін айтады.

XX ғасыр басында жазба әдебиетті биікке көтерген қазақ ақын-жазушылары алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіне көз салып, әдеби байланысқа түсе бастады. Әсіресе орыс әдебиетінен үйрену кең етек жайғанын жоққа шығара алмаймыз. Ыбырай, Абай, Шәңгерей тәрізді алдыңғы толқынның тәржімашылдық қырын дамытып, төл әдебиетіміздің туын жоғары ұстаған аудармашылар дүние жүзілік әдебиеттің асыл қазыналарын, тамаша туындыларын туған халқына жеткізуге ұмтылды. Олар әлемдік әдебиет пен мәдениеттің озық үлгілерін қазақ сахарасына асқан шеберлікпен таратты.

Көркем аудармалардың құнды не құнсыздығы тек жаңылыс кеткен кездейсоқ қателермен белгіленбейді. Аудармашының бір емес, ондаған қате жіберуі мүмкін, әйтсе де соның аудармасында ең бастысы – автордың түпкі ойы стилі, бір өзіне ғана тән жазушылық даралығы дұрыс берілсе, оны құнсыз аударма деп табуға болмайды [1, 26-27 бб.] - деп пікір білдірген жазушы-ғалым Мұхтар Әуезовтің ойына толық қосылуға болады.

Аударманың сара жолын салушы Абай, Ыбырайдан бері таратып айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Спандияр Көбеев, Сәбит Дөнентаев, Бекет Өтетілеуов сынды шебер аудармашыларды атап айтуға болады. Алдыңғы толқын да, кейінгілері де аударманың еркін түрін кеңінен пайдаланып, шебер дүниелер тудырғанына дау айта алмаймыз. Ал олардың, түпнұсқаның тілін, әдеби ырғағын жетік білмеді, халқына, жұртына емес, өз бас пайдаларын ғана ойлап аударды дегенге келісу мүмкін емес. Тіпті, басқасын қойғанда ғұлама Абайымыз, данышпан Ахметіміз аудармаларын мәдениетінің тарлығынан, түпнұсқаның, яғни орыс тілін жетік білмеуінен еркін аударды деп айту дұрыс па? Оған қандай дәлел тауып айтамыз. Жазба әдебиеттің басын салған Абай да, тіл тазалығын, ой тазалығын жетік меңгерген Ахмет те, Абайдың ақын шәкірттері де өз тілін, өзге тілді де жетік меңгергенінен аударма барып отыр. Олар өзіне тиімді болғандықтан емес, керісінше халқына, ел-жұртына балтыры сыздап, бауыры езілгендіктен, қараңғы қазақтың көзін ашуға ұмтылыс жасағандарынан аударып отыр. Мәдени шеңберлерінің қаншалықты болғаны бізге беймәлім, бірақ өзге елдің мәдениетін қазақша сөйлеткен, қазақ жұртына танытқан кемеңгерлердің туындысына ойланбастан бірден анықтама бере салу оңай болмаса керек еді.

Әдебиет өз тілінде, ұлт көлемінде өсумен қатар, басқа да өскелең ұлт әдебиетінің шығармаларын ұдайы қосып алып, байып отыратыны бәрімізге мәлім. Біздің қазақ әдебиетінде де басқа тілдерден көптеген кітаптар аударылып жатқаны да, бұл жұмыстың кең көлем алуы да заңды құбылыс. Бұл мәдениетіміздің өскендігінің белгісі. Жазба әдебиет тіліміздің баюына, қалыптасуына көп қызмет ететіні белгілі. Кейінгі ұрпақ тілді ел аузынан үйренумен қатар, кітаптан, газет-журналдардан, радио, теледидардан үйренеді. Әдебиет тілі көпшілікке ұстаздық етеді.

Көркем әдебиетті аудару – шығармашылық жұмыс. Ол әдеби тілдің өсуіне, ұстартылуына көмектеседі. Оның үстіне творчество адамы аудара отырып, көп нәрсені үйренеді. Мысалы, Абай аудармаға осы тұрғыдан қараған адам.

Аудармашылық өнер қайсарлықты талап етеді. Тіл үйренгеннен кейін екі мәдениет пен әдебиетті жақындастыру үшін, “меніңді” тыйып, бар өнеріңді, біліміңді, шыдамыңды екі халықты рухани байланыстыру ісіне салу, сөзді емес, қайғыны қайғы қылып, махабатты махаббат қылып аудару үшін, жүрегің еш мәдениет, еш әдебиет бір-бірімен араласпай жаңа сатыға көтерілмейді деген ұранмен соғу үшін қайсарлық қажет. Ал бұл - аудармашыға берілетін ең құнды баға.

Біз аударманы өнер деп қарап, аудармашының міндетін автордың міндетінен кем сана-

маймыз. Автор өмір сырларын қалай шертті, аудармашы соны да дәл түсініп, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей етіп оқырманға жеткізе алдыма - түйінді мәселе осында, аударма шығарманы оқып отырғанда өзіміздің әдеби шығармамызды оқып отырғандай сезінгіміз келеді.

Аудармашының алдында қашанда өзара қарама-қайшы, бірақ диалектикалық бірліктегі үлкен өзекті мәселе тұрады: бір жағынан түпнұсқаның "әрпін", рухын сақтау қажет, екінші жағынан аударма жасалып отырған тілдің ерекшеліктерін, сол тілді оқуға тиіс жұртшылықтың талап-талғамын да ескеру қажет. Аудармашы таразының екі басын тең ұстауы тиіс. Ал бір жаққа ауытқып кетсе ше? Мәселен, ол соңғы шартты алдыңғысынан жоғары қойса немесе тіпті, соны ғана басшылыққа алса, не боп шығар еді? Біздіңше, аудармашы, ең алдымен, жазушының өзін сөйлетуді мақсат тұтуы шарт.

Қазақ оқырмандары туысқан халықтар әдебиетімен дүние жүзі мәдениетінің бай мұрасын өз тілінде еркін оқып, сол халықтың өмірі мен тұрмысын білумен бірге, жазушының стильдік, тілдік, көркемдік шеберлігімен де танысуды қалайды. Мұның өзі аудармашыларға зор міндет жүктейді. Ол жазушының өзіне тән ерекшеліктерін, шығарманың рухынүүлттық түрін түгелдей бере білуге міндетті. Сонда ғана біздің көркем аударма саласындағы жұмысымыз алға басады. Орыс жазушыларының, айталық, Н.В. Гоголь мен Л.Н. Толстой шығармаларын оқығанда, оқырман, түпнұсқадан қандай эстетикалық әсер алатын болса, қазақ оқырмандары да аудармадан сондай әсер алуы қажет. Осыған қарамастан, көркем аударма саласындағы жұмысымызда елеулі кемшіліктер бар. Бізде көркем аударма кәсіби деңгейге көтеріле алмай келеді.

Сондықтан да өзге халықтардың адам қиялына қанат байлайтын аңыз-ертегі, ерекше шығармаларын тәржімалап, туған тілімізде, өздерінің дүниетанымы, философиясы, рухани сұранысы мен тұрмыс-тіршілігіне сай етіп сөйлетуді абыройлы іс деп танығанымыз даусыз. Көрнекті қаламгер, аударманың хас шебері, бар ғұмырын әдебиеттің аса ауыр осы саласына арнаған Н. Сыздықов өзі талантты болу, әрбір сөз-сөйлемге мейілінше мән беріп, қазақ тіліне жетік үлгілеуді басты мақсаты деп тұтқан біртуар тұлға ылғи қайталап айтуды жаны сүйетіндей: "Шын аудармашы да сөз дүлдүлі болмаққа керек, талант болғанда – аудармашылық талант керек, біліктілік (эрудиция), көркемдік талғам, сөзге шешендік, екі тілге бірдей жетіктік, еңбекқорлық, ізденімпаздық, зор жауапкершілік қажет. Алайда, талант бірінші орында" деген биік талапқа сай тұжырым әрқашан әдебиеттегі аудармашының басты кредосы болып қала береді. Түпнұсқаның сөзін емес, рухын аударуды, автордың өзін, оның жан-дүниесі, көзқарасы, ұстанымын, өмір сүрген заманының қайталанбас ерекшеліктері, сол тұстағы заманауи кейіпкерлерін шып-шырғасын шығармай аудару шарт.

Қазіргі кезде аударманың көбейгені соншалық тек орыс тілінен қазақ тіліне аударылған шығармалар тізімін атап шығудың өзі оңайға түспейді. Ол осылай ғылыми пәнге айналады. Қазақ тіліндегі аударма сынына үңілгенде, осыны байқаймыз. Аударма тарихын сөз еткенде оның әрбір ұлттық әдебиет пен мәдениет құрамдас бөлігі болғандықтан, ізін де, дәстүрін де, даму ережесінің қандай сатыда болғанын да солардан іздеген жөн. Аударманың тарихи тамыры тереңде жатыр. Ол ой тұжырымының, сөз өнерінің қажетті қасиетін жинақтаған қазына іспеттес. Аударма өнерінің дәрежесі тума мәдениеттің кемелденуіне әсер ете отырып, аударманың өзі де сол мәдениеттің нақты нәтижесі, көрнекті жемісі ретінде өркендейді.

Аударма әдебиет Қазақстандағы ұлттық мәдениеттің рухани бай саласы ретінде дамыды. Республикадағы талантты аудармашылар тобы өсіп жетілді. Қазақ тобынан шыққан аударма кітаптарының ішінде Шекспирдің "Отеллосы", Пушкиннің "Полтавасы", Гогольдің "Ревизоры" сияқты қызық еңбектер аз емес. Қазақ оқушылары туысқан халықтар әдебиеті мен дүние жүзі мәдениетінің бай мұрасын өз тілінде еркін оқып, сол халықтың өмірі мен тұрмысын білумен бірге, жазушының стильдік, тілдік, көркемдік шеберлігімен де танысуды қалайды. Мұның өзі аудармашыларға зор міндет жүктейді. Ол жазушының өзіне тән ерекшеліктерін, шығарманың рухын, ұлттық түрін түгелдей бере білуге міндетті. Сонда ғана біздің көркем аударма саласындағы жұмысымыз алға басады.

Біздің ойымызша, аударма екі түрлі салаға бөлінеді, соның біріншісі – бір халықтан екінші халыққа ауысқанда, мезгіліне, сол елдің ұғымдарына сәйкес аударылады. Бір халықта айтылатын ой өңделіп, өз елінің ұғымына бейімделіп, түпнұсқаның ұзын - ырғасы беріледі. Ауыс-түйістің алғашқы сатысы осылай басталады. Бұл – аударманың ауызекі тарау түрі. Екіншісі, бір елде айтылған пікір сол қалпында

дәл жетеді, бұл жазба әдебиетте орын тепкен. Қазақ аудармасының ежелден қалыптасқан өз тарихы бар. Зерттеушілер қазақ аудармасының негізгі даму кезеңдерін төмендегідей топтап жүр:

Бірінші кезең – V-XIV ғасырларды қамтиды.

Екінші кезең – қазақ аудармасында нәзира әдісін қолдану Шығыста әдебиет туындыларын аударудың негізгі каноны болған дәуірі.

Үшінші кезең – 1917 жылдан бастап қазақ аудармасының Кеңес Өкіметі заманында өркендеп, ғылыми жолмен дамыған дәуірі.

Кез келген ұлт тіліндегі туындыларды орыс не қазақ тіліне аудару - әрі өте маңызды, әрі өте қиын міндеттердің бірі. Өзге тілден – қазақ тіліне аудару кезінде аудармашылар екі тілді бірдей жақсы білетін әдеби сауатты адамдар болуы керек.

Бар тетік осы әдеби аудармашы еңбегінің сапасына байланысты екені көпке мәлім. Мұндай аса қиын, таза творчестволық жұмыс тек көркем сөз шеберлерінің қолынан ғана келетіні белгілі. Неге десеңіз, тәржімаланып отырған шығарманың барлық қалтарыстары мен құпияларына, ой жүйесіне, көркемдік ерекшеліктеріне, сыр-сипатына тек суреткер аудармашы ғана тереңірек бойлай алмақ.

Аударма тарихын сөз еткенде, қазақ халқынан шыққан тұңғыш аудармашы Ыбырай Алтынсаринге тоқталмай кету мүмкін емес. Ыбырай Алтынсариннің аудармашылық қызметі туралы профессор Әнуар Дербісәлин былай дейді: “Ыбырайдың аудармалары қазақ әдебиетінде аударма өнерінің де өзіндік тарихы, өсу жолдарының барлығын қамтыды. Олар бүгінгі өскелең аудармамыздың алғашқы баспалдағы болып саналады” [2, 230 б.].

ХХ ғасырдың бас кезінде қазақтың төл әдебиеті мен аударма әдебиеті біршама дамыды. Көркем аударма өнерінің негізін салған Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсарин болды. Абай айналасындағы ынталы шәкірттерін шетел классиктері шығармалары, шығыстық қисса үлгісіндегі туындылармен таныстырып отырған. “Үш мушкетер”, “Король қатын Марго”, “Валентин Левий”, “Аза жүрек”, “Шахнама”, “Бахташар”, “Ләйлі-Мәжнүн” және т.б. шығармалар Абай арқылы, оның шәкірттерінің ауызша айтуы бойынша, көп елге жайылып, жер-жерге тарады. Қазақ даласындағы, ел арасындағы дарындылар бұларды жаттап алып, жырмен бірге айтып, жұрт құлағына сіңіріп жатты. Кейбір талапты шәкірттер Абай айтқан әңгімелердің оқиғасын негізге алып, оны өздерінше жырлаған.

Ақылбай, Мағауия, Шәкәрім, Әсет, Уәйіс сынды ақын шәкірттер-Абайдың аударма мектебінің көрнекті өкілдері. Бұлардың барлығы да ұстаздарының аудармашылық шыңдау мектебінен өткен жандар. Абай қазақ халқының әдебижағрапиялық танымын айтарлықтай кеңітті. Оның Африка, Үнді елдерінің тіршіліктері туралы айтқан әңгімелерін ел адамдары қызыға тыңдаған.

Африка жұртының түрмысынан айтылған әңгімелердің бірі – “Медғат-Қасымды” Мағауия өлең етеді. Сондай-ақ, зәңгілер жайындағы келесі бір қызықты әңгіменің оқиғасын “Зұлыс” деген атпен Ақылбай жырлаған. Бұл жөнінде М. Әуезов былай дейді: “Неше алуан күшті, қызық романдарды сол жайынан айтатын болған. Осындай Абай айтқан әңгімелердің бірі - “Медғат-Қасым”. Бұл - Африкада Ніл дариясы бойындағы бір Қасым деген құлдың плантатор байдан кек алуын баян ететін әңгіме. Осыны Абайдың мәслихаты бойынша қара сөзден әңгімелі өлең етіп шығарған Абайдың өз баласы Мағауия болады. Зәңгілер жайында Абай айтқан екінші қызық әңгіме “Зұлыс” болғандықтан, оны Ақылбай деген баласы өлең қылып таратады” [3, 15 б.].

Шәкірттері тәржімаларының жекелеген жолдарын, жалпы әңгіме кейпін Абай түзеп, өңдеп, көркемдеп отырған. Ол Еуропа, орыс, шығыс халықтарының классикалық үлгідегі шығармаларының оқиға құрылысын, әдеби тәсілдерін, әңгіме құру желісін өзі меңгеріп, байқап, талдай келе, шәкірттерінің бойына сіңіреді. Осылайша Абайдан тармақталған ұлттық аудармашылық іргелі бір мектеп қалыптасады. Абайдың тікелей өз тапсырмасымен аударма жасаған шәкірттері қара сөзбен айтылған әңгімені өлеңге салған. Абайдың мақсаты шәкірттері арқылы қазақ халқын әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен таныстыру болды.

Абай ақын шәкірттерін орыс, батыс классиктері шығармаларымен үнемі таныстырып, солардың кейбіреуін қазақшаға тәржімалау тәжірибесінен өткізіп отырған. Ел ішіндегі әншіақындар арқылы өркениетті халықтар мәдениеті жайлы Абай аузынан шыққан тағылымдар, қазақ даласының түкпір-түкпіріне жайылды. Абайтанушы-ғалым, профессор Ж. Ысмағұлов былай дейді: “Ақын өзінің жемісті ізденістері арқылы дүниежүзілік көркем ойдың жетістіктерімен танысты. Және соның үздік

үлгілерін туған әдебиеттің топырағына алып келді. Абай – қазақ әдебиетіндегі түңғыш аудармашы. Байронның, Гетенің, Пушкин мен Лермонтовтың жекелеген шығармаларын аудару арқылы ол өз халқының рухани қазыналарын және көркем аударма дәстүрінің негізін салып берді" [4, 18 б.].

ХХ ғасыр басында жазба әдебиетті биікке көтерген қазақ ақын-жазушылары алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіне көз салып, әдеби байланысқа түсе бастады. Әсіресе орыс әдебиетінен үйрену кең етек жайғанын жоққа шығара алмаймыз. Оның көрінісі аударма шығармалардың көптеп пайда бола бастауы болғанын басында айтып өткенбіз. Ыбырай, Абай, Шәңгерей тәрізді алдыңғы толқынның тәржімашылдық қырын дамытып, төл әдебиетіміздің туын жоғары ұстаған аудармашылар дүние жүзілік әдебиеттің асыл қазыналарын, тамаша туындыларын туған халқына жеткізуге ұмтылды. Олар әлемдік әдебиет пен мәдениеттің озық үлгілерін қазақ сахарасына асқан шеберлікпен таратты.

Аударма біздің ана тіліміздің сөздік қорын байытып, ұлттық дүниетану өрісімізді ұлғайтады. Аудармашы жеке сөздерге балама іздеу арқылы ана тілдің бүкіл қазынасын кеңінен сапырып, ішіндегі асыл сөз байлықтарын шебер пайдалануға тырысады. Ескіріп бара жатқан сөздер қайта жаңғырып, қазіргі жанды әдеби тіліміздің қорына жаңа сөз тіркестері, көркем сөз баламалары қосылып жатады. Аударма қызметі жаңа сөздерді тілімізге енгізіп қана қоймай, күн сайын аударылып жатқан сансыз көп еңбектер олардың қолдану аясын кеңейтіп, қолдану нәтижесінде тұрақтандыруға халықтың ойы мен тіл байлығын өсіруге, сол сөздің ұғымдық шегін қалыптастыруға себепші болады. Аударма әдебиеті – халықтар достығының дәнекері. Осы пікірді дәлелдей алатын айғақты тиянақты ойды, орыс тіліне араб әдебиетін аудару жөнінде айтылған мына пікірді алайық: "Мың жыл деген тек бір халықтың тіршілігі үшін ғана емес, бүкіл адамзат өмірі үшін де өте көп уақыт, мың жыл бұрын өтіп кеткен ұлы ата-бабасын, олардың келешек үрім-бұтаққа қалай өмір сүрудің жарқын үлгісін көрсетіп, болашаққа жөн сілтеп ұмытпаған халық – бақытты халық. Өзінің алысжақын көрші елдерінде болған ұлы адамдарды біліп отырудан да бақыттылық" [5, 7-8 бб.].

Қазіргі адамзаттың өмір сүруі мен дамуының ғаламдық өзекті мәселері баршаға аян. Ғаламдық өзекті мәселелер қоғамдық дамудың қайшылықтарынан туындайды, адамзаттың өзін қоршаған әлемге деген ықпалы ауқымының күрт өсуімен, сонымен қатар елдер мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық даму деңгейінің әркелкілігімен, еларалық өмірдегі аударма ауқымының тарылып, халықаралық тілдердің үстемдігі артуымен де байланысты. Мұның алғашқы қадамы аударма арқылы жүзеге асады.

Әдебиеттің бұл жанрының дамуына аударма саласы өзіндік қомақты үлесін қосты. Қаламгерлер өркениетті елдердің мәдениетін қазақ халықына аударма арқылы сіңіруге болатындығын түсініп, осы жолда қажырлы еңбек етті. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сәдуақасов, М. Әуезов тағы басқа зиялылары да көркем аударма жасау ісімен жүйелі түрде айналысып, өзгелерге үлгі көрсетті. Қазақ оқырманы орыс ақын-жазушылары Л. Толстой, И. Тургенев, А.С. Пушкин, Ю. Лерментов, И. Бунин, М. Горький; алыс шетел қаламгерлері Д. Лондон, Г. Мопассан, А. Дюма, О. Бальзак, Б. Бру; шығыс классиктері Сағди, Омар Хаям, Физули, Шәмси, Науаи шығармаларымен ХХ ғасыр басынан таныс бола бастады.

Көркем аударма тәржіма жасалып жатқан тілде сөйлейтін халықтың мәдениетіндегі ұлттық әдет-ғұрыптарды сақтап қалуға көмектеседі. Ол өзінің тілін ұлттық бояуын құртатын немесе соның орнын ауыстыратын жат формалардың кірігуінен сақтайды [6, 97 б.]. Кейбір аудармашылар түпнұсқаны өңдеуге, дәлірек айтсақ, өз бетімен жаңаша жазып шығуға хақымыз бар деп ойлайды. Мұның бір ұшығы сол аудармашының қауқарсыздығында немесе өз ісіне жауапсыз карайтындығында жатыр. Өйткені түпнұсқаның ұлттық сипатын, өзіндік мәнерін, көркемдік ерекшеліктерін сақтай отырып аударғаннан гөрі өз қалауыңмен тарта беру әлдеқайда оңай, "Осылай ету қажет" деп ақталмақшы болады кейбір аудармашылар. Өйтпесе шет ел авторларының туындыларын қазақ оқырмандары жете түсінбейді. "Бұл - қазақша емес!", "Бұл қазіргі заман оқырманының құлағына тосын естіледі!" – деп ақталады. Не керек, автордың келіспеске лажы қалмайды. Сөйтіп, аудармашы түпнұсқаны қалауынша қаршалап, өзіндік жаңа бірдеңе жасап шығарады. Аударма шығармаларда ұлттық-көркемдік элементтер, тұрмыстық суреттеулер тәржіма барысында толықтай сақталуы қажет. Ал егер толықтай сақталмаса, шығармада суреттелген халықтың

әдет-ғүрпы, мәдениеті, ұлттық нақыштары солғындайды.

Қазақ жазушыларының орыс тілінен аударылған романдары мен әңгімелері жыл сайын ондаған баспа табақ көлемінде он мыңдаған данамен шығып жатыр. Әрине, бұл өте жақсы екеніне күмән жоқ. Бірақ кейбір аудармалардың түпнұсқадан ауытқып кетуі де кезедеседі. Аударма жауапкершілігі деген осы жерден шығады. Түркия жазушылар одағы синдикатының президенті, дүние жүзінде бейбітшілік сақтау қозғалысының белгілі белсендісі Әзиз Несиннің күлкісі қазақ жеріне келгеніне де біраз болды. Қазақ жазушыларының бірер буын өкілдері кезінде Әзиз әңгімелерін аударып, күнделікті баспасөз беттерінде жариялады. Айта кететін бір жайт, оның түпнұсқадан, негізінен, түрік тілінен тікелей қазақша аударылмағанында. Олай дейтініміз, алдымен орыс тіліне, сонан соң орыс тілінен қазақ аудармашыларынан бізге жетуінде болып тұр. Бұдан байқайтынымыз, қазақ жерінде түрік тілін жақсы білетін көркем аудармашылардың жеткіліксіздігі. Қазақстан Түркия елімен экономикалық қарым-қатынас орнатып келе жатқанда, бұл алда оң шешімін табар деп сенуге болады.

Қорыта айтқанда, аударма - әдебиеттің кең арналы, мол саласының бірі. Аударманың сөз дамытудағы мәні де айрықша зор. Өйткені аударма арқылы бір халықтың таңдаулы әдеби шығармаларынан басқа халықтың өкілдері сусындай алады. Қазір жер жүзі әдебиетінің көптеген тамаша туындылары қазақ жазушыларының туындылары, керісінше әлем әдебиетінің жауhарлары төл тілімізге аударылып келеді. Аударма арқылы әдеби байланыстар нығайып, байи түседі.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері // Көркем аударманың кей-бір мәселелері. Мақалалар жинағы. – Алматы: Қазақ көркем әдебиет баспасы, 1957. – 3-12 бб.
2. Дербісалин Ә. Ы. Алтынсарин. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 230 б.
3. Әуезов М. Ақылбай шығармалары туралы // СССР Ғылым Академиясы қазақ филиалының хабарлары. - М., 1953. – 1-кітап. - 25-33 бб.
4. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1994.– 223 б.
5. Нұрышев С. Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен. – Алматы, 1954. – 140 б.
6. Талжанов С. Аударма және қазақ әде-биетінің мәселелері. – Алматы, 1975. – 452 б.

* * *

В данной статье автор затрагивает глобальные проблемы развития и жизнедеятельности человечества, зарождающиеся вследствие противоречия общественного развития и возрастающего влияния на окружающую среду. В связи с бурным социально-экономическим и научно-техническим развитием обществом усиливаются и обогащаются литературные связи между народами и странами. И первые начинания в этом отношении воплощаются в жизнь посредством перевода, так как через перевод представители разных народов могут ознакомиться с шедеврами литературного творчества других наций и народов.

* * *

In this article the author talks about global problems of mankind development and activity arising as consequences to nontraditional social development and increasing influence on environment of person activity. Due to the rapid social, economic, scientific and technical development of society literary communications between the people and the countries amplify and enriched. And the first undertakings are realized by means of transfer in this regard as through transfer representatives of the different people can familiarize with masterpieces of literary creativity of other nations.

МӘДЕНИЕТ
КУЛЬТУРА

Русско-англо-американские литературные связи в первое двадцатилетие XX века

Е. А. Ломова

к.ф.н., доцент КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается проблема русско-англо-американских литературных связей в первое двадцатилетие XX века.

В начале XX века присутствие русского языка и русской культуры в целом продолжает расширяться в Англии, и с 1905 года в Ливерпульском университете вводится преподавание русского языка, а через 3 года возникает и курс российской истории. В этом же университете появляется и ежеквартальное издание журнала “Russian review” (1912-1917), в котором можно было найти широкий спектр интересных публикаций в области литературы, истории, политики и экономики.

В Лондоне появляется журнал «Россия XX века», в котором публикуется примечательная статья «Русский и англичанин» Д. Голсуорси, где русская проза определяется как «мощная животворящая струя в море современной литературы» [1].

Экономическое и политическое сближение Англии и России, подкрепленное англо-русским соглашением и тройственным союзом, включающим Францию, активно стимулировало дальнейшее укрепление культурных контактов между обеими странами.

Подробнее об этих процессах и культурологических тенденциях можно прочесть в книгах «Русская литература и ее зарубежные критики» [2] и «Русская литература и мировой литературный процесс» [3], а также в монографии Л.В. Пумянского «Классическая традиция» [4].

В фонде Брюсова сохранилась переписка со славистом, пропагандистом русской литературы в Англии У. Морфиллом, которая служит важным источником в исследовании личных контактов между представителями русской и английской литератур на рубеже XIX-XX столетий.

Подробнее о взаимосвязях Валерия Брюсова и Уильяма Морфилла можно прочесть в статье С. Ильева [5].

В конце XIX века в ряде стран Европы, в том числе в Англии и России, появляется группа художников и писателей, называющих себя «импрессионистами».

Это явление было открыто к диалогу с различными национальными культурами, сам факт которого определяется не прямым взаимоотношением, а глобальными общими закономерностями, направляющими мировой литературный процесс и позволяющими рассматривать его как некую единую по своим внутренним законам макросистему. Е.С. Себежко в своей статье указывает, что это положение «подтверждается новеллистическим творчеством Вирджинии Вулф и Бориса Зайцева, художников, не связанных никакими личными контактами, не испытавших никакого творческого воздействия друг на друга, но очень близких по эстетическим воззрениям и способам их художественного воплощения» [6].

Их объединяет «понятие мира как текущего, постоянно меняющегося движения, в процессе которого субъективное расширяется до вселенской, всечеловеческой объективности».

Сопрягаемость субъективно-объективного проявляется в особой наполненности времени, «соединяющего сиюминутное и бытовое с бытийным».

«И Вульф, и Зайцев интересуются жизнью человека не в его утилитарном опыте, а в напряженном само- и миропостижении. Авторское «я» всегда присутствует в их новеллах в особой нервно-напряженной эмоциональности, прихотливости ассоциаций, изощренности ху-

© 2012 al-Farabi Kazakh National University

дожественно видения, динамике созидательно-бессознательного, стихийно-чувственно-логического и онтологического» [6].

Импрессионизм восприятия усиливает изобразительное начало в их творчестве, создавая метафоричность стиля, особую поэтическую ритмичность прозы.

Подробнее о литературной теории XX века в оценках современного литературоведения Великобритании можно прочесть в статье О.С. Сидоровой [7], а в целом русская тема в английской литературной традиции начала XX столетия рассматривается в статье Т.Г. Теличко [8].

В начале 1900-х годов приобрел известность Дж. Лондон, и уже при жизни писателя было завершено его 22-томное собрание сочинений (1910-1916). Если на первых порах Лондон воспринимался лишь как мастер приключенческого жанра, то вскоре в нем увидели певца социальной борьбы, что противопоставляло его литераторам упаднического, декадентского толка. Большим поклонником Дж. Лондона был Маяковский. В 1918 г. он снимался в центральной роли поэта Ивана Нова в фильме «Не для денег родившийся», сценарий которого был написан по мотивам «Мартина Идена».

В 1906 г. появился перевод романа Э. Синклера «Джунгли» (тогда он назывался «Дебри»). В дальнейшем известность этого писателя быстро росла, и в 20-е годы он вышел на первое место среди всех иностранных авторов, издававшихся в СССР. К 1912 г. относится начало его переписки с Горьким, с которым его связывали дружеские отношения.

В свою очередь, Джек Лондон публикует статью о романе Горького «Фома Гордеев» (1901), а М. Ологин издает книгу о писателях под заглавием «Душа русской революции» (1917).

Подробнее о европейских художественных традициях в творчестве Д. Лондона в период с 1910 по 1916 годы можно прочесть в диссертации О.И. Чебан [83].

Укрепление культурных связей породило и такие английские издания как книгу публициста Ч. Сэроли «Долг Европы перед Россией» (1916). Ее автор утверждал, что в будущем в европейских школах русский язык окажется все более необходимым, а русская культура в целом окажет серьезное и определяющее влияние на англоязычного читателя [10].

В начале двадцатого века интерес англичан к творчеству Достоевского, Чехова и Толстого все более усиливался, и немалая заслуга в этом принадлежит Эдуарду Гарнетту и его супруге Констанс, проявившей себя как талантливая переводчица произведений вышеупомянутых авторов.

Следующим шагом в исследовании русской литературы в Англии стали монографии Мориса Беринга, среди которых следует выделить «Вехи русской литературы» (1910), где на текстовых примерах прозы Гоголя, Чехова и других русских писателей проводится мысль о художественной значимости и внутренней силе русского реализма [11].

В этот же период выходит в свет и интересная работа о русской литературе «Поэзия и прогресс в России», автором которой была Роза Ньюмарч.

Во время I Мировой войны при Лондонском университете создается «Школа славянских исследований», а после Октябрьской революции славистика уже становится официальным предметом в нескольких английских университетах.

Образ России начала XX века в творчестве американских писателей и публицистов подробно исследуется в диссертации Е.А. Третьенко [12].

В эти годы американцы открывают для себя творчество А. Куприна.

Впервые в английском переводе рассказ А.И. Куприна «Штаб-капитан Рыбников» (“Kaptain Ribnicov”) был опубликован в сборнике произведений писателя «Славянская душа» и другие рассказы» 1916 года (A.I.Kuprin The River of Life and Other Stories” Trans. by S.S. Koteliansky and J.M. Murry”, London, Maunsesell, 1916). Рассказ сразу же обратил на себя внимание и профессионалов, и любителей литературы. О художественных достоинствах рассказа положительно отозвался Д.Г. Лоуренс, и секрет такого успеха крылся в «шпионском сюжете» с четко прописанной детективной интригой.

О феномене популярности в Англии рассказа А.И. Куприна «Штаб-капитан Рыбников» можно прочесть в статье Н.Ю. Желтковой [13].

В Англии начала XX века приключенческие жанры находились на пике популярности. По этому поводу в 1908 году сам Куприн замечал, что книги трех английских писателей Р. Киплинга, А. Конан-Дойля и Г. Уэллса завоевали «всемирное признание». И массовый успех этой литературы русский художник объяснял «добросовестной техникой» и «выдумкой»,

которых, по его мнению, всегда недоставало русской литературе.

В поле зрения англоязычной аудитории оказывается и творчество С.Т. Аксакова.

Англоязычная критика об Аксакове начинается со вступительной статьи к переведенной в Англии в 1916-1917 годах трилогии «Детские годы Багрова-внука», «Семейная хроника» и «Воспоминания». Она опубликована в переводах Д. Даффа под заглавием «Годы детства. Русский джентльмен и русский школьник». «Годы детства» вышли в Англии с предисловием известного литературоведа Дэвида Сесила (1903), который называет рецензируемую книгу шедевром, лучшей книгой о детских воспоминаниях из тех, которые доводилось ему читать.

Критик подчеркивает, что достоинством Аксакова является удивительное умение окунуть читателя в особую атмосферу повествования о далекой русской природе и «другом» русском быте, создавая при этом стойкое ощущение личной сопричастности ко всему, что происходит в далекой российской стороне.

У Аксакова прошлое, воспоминания о чувствах ребенка переданы глазами зрелого человека при сохранении той свежести чувств, которая наполняла его в детстве и сохранилась в памяти.

Д. Сесил подчеркивает, что здесь нет ничего похожего на мистицизм Вордсворда, у которого природа овеяна неким трансцендентальным духом. Аксаков чужд мистицизма, но ему присуще глубокое духовное начало.

Подробнее об англоязычной критике о С.Т. Аксакове можно прочесть в статье Т.Л. Селитриной [14].

Литература:

1. Galswortny J. The Russian and Englishman. – “Twentieth-century Russia”, 1916. – Vol. 2. – N 1. – H. 20-24.
2. Русская литература и ее зарубежные критики. – М., 1974. – С. 198-248.
3. Русская литература и мировой литературный процесс. – Л., 1973. – С. 186-212.
4. Пумянский Л.В. Классическая традиция. – М., 2000.
5. Ильев С. Валерий Брюсов и Уильям Морфилл // В. Брюсов и литература конца 19–начала XX веков. – Ставрополь, 1979. – С. 90-106.
6. Себежко Е.С. Импрессионизм как всеевропейское явление (новеллистка Вирджинии Вульф и Бориса Зайцева) // Русско-европейские литературные взаимодействия. Проблемы художественного перевода. – Dickens Home, 2010.
7. Сидорова О.С. Русская литературная теория XX века в оценках современного литературоведения Великобритании / О.С. Сидорова // Русско-европейские литературные взаимодействия. Проблемы художественного перевода. – Dickens Home, 2010.
8. Теличко Т.Г. Русская тема в английской литературной традиции начала XX столетия // Русско-европейские литературные взаимодействия. Проблемы художественного перевода. – Dickens Home, 2010.
9. Чебан О.И. Европейские художественные традиции в творчестве Дж. Лондона (1910-1916). – Дисс. канд. филол. наук. – М., 2006.
10. Sarolea G. Europe’s debt to Russia. –London, 1916.
11. Беринг М. Вехи русской литературы. –М., 1913. –С. 69.
12. Третьенко Е.А. Образ Советской России в творчестве американских писателей и публицистов в историко-культурном аспекте 1917-1991 годов. – Дисс. канд. филол. наук. – Шуя, 2010.
13. Желткова Н.Ю. Феномен популярности в Англии рассказа А.И. Куприна «Штабс-капитан Рыбников» // Русско-европейские литературные взаимодействия. Проблемы художественного перевода. – Dickens Home, 2010.
14. Селитрина Т.Л. Англоязычная критика С.Т. Аксакова // Русско-европейские литературные взаимодействия. Проблемы художественного перевода. – Dickens Home, 2010.

* * *

This article observes of the problem of the Russian-English-American literature ties in the period from 1900 till 1920.

Английский этикет

А. Ж. Жапарова

ст. преподаватель КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. Английский язык – язык международного общения. Вместе с языком мы должны знать историю, культуру изучаемой страны. В данной статье мы приведем несколько особенностей английского поведения, общения, вообщем всего того, что может вмещать в себя понятие английский этикет. Важной особенностью английского общества является также отношение к речи человека как к указателю его социальной принадлежности. Огромную роль в этом смысле играет обретенное произношение: его не следует смешивать с правильным. Правильное произношение свидетельствует только об определенном уровне полученного образования. Обретенное же произношение указывает на принадлежность к избранному кругу.

Великобритания – страна многонациональная, на ее территории уживаются народы совершенно разных культур. Исторически Королевство сложилось из четырех стран, обладающих самобытной культурой: Англии, Шотландии, Уэльса и Северной Ирландии. Население каждой из них отличается ярким национальным характером, а древнее культурное наследие здесь сочетается с современным обликом. Знание культуры и истории этих территорий, уважение этических и деловых принципов Великобритании жизненно важно для Вас, если Вы решили сделать ставку на бизнес с представителями Соединенного Королевства.

Британская деловая культура: основные принципы и ценности.

1. Избегайте "острых углов": Британцы, особенно англичане, славятся своей вежливостью и обходительностью. Это один из ключевых моментов в британской культуре и фундаментальный аспект британского стиля общения. Ведя бизнес в Великобритании, Вы быстро обнаружите, что на прямой вопрос чаще всего можно получить уклончивый ответ, а диалоги могут быть на редкость двусмысленными. Таким образом, очень важно уделять особое внимание интонации голоса и выражению лица – именно это может Вам подсказать, что именно имеется в виду.

2. "Stiff upper lip" – в буквальном переводе "твердая верхняя губа". Этот образный термин часто используется для описания традиционных британских качеств – сдержанности и самообладания, которые британцы проявляют в трудных ситуациях. В британской культуре открытая демонстрация эмоций – позитивных или негативных – встречается очень редко, по возможности избегайте выражать свои чувства публично. На деловых встречах этот принцип означает, что ваши британские коллеги намерены построить диалог в атмосфере формальности и беспристрастности.

3. Юмор – ключевой элемент всех сторон жизни в Великобритании. Важность чувства юмора во всех ситуациях, включая деловой контекст, трудно переоценить. Юмор часто используется как защитный механизм, в основном в форме иронии или самоиронии. Ироничные нотки могут быть скрыты, завуалированы подтекстом, что также является характерной чертой британского уклончивого стиля общения. Соединенное Королевство знаменито своей яркой историей и сильными традициями, сформировавшимися под влиянием колониальной империи, гражданской и европейских войн, а также конституционной монархии. Четвертая по величине нация, торгующая со всеми странами, Великобритания быстро стала лидирующим европейским центром предпринимательства.

Поддерживаемая стабильной политической и экономической системой, Великобритания является привлекательной базой для зарубежного бизнеса, предлагая широкие возможности во многих областях, в том числе в исследованиях, разработках и новых технологиях. Тем не менее, чтобы успешно работать в британских деловых кругах, нужно запомнить несколько важ-

ных правил, и применять их как до, так и во время своего визита в Соединенное Королевство.

Рабочие моменты:

- в соответствии с британским бизнес-протоколом, пунктуальность очень важна на любой деловой встрече, приеме или ужине;

- назначать деловую встречу принято за несколько дней до нее;

- британцы склонны следовать установленным правилам, поэтому принятие решения часто становится весьма долгим процессом.

Структура и иерархия в британских компаниях.

- Современные британские компании имеют относительно "горизонтальную" иерархическую структуру. Принципиальное различие проводится между менеджерами и остальными служащими. (Внимание: в английском языке, и в Британии соответственно слово "менеджер" означает "руководитель". Менеджеры обычно отвечают за серьезный участок работы и управляют отделом, департаментом либо целой службой. Поэтому помните, что это слово не имеет ничего общего с российской традицией называть каждого продавца "менеджером торгового зала").

- В основном, центральным органом, принимающим решения, является совет директоров. Самые ответственные решения всегда в Великобритании принимаются на самом "верху".

Рабочие отношения в Великобритании.

- Руководители в Великобритании в основном предпочитают устанавливать хорошие рабочие отношения с подчиненными.

- Начальник зачастую берет на себя роль тренера, учителя, создавая атмосферу поддержки и вдохновляя своих сотрудников на выполнение работы.

- Командная работа очень важна, хотя и чувство индивидуальной идентификации тоже очень сильно по отношению как к реализации задачи, так и к совершенным ошибкам.

Бизнес в Великобритании.

Практические моменты:

- деловые встречи в Великобритании часто структурированы и упорядочены, но тем не менее, не очень формальны – начинаются и заканчиваются они обычно с общих разговоров;

- все коллеги и партнеры почти сразу переходят на обращение по имени. Исключение составляют только представители высшего руководства. Тем не менее, всегда ждите, пока Вам предложат обращаться друг к другу по имени, не нужно делать это первым;

- визитки являются важным атрибутом встречи, ими обычно обмениваются в начале заседания, при знакомстве;

- переговоры и принятие решений являются открытыми и гибкими. Ваши британские партнеры будут всячески способствовать успеху.

Британский деловой этикет (что нужно и чего НЕ нужно делать).

- Уважайте личное пространство. Британцы очень ценят это – держите приемлемую дистанцию.

- При первой встрече не забывайте пожать руки вашим партнерам. Это считается вежливым.

- Рекомендуется смотреть прямо в глаза вашим британским партнерам, однако такой взгляд должен продолжаться минимальное количество времени, в противном случае это будет считаться невежливым или грубым.

- Не задавайте вашим британским коллегам личных вопросов относительно их прошлого, дохода или места их проживания.

- Не нужно недооценивать важность чувства юмора во всех аспектах деловой жизни в Великобритании.

- Не забывайте, что инструкции часто маскируются под вежливые просьбы.

Важные мелочи.

В соответствии с британским деловым этикетом, при входе в комнату или здание пропустите вперед старшего по должности. В Великобритании принято уважать звания.

Сложенные руки во время деловой встречи являются для британцев знаком скуки, они решат, что Вы не заинтересованы в обсуждаемом вопросе. Число 13 среди британцев считается исключительно несчастливым. Если Вас пригласили домой к кому-либо их Ваших британских коллег, приходите спустя 10-20 минут от назначенного времени. Появляться раньше времени, указанного в приглашении, считается невежливым. Обратите внимание на особенность жеста, появившегося в Европе после победы над фашизмом и означающего победу – два пальца в виде буквы V. В Великобритании принято, чтобы ладонь была повернута от себя. В противном случае этот жест приобретает неприличный характер и означает "заткнись". Не стоит игнорировать ссылки по поводу одежды в приглашениях. Пометка formal предполагает, что дамы будут одеты в костюм или платье, а мужчины – в деловой костюм. Пометка casual разрешает Вам появиться в джинсах и любой другой неформальной одежде (в пределах разумного). Как и везде в Европе, в Великобритании не стоит появляться в одежде из натурального меха, в манто и шубах. Движение в защиту животных здесь настолько сильно, что даже знаменитые королевские гвардейцы теперь носят шапки из искусственного меха вместо традиционных медвежьих.

Резюмируя все вышесказанное, осталось только напомнить, что английский бизнесмен – это человек высокой культуры, эрудит и профессионал. Чаще всего эти люди имеют широкий круг интересов не только в сфере экономики и финансов, но также связанных с искусством, спортом и литературой. Британские бизнесмены считаются одними из самых квалифицированных в мире.

Итак, что нужно для того, чтобы получить хороший сервис в стране, куда вы приехали с туристическим визитом? Деньги? Связи? Суровое лицо? Ничего из вышеперечисленного. Для того чтобы стать не просто туристом, а гостем страны, необходимо знать правила хорошего тона и особенности менталитета местных жителей. Очень легко обидеть человека, даже не заметив этого. Как следствие, многие возвращаются из туров, полные негативных эмоций.

Даже в Европе, к которой мы с вами себя причисляем, существует множество нюансов поведения. Так, например, существует целый свод правил и советов для едущих в Великобританию. Британцы – весьма толерантный народ. Об этом говорит пословица: свобода моего кулака заканчивается там, где начинается свобода вашего носа. Не выказывайте негативных эмоций по отношению к британцам, особенно неевропеоидной расы, к расизму в Британии относятся очень жёстко. Не только свобода людей ценятся на островах. Крайне не рекомендуется носить в Лондоне меховую одежду.

Несмотря на то, что Британия сравнительно дорогая страна, здесь не любят принимать к оплате купюры в 500 евро. У вас их, конечно, примут, но всё же, согласно местным исследованиям, такие купюры чаще всего используются в операциях по отмыванию денег. Кроме того, Соединённое Королевство чтит свою валюту – фунты – и предпочтительнее расплачиваться именно ими. В цену за обслуживание в отелях включены дополнительные 12% чаевых, которые вы вправе потребовать обратно, если остались недовольны качеством обслуживания.

Если хотите произвести приятное впечатление на англичан, никогда не кладите во время еды руки на стол, не перекладывайте столовые приборы из одной руки в другую, не накалывайте на вилку овощи. Не целуйте женщинам руки и не говорите публично комплиментов. Если хотите выразить восхищение кулинарными способностями хозяйки дома, похвалите её с глазу на глаз, иначе вас сочтут невоспитанным позёром.

Кроме того, за столом в Британии не принято поддерживать несколько отдельных бесед. Все сидящие за столом должны

поддерживать один разговор, не перебивая собеседника.

Туманный Альбион – страна, где невероятно трепетно чтут свои обычаи, поэтому будьте внимательны при общении с британцами. Взамен вы будете вознаграждены отличным уровнем обслуживания, хорошим отношением и яркими позитивными воспоминаниями об этой великолепной стране.

Литература:

1. Э: Этика и этикет в бизнесе: Дэйв Коллинз. – Москва: Феникс, 2006. –160 с.
2. Business English: Textbook / Бизнес-английский: С. А. Шевелева, М. В. Скворцова. – Москва: Филоматис, 2007. – 352 с.
3. English for Businessmen / Английский язык для делового общения (комплект из 2 книг + CD-ROM). – Москва: Филоматис, 2010. – 552 с.
4. Nonverbal Business English / Невербальный деловой английский язык: Н. Л. Грейдина. – Санкт-Петербург, Восток-Запад, АСТ, Харвест, 2006 . – 144 с.
5. И. Н. Кузнецов. Деловое общение: Учебное пособие. – Москва: Дашков и Ко, 2007. – 528 с.
6. Курс делового английского языка: Рейчл Армитаж-Амато. - Санкт-Петербург: Мир книги, 2007. – 192 с.

* * *

Ағылшын тілі – халықаралық қарым-қатынас тілі. Тілмен қатар біз оқытылатын тіл елінің тарихы мен мәдениетін білуіміз қажет. Мақалада ағылшынның тәлім, жүріс-түрыс ерекшеліктері, яғни ағылшын этикеті ұғымына кіретін барлық мәселелер қамтылған. Ағылшын қоғамының басты өзгешелігі – адамның әлеуметтік ортаға тәнділігінің көрсеткіші, оның сөйлеу этикетіне деген көзқарасы. Бұл ретте басты ролді қалыптасқан сөздің айтылу мәнері орындайды, дұрыс айтумен шатастырмаған жөн. Сөзді дұрыс айту – алған білімнің белгілі деңгейін айғақтайды. Бірте-бірте қалыптасқан айтылу – адамның таңдаулы топ қатарына тиістілігін куәландырады.

* * *

English language – language of the international dialogue. Besides language we should know history, culture of the studied country.

In given article we will result some features of English behaviour, dialogue, generally, that can contain in itself concept of English etiquette. The important feature of an English society is also the attitude to speech of the person as to the index of its social accessory. The huge role in this sense plays the found pronunciation: it should not be mixed with proper one. The proper pronunciation testifies only to the certain level of the received formation. The found pronunciation specifies an accessory to the selected circle.

ЖАС ҒАЛЫМДАР
МОЛОДЫЕ УЧЕНЫЕ

Қабдеш Жұмаділов шығармаларындағы мифтік көріністер

А. Әзизова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың II курс магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада жазушы Қабдеш Жұмаділовтің көркемдік әлеміндегі мифологиялық көріністер қарастырылады. Мифологиялық көріністердің бірі түс көру, көрген түсті өмірдегі оқиғаларға байланысты жори отырып болшақты болжау әдісі жазушы шығармаларынды өте сәтті қолданылғаны айтылады. Мақалада жазушы шығармаларының ішіндегі шоқтығы биіктеу көрінетін «Соңғы көш» және «Таңғажайып дүние» романдарындағы мифтік көріністер сараланып, қолданылу екершеліктері жайында сөз болады.

Қазіргі қазақ әдебиетінде мифке қызығушылық релизммен постмодернизмге дейінгі әртүлі эстетикалық бағыттағы жазушылардың көбіне тән, ол әңгімеден романға дейінгі түрлі жанрлық нышандарда жүзеге асырылып келеді. Миф әр түрлі көркем бағыттар мен жанрларда нығайып қана қойған жоқ, көркем мәтіннің барлық дейгейіне енуде. Фольклорлық дәс-түрлердің бұл түрі Қабдеш Жұмаділовтің шығармаларында да кеңінен қолданылған. Жазушының қай шығармасын алып қарасақ та фольклорлық дәстүрлерді орынды қолдана алғанын аңғарамыз. Сондай шығармаларының бірі де бірегейі «Соңғы көш» романы. "Соңғы көш" – табиғи тазалығын, кәусар бұлақтай мөлдірлігін сақтап қалған көшпелі жұрттың өмір атты керуен – көштегі соңғы бүлқынысы, алапат арпалысы.

Расында Қабдеш Жұмаділовтің шығармашылығында «Соңғы көш» дилогиясының алатын орны ерекше. Бұл шығарма – шынайы толғақтан, нағыз жан мен тәннің жарасынан туған асыл дүние.

Жазушы осы романында да шығарманың атауынан бастап, басты кейіпкерлердің болашағын, алдағы тағдырын, ертеңгі күндерде күтіп тұрған өзгерістерді түс арқылы кейіпкердің өзіне де, оқырманға да жеткізіп отырады. Шығармада түс көру, оны жору, болашақты түс арқылы болжау деген мәселе қазақ өнерінде бұрыннан қолданылып келе жатқан әдіс. Ғалым Г.Пірәлиева шығармадағы түс көруді талдау мәселесі жөнінде: «Мифопоэтиканың эстетикалық деңгейінің биіктігін байқататын әдеби түс көруді талдау мәтінде символдық, мифологиялық, информациялық, сәуегейлік, психоаналитикалық, т.б. қызмет атқарады. Әсіресе, кейіпкердің жан диалектикасын, әр түрлі жағдайдағы көңілкүйін, эмоциялық сезімдік құбылыстарын қадағалай зерттейтін психологиялық арнайы бейнелеу құралдарының бірі болып саналатын әдеби түс көруді талдау көркем туындылардағы сюжетке арқау болумен қатар суреткердің ойлау сапасының даралық сипатын да танытады» деген пікір айтады [5,248].

Түстің мақсатқа қарай қалай қолданыс табуы мен қалай ойнатып, күлпыртса да икемге көнетін көркемдік мүмкіндігі шексіз. Тек ол әр қаламгердің шеберлігіне, ішкі еркіндігіне, қабілет қарымына байланысты.

Жазушы шығармада Қанағат бидің түсін былай жеткізеді: «... Жақында бір түс көрдім. Қызық түс... Қазақтың «Ақтабан шұбырындысы» әлі аяқталмаған секілді. Осы ел біраз жылдан кейін батысқа қарай жөңкіле ме, қалай?... Баяғы сендер асып келген асумен қайран ел тағы да көшетін шығар. Егер ондай заман туа қалса: көзің ашық жігітсің ғой, мына ел өзіңе аманат! Адастырмай күтты орнына қондырарсың... » - дейді би. Бұл жерде жазушы бидің түсі арқылы, оның жорамалы арқылы халықтың болашағын болжатып тұр. Расында би түсінде көргендей, өзі дүниеден өткеннен кейін артында қалған халқы бірнеше жылдардан кейін бір кездері

© 2012 al-Farabi Kazakh National University

біраз халық шекара асып, ауып келеген ізімен кейін қарай жөңкіле көшеді. Би айтып кеткен көш! «Ақтабан шұбырындының» соңы. Оны да шығарма соңында бас кейіпкерлердің бірі Нұрбектің аузынан шыққан сөзбен жеткізеді оқырманға: «Сең бұзылды, ұлы көш басталды ғой... Естимісің? Ақыры халықтың өзі жол тапты... Қол-аяққа түскен бұғаудан құтылатын заман туды. Сабыр-шыдамның шегіне жетіп, тәк-тәкпен әрең отырған халық бір-ақ күнде от тиген қамыстай дүрк көтерілді. Ауыздан-ауызға тарап, желдей жүйіткіген бір ғана сөз бар. Ол – көшу... Ұлы көш! » [4,496].

Осы жерде бас кейіпкер Естайдың да іс-әрекетінен ежелден келе жатқан салт-дәстүріміздің бірін байқаймыз: «... Алдымен зираттың басына келіп, әке рухымен қоштасты. «Қош бол, Көке! Бір кездері өзің арман еткен ұлы көш басталды. Сол көшке ілесіп, халықпен бәрге мен де кетіп барамын. Бұдан кейін туған жерге қайта оралудың сәті түсе ме, жоқ па? Өзіңді осынау төбе басында жалғыз тастап кеткенімді кешіре көр. Сенің молаң енді менің жүрегімде» деді осы бір сөздерді дұғасындай күбірлеп». Ата-баба рухына құран бағыштау, өлген адамның рухымен тілдесу және тағы басқа осы секілді іс-әрекеттер ежелден қалыптасқан, қазіргі уақытта да қаймағы бұзылмай сақталып келе жатқан фольклорлық дәстүрлер қатарына жататын салттар. Шығарма атауына байланысты соңғы түйінді сөзді де Нұрбектің аузынан естиміз, ол бір кездері Қанағат бидің өмірден өтер алдында ел-жұртының алдында өзі көрген түсін айтып, сол түсіне байланысты айтқан болашақ туралы болжамының, жорамалының өмірде шынға айналып, дәлелдене түсуі. «үшеуінің ішінде алдымен тіл қатқан Нұрбек болды: - Қазақтың «Ақтабан шұбырындысы» осымен аяқталар ма екен? Әй, ең соңғы көш осы болар...», - дейді.[4,527]. Ия, расында бұл қазақ даласында қаймағы бұзылмаған көшпенділердің соңғы көші болатын.

Көріп отырғанымыздай автор шығарманың негізгі мазмұнын, атауының шығу поэтикасын қазақтың мифологиялық әдісі арқылы, яғни түс көру, оны жору арқылы оқырманға жеткізіп отыр. Міне, осының өзінен жазушының шығарманы жазу барысындағы фольклорлық дәстүрлерді қолдануының ерекшелігін байқаймыз. Екі томдық романда тағы басқа да бірнеше бас кейіпкерлердің болашағы түс көру, соны жору арқылы көрінеді. «Бір қызық, шырма-шату түс көрді... Баяғы жас кезі екен дейді, бостандықта жүр екенмін дейді. Ауыл үстінде Қаражалда отырған тәрізді. Бұл бір топ адаммен Ақтасты кенерлеп, Қайрақтыны жайлаған Шөтік ішіне қайындап барған екен дейді... Қыздардың арасында ақ үкісі бұлғақтап, Күміс те келе жатқандай.Осы қызға баяғыда бір рет үйленген сияқты едім деп ойлайды. Енді бір мезетте асыр салып жүгірген балалардың ішінен өзінің екі ұлы Үрістем мен Дастанды көреді. «Бәсе, мен Күміске әлдеқашан үйленгенмін, мынау менің балаларым ғой», - Нартай ішінен. Әбден сағынған үлдарына құшағын жайып тура ұмтылады. Бірақ ана екеуі «көкелеп» келіп мойнына асылудың орнына, қашқақтап жоламайды. Мұны танымайтын сыңай көрсетеді... Енді бір қараса, қолына ұстап келе жатқаны көкпар емес, жарқылдаған қайқы қылыш болып шығады. Соңында қапталдай шапқан елдің қолында да бір-бір қылыш... Оқ жаңбырдай жауып тұр екен дейді. «Баймұрат! Баймұрат! Азаттық үшін, туған ел үшін алға!»деп айқайлағысы келеді, бірақ үні шықпайды. Кенет дауыстары жер жарып, соңында ұрандап келе жатқан жұрттан да ешбір сарбаз қалмапты. ... Кенет қалың түнектің арасынан мылтығын кезей ұстаған жау солдаты шыға келеді. Жеңіске мастанған жау күлкісінен жексұрын не бар екен дүниеде? «Атсайшы енді, иттің баласы! Не қып тұрсың?» деп ақырады зығырданы қайнаған Нартай... Ол өз даусынан өзі шошып оянады. Ол біразға дейін жаңағы көрген түсін еске түсіре алмай, ақыры жобасын құрастырғандай болады. Қазақ жақсы түс көрсе, біреуге айтып жорытқанша асығады. Жаман түс көрсе, «Тәйірі, түс түлкінің боғы емес пе?» деп қолды бір-ақ сілтейді. Нартайдың қасында түс жорытатын да ешкім жоқ еді. Не үшін екен, соңғы кезде осындай бір түстерді жиі көретін болып жүр... Әйткенмен, бүгінгі түсі ұнамады өзіне. Қанша ырымшыл болмағанымен, түсінде жау қолында қалуын жақсылыққа жори алмады».[4,69]. Нартай батырдың түрмеде жатқан кезіндегі көрген түсі өткені мен бүгінін және ертеңін дәл көрсетіп, саралап береді, ол жерде жас кезіндегі ойын-сауықты, отбасын көрсете келе, ел үшін, жер үшін жанын шүберекке түйіп шайқасқан кездерін көреді, соңында өмірінде болмаған қызық жайттарды көреді, бұл сарбаздарымен бірге қашып келе жатыр екен, бір кезде сарбаздары да жоқ болып кетеді де, өзі жау қолында қалып қояды, жау батырды атып өлтіргісі келеді. Осы көрген түстері батырдың болашағынан хабар беріп тұрғандай. Өйткені алдағы өмірінде тура осындай шытырман оқиғалар күтіп тұр еді. Өміріндегі ең жақыны, бауыр еті балаларының өзі батыр-

ды көпшілік алдындағы ашық сотта әкелерінен теріс айналып, елдің алдында әкелеріне қарсы сөз сөйлейлі, батырға бұл өте үлкен ауыр соққы болады, өзінің туған жерінде болып жатқан жиында ең болмаса құлындарымды бір көріп, маңдайынан иіскесем деп түрған әке өз ұлын көргенде есінен танып қала жаздады: «... Бірақ Нартайдың көретін сүмдығы әлі алда екен, бұған деген жан азабының ең ауырын да аяныштысын да әдейі соңына сақтапты. Өзінің үлкен ұлы Үрістемді әлдекім қолтығынан жетектеп сахнаға алып шыққанда, Нартай есінен танып қала жаздады. Бір көріп маңдайынан иіскеуге зар болып жүрген Үрістемі ғой... Тәңірім-ау, бұған не айтқызбақ сонда? О, қу құдай, ендігі көрсетейін дегенің осы ма еді?!... Манадан бері сыр бермей түрған Нартайдың осы түста жүйежүйесі босап, басы айналып, тізесі бүгіліп кете жаздады. Баласының сөзі құлағына еміс-еміс қана жетеді. – Иә, ол халықтың жауы... Сондықтан менің де жауым. Бүгіннен бастап мен оны әке деп есептемеймін. Мен – халықтың баласымын... Нартайдың құлағы шыңылдап, бұдан ары не айтып түрғанын естіген жоқ. Бір заматта есін жиып қараса, ұлы сөзін бітіріп, кетіп бара жатыр екен. Ол өзін ұстай алмай: - Үрістем, құлыным... келші, маңдайыңнан бір иіскейін! – деді даусы жер астынан шыққандай тарғылданып. Қаны қашып, қағаздай ағарып кеткен Үрістем не істерін білмей, орта жолда сенделіп түрып қалғанды. Әлдекім қолтығынан шап беріп ұстады да, ішке қарай ала жөнелді». [4,164]. Бұның бәрі батырдың өзі түсінде көрген оқиғалардың өңінде шынға айналуы еді. Өзінің бауыр еті баласының өзіне қарсы сөз айтуы әке күтпеген оқиға болды, осы жағдайды да батыр түсінде көрген. Түсінің соңындағыдай батырдың ажалы жау қолындағы қарудан болады. Елі үшін аянбай жылдар бойы жауымен шайқасқа түсіп келген батырды Қытай өкіметі батырды өзінің туған елі алдында атып өлтіреді. Қарап отырсақ романдағы басты кейіпкерлердің бірі Нартай батырдың тағдыры да оқырманған фольклорлық дәстүрдің бірі – түс көріп, оны жору арқылы жетіп отыр.

Қабдеш Жұмаділов С.Сейфулиннің өмірі туралы жазған «Ақынның ақырғы күндері» атты әңгімесінде де түс көру, түс арқылы болжау әдісін қолданады. Осы әңгімеде ақынның өлім сәтінің тақалып қалғанын түс көруі арқылы сезуін шебер жеткізеді. Жазушы баяндау тәсілі арқылы ақын түсін былайша суреттейді: «Сол күні кешке ақын бір қызық түс көрді. Бұрынғы түстері шырма-шату, бұлыңғыр болушы еді, бұл жолғысы өңіндегідей ап-анық. Арқаның кең даласы екен дейді... Ел жайлауға қарай бет алған секілді.Үбақ-шұбақ, сәнді көш... Ер-түрманы жарқылдаған үкілі қыздар, сәйгүлік мінген жігіт-желең. Ақынның астында өзі өлеңге қоса беретін ақ боз аты бар... Содан бір мезгілде көп ауыл көл жағалай қонып жатқан сияқтанады. Жағалауы қамыспен жұрындалған шалқар айдын. Әупілдек көлі тәрізді. Көл бетінде аппақ аққулар жүзіп жүр... Кенет дүние дүрлігіп кетеді. Көл бетін өрт шалғандай. Өрт емес, қанға боялған аққуларды біреулер жағалаудан оқ жаудырып атып жатқан секілді... Ақын «аққуды атуға болмайды» деп айқайлағысы келеді. Бірақ, қанша зорланса да, үні шықпайды... Сөйтіп, батығырылып жатып, оянып кетті. Өне бойын сүп-суық тер басып кетіпті. Таң атып қалса керек, камера іші алакеуім. «Қайбір жақсылық дейсің», - деді ақын іштей күбірлеп». [6,7] «... Бұл заманның түсі де жан шошырлықтай», - дейді жазушы бір жерінде. Жазушы әдеби түс көруді талдаудың табиғи мүмкіндігін, көркемдік қызметін суреткерлік шеберлікпен қолдана отырып, кейіпкердің ішкі әлеміне еркін енудің таптырмас құралы ретінде қолданады. Заманның аяқ асты құбылғанын қаламгер кейіпкердің түсі арқылы береді. Жазушы қазақтың «киелі құсы аққуды атуға болмайды, атса бір кесапат болады» деген ырымын түс арқылы береді, сонан соң бұл түсті ақынның өзіне жорытады. Ақын үш күннен соң жендеттердің қолынан қаза табады. Әңгіменің шешімі осылайша түйінделеді. Қаламгердің бұл тарихи әңгімесі, басқа әңгімелеріндей емес, осылай өкінішпен аяқталады. Бұлардан шығаратын қорытындымыз - көркем әдебиеттегі кейіпкердің түс көруін сюжеттік желіге арқау ету қаламгердің шығармаларында кеңінен көрініс тапқан,өте сәтті қолданылған.

Жазушының «Тағдыр», «Соңғы көш», «Атамекен», «Прометей алауы», «Дарабоз», «Таңғажайып дүние» атты романдарындағы бір ерекшелік – тарихи дерек көздерінің дәлдігі мен оқиға орнының нақтылығы болса, екіншісі – көшпелі ұлт руханиятының түрмыстық этнографиялық мәдениеті дәстүрлі сипатымен, қанық ұлттық бояуымен көрініс табуында. Осыған орай әр кейіпкердің ұлттық болмыс-бітімі, мінез-құлқы, ұлгі-өнегесі, наным-сенімі, парасатпайымы көшпелі түрмыс мәдениетінің даналығына сай көркемдік айналымға түскен.

Қазақ көркем әдебиетінде ғұмырнамалық шығармалардың саны көп емес еді. "Соңғы көш" және ғұмырнамалық роман «Таңғажайып дү-

ние» – ғасырлар бойы аузынан "тәубасы" мен "қанағаты" түспеген, ешкімге ұқсамас төлтума мәдениет жасаған, мына жарық дүниеде барша жұртқа гуманизм мен шынайы демократияның жарқын үлгісін көрсеткен, өмірге адамның қонақ екенін терең түйсінген, "қонып бір өтер сай үшін, арам өлер тай үшін" бет жыртыспауға үндеген, жаны жайсаң, жүрегі мәрт жұрттың шынайы тарихы.

Расында Қабдеш Жұмаділовтің шығармашылығында «Соңғы көш» дилогиясының алатын орны ерекше. Бұл шығарма – шынайы толғақтан, нағыз жан мен тәннің жарасынан туған асыл дүние. Жазушының жаны мен тәніне түскен жаралардың тыртығы ақ қағаздың бетін ғана тырнап қойған жоқ, оқырманның жүрегін де осқылады. Дилогияны оқыңыз, қайталап оқыңыз, сонда сіз Қадештің талантына ғана бас ииіп қоймайсыз, оның төтенше тағдырына да тәнті боласыз. Соншалықты алапат, сұрапыл сәттерді автордың өз басынан кешіргеніне күмәніңіз қалмайды. «Соңғы көшті» қазақ әдебиетінің мәуелі бағында оқыстан бой көтерген, бізге бейтаныс та құнарлы топырақтан нәр алған зәулім шынар деп қабылдаймыз. Осы романды оқи отырып өзге елде қалған қандастарымыздың тыныс-тіршілігімен танысып қана қоймай, өз елімізде ұмыт болуға айналған, алайда шетелдегі халықтың өміріндегі қазақтың қаймағы бұзылмаған, ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымызды, ырым-жоралғыларымызды, табиғи таза, пәк түсініктерін кездестірмеміз. Таза, пәк түсінік, ойлау, болжау дегеніміз көрген түс, болған оқиғаны болашақпен байланыстыра болжап, сол божамға сәйкес іс-әрекет жасау және тағы басқалар. Бұл дилогия – тек автор талантының ғана өресін танытатын шығарма емес, бүгінгі әдебиетіміздің төбелер, жоталар, таулар жүйесіндегі беделді ориентир шыңдардың бірі.

Шетелдегі қазақтардың тағдыр талайы туралы білу – әлі де зәру мәселелердің бірі. Бұл түгіл жалпы «кеңестік дәуірде туған тарихи романдарға объективті түрде баға берілді» деп бүгінде ешкім де айта алмаса керек.

Қорыта айтқанда жазушы шығармаларынан, оның ішінде «Соңғы көш» пен «Таңғажайып дүние» романдарынан өзге елдегі қандастарымыздың бастан кешкен сан-алуан тағдырларын, сол қилы замандағы түрлі тағдырды оқырман жүрегіне жеткізу үшін ежелгі мифологиялық көріністерді сәтті қолдануын айқын көреміз. Сан тағдырлы кісі келбетін сомадау, ата жұрттан алыс жатқан ағайынның алмағайып өмірін көркем сөзбен шежірелеп беру осы кітаптың басты мұраты. Жазушының өзі айтқандай, біз енді қазақтың ең соңғы батырын, ең соңғы биін, ең соңғы көшін, ең соңғы аруын, ең соңғы жайлауға шығуын жазушы шығармаларынан ғана оқып білетін боламыз. Шүкірлік етеміз, осынау дүниелердің із-тозсыз кетпей жазушы қаламы арқылы таңбаланып қалғанына.

Әдебиеттер:

1. Жұмаділов Қ. «Соңғы көш» осылай туған // Қазақ әдебиеті, 1981. – 11 б.
2. Жұмаділов Қ. 8 томдық шығармалар жинағы. – 5 т. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 536 б.
3. Жұмаділов Қ. 8 томдық шығармалар жинағы. – 4 т. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 504 б.
4. Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 325 б.
5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 287 б.
6. Жұмаділов Қ. Ақынның ақырғы күндері // Қазақ әдебиеті. 22 желтоқсан. – 2000. – №51.

* * *

В статье рассматриваются мифологические сюжеты художественного мира известного казахского писателя Кабдеша Жумадилова. Отмечается удачное использование метода предвидения будущего через толкования сна в неразрывной связи с жизненными событиями. В статье пранализированы мифологические сюжеты и приемы их использвания на материале романов «Последнее кочевье» и «Удивительный мир».

* * *

In this article examined mythological subjects artistic world known kazakh writer Kabdesha Zhumadilova. The successful use of method of foresight of future through interpretations sleep is marked in indissoluble connection with zhizennymi sobyatiyami. In the article of pranalizirovany mythological subjects and receptions them ispol'zvaniya on material of novels the «Last camp» of nomads and «Surprising world»

Төлеу Көбдіков лирикасындағы ұлт-азаттық сарын

К. О. Таттимбетова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың II курс магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Аталған мақалада шығармалары халық жадында сақталып қалған Төлеу Көбдікөв шығармаларындағы ұлттық-азаттық мәселесі сөз етіледі. Патша жарлығына қарсы бағытта жазылған өлеңдері жан-жақты талданады. Ақынның өз заманының саяси жағдайына қатысын анықтау мәселесі және түрлі кезеңдерде жарық көрген нұсқаларын өзара салыстырып, табылған өзгерістердің себебін түсіндіріп, ақын шығармаларына жаңа қырынан қарау мәселесі қарастырылған.

Төлеу Көбдіков сөз өнерін ерекше қадір тұтқан. Поэзияға талғаммен, таныммен келген. Отан, халық тағдыры оның поэзиясының өзекті проблемалары ретінде көтерілді. Жеңіл тақырыпқа желдей есіп, оңды-солды өлең жаза беру оның табиғатына жат болатын. Әлеуметтік мәселелерді ақын өз поэзиясында көтере отырып, көркемдік қуатына да ерекше көңіл бөлген. Мұның өзі ақынның поэзияға деген көзқарас деңгейінің биіктігін байқатып, қалам қарымының қуатын танытады.

Төлеу Көбдіков шығыстың бай әдеби мұраларымен де таныс болған. Сол кезде қазақ арасына кең тараған «Мың бір түн», «Шаһнама», «Ләйлі-Мәжнүн», тағы басқа осы сияқты асыл шығармаларды оқып, көңілге тоқи біледі. Жазушы Жақан Сыздықовтың мына бір пікірі соны нақтылай түседі, «Төкеңнің Шығыс әдебиетімен де таныстығы зор», «Мың бір түн хикаясы», «Қырық уәзір», «Шаһнама», «Тотынама», «Тоқсан тараулы аңыздар» қарт ақынның жүрегіне жатталып, бойына сіңген» /1/.

Өзі де Шығыс ақындарына еліктеп, аңыз желісі бойынша «Қырық уәзірді» жырлаған.

Жас кезінен Абай аулына жақындығы Төлеуге ұлы ақын шығармалары арқылы орыс әдебиетімен танысуға мүмкіндік берді. Аударма арқылы Пушкин, Лермонтов өлеңдерін көп оқып ел арасында айтып отырған. «Мать Толеу Куандыка была одним из интимнейших друзей Абай и юнного сына ввела в литературную среду, центром который был Абай. Толеу Кобдиков выделяется из акынов своего поколения высотой поэтической культуры и юлизостью ее к русским и европейским образцом, а так же широтой своих идейных замыслов» /2/.

Абайдың ұлылығын дүниеге келтірген осы үш бұлақтан мейірі қана сусындаған Төлеу де халықтың бай ауыз әдебиетінен қоректеніп, жазба әдебиетке жол тартқан.

Төлеу ақын халық ауыз әдебиетіндегі мақалмателдерді де еркін қолданады. Мысалы, «Ерінштектің ертеңі тасылмайды», «Жақсы әке жаман ұлға қырық жыл азық», «Бірлік қыл-тірлік қылсаң», «Көпке ырыс-жақсы туса» т.б. Ақын шығармашылығында тыңнан құрастырылған бір топ қанатты сөздер ел ішінде кең таралып, мақал-мәтел ретінде қолданылатыны байқалады:

Ақымаққа адырайған көз бітеді,
Мақаудың әңгімесі тез бітеді.
Ақ көңіл, аты арымас ақ жарқыным.
Керегі жоқ дедім ғой итке алтының.
Басқа елдің ерен бақты сарайынан,
Жұрты ртық көшіп кеткен өз халқымның.

Жалпы, ақын өз атынан айтқанда онда лирикалық тұлға «мен» әрқашан бой көрсетеді. Төлеу Көбдіков лирикасындағы «мен» бейнесі қашан да елін, жерін, халқын сүйетін биік тұлға. Мәселен, мына өлеңдегі «Басқа елдің ерен бақты сарайынан, Жұрты артық көшіп кеткен өз халқымның» деген жолдарда туған жерге, өз халқына деген сүйіспеншілік ұтымды берілген.

Ақынның төңкеріске дейінгі жазған өлеңдерінің ішіндегі мазмұндысы да көркемдік жағынан озығы – 1916 жыл оқиғасына байланысты туған жырлар. Оған «Сарыарқа» (немесе «Сарыарқаның сарыны» деп аталатын) және «1916 жыл» жырлары жатады. Профессор Б.Кенжебаев «Қазақ халқының» 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі туралы ауызша шығарылған және жиналып басылып жүрген өлең-жырларды тақырыптарына, мазмұнына қарай бірнеше топтарға бөледі де, Төлеудің «Сарыарқа» толғауын маусым жарлығы және оны халықтың қалай қабылдағаны жайлы жазылған туындылардың көрнектісіне жатқызады /3,273/.

Толғау 1916 жылдан бері ауызша сақталып, кейін 1936 жылы «1916 жыл» атты жинаққа (құрастырушысы Б.Аманұлы) енген. Кейін «1916 жыл» аталған (1940) үлкен жинаққа ықшамдалып басылған. Толғаудың тууына себеп болған жағдайларды жоғарыда айтып өттік.

Ақын жарлыққа байланысты ел басына түскен ауыртпашылық, күйзелушілікті терең толғанып, тебірене жырға қосады:

Июньде жиырма бесінші шықты жарлық,
Жарлықты естіген соң естен тандық.
Жыр қылды үш-ақ күнде жиналсын деп,
Болады бұдан артық қандай тарлық.

1916 жылғы маусым жарлығы қаймана қазақтың азаматтарын жай түскендей есеңгіретіп, естен тандырғандай күйге түсіргені шындық. «Сонда әділеттік қайда?» деген сұраққа ақын:

Әркіммен теңдес туған аталықпыз,
Арғыдан келе жатқан қатар ақпыз:
Қаршыға, тұрымтайды жем қылуға
Біз қалай осыларға жапалақпыз?

Деп жауап береді де, әлеуметтік теңсіздктің сырын көрсетуге талпынады. Ақын 1916 жылғы маусым жарлығын өз халқына қорлау деп таниды. Бодан халықтың көрер күніне налиды. «Әркіммен қатар туған аталықпыз» деп, өз аталарының рухты, тәуелсіз, күшті ел болғанын аңғартады. Адам баласы әуелден қатар жаратылған десе де, күшті мен әлсіздің арасындағы күрестің шеуңн таба алмайды. Мәселен:

Жақсылар өзі білер нұсқаласа,
Тоқтау жоқ өтірікке қысқаласа.
Бұл жерде талай арман айтылмайды,
Заман тар, тілді қысқа ұстамаса, -

деп, «жақсылар өздері түсінеді» деген ишара білдіріп қояды.

Төлеу Көбдіков заманның тарлығын айта отырып, қайткенде де көнесің, басқадай шара жоқ, «ақтабан шұбырындыда» аштық көріп әбден азып-тозған ел енді етек-жеңін жиып, басын жаға құрап келе жатқанда тағы бір пәлеге кез болды ғой деп зар илейді, қамығады:

Сары Арқа қаламысың туған жерім,
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.
Бұрынғы қан төгісіп атам қонған,
Жетіжұрт бізден бұрын көшкен жерім!
Айрылып, Сары Арқаның саласынан
Болар ма қазақ аты өшкен жерің.

Төлеу Көбдіков қазақ тарихын терең білген ақын. Сарыарқаның қазақ халқының төрі екенін, оның тарихы тереңде жатқанын жырға үнемі қосып отырған. Мысалы, «Бұрнғы қан төгісіп, атам қонған, жеті жұрт бізден бұрын көшкен жерім, Айырылып Сарыарқанын саласынан, Болар ма қазақ аты өшкен жерің», - деген өлең жолдарының салмағы, айтар ойы қандай терең! Жер тағдыры – ел тағдыры екенін біліп қана қоймай, оны халыққа сол кезеңде жеткізу үлкен ерлік. Елі, жері үшін басын бәйгеге тіккен тұлға, қайсар ақын ғана осылай жырлар. Осы арада ақын қазақтың бүкіл өмірін қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған шат-шадыман түрмыс түрінде көрсетеді де, дал болған халыққа алдағы сапардың ауырлығын ескертіп өтеді:

Қайран ел, қайран жерден кетеміз бе?
Мұратқа ілде –алда жетеміз бе?
Қауіпті су, қатерлі кезеңдер бар,
Жол тауып, ман-есен өтеміз бе?
Сары арқа үйқыменен таң атырған.

Осы өлең жолдарында «Қазақ әдебиеті тарихында» мынадай талдау жасалған: «Өскен жер, өлген моланы қимау, өз өлкесін сүю, табиғатты тамашалау бір басқа да, оның байлығы кімнің қолында, қызығын кім көріп жатыр, шәрбатынан сусындаған кім деген сауалға айтар сөз өзінше болса керек. Атақты қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романында арғы аталарымыз жерленген зираттың полигон қоршауында қалып қоюын қалың қасірет ретінде суреттеп, үлкен философиялық ой айтқан. Сол арқылы жаһандық мәселені көтерген. Ендеше, Төлеу Көбдіков поэзиясындағы «өскен жер, ата-баба моласын» қимау мәнін терең түсінбегендіктен емес, қайта үлкен мәселені көтере білген ақынның терең танымы деп қабылдаймыз. Біздің бұл пікіріміз тіра болса да, жанамалай болса да төмендегі берілген тұжырым-түйінмен де үндеседі. «Еңбекші елдің арман-тілегін, азаттығын, қажырлы күресін бұрыннан жырлап, жыр арқауы етіп келе жатқан халық поэзиясы өкілдері өз дәстүрлеріне сай 1916 жылғы ұлт-азаттық күрес туралы жыр, толғау, дастандар тудырғаны белгілі. Рас, ел ішіндегі кейбір ақындардың замана сырын терең түсіне алмай, сары уайымға түсіп, күйректік танытқандары да болды десек те, негізінен алғанда ұлы көтерілістің мән-мағынасын дұрыс ұғынып, өз туындыларының өзегі еткенін көреміз» /4,18/.

Туған-туысқанмен, ел-жұртпен, туған жермен, ұшқан ұямен қоштасу 1916 жыл поэзиясынан өзекті орын алды. Оның кейбірінде ел ішіндегі кейбір парақор би, жемқор болыстарға іштегі ашу-ызасын білдірсе (мәселен, Торғай уезінен солдаттыққа алынған Қилыбайдың Төлегеннің Мұртазаұлы Науан хазіретке айтып келген өлеңі). Енді бірде аңыраған ананың көз жасы (суқараңғы Дәметкен кемпірдің жалғыз ұлы Далабай приемға кетіп бара жатқандағы дауыс айтуы) көрсетіледі. Төлеу ақын толғауларында басқа түскенге көнгендік бар, ал патшадан рақым күту - бос әурешілік. Сондықтан, халық бекер қырылып қалмайы керек. Ақын «қара жұмысқа» алуға көнгенде, оған кемді-

гінен көріп отыр деп айта алмасақ керек. Қайта оның поэзиясынан сол тарихи тар кезеңнен халықты қалай аман алып шығу керек деген ой ұшығы көрінеді. Сондықтан, бұрынғы зерттеушілер айтқандай, бұл өлеңде күйректік сарын бар деп айта алмаймыз.

Төлеу Көбдіков өзі алдын көрген қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өзі де ащы сатирамен «соморoдный, сары алтын» деген сияқты орыс сөздерін поэзиясында колданушы еді ғой. Сол ізбен Төлеу Көбдіков те «Военное положение оқылады» деп империяның озбырлығын ащы тілмен өткір тіліп өтеді.

Әскерлік қара жұмыс болса-дағы,
Бұл-дағы солдаттыққа таяуырақ.
“Ұлық тұр айтқаныма көнесің” деп,
“Кісіңді шапшаң жиып бересің” деп.
“Ал!” деген падишаныі бұйрығы бар,
Болмаса қан төкті боп өлесің деп.
Енді бірде ақын:
Көңілге тоқ, көрерге көркем едің,
Аш белбеу алтын айдар еркем едің.
Не деген кесапатқа ұшырадық,

Арттағы тұқым болар өркен едің, - деп налиды, мұң-налаға бой ұрады. Ақынға халықты осы күйден құтылудың жолын неге көрсетпедің, оларды қозғалысқа неге шақырмадың деп кінә қою орынсыз болар еді. Қолға қару алып, атойлап бас көтеріп шығу халықты бекер қырғынға ұшыратып, үлкен нәубетке ұшыратар еді. Қалай болғанда да ақын халықтың өрімдей жастарына қаіп төнегенін ашып айтады.

Қазаққа патша қысым салған жері,
Мал түгіл басты тізіп алған жері.
Қазақта жас бойдақтың бәрі кетіп,
Түрленген бәйшешектің солғын жері.
немесе
…Ұлық тұр осы күнде алмақ болып,
Мал түгіл басқа құрық салмақ болып, -

деп хан мен қараны, ұлық пен кішікті, патша мен кедейді де ажырата жырлайды. Толғау түйінін Төлеу ақын «Кемесі тәуекелдің суға кетпес», - деп үміт сезімімен түйеді.

Төлеу ақын алған тақырыбын, көтерген мәселесін жырлағанда, тек хабаршы емес, яғни болған, болып жатқан оқиғаны баяндаумен ғана шектелмейді. Оның болашақтағы салдары одан да қиын, одан да зардапты болатынын ескертеді. Мәселен, «Қазақта жас бойдақтың бәрі кетіп, түрленген бәйшешектің солған жері» деген жолдар қазақ халқының демографиялық зардап шегетінін, оның халық үшін үлкен қауіп екенін көрсете білгені деп танимыз. Осы тұрғыдан алғанда, «Сарыарқаның сарыны» әлеуметтік мәселені өткір қойған терең танымды толғау.

Әдебиеттер:

1. Сыздықов Ж. Төлеу ақын // Екпінді. – 1946. – №149.
2. ҚР ҮҒА ОҚ ҚҚ. – № 1113; № 13.
3. Кенжебаев Б. Қазақ халқының ХХ басындағы демократ жазушылары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1958. – 308 б.
4. Дүйсенов М., Сейдеханов К., Негімов С. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. – Алматы: Ғылым, 1982. – 192 б.

* * *

В данной статье рассматриваются проблемы национально-освободительного движения, затронутые в произведениях казахского поэта Толеу Кобдикова. Всесторенне проанализированы стихи, направленные против царского приказа. Автор статьи ставит целью определить степень отношения поэта к политической обстановке своей эпохи и, пытаясь объяснить причины внесенных изменений, путем сравнительного анализа различных вариантов, написанных в разные периоды, поднимает проблему рассмотрения произведений поэта с новой точки зрения.

* * *

This article discusses the problems of the national liberation movement, expressed in the works of Kazakh poet Toleu Kobdikova. The analyzed verses against the imperial order. The author of the article seeks to: assess the relationship of the poet to the political climate of its era and trying to explain the reasons for the changes, through a comparative analysis of the various options that are written in different periods, raises the problem of the works of the poet from a new perspective, raises the problem of the works of the poet from a new perspective.

О грамматической адаптации казахских топонимов

А. Ж. Акшолакова

докторант PhD КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. При переходе из одного языка в другой, как любое заимствованное слово, топонимы приспосабливаются к грамматике принимающего языка. Место иноязычных топонимов в системе современного русского склонения еще недостаточно четко определилось. В склоняемости многих наименований наблюдается разнобой.

Данная статья посвящается формам склонения казахских географических названий в сочетаниях с географическими терминами и грамматической вариативности при склонений топонимов на -ды, где -ы воспринимается как окончание множественного числа pluralia tantum.

Язык может существовать, как правило, постоянно изменяясь во времени. Особенно наглядное проявление динамики языка – изменения литературных норм (Л.К. Граудина, О.Б. Сиротинина, В.Г. Костомаров, Ю.Н. Караулов). В связи с этим различные колебания, варианты встречаются в любом языке: то, что было нормой несколько лет назад, сегодня может стать отклонением от нее.

Изменения, происшедшие за последнее десятилетие в русском языке, связаны с развитием новых сфер его применения. Прежде всего, можно назвать активно и повсеместно внедрившиеся в нашу жизнь язык компьютерных технологий и язык рынка, рыночных отношений.

В быстром и сложном процессе развития современного русского языка закономерно и естественно возникают колебания, отрицательные явления в его употреблении, в способах использования разных стилистических средств, в практике словопроизводства и словоупотребления, в отношении к литературно-языковым нормам.

По мнению В.В. Виноградова, причин такого рода отклонений от чистоты и правильности речи очень много: неполное усвоение норм литературного выражения, недостаточно бережное отношение к языковой традиции, неумение и нежелание разобраться в смысловых качествах разных слов, влияние «дурной моды», разных жаргонов, желание щегольнуть словом или фразой, которые кажутся острыми и выразительными, и многое другое, что свидетельствует о слабой культуре речи, о неразвитости «чутья языка [1, 119].

Именно поэтому большой интерес представляет предложение выделить особую лингвистическую дисциплину – *ортологию* – науку о правильной речи, о языковых нормах и их изменении. Нормы формируются под влиянием литературного творчества и речевой практики народа и являются непременным условием единства языка и кодифицированного функционирования языковой системы, т.е. они описываются и закрепляются как образец в словарях, справочниках, учебниках.

Термин *ортология* в лингвистической литературе последних двух десятилетий используется достаточно активно. Понятие, стоящее за этим термином, рассматривается в работах по культуре речи, что характерно, прежде всего, для русских и чешских лингвистов. Оно связано с овладением нормами устного и письменного литературного языка, т.е. правилами произношения, ударения, грамматики, пунктуации, словоупотребления и др. Таким образом, ортология рассматривается как часть науки о культуре речи, как «относительно автономное направление исследований, объектом которой является языковая норма», и как «раздел языкознания, объектом которого является теория правильной речи». В задачи ортологии входит выявление ошибок, стандартизация, кодификация языка. В результате развития ортологии выявлены основные типы нормативно-языковых ошибок: а) орфографические, б) пунктуационные, в) лексико-семантические, г) грамматические (морфологические и синтаксические), д) фразеологические (структурные и семантические. Основной класс речевых ошибок составляют *грамматические ошибки.*

В данной статье рассматривается и анализируется вариативность форм географических названий – топонимов, в связи с чем приобретают актуальность две проблемы:

- родовая отнесенность и родовое варьирование казахских топонимов;
- вариативность падежных флексий топонимов в русской письменной речи.

Язык – это постоянно развивающаяся, совершенствующаяся система. Поэтому те грамматические формы, которые были нормативными, скажем, в XVIII и XIX вв., в наши дни будут

интерпретироваться как отклонения от современной нормы литературного языка. Например, в XIX в. И.С. Тургенев назвал свой рассказ "Вечер в Сорренте" в связи с тем, что в тот период в соответствии с нормативными справочниками строго требовалось изменение топонимов на -о по падежам, в современных же изданиях, напротив, отмечается тенденция к несклоняемости географических наименований на –о.

Прагматика

Языковые ошибки и нарушения норм культуры речи совершаются бессознательно, представляя искажения правильности, обусловленные не только незнанием, но и законами родной природы – языковой, психологической и социальной. Одной из языковой закономерностей является аналогия, которая требует от говорящего, например, выравнивания форм, подтягивания их к более распространенным образцам, в нашем случае, выравнивания родовой принадлежности и падежных флексий при склонении.

Склонение топонимов представляет собой один из неустойчивых фрагментов грамматической системы. Как известно, топонимы составляют достаточно крупный пласт наименований. В последнем справочнике географических названий [2] представлены географические и административно-территориальные названия Казахстана, корпус которого составили практически все основные географические названия Казахстана, а их насчитывается не менее 2,5 млн. Это связано с тем, что топонимы подвержены различного рода изменениям и возникает необходимость постоянного их обновления в различного рода словарях и справочниках. При подготовке «Инструкции по русской передаче казахских и казахской передаче русских географических названий Республики Казахстан» [3] был учтен тридцатилетний опыт использования «Инструкции по русской передаче географических названий Казахской ССР» [4] в практике передачи топонимов Казахстана с казахского языка на русский. Однако данная инструкция не решает отдельные вопросы, касающиеся грамматических характеристик топонимов, поэтому приходится постоянно сталкиваться с одним из наиболее спорных вопросов о склоняемости или несклоняемости топонимов в сочетаниях с географическими терминами (*из города Костаная или города Костанай, в районном центре Кашыр или в районном центре Кашыре).*

В современных изданиях (респ. газета «Казахстанская Правда» и респ. обществ.-полит. газета «Мегаполис») в свободном употреблении функционируют оба варианта – склоняемый и несклоняемый:

Нынешним летом аким ***города Жанаозен****, что в Мангистауской области, запретил …*/Мегаполис, 26.12.2005;

Из них 25 установлены в сельских населенных пунктах, 74 – в Актау и шесть – ***в городе Жанаозене.*** /Мегаполис, 22.05.2006;

… стал самостоятельной административной единицей с центром ***в селе Шаульдер****/* Каз. Правда, 29.10.2005;

Шымкентская областная филармония, улицы в Шымкенте и Алматы, музыкальная школа в его родном ***селе Шаульдере*** *… /* Каз. Правда, 16.08.2005.

Обращаясь к современным справочникам и словарям, попробуем разобраться с формами склонения географических названий в сочетаниях с географическими терминами. Норма склонения зарегистрирована в справочнике "Грамматическая правильность русской речи. Стилистический словарь вариантов", авторы которого считают, что целесообразно соблюдать два основных правила по употреблению согласуемых и несогласуемых форм (Граудина Л.К., Ицкович В.А., Катлинская Л.П.):

1. Склоняются:

а) простые (не сложносоставные и не выраженные словосочетаниями) русские, славянские и освоенные названия городов, рек, сел, деревень, поселков, хуторов, усадеб, станиц, кроме оканчивающихся на гласные -о, -е, -и, -ы;

б) простые иноязычные названия столиц, крупных или известных городов, рек, кроме оканчивающихся на гласные -у, -о, -е, -и, -ы;

2. Не склоняются:

а) названия станций, местечек, курортов, аулов, кишлаков, застав;

б) названия озер, урочищ, островов, гор, пустынь;

в) иноязычные наименования княжеств, королевств, герцогств, штатов, провинций, малоизвестных городов, рек, населенных пунктов;

г) сложносоставные названия-приложения и топонимы, выраженные словосочетаниями /www.gramma.ru.

Ответ на вопрос, нужно ли склонять топонимы в сочетании с географическими терминами, мы находим и у Граудиной Л.К. и

Ширяева Е.Н., предпочитающие употреблять топоним в несклоняемой форме (*положение республики Хакасия*, *поездка в республику Карелия*; *на территории республики Грузия* и т.п.) «в деловых документах», а в разговорной речи считать допустимыми склоняемые варианты: *дружба с республикой Грузией*, *братские отношения с республикой Хакасией* и т.д. [1,16].

На наш взгляд, в русской письменной речи для соблюдения точности при передаче целесообразнее не склонять казахские топонимы (иноязычные названия) в сочетании с географическими терминами. Чем меньше известен географический объект, тем больше вероятность использования топонима в неизменяемом виде.

Второй аспект, который требует освещения, – это поведение казахских географических названий с точки зрения вариативности падежных окончаний, которая характерна для системы склонения географических названий, имеющих аффиксы *-лы/-лі,-ды/-ді,-ты/-ті* со значением обладания, наличия, характеризующиеся частотностью в казахском языке и используемые в образовании тюркских топонимов (напр, *Кокпекты* – означает «место, изобилующее растением *кокпек*»).

Суть данной проблемы заключается в том, что множество географических реалий с топообразующими формантами *-лы/-лі,-ды/-ді,-ты/-ті* бытуют в русском языке без однозначной родовой закрепленности (в языке-источнике, как известно, нет грамматической категории). Топонимы, имеющие флексию *-ы* как маркер множественного числа, регулярно склоняются как существительные женского рода и оканчиваются на гласный *-а*, хотя в исходных языках подобные топонимы относятся к неизменяемой основе. Эта особенность распространяется на весьма частотные в текстах географические названия Казахстана: *Буланда (Буланды)*, *Алмата (Алматы)*, *Уленда (Оленды), Изенда* (Изенды), *Караганда (*Караганды), Джангала (Жангалы) и т.д.

Колебания такого рода встречаются в средствах массовой информации довольно часто:

*Фестиваль «Business Weekend-2007» длился в **Зеренде** два дня.* /Мегаполис, 34 (349), 03.09.2007*;Накануне у Тани сломалась машина, и она попросила меня отвезти ее из Астаны в **Зеренду**, так как ей срочно нужно было выдать зарплату строителям, которые работали там в ее доме.*/Мегаполис, 19 (431), 25.05.2009;

*Как и для любого отдаленного района, сообщение с областным центром в **Джангале** имеет очень важное значение.*/ Каз. Правда, 13.08.2005.

В настоящее время достаточно часто можно наблюдать грамматическую вариативность при склонений топонимов на *-ы*, где *-ы* воспринимается как окончание множественного числа pluralia tantum. По этому поводу О.А. Султаньяев отмечает, что казахские географические названия, оканчивающиеся на ударные гласные ы, і [5,5] подвергаются фонетико-морфологической адаптации в русской речи, что выражается отождествлением их с существительными русского языка типа Альпа, Мытищи и другие, и они уже воспринимаются как существительные именительного падежа множественного числа. В таких случаях они имеют парадигму изменений, присущих русским существительным множественного числа. Согласно данным словаря ГПРР, наибольший разнобой в отношении склоняемости подобных наименований наблюдаются в группе топонимов тюркского происхождения [6,148]. Для того, чтобы нагляднее проиллюстрировать вариативность, приведем следующие примеры, извлеченные из страниц одной и той же газеты.

*... массовые собрания нефтяников в Астане, Алматы, Атырау, Актау, **Кульсарах**, Жанаозене, где ветераны отрасли были в центре внимания.*/ Каз. Правда, 12.01.2010; *... потерпевшая продала свою квартиру в **Кульсары** и передала ему…* / Каз. Правда, 01.04.2011;

*В родных **Жуалах** Ерлан Манашев известная личность.* /Каз. Правда 29.05.2009; *В **Жуалы** трое суток, не переставая ни на минуту, в полном безветрии валил густой снег.*/ Каз. Правда, 19.03.2005; *... и вот снова счастливый выбор пал на жителя **Жуалов.**/* Каз. Правда, 17.02.2005;

*Физкультурно-оздоровительный комплекс в **Шарбактах** стал не только эталоном для других сельских районов* /Каз. Правда, 10.12.2010/; *… у новой автозаправочной станции, которую в **Шарбакты** соорудила фирма «Гелиос», уже начался митинг.*/ Каз. Правда, 17.10.2008; *Сейчас ремонтируем участки от границы Акмолинской области до **Шидертов**.*/ Каз. Правда, 05.07.2006.

По мнению М.А. Диаровой, тенденциия склонять подобные наименования связана со степенью распростроненности русской речи на описываемой территории и степенью известности таких топонимов носителям русского языка [7, 20]. Однако следует помнить, что норма употребления казахских географических названий на *-ы* в несклоняемой форме заре-

гистрирована в справочнике по топонимике: «казахские географические названия, имеющие в конце аффиксы *-лы/-лі,-ды/-ді,-ты/-ті*, которые показывают на наличие или обилие чего-либо, но не на множественность самого объекта, на русском языке не склоняются и передаются в предложном падеже» [3, с.185].

Заключение

На основе проведенного анализа можно сделать следующие выводы:

- топонимы приобретают категории рода, числа и падежа в русском тексте и подчиняются правилам русского языка, поскольку распределение топонимов по родам и числам происходит по законам аналогии на почве русского языка. Родные языковые представления, нормы родного языка настолько устойчивы в сознании его носителей, что это обусловливает постоянное стремление к выравниванию, к достижению сходства;
- топонимы, имеющие на конце *-лы/-лі,-ды/-ді,-ты/-ті* и исконно являющиеся показателем единственного числа, в русском языке по аналогии грамматически относятся к названиям множественного числа;
- топонимы, имеющие на конце *-лы/-лі,-ды/-ді,-ты/-ті*, создают ситуацию параллельного функционирования форм множественного числа и женского рода в русском языке.
- несмотря на разнобой, по мнению исследователей, в современном письменным употреблении усиливается тенденция не склонять подобные наименования.

Литература

1. Граудина Л.К., Ширяев Е.Н. Культура русской речи. Учебник для вузов. – М.: Издательская группа НОРМА-ИНФРА, 1999. – 560 с.
2. Жер-су атауларының анықтамалығы. –Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 744 с.
3. Матыжанов К., Оразов С., Кокеева Ж., Мадиева Г., Иманбердиева С. Справочник по ономастике. – Алматы, 2006. – 219 с.
4. Инструкция по русской передаче географических названий Киргизской ССР (ГКИНП-64). Утверждена ГУГК. – М., Известия, 1975.
5. Султаньяев О.А. Топонимика Кокчетавской области. автореф. дис. … д-ра филол. наук. – Омск, 1963. – 24 с.
6. Граудина Л.К., Ицкович В.А., Катлинская Л.П. Грамматическая правильность русской речи. – М., 1976. – 452 с.
7. Диарова М.А. Взаимная адаптация топонимов в условиях двуязычия: автореф… канд. фил.наук. –Алматы, 1999. – 28 с.
8. http://www.gramma.ru.

* * *

Бұл мақалада келесі мәселелер қарастырылған: қазіргі тілдік әдеби норма, оның уақыт өте келе өзгеруі, қазақ жалқы есімдерінің, атап айтқанда жер-су атауларының орыс тілінің грамматикалық жүйесіне бейімделуі, -ды жұрнағына аяқталатын қазақ топонимдерінің септелуі, географиялық терминдермен тіркесіп келгенде олардың септелу/септелмеуі, род категориясын қабылдау мәселелері, сонымен қатар дұрыс сөйлеу мәдениеті туралы ғылым – ортология, оған қатысты ұғымдар қарастырылған.

* * *

The article is dedicated to such issues as: linguistic literary norm, its changeability, the grammatical adaptation of Kazakh geographical names to Russian language system, the declination of toponims with ending –dy, and gender matters. Orthology – science about the culture of correct speech (connected with the possession of oral and written literary language norms, i.e. the rules of pronunciation, stress, grammar, punctuation, word formation) and related notions are considered as well.

Формулы выражения благодарности в кыргызском и английском языках

А. К. Абдуллаева

аспирант БГУ, Бишкек, Кыргызстан

Аннотация: Статья посвящена выражениям благодарности в разносистемных языках. Рассматриваются виды проявления и употребления благодарности в кыргызской и английской культурах и дается их сопоставительный анализ.

В жизни человека есть такие действия, которые возможно совершить только с помощью речи, иначе говоря речь является единственным инструментом для их исполнения. В самом деле, как выполнить такие действия, как «обещать», или «благодарить», или «приветство-

вать», или «советовать»? Во всех этих случаях необходимо произнести: Обещаю…, Благодарю…, Приветствую…, Советую…. Здесь действие и речь оказываются равными, т.е. перед нами речевое действие, или речевой акт.Для того чтобы в живом общении реализовалось такое речевое действие, нужны определенные показатели речевой, в которой ситуации, в которой есть говорящий я, его адресат ты, точка их встречи, момент контакта сейчас /5/. Глагол с общим значением говорение, который осуществляет в подобной ситуации речевое действие речевой акт, в своих формах отражает перечисленные показатели речевой ситуации: Благодарю!/ Ыраазычылыкбилдирем! При этом как видим, перед нами уже не просто глагол (его называют перформативным, действием-речью), а своеобразное (перформативное) высказывание, которое почти всегда адресовано: Благодарю вас! Сизгеыраазычылыкбилдирем! И таких высказываний-действий множество. В их общей семантике отражено, как уже говорилось, значение говорения и значение коммуникативного намерения (интенции) говорящего, иначе говоря мотивы и цели в силу которых действие осуществляется: говоря благодарю и т. д.

Что же значит слово "благодарность"? Дарить благо, то есть добро. Это признательность в ответ на доброту людей, чувство, рождающееся в душе. Как часто, делая добро, подчас подсознательно, мы рассчитываем получить что-то взамен. И обижаемся, не услышав даже "спасибо". Доктор Сэмюэл Джонсон сказал: "Благодарность - результат высокого уровня нравственного развития человека. Вы не найдете ее среди невоспитанных людей". Психолог Дейл Карнеги говорит о том, что нужно делать добро и не ждать "спасибо", чтобы не испытывать разочарования. Нужно учить людей отвечать добром на добро и воспитывать в них чувство благодарности. /7/

В единицах речевого этикета, обслуживающих ситуацию благодарности, особенно, что ярко проявляется функция вежливости. Человеческая неблагодарность вообще воспринимается как невежливость, невоспитанность и черствость.

Благодарность, как правило, выражается второй ответной репликой и является откликом на конкретное действие или на вербальное проявление внимания. / 4/

Каждое слово и выражение мы будем иллюстрировать типичным примером в английском и кыргызском языках.

Ближе всего к кыргызскому **"рахмат"** стоит слово **"thanks"**:

Вот производные от этого слова:

thankful - ыраазы

thankfulness - ыраазычылык

thanksgiving – ыраазычылыкберуу/ ырахматайтуу

thanksto–

кимдирбирөөгөырахматбилдирүү

Наиболее употребительные нейтральные формы благодарности:

Ырахмат! Thankyou.

Ооба, ырахмат. Yes, thank you.

Жок, ырахмат. No, thank you.

Менсизгеыраазымын. I'mgratefultoyou.

Алкыш. Thanks.

Здесь следует отметить также фонетические вариации выражения благодарности в кыргызском языке «рахмат», которое может модифицироваться и принимать следующие формы «ырахмат», «ракмат», «ыракмат» и т.д. например:

Анданкийин, - кайратыңаргаракмат! – деп-чалдаргакарады./8.120- б./

Как видно из этого примера использована формула благодарности ракмат.

I've had the same thing happen to me.

But I'm very grateful that you came into my life, Marie.

Don't be too grateful too soon, our relationship isn't strong enough.

/10.p. 57 /

Следует отметить, что grateful является предпочтительным в тех случаях, когда необходимо подчеркнуть значительность оказанной кому-либо услуги, а thankful - в контексте, когда нужно подчеркнуть силу испытываемого чувства облегчения от того, что все обошлось. (You ought to be thankful that you got off so lightly.) Например:

I feel a sense of adoration and ecstasy. I am thankful for being alive./ 10.p. 272 /

Выражения усиленной благодарности:

Чоңырахмат! Thank you (so) very much.

Аябайчоңырахмат! Thank you (ever) so much.

Кат-катрахмат. Миңмертеберахмат. Миңиреталкыш.

Many thanks. Thanks a lot. Thanks awfully. Например:

Зайыптүгөтөичип, жигиттердичындитимененалкадыдааккаймалдынбуйласынчоюп, бээсинтеминди: - Чоңырахмат. Бактылууболгула, айланайындар… /6.276-б. /

Как видно из приведенного примераблагодарность выражается усиленной формой чонырахмат, сопровождается хорошим пожеланием.

They'llallsay, «Iamindependentbeing, thankyou verymuch. I'll do as I please.»/10.p. 200 /

В данном примере автор использует часто употребляемую форму благодарности в английском языке.

Всеэтифразывсильнойстепенивыражают благодарность за значительные услуги. В этом же ряду экспрессивных выражений стоит преувеличенное выражение ***«Миңмертебеыраазымын»***, особенно в речи старшего поколения.

Например:

Кудайгамин мертебеыраазымын. Келтиргенбуйрукмененмында сени. /1. 20-б./

Благодарность, как правило, выражается второй ответной репликой и является откликом на конкретное действие или на вербальное проявления внимания.

Thank you so much, I'm so grateful to you. Now you must wash your hands /9.p. 129/

РахматДаткаэне! Акбатанызмагадымакберет./ 2.226–б/

Эмоционально-экспрессивные выражения благодарности:

Мен сизгеаябайыраазымын. Мен сизгеушунчалыкыраазымын.

Менсизгеабданыраазымын.

I don't know how to thank you.I can never thank you enough.

Оттенок официальности имеют следующие высказывания:

- Ата!- дедиЖапар. – Булотурганрайондукжетекчикызматкерлерибизменен «Өрнөк», «Кеңештин» алдыңкыардактууколхозчуларыныналдындаменсизгекымызсунуп, кат-кат рахматайткымке-лет. / 3. 156-б/

В данном случае Жапар хочет официально перед уважаемыми колхозниками выражать свою огромную благодарность своему отцу используя вежливую формулу.

Iwouldalsoliketothankthepresidentoftheka zakhstanRepublic, NursultanNazarbaev, formakingmesowelcome. /10. p. 298/

В данном примере автор хочет выразить свою благодарность за оказанную добрую встречу, с выражением*wouldalsoliketothank.*

Ответныереплики.

В английском языке однозначным эквивалентом для кыргызского «эчнерсеэмес» может приблизительно соответствовать «notatall». Ответная реплика зависит от содержания высказывания. Например: Кызыктуукитебиңиз-үчүныракмат. - Thanksfortheinterestingbook. Эчнерсеэмес. - I'mgladyoulikedit.

Вертикальный разворот диалогического единства – реплика-реакция представляет собой как жесткую формулу речевого этикета, так и свободно построенную фразу.

Как показывает анализ материала наиболее частотным, стилистически нейтральным ответом на благодарность являются следующие варианты:

«Эчнерсеэмес». «Эчтекеэмес»

Как показывает анализ носителей языка в английском языке такие формулы ответов на благодарности**«You'rewelcome», «Mypleasure»**часто используется среди американцев. А для англичан типично пользоваться **«Notatall»**и **«Don'tmentionit»...**

Эмоционально-экспрессивными выражениями <протеста>против благодарности могут быть выражения:

Жөнэлекоюнуз! Thinknothingofit.

Тимэлекоюнуз! Don't mention it.

Арзыбайт! That'sallright. It'snothing.

Услуги могут быть взаимными, тогда следует взаимное выражение благодарности:

Сизгедаырахмат! Thankyouforyoutoo!

Ответ хозяйки дома на благодарность за угощение:

Ашболсун! I'm glad you enjoyed it. You'rewelcome!

Благодарность может сопровождаться жестом. Это, главным образом, рукопожатие. При отношениях близких, непринужденных может быть и объятие, и легкий поцелуй. Как и во многих других ситуациях, жест при выражении благодарности является лишь сопровождающим словесные фразы, он не может стать в данной ситуации невербальным заместителем словесных формул. Существуют специфические выражения благодарности, словесно описывающие жест и обычно им сопровождаемые. Это обычно стилистически повышенное выражение благодарности за какой-либо благородный поступок.

Колуңуздуберинизчи! Iwanttoshakeyourhand. MayIshakeyourhand?

Специальной формулой благодарности аудитории за внимание к выступлению является выражение «*Көңулбурганыңыздаручунырахмат»*

«Thank you for your attention».

Таким образом, проведенный анализ формул благодарности в кыргызском и английском языках выявил существенные сходства и различия в семантико-прагматическом содержании. Ситуа-

ции и аспекты взаимодействия людей в их повседневной жизни часто повторяются и потому стереотипны. В свою очередь повторяемость и стереотипность жизненных ситуаций привели к образованию целых "шаблонных" фраз, которые в лингвистической литературе называются стереотипными высказываниями, предложениями-формулами, устойчивыми фразами общения.

Литература:

1. Абу Али Ибн Сина. Легендагаайланганөмүр. Ф.:Кыргызстан. 1985.
2. Абдраманов Ш.Тарыхтагыактактар.Б.: 2011.
3. Баялинов К. Ажар. Фрунзе, «Кыргызстан», 1982.
4. Фармановская Н.И. Употребление русского речевого этикета. Москва.,1982.
5. Фармановская Н.И. Речевой этикет и культура общения. Москва, 1989.
6. Касымбеков Т. Сынган Кылыч. Б.: Кыргызстан, 1998. -712 б.
7. Карнеги Д. М.: Прогресс, 1989.
8. УбукеевА. Арнамыздынуулу. Ф.: 1979.
9. JamesHerriot. All Creatures Greatand Small. Bantam Books. New York, 1980.
10. Paulo Coelho. Zahir. Washington,1994.

* * *

Ар қай тілдердегіризашылыкбилдирүгәарналган макала.

Кыргыз және англистил мәдениетин деризашылыктын қолданунынтурлэри. Макалад акыргыз және англистилдерин дегири зашылыктын салыстыру анализи карастырылған.

* * *

This article is devoted to gratitude expressions in different systemic languages. Types, usage and application of gratitude in Kyrgyz and English cultures. Article is given comparative analysis of Kyrgyz and English gratitude.

Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы шығармашылығы

Б. А. Абдуллина

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің магистранты, Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация. Қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихында өзінің ерекше шығармашылық өнерімен айқын із қалдырған әнші-ақындардың бірі – Ыбырай Сандыбайұлының шығармашылығы жайында сөз болады. Үкілі Ыбырай ән-әуендердегі ежелгі халықтық сарын мен сал-серілердің өнерпаздық дәстүрінің жалғастығы әсерлі баяндалады.

Қазақ ақындары - өз халқының перзенті, сондықтан да олар халық өмірінің өзекті құбылыстарын келістіре жырлауды мұрат етеді. Алдымен қоғамдық мәні бар оқиға-болмыстарды поэзияның сиқырлы тіліне аударып, сол арқылы оқырман сезімін оятады.

Өлең - әдебиеттің көне саласы, бірақ жасаған сайын жасара түсетін жанды саласы. Өлең үрпақтан үрпаққа көшіп, талай заманды, талай жанды таң қалдырып келе жатқан аса биік, парасат көзі. Өлеңнің тегі, тарихы, теориясы, құрылысы, әсері туралы түсінік, мағұлмат көне заманнан бері бар. Осының бәрінен поэзияның адам өміріндегі ерекше орны аңғарылады. Адамның күнбе-күнгі тіршілігінің, рухани қалпының сәулесі екені сезіледі. Сондықтан да поэзия сырына үңілу әр уақытта қызғылықты, әрі маңызды. Әсіресе, кешегі, соңғы заман поэзиясы қыры мен сыры мол дүние болып танылады. Сондықтан да сан алуан тілде туып жатқан поэтикалық шығармаларды түбегейлі зерттеу, оның әр заманға лайық қалпын, бағыт-бағдарын тексеру - әдебиет туралы ғылымның міндеті.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихында өзінің ерекше шығармашылық өнерімен айқын із қалдырған әнші-ақындардың бірі – Ыбырай Сандыбайұлы. Ол халық арасында және кейінгі үрпаққа Үкілі Ыбырай деген атпен мәлім болған.

Ыбырай Сандыбайұлы 1856 жылы Ақмола облысының, Көкшетау уезіне қарасты № 5 ауылда, Сандыбай бұлағында туған. Арғы атасы Сәбден батыр Абылайдың жорықтарына қатысқан. Сәбден батырлығымен қоса, он саусағынан өнер тамған зергерлігімен ел аузына ілігеді. Ыбырайдың қисса-дастандарды, тіпті «Мың бір түн» ертегісінің өзін өлеңмен жатқа айтуы – нағыз туа бітті таланттың ғана қолынан келетін іс. Ол өлеңді жазып шығармаған, суырыпсалма

ақын ретінде домбырамен сүйемелдеп, жатқа айтып таратқан.

Ыбырайдың ақын, әнші, сазгер болып қалыптасуына өзінің алдындағы Біржан сал, Орынбай, Ақан сері сынды әнші-ақындар мектебі айрықша әсер еткен. Ыбырай бала кезінде түсінде Нүркей, Орынбай ақындарды көріп, батасын алған екен. Кейіннен Нүркей ақынның қасына еріп жүрген өзімен замандас Балуан Шолақпен де дос болған.

Ыбырай Сандыбайұлының өмір жолы өзінің өлеңдерінен айқын аңғарылып отырады. Жасы үлғайған шағына дейін ол өлең жазып, ән шығаруын бірде тоқтатқан емес. Үкілі Ыбырайдың артында мол мұра қалды.

Қазақ халқының рухани мұрасында сөз өнері мен саз өнері, яғни поэзия мен музыка, өлең мен әуен тығыз астасып жатыр. Ертерек кезеңде ақындардың әрбір өлеңі домбыраның немесе басқа да бір саз аспабының сүйемелдеуімен белгілі бір әуенге салынып орындалатын болған. Сол себепті де өлеңнің авторы ақындықпен қатар сазгерліктен де, әншіліктен де құралақан болмаған [1].

Ыбырай ең алдымен туған халқының аса бай ауыз әдебиетімен жете таныс болды. Ондағы тамаша дәстүрлерден нәр алды. Халықтың күнделікті өмір салты, әдет-ғұрыптары, дағдылары болашақ әнші-ақынның қалыптасуына аса зор ықпал етті. Халықтық әдеби мұрадан молынан сусындап өскен Ыбырай осынау өнердің қыры мен сырын, айналадағы табиғат көріністерін, аң қағудың қызықты да қызу сәттерін, аңшының ішкі сезімін әсерлі де нанымды суреттейді.

Үкілі Ыбырай нәр алған тағы бір тағылымды бастау – қазақтың үлттық саз өнері, халықтың музыка мұрасы. Ыбырай жастайынан өнерге бейім болды. Келе-келе халық музыкасын жете меңгерді. Ақынның ән-әуендерінен ежелгі халықтық сарын, содан бергідегі Ақан сері, Біржан салдардың өнерпаздық дәстүрінің әсерлі іздері айқын байқалады. Түтастай алғанда, Үкілі Ыбырайдың шығармашылық мұрасы сонау ауыз әдебиетінен бері қарайғы халықтың поэзия мен музыканың асыл қоспаларынан бастау алатын және оған қоса жаңа арналармен толығып, жаңарған, жаңғырған дария іспетті.

Ақынның шығармашылық мұрасының негізін сұлу сазды ән-өлеңдер құрайды. Өнерпаздың ел арасына тараған сұлу да ырғақты ән-өлеңдері аса мол. Атап айтқанда, Ыбырайдың шынайы суреткерлік талантын танытатын «Жиырма бес», «Шалқыма», «Бір қызық ит жүгіртіп, аң ауласа», «Гәкку», «Маңмаңгер» сияқты көптеген өлеңдерінде ақынның өз өмірінің айшықты түстары әсерлі баяндалады.

Аралап таныс болдым ой мен қырға,
Ән салып ел ішінде болып жорға, -

деп «Шалқыма» әнін бастағаннан-ақ әншінің үміт-арманы мен асқақ тұлғасы көз алдыңа елестеп қоя береді.

Ыбырай – дала әртісі. Бұған дәлел – белгілі ғалым Е.Ысмайловтың «Әдебиет жайында ойлар» атты кітабында келтірілген Омар қарияның сөзі дәлел [2].

Ыбырай да Ақан серіге ұқсап, жүйрік тазы, алғыр құс ұстайды. Тап осындай қыран құс пен дала тағысының айқасын, аңшының психологиялық көңіл-күйін шебер мүсіндеген көркем лирика Абайдан кейінгі қазақ ақындарына үлгі болды.

Лирика – ақынның көңіл күйінің көрінісі. Демек, қай ақынның қандай өлеңін алып қарасақ та, одан ақын басындағы өмір кезеңдерінің белгілі бір сәтін көретініміз анық. Ондай өлеңдерді оқи отырып, ақын өмірбаянының кейбір түстарын еске түсіретініміз заңды. Ақын өзінің лирикалық кейіпкерінің жай-күйі арқылы өз жанының сезім толғаныстарын, көңіл күйін бейнелейді. Үкілі Ыбырайдың ән-өлеңдерінде де осы қасиет айқын байқалады.

Ақынның жастық шақ, махаббат жайындағы ән-өлеңдері ерекше бір сырлы сезімге толы болып келеді. Ыбырайдың қаламынан сұлу ырғақты, жаңа үнді терең мазмұнды күрделі лирикалық өлеңдер туады. Сондай шығармаларының бірі - «Қарақат көз». Бұл өлеңінде ақын халықтық поэзия дәстүріндегі суреттеу тәсілдерін орайымен пайдалана отырып, ару қыздың тартымды тұлғасын, сұлу сипатын аса нанымды бейнелеп берген. Үкілі Ыбырай өлеңінде осы тәрізді көркем суреттер өте көп. Ол өлеңдегі көркем сөздің ұйқасын, айтылуы мен естілуін, әнді орындаудағы екпін ырғағын дыбыстың сан алуан толқындарына бағындыра білген. Ол адам жанының тереңінде жатқан құпия сырларын қозғайтын ойнақы сөздер мен үнді және әдемі әуендерді шебер мәнерлей білген.

Сан қырлы өнерпазға тән құбылмалы мінез дағдылары Ыбырайдың ән-өлеңдеріне де әсер етпей қалмаған. Сол себепті оның әндері мен жырлары бірде қайралған қылыштың жүзіндей өткір, енді бірде ойнақы әзілге толы, ал кейде терең философиялық иірімдерге бай болып келеді. Ақынның туындыларында өмірдің, адамның жарастықты көркем қалыптары, жастық шақтың нәзік сырлары әдемі өріліп жатады. Өзінің шығармаларында ол, негізінен, замандастарының жан дүниесін, сезім әлемін жыр-

лайды. Бұл оның шығармашылығындағы ең өзекті тақырыптардың бірі.

Ыбырай – сұлулық, ғашықтық сезімдерді тамаша жырлаған ақын. Осы тақырыптағы өлеңдері әуенсіз-ақ сыңғырлап, жаныңды жадырата түседі. Сондай сұлу туындылардың бірі- «Гәкку». Әннің шығуына Үкілі Ыбырайдың жеке басындағы нақты жағдай себеп болған. Ақынның өзінің ғашық жанына деген кіршіксіз таза сезімін, ынтықтығын жыр жолдарын түсіріп, ғажайып әуенмен көмкереді. Қарап отырсақ, бұл шығармада шын мағынасындағы құдіретті поэзия мен мәртебелі музыка толық үйлесім тапқан. Лирикалық кейіпкер бірде ғашығын айдын көлде кербездене таранған аққуға баласа, бірде дарияның ортасында толықси сырғыған қоңыр қазға ұқсатады. Енді бір сәтте әсем әуен сиқырына қорғасындай балқып отырған сұлу қызды көреді.

Үкілі Ыбырай – айтыскер ақын, ол өзінің ұстаздары Біржан, Ақан, Орынбай, Нүркей, Шөже т.б. ақындарымен кездескенде, үнемі өлеңмен амандасып, зілсіз сөз қағысады екен. Ыбырайдың белгілі айтыстары бар. Ол – Күдайберген, Доскеймен және Есімбет ақындармен айтысы. Доскеймен айтысы, осы жанрдың қалай туып, қалай өрбуіне айқын айғақтың бірі. Оның суырыпсалма ақындығында мөлшер жоқ сияқты. Аузынан шыққан сөздердің өлшемі, ырғағы, үйлесі қалайша дәл түсе беруіне қайран қаласың. Бұл жағынан өлеңнің тынымсыз ағып жатқан өзені сияқты. Ол мақтауын да, сынауын да қатар жүргізеді мысалы, Шериді мақтағанда аспандатып жібереді де, жамандағанда жерге кірер жарықшақ таптырмады. Сол өлеңдер үстінде байқататыны: әр рудың тарихына, белгілі адамдарының жақсы-жаман қылығына жетік, ондай мәліметтерді қайдан жинауына, қалай көп білуіне таң қаласың. Сонымен қатар Есімбетке Ыбырай өзін таныстырғанда кім екенін айтып былайша өлеңдетеді:

Есеке, Арғын болсаң жақыныңмын,
Олжа алған осындайда батырыңмын.
Атығай, Қарауылдан шығып жүрген,
Ыбырай бесті жүйрік ақыныңмын, -
дей келіп,
Өлеңге өлең сата келгенім жоқ,
Өзімде өлең десең он екі арба, -
деп бұл жағынан байлығын да айтып қояды.

Жасы үлғайып, ел ағасы атанған шағында Ыбырай заман туралы, өмір жайлы терең толғаныстарға толы философиялық туындылар жазады. Өйткені Ыбырай секілді көкірек көзі ояу да сергек талантты тұлғалар елдің басындағы, халқының тағдырындағы әр алуан ахуал-күйлерді, ауыртпалықты көрмеуі, түсінбеуі, оған көңіл аудармауы, күйзелмеуі әсте мүмкін емес. Осындай сезім-күйлердің ізімен Ыбырай да бірқатар шығармалар жазған. Оның артында көптеген әндері мен өлеңдері қалды. Ол 1921 жылы «Мың бір түн», «Тотының тарауы» сияқты әңгімелерді дастан етіп айтып жүрген. Ыбырайдың әндері біздің заманда үлкен беделге ие болды. Оның «Гәккуі» «Қыз Жібек» операсында Жібектің негізгі ариясы. Сондай-ақ, Ыбырайдың «Ауа райы» «Ер Тарғын операсында» Ақжүністің әні болып енді. Мұның бәрі де дарынды композитор, асқан әнші Ыбырайдың шығармашылығында заманның алдын ораған прогрессивтік тілі, демократиялық негізі болғандығын дәлелдейді.

Жалпы, ақын-жырауларда әншілік қасиет, орындаушылық қабілет, композиторлық бейімділік, сан қырлы икемділіктер бар. Осындай қасиеттер өлеңнің мазмұны мен түріне жылуы мен жарығын тегіс таратып, мол төгеді. Өлеңнің музыкалық дыбыстарға, сұлу үйқасымдарға, әуезді ырғаққа құрылуы - ақындық болмыстың ішіндегі әншілік, орындаушылық өнермен сабақтас. Орындаушылық шеберлікті айтқанда, әсіресе, ақынның сәнді қимыл- қозғалыстары, от шашқан көздері, кей кезде қасты қозғап, кірпігін қағып-қағып өзгеруі, бас-аяқ, қолдың, бүкіл дененің көңіл-күймен, сөз бейімімен, ән ырғағымен үндесе аса бір сәндікпен қозғалуы, үкілі домбырасын ырғап немесе аспанға атып қағып алуы - осының бәрі де жырдың толқынды ырғағына бағынады.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ топырағындағы тарихи-экономикалық және әлеуметтік-рухани өзгерістер, патша тарапынан жүргізіліп келген отаршылдық саясат ақынның көңіл-күйі мен өмірлік көзқарасына әсер етпей қалмады.

Ыбырай - өз заманының өнер жүлдызы. Ол қазақтың халықтық музыкасын дамытуда қаншалықты биікке көтерілсе, лирикалық өлеңдерімен қазақ поэзиясында да елеулі орны бар ақын. Айшықты әуен мен оның сөзін өзара әсем үндестікте жеткізе білу - әнші ақынның асқан шеберлігі. Үкілі Ыбырайдың інжу-маржандай сұлу сазы, ерке назды ән-жырлары халқымыздың рухани мұрасына қосылған сүбелі үлесі [3].

Сонымен, ХІХ ғасырдағы дәстүрлі ақындар поэзиясы халық арасында айрықша кең тыныс таты және бұл сал-серлік өнер фольклор нысаны ретінде көрінуімен қатар, жаңа лирикалық көңіл-күй, сезім жырларының ғажап үлесі. Ақындар поэзияның күрделі әлемін құрайтын

ауыз әдебиетіне тән өрнектерді, дәстүр мен мәдени сабақтастықты анықтау, ортақ және даралық ерекшеліктерді тану, халықтық, эстетика, фольклордың көркем түрі мен мәнерлі де бейнелі сөз жасаудың эволюциясы, өзіндік стиль, ұлттық дүниетаным табиғаты сияқты мәселелерді зерттеудің маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Ысмайлов Е. Ақындар. Алматы, 1956 ж.
2. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 2 т., А.1979, 191-193бб.
3. Қазақ халқының көне шежіресі. Қазжан Сұрғановтың қолжазбаларынан.

* * *

В статье рассматривается творчество поэта-музыканта Ибрая Сандыбайулы, оставившего след в истории литературы и искусства.

* * *

The article touches upon the creative activity of the poet and the musician Ibrai Sandibaiuly who made great contribution into literature and history of art.

Қазақ драматургиясының зерттелу жолдары

А. Абжалова

Сүлейман Демирел университетінің магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада 30-40 жылдар аралығындағы «Ұлы Отан Соғысы және соғыстан кейінгі жылдары» Совет драматургиясының жақсы үлгілері саналған шығарамалардың аудармалары тарқатылады. Оны сахналаған сәтте кездесетін қиындықтар және олардың ұлттық нақышта ерекшеленуі жайында айтылады. Драма өнері мен әдебиеттің арақатынасы ашылуы, жалпы драматургия тарихына шолу жасалып, тәуелсіздік кезең драматургиясына талдау жүргізіледі.

Қазақ әдебиетінің тамыры терең театрмен сабақтас саналатын жанрының бірі - драматургия саласы екені баршаға аян. Ол сонымен бірге, театр өмірінің шешуші құралы іспеттес. Драматургия тартымды тартысты болса сахналанған көрініс те көрермен тарапынан жақсы бағаға ие болары сөзсіз. Драматургия саласының әдебиеттің басқа жанрларынан артық ерекшелігіне тоқталсақ: - ол адамның жан дүниесіндегі асқақ сезімдер мен жалынды сан-салалы арпалыстарын психологиялық сипатта көрініс тауып, кісінің жан-жарасын көрерменге табиғи түрде бере білу, өмірдегі мәселелерді айқын да шынайы бейнелеп жеткізу болып табылады. Яғни драмалық шығармалар- екі бағытта өрбиді. Алғашқысы - көркем әдебиет қалпындағы нұсқасы болса, кейінгісі- оның сахналық түрғыда көрініс табуы. Бұл екеуін бір-бірінен ажыратып қарастыруға болмайды. Себебі, драма-сахна үшін де көркем шығарма үшін де аса рухани құнды жанр болып табылады. «Театрдың жаны- драма»- деп Гоголь айтқандай, драмалық шығармасыз сахналық өнердің тууы мүмкін емес! Әдебиетте күн санап дамып келе жатқан драмалық шығармалар қоғамда өз бағасын алуда.

Ұлттық нақышта бастау алған драмалық шығармалармен қатар, Кеңестік пьесалардан бөлек классик пьесалардың аудармалары сахналана бастады. Оларды қою арқылы, ең алдымен қазақ халқының жұртшылығын неше алуан тарихпен, сан алуан ұлттарды, қоғамдардың, топтардың өмірімен таныстырды. Атап айтсақ: К. Треневтің «Любовь Яровая, классикадан Гогольдің «Үйлену», «Ревизор» т.б. пьесаларды қойып азды-көпті тәжірибе алмасып пайдалы нәтижелер алуға болады деген көзқарас болғанмен 1930 жылы алғашқы жартысында аударма пьесаларды қоюға театрлар ерекше мән бере бастады.

Негізі-драматургияның тапшылығынан болса керек, дегенмен, аударма дүниелер қазақ сахнасында көрермен жүрегіне бірден жол таба алмады. Қазақтың қаны тұла бойында түнған ұлтшылдарымыз пьесалардың қабылдауына мүмкіндік бермей, тікелей карсы шығып, ұлттық санаға кереғар деген пікір топшылағанмен ол күрес ұзаққа бармады. Себебі: «Туған

театрдың келешегін ойлап ой толғаған біршама ілгері ойлы жазушылар мен драматургтердің кертартпа пікірлерге тойтарыс беріп, «Ол орыс совет драматургиясы мен классикадан үйренуді ең шартты міндет, мектеп жолы»- деп санады. Бұл күрделі әрі жауапты мәселе театрдың әр кезеңдерінде әртүрлі шешімін тауып келеді.[1]

Хотелось бы отметить, что речевой имидж является также *носителем индуктивного заряда пассионарности.* Пассионарность — избыток биохимической энергии живого вещества, порождающий непреодолимое внутреннее стремление к деятельности, направленное на осуществление каких-либо целей. Пассионарная индукция обеспечивает изменение настроений и поведения людей в присутствии более пассионарных личностей. Пассионариям удается «навязывать» окружающим свои поведенческие установки, сообщать им повышенную активность и энтузиазм, которые от природы этим людям не присущи. На ряде примеров Л.Н.Гумилев пронаблюдал, что пассионарная индукция гораздо сильнее действует на людей той же этнической принадлежности, что и пассионарии — источники индукции. Следовательно, пассионарная

индукция является одним из основных факторов, благодаря которому этнос действует как единое целое.

Обобщая сказанное, мы определяем речевой имидж как гиперпрезентему, формирующую устойчивое мнение об объекте у определенной группы адресатов, возникшее в их психике на основе индивидуального образа посредством речевого воздействия конкретной языковой личности, и реализующуюся в презентационном дискурсе.

Представляется важным разграничить понятия *языкового* и *речевого* имиджа. Языковой имидж – феномен парадигматический, т.е. представляющий многокомпонентную парадигму речевых имиджей; при этом он соотносится с языком как *предметом* (согласно теории А.А. Леонтьева о речевой деятельности), в то время как речевой имидж, вписанный в контекст реального общения, соотнесен с языком как *способностью*. Следовательно, языковой имидж существует в системном аспекте, речевой – в функциональном, где язык рассматривается как *процесс*.

Литература:

1. Залевская А.А. Психолингвистические исследования. Слово. Текст: Избранные труды. –М.: Гнозис, 2005. – 543 с.
2. Базылев В.Н. Синергетика языка: овнешнение в гадательных практиках. – М.: Диалог-МГУ, 1998. – 180 с.
3. Алефиренко Н.Ф. Живое слово: проблемы функциональной лексикологии. – М.: Флинта: Наука, 2009. – 344с.
4. Слово – сознание – культура: сб. науч. трудов / сост. Л.Г. золотых. – М.: Флинта: Наука, 2006. – 368 с.
5. Горчакова В.Г. Имидж: розыгрыш или код доступа?/ В.Г. Горчакова. – Ростов н/Д: Феникс, 2011. – 252 [1] с.
6. Блэк М. Метафора//Теория метафоры. – М., 1990. – 345 с.
7. Чернявская Е.В. Дискурс власти и власть дискурса: проблемы речевого воздействия: Учеб. пособие. – М.: Флинта: Наука, 2006. – 136 с.
8. Олянич А.В. Презентационная теория дискурса: монография. - Волгоград: Парадигма, 2004. – 507 с.

* * *

Осы бап сөйлеу имидждің синергетикалық табиғатының теориялық ұғынуына арналған - лингвистикалық имиджелогияның зерттеу нысанасы. Автор дискурс және оның жасаушы ағындары имидж деңгейде шығарады.

* * *

This article is devoted to theoretical judgment of the synergetic nature of speech image – object of research of an image science. The author deduces image on level of a discourse and its "power forming" streams.

Айтыс және имандылық

К. Досанова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың II курс магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Мақалада қазіргі айтыс өнерінің тәрбиелік мәні, нақты айтқанда имандылық мәселесі қозғалады. Діни сана-сезім мен діни көзқарастың ақындар аузымен тыңдарманға жетуі сөз болады. Қоғамдағы бүгінгі күннің мәселелерін жеткізудегі айтыскер ақындардың рөлі жыр жолдарымен айтылады. Дұрыс сөйлеу мен имандылық туралы Құран аяттары мен сүрелері келтірілген. Аталмыш мақалада қазіргі айтыс ақындарының имандылыққа қатысты өлең жолдары талданып, берілген.

Осыдан бірер жыл бұрын айтыс ақыны Мұхамеджан Тазабеков:

«Жігіттің жастық шақта еркі жеңер,
Сеніммен ұсталмаса сертің егер.
Аллаға – құл, адамға – ұл болу ғой,
Намазға кеп түйіссе тең тізелер.
Ақын намаз оқыса хақты танып,
Алдымен аузындағы сөз түзелер.
Он күнәнің тоғызы тілден екен,
Сөз түзелсе, иншалла, ел түзелер» [1;117], –

деп, тілге ие болудың имандылыққа оң ықпалы турасында босқа жырламаса керек. Осында ақынның «алдымен аузындағы сөз түзелер» деп, жыр арнасындағы әріптестеріне қарата айтылған сындарлы сөзіне біз де назар салып, қазіргі айтыс ақындарының имандылыққа қатысты өлең жолдарына мән бермекпіз.

Бір ақын былай деген екен:

Ей, адам баласы тіліне ие бол!

Сені шағып алмасын.
Себебі, ол – жылан.
Қабірлерде кездесуде батырлар да шошитын,
Қаншама тілінің құрбаны жатыр.
Екінші бір ақын айтқан:
Адам, тілінің сүрінуінен өледі,
Аяқтың сүрінуінен өлмейді.
Тілімен сүріну – оның басын кетіреді,
Ал, аяқпен сүріну ақырындап жазылады [2; 246].

Сондықтан, мұсылман адамның бірде-бір бос сөз сөйлемегені жөн. Ол дінінде пайдалыны айтумен ғана сөйлеу тілінен сақтануы тиіс. Егер бір сөзді айпақшы болса, әуелі онда пайда бар ма, жоқ па қарасын! Егер пайдасы болмаса, онда ол сөзден тыйылсын. Егер пайдасы болса, онда сол сөзді айтумен одан да пайдалырақ сөзді жіберіп қоймаймын ба деп ойлансын! Бұнымен оны зая етіп алмасын [2;247].

Егер жүректегі нәрсеге дәлел іздемекші болсаңыз, бұған тілден дәлел іздеңіз. Өйткені, тіл иесі қаласын, қаламасын жүрегіндегі нәрселерден сізді хабардар етеді. Яхия ибн Муъаз айтқан: «Жүрек – ішіндегілерімен қайнап жатқан қазан тәрізді. Ал, сөйлеу тілі – оның шөміші. Сондықтан, бір адам сөйлеп жатқанда, қараңыз. Себебі, оның тілі жүрегіндегі нәрсені шөміш тәрізді шығарып береді. Оның сөйлеу тілі тәтті ме, қышқыл ма, түщы ма, ащы ма жүрегіндегілерді шығарып тұрады. Бұдан тысқары сізге, оның жүрегінің дәмін тілінің шөміші баяндап береді». **Хилитул – Әулие 10/63** [2; 247].

Айтыстағы имандылықты сөз еткенде, алдымен ақындарымыздың сөз бастау тәсіліне көңіл бөліп көрелік.

Ал, сөзімнің басы – Бісміллә, рахманир рахим,
Жаратқан ием жар болса, кең көсілер бұл ақын [1;26].
(Жәкен Омаров)
Бісміллә, оңғарылса тілім хақтан,
Жұртыма жыр ұсынам тың ырғақтан [1;71].
(Дәулет-керей Кәпұлы)
Мейіріміңді көріп мен иілемін,
Меккеге жеті ай жүріп барған құлдай.
Иманды сөзім сіңсін жүрегіңе,
Әулиеге әуеден тамған нұрдай...
Алладан жәрдем тілеп сөз бастайын,
Намаздан жығылмаған нар Жамбылдай [1;112].
(Мұхамеджан Тазабеков)
Ағайын, армысыздар Алладан соң,
Ақынға отыратын нұр ұсына...
Мұбарак болсын құрбан айттарыңыз,
Табарак ырыс қосып ырысыңа.
Наурызда Тәңіріден тілейтінім –
Сабыр берсін батыс пен шығысыңа [1;113].
(Бекарыс Шойбеков)

Міне, жоғарыда келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, ақындарымыз ешбір айтысты Алланың атын атамай сөз бастамайды. Алланы еске алумен жүректер орнығады. Бұл – иман келтіргеннің белгісі. Сөз басында Алладан жәрдем тілеу арқылы айтыстың соңына дейін көпшілік алдында тілден жаңылмауды мұрат етеді.

Адамның иманына тілдің, сөздің тигізетін ықпалы үлкен. Ислам мәдениетінде тіл ілімі, сөз нарқына ерекше жауаптылықпен қарайды. Тіл өнерін бағалай білетін мұсылман халқымызда «тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар» деп, тіл мен сөздің маңызын тани білген.

Құранда «Аллаh жаман сөздің жария болуын жақсы көрмейді» **«Ниса», 148-аят –** деп, бұрыс сөйлеуге тыйым салып, «ең сыпайы түрде сөйлесін. Өйткені, шайтан араларына бұзақылық салар» **«Исра», 53-аят –** деп жақсы, дұрыс сөйлеуге бұйырады [2; 156-157].

Құраннан нәр алып және оған амал еткен бабаларымызда өз еңбектерінде тілдің тәрбиелік мәнін ашып, тілден келетін зияннан сақтандырған.

XI ғасырда Жүсіп Баласағұн:
Аллаh адамдарды жаратты, үздік етті,
Оған өнер білім, ақыл-сана берді...
...Ақыл мен білімнің тілмашы – тіл,
Ердің мерейін көтеретін тілді біл...
...Тіл қадірлі етер, ерге бақ қонар,
Қор қылар тіл, кететұғын бас болар...
...Жаман сөзге қимылдатпа тіліңді [2; 157], –

деп «білімсіздің сөзі өзінің басын жейтінін» ескертіп, екі дүние бақытына жету үшін адам баласын «халықтың бәріне ісімен де, сөзімен де игілік етуге» шақырады. Абай ақын:

«Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ [3; 60], – дейді.

Мұндағы өсек, өтірік, мақтан – тілмен байланысты. Ендеше, айтыста ақындарымыз бос сөзге ерік берген сәттерді халық қалап жатпасы анық. Елдің көкейінде жүрген мәселелерді жыр түйдегімен жеткізгенін қалайды. Ел құлағына шалынып жүрген елдегі мәселелерді тіл шанышқысымен шаншып, кездігімен кескенді, ақиқатын айтқанын тілейді. Ар-иманы биік, сана-түйсігі жоғары ақын азаматтар әрдайым қоғамдағы жайттарды елеусіз қалдырмайды. Алаштың ардақты ақынына айналған Аманжол Әлтаев Жәкен Омаровпен бір айтысында қазіргі қоғам жайлы былай деп ой толғайды:

Әзірге ісі оңға басар емес,
Жемқорлық жанымыздан қашар емес.
Бір өзі еңбек етіп мешіт салған,
Кещегі Құнанбайлар осал емес.
Бұл күннің қажысы мен қалмалысы,
Халқына ондай рахым жасар емес,
Халқының садақаға берген пұлы,
Мүфтидің айлығынан асар емес.
...Қазіргі кей қазаққа таң қаламын,
Меккеге барып келіп арақ ішкен [1;32], –

дей келіп, қажылыққа адал тапқан қаржыңмен бару керектігін Алла атымен ескерте кетеді:

Парамен, жемқорлықпен тапқан ақша,
Қажылық ырымына жарамайды [1;32].

Сол айтыста әріптесі діни оқуда жүрген Жәкен Омаровтың дінді құрғақ сөзбен айтып, ел көкейіндегі мәселелерді толғай алмағанына ренішін білдіреді:

Ілімнің бойла, інім, тереңіне,
Ел сонда иланады дегеніне.
Алаштың мүң мен зарын айта алмасаң,
Молда боп бұл пәниде керегі не? [1;33].

«Жетім көрсең, жебей жүр» деген қазақ халқында ата-анасыз қалған сәбилерді шет елге сату үрдісі белең алған түсты ақындарымыз көзден таса қылған жоқ. Ақынның сүйенері – тіл. Ашынған тіл айтпасқа қоймайды.

Жетім пана таппаса аулымыздан,
Не пайда аулымыздың барлығынан?
...Жетімдердің қамқоры бола алмасақ,
Не пайда хандығыңнан, нарлығыңнан? [1;39] –

деген Ермек Жұматаевтың сөзіне Аманжол Әлтаев былай деп жауап береді:

Бейкүнә жетімдерді шетке берсек,
Қазақты кешірмейді құдайымыз [1;40].

Бұл ұлттық мәселе Баянғали Әлімжанов пен Тілеген Әділовтің айтысында да сөз болады. Баянғали:

Елірген бүгін кей біреу,
Ақшасы көп шетелге
Сатып та жатыр баланы [1;91], – дейді.

Аллаға серік қосу, өзге дінге мойын бұрып адасушылық қазіргі қоғамда жаңалық болудан қалды. Естіп жатсақ, таң қалмайтын дәрежеге жеттік. Бұл – қасірет. Оны айтпаса, аузы дуалы ақындарымыздың тіліне теріскендей қадалып тұр. Бекарыс Шойбеков:

Рахмет, мешітіңді бітіріпсің,
Күмбездерін көмкеріп, ғажап етіп.
Бір терінің пұшпағын илейміз ғой,
Бір мешітте жүрген соң намаз оқып.
Бірақ кейбір жайларды айтпай болмас,
Ішімді жатқаннан соң қажап өтіп.
Кришнаит болып кеткен қазақтар бар,
Ала алмай жүрсек біздер қазақ етіп.
Алдамшы қорлар менен ұлар да көп,
Қалың елге баратқан азабы өтіп.
Бұл жақта сендер бар деп сенуші едік,
Көрінгенге қоймас деп мазақ етіп.
Япыр-ау, ару қала Алматымды,
Не күйге түсіргенсің, Тазабеков? [1;116]–

деп, өзі өмір сүріп отырған қоғам көрінісіне бей-жай қарай алмайтындығын жеткізеді. Бұл жерде Алматыдағы белең алған келеңсіздікке әріптесінің еш кінәсі жоқ екенін біле тұра ақындық тәсілімен Мұхамеджаннан ұтқыр жауап күтеді. Елдегі жайды ақын досы күйзеле жырлап тұрғанда, сөзден тосылар Тазабеков пе екен?! Бекарыстың ойын былайша жалғап кетті:

Он жылда әрең біткен қасиетті үй,
Жалғанға жарық нұрын шашып келді.
Жартылығын қойынға жасырғандар,
Молданың да моласын қазып келді.
Мешіт салып берді деп мәз қыламыз,
Харамнан қаржы жиған кәсіпкерді.
Дінге бас-көз боп жүрген Тәжин көкем,
Тартты деп айта алмаймын таспиқтерді.
Қазақтың діндарлығы сол емес пе,
Мешітін де Храпунов ашып берді.
Сүндеттелген көсемің жоқ па еді деп,
Сүйегіме таңбасын басып берді [1;118], –

деп замандастарының ұлттық намысты төмендетпей, имандылықтың тазалықпен келуіне үн тастайды. Әрбір сөздерінде шындықты шарпып өтетін Мұхамеджан мен Бекарыстың дәл осы айтысында имандылық мәселесі тереңнен қозғалды десе де болады.

Мұхамеджан:

Имансыз бұл қоғамда не істелмей тұр,
Қалталылар қалғанын көзге ілмей жүр.
Пайдасы өз басынан аспайтындар
Халықтың көз жасынан сескенбей тұр.
Бесік жыр естімеген белсенділер,
Бес күндік екеніне дес бермей жүр.
Құранды сыйға тартсаң алмайтындар,
Құдайдың бар екенін ескермей тұр.
Адамның таза болса ой дәптері,
Басына бақ пен дәулет қонбақ тегі.
Бір кезде Түрғұт Өзал намазға кеп,
Тұрғанда ел көңілі толмап па еді.
Кешегі Димекең де жұманы оқып,
Шариғатты білген ғой бойлап тегі.
Тек Құдайдан қорыққан текті атамыз,
Мәскеудің сан қаулысын жоймап па еді.
Өліктерді өртейтін Алматыда
Крематорий салғызбай қоймап па еді.
Сол Алматы бұл күнде тәнін сатқан
Тірі өлікке толар деп ойлап па еді?
Қазағым, кейде рас құлагерсің,
Құлагер қашанғы енді құлап өлсін.
Жарнамаға алданған жастарымыз,
Көңіліне қалай иман шуақ енсін.
Патшаға шындықты айтар ақсақал жоқ,
Оған да халқым өзің куәгерсің.
Аузында қайдан оның дуа болсын [1;120-121], –

деп өз кезегінде барлық имандылыққа қатысты қоғамдық өмірдің бүгінгі көрінісінің бар ащы шындығын тіл астында қалтарыста қалдырмай, күйіне жеткізеді. Ақынның еш сөзіне артық анықтама берудің қажеті жоқ. Бәрі де анық, айқын, ең бастысы ақиқат. Осы айтылған салмақты сын бірер ғана адамның болса да санасына түйін берсе ақын сөзі желге ұшпады деуге болады. Әрбір өлең жолдары терең ойға еріксіз қалдырады. «Шалын да, шауқанын да аямаған асыл досының» батыл да шыншыл сөздеріне қарсылас әріптесі Бекарыс та ризашылығын білдіреді.

Сөздің басын «Алла» деп бастаған ақындарымыз сөздің соңында да Алласын ұмытпаған. Біз де осы мақаламыздың аяғын Аманжол Әлтаевтың мына тілегімен аяқтағымыз келеді:

Заманның қиындығын жеңіп шығар,
Рух пен иман берсін қазағыма [1;40].

Әдебиеттер:

1. Қазіргі айтыс. Құраст.: И. Нұрахметұлы, С. Дүйсенғазин – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2004. – 312 б.
2. Пендеге иман өзі ашады жол. – Алматы, 2006. − 336 б.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2003. – 296 б.

* * *

Статья посвящена воспитательным вопросам, затрагиваемым в айтысе, а также воспитательной роли искусства айтыс. Религиозное мировоззрение поэтов передаётся слушателям с помощью слова. Роль поэтов-импровизаторов заключается в том, чтобы своими песнями донести до слушателей злободневные проблемы общества. Приводятся примеры из глав Корана о культуре речи и нравственности. В данной статье проанализированы строки песни современных поэтов-импровизаторов, касающиеся нравственности.

* * *

This article is about the educational sence of art aitys, concretely the theme is the religiousness. It was written about the way of poets to convey the listener the religious consciousness and religious view. In lines of poetry it was spoken about the role of poets in telling about today's problems of society. There are verses and suras of Koran about religiousness how to talk right express thoughts. In this article are given and have been discussed lines of poets' poems about the religiousness.

Қазақ батырлар жырларындағы «Адам» концептісі

Ж. С. Ергубекова

А. Ясауи атындағы ХҚТУ-дің PhD докторанты, Түркістан, Қазақстан

Аннотация. Мақалада эпикалық фольклор мәтінінде адамның жалпы және жекелеген кейіпкерге байланысты бейнелері жасалынатындығы, бұл бейнелердің когнитивтік лингвистикада адамның тілдік концептуалдық моделі ретінде зерттелінетіндігі айтылды; эпикалық «батыр» концептісіне лингвомәдениеттанымдық және лингвокогнитивтік талдау жасалып, концептілер жүйесінде қарастырылды.

«Адам» концептісі – батырлар жырында тікелей «батыр» концептісі. «Батыр» концептісі батырдың асынған қару-жарағы, мінген аты, бірге туған бауыры, батырды, яғни балаларын құдайдан сұрап алған атасы мен анасы, сүйген аруы концептілерімен толығады. Сонда «батыр» концептісі тек жеке бір өзі емес, оны қоршаған ортасымен берілуі тиіс, олардың әрқайсысы жеке-жеке концептілер жүйесі болып табылады. Бұл концептілердің біразына мақалада талдау жасалынды. Олар «батыр» концептісінің микроконцептілері болып есептелінеді.

Қазақ эпикалық фольклорының лингвоментальды кеңістігінде «адам» концептілері басты орын алады деп айта аламыз. Бұлай дейтініміз, эпикалық фольклордың басты кейіпкері – адам болып табылатындығында: эпикалық мәтінде адам туралы, адамға қатысты оқиғалар жайында баяндайды. Қазіргі когнитивтік лингвистиканың ұстанымдары бойынша бүкіл тілдің негізгі сипаты – оның антропоөзектілігі, яғни «Тіл мен адам» біртұтас құбылыс немесе бір құбылыстың екі жағы. Когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану т.б. тіл білімінің салалары антропологиялық лингвистика идеялары, қағидалары мен арналары арнасында қалыптасып дамыды.

Эпикалық фольклор мәтінінде адамның жалпы және жекелеген «кейіпкерге байланысты) бейнелері жасалынған, бұл бейнелерді когнитивтік лингвистикада *адамның тілдік концептуалдық моделі* ретінде қарастыруға болады.

Адамның концептуалдық моделі эпикалық фольклордағы лингвоментальды кеңістігінің, яғни концептосферасының белгілі бір құрылымдық бірлігі болып табылады, сондықтан эпикалық фольклорлық мәтіндеріндегі адамның концептуалдық моделін біз *эпикалық адамның концептуалдық моделі* деп атаймыз. Адам бейнесінің қалыптасу ортасына және тарихи-генетикалық сипатына қарай эпикалық, ортағасырлық, немесе көне түркі, заманауи, әлеуметтік, этникалық, әдеби (романдардағы немесе поэзия, драматургия т.б. шығармалардағы) адамның концептуалдық моделі деп ажыратып қарастыруымызға болады. Адамның осы тілдік концептуалдық модельдерінің бірбіріне ұқсамайтын өзгешеліктері және айырма-

шылықтары бар, сонымен қатар оларды (бір-екі немесе бірнеше түрлерін) біріктіретін сипаттар аталмыш модельдердің бойынан табылып қалады.

Эпикалық концептілердің өзіндік тілдік көріністері бар, яғни концепт вербалданады (сөз, дискурс, мәтін арқылы), мәтіннің лингвокогнитивтік кеңістігінде репрезентацияланады. Эпикалық «адам» концептілерінің лингвомәдени ментальдік мазмұнында ұлттық құндылық (аксиологиялық) жүйесінің элементтері мен бірліктері орын алған. Эпикалық адамның концептуалдық тілдік моделінің өзі осы тұрғыдан алғанда *аксиологиялық модель* болып табылады, өйткені қазақ этносының адамға деген идеалды көзқарастары осы модельде келтірілген. Концептілерде-күрделі ментальді құрылымдарда да белгілі бір мәдениетке тән мәндер, құндылықтардың доминанттары өз көріністерін береді, ал енді сол аталмыш мәндер мен доминанталар (құндылықтар жүйесінің негізгі ұстанымдары) мәдениеттің белгілі бір типін қалыптастырады және тілде сақталады [1, 5].

Қазақ батырлар жырларындағы әлем бейнесінің негізін «адам» концептісі құрылымдайды, өйткені эпикалық жырлардағы барлық оқиғалар, сюжеттер, көріністер қалай болса да, адаммен (эпикалық шығарма кейіпкерлерімен) байланысты болып келеді. Адамға қатысы жоқ деп есептелінген концептілердің өзі адамның санасынан, түсінігі, танымы елегінен өтеді, сол себепті мәдениет категориялары мен концептілерінің бәрінде адам, адам таңбасы бар деп айта аламыз.

Когнитивтік лингвистика терминологиясымен айтатын болсақ, «батыр» концептісінің лингвомәдени мазмұнына батырға тікелей және жанама қатысы бар барлық эпикалық (сюжеттік, композициялық, эстетикалық, тақырыптық т.б.) құрылымдар мен бірліктер еніп кетеді. Осындай бірнеше немесе сан алуан мәтінде мазмұндық мәліметтер «батыр» Концептісінің өзегі болып табылатын батыр бейнесінің төңірегінде топтасады. Мәселен, «Оқиғаның ертегілік, тарихи болып жіктелуіне қарамастан, сюжет көбіне Алпамыс төңірегіне құрылған.

Сюжет оқиғалары лингвокогнитивтік тұрғыдан қарастырғанда, концепт-фрейм, концепт-сценарий ретінде зерделенеді, яғни олар – лингвоментальді бірліктер және сол сипатында, түптеп келгенде, «батыр» концептісіне қызмет етіп, аталмыш концептінің лингвомәдени мазмұнын толықтыра түседі.

«Батыр» (эпикалық батыр) концептісінің лексикалық тірегі (өзегі) болып табылатын *батыр* лексемасының «Қазақ тілі түсіндірме сөздігінде» (II том) берілген анықтамасында былай делінген: **Батыр,** ел қамы үшін жаумен сайысқан тарихи қаһарман, эпостық жырлардың геройы, алып ер. *Құртқа сынды сұлуды Қобыландыдай батырға берейін деп жатқанын Қырық бес Қызыл ер хабарын мұның есітті.*

С.И.Жапақовтың «Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері» атты кандидаттық диссертациясында *батыр* концептісіне мынадай түсінік беріледі: **Батыр,** қаһарман басына дулыға киген, қылыш асынып, қапқан ұстаған алып ер; Түлпар мінген, найза, қалқан бөктерген, қылыш асынған дулыға киген алып денелі адам; жаудан елді қорғайтын қаһарман [2, 35].

С.И.Жапақовтың көрсетіп отырған «батыр» концептісі объектісінің қарапайым ойсуреті – ойсурет концептісі («мыслительная или наивная картинка мира») батыр лексемасындағы кейбір семалар осы концептіде қайталанып отырады: «алып», «ер», «елді жаудан қорғау», «қаһарман» т.б. [2, 35]. Аталмыш семаларға қатысты «батыр» концептісінің лингвоментальді мазмұнында көптеген когнитивтік, тілдік, фольклорлық, этномәдени ақпараттар мен мәліметтерді табуға болады, ол ақпараттар мен мәліметтер фольклор мәтіндерінің кеңістігінде және оның сыртында (мәтіндерден тыс) қазақ дүниетанымында, этнос болмысында, рухани және материалдық мәдениетінде табылатыны анық. «Батыр» және де басқа этномәдени эпикалық концептілерінің лингвокогнитивтік (лингвомәдени) мазмұнын реконструкциялауға, яғни жаңғыртуға жоғарыда аталған мәтіндік және экстралингвистикалық лингвоментальді мәліметтердің қажеттілігі айтпасақ та түсінікті. «Эпикалық батыр» концептісінің этномәдени мазмұнын толықтыра қамтитын және сипаттайтын микроконцептілердің құрамында түрлі типтік және тақырыптық микроконцептілер болатыны анық. Мәселен, «Қобыланды батыр» немесе «Алпамыс батыр» жырларындағы батырға қатысты көптеген оқиғалар микроконцепт-сценарийлерге тірек (өзек) болып саналады, өйткені концепт-сценарийлердің лингвокогнитивтік (этномәдени) мазмұны оқиға, іс-әрекет, сюжет арқылы ғана ашылады және сипатталады.

«Батыр» концептісіне қатысы бар тақырып-

тық микроконцептілерге, мәселен, «түлпар (батыр түлпары)» этномәдени микроконцептісін жатқызуымызға болады. Қазақтың эпостық жырларында батырға түлпар мінгізіп, ту ұстатады.

Қобыланды батыр:
Түлпар мініп, ту алған,
Барған жері қуанған,
Кеткен жері қуарған.

Түлпар, қазанат эпикалық қаһарманның бірден-бір атрибуты.

Алпамыс батыр:
Алтын бауыр Шұбардың
Басын жолға салады,
Бір күн шапса шұбар ат,
Айшылық жолды алады.

Қазақ батырлар жырларындағы «түлпар» этномәдени концептісінің өзіндік лингвоментальді мазмұны бар: онда көне мифологиялық, тарихи, этнологиялық т.б. мәліметтер түлпарға, яғни жылқыға қатысы бар және түлпар концептісі батырлар жырларындағы әлемнің тілдік бейнесін құрастырушы лингвокогнитивтік құрылымдардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, эпикалық «түлпар» концептісі эпикалық қаһарманның бейнесін сомдайтын, суреттейтін және сипаттайтын лингвоментальді бірлік ретінде қызмет атқарады, себебі түлпар мен оны мінген батырдың бейнесі егіз, бір-бірінен ажыратылмайды.

Эпикалық «батыр» концептісіне қатысы бар тағы бір этномәдени концепті – «қару-жарақ». Эпикалық батыр бейнесінің тұрақты атрибутының бірі және бітегейі – оның қару-жарағы. С.Жапақовтың пікірінше: «Қазақ этносы басынан өткерген бір кездегі лингвомәдени қоғамдастық мүшелерінің ментальды дүниесінде қаһарман модусын, біздіңше а) дулыға, сауыт киген; ә) жау жарақтарын асынған (қалқан, садақ, найза-қылыш, шоқпар); б) қазанат мінген түлға түрінде көрсетуге болады» [2, 50]. Ер Тарғын жырындағы эпикалық батырдың бейнесін С.Сейфуллин былай етіп суреттейді: «Жал-құйрығы сүзілген, бауырынан жараған, жер тарпып жұлқынған сәйгүлік ат. Ол аттың үстіндегі ақ кіреуке, қынама сауытты, темір дулығалы, алмас қылышын жарқылдатып, желекті найзасын шүйірген жауынгер».

Академик Р.Сыздық қазақ эпосындағы қару-жарақ атауларының поэтикалық (эстетикалық) сипатына назар аударады: «Әсіресе қару-жарақ атауларында батырдың, оның ата-анасының, сүйген жарының портреттерінде, астына мінген атының суретінде т.т. орын алады. Мысалы, ауыз әдебиет үлгілерінде қару-жарақ, сауыт-сайман атаулары ешқашан бір өзі дара аталмайды, олардың алдныа сан алуан, көбінесе тұрақты эпитеттер жүреді: *бұлғары садақ, бұқар жай, балдағы алтын ақ берен, алтын құндақ ақ берен, көк сүңгі, бадана көзді ақ сауыт, шашақты найза, алтын қалпақ, жез телпек, шар болат, қозы жауырын жебе, алмас қылыш, ақ қара бас ту, тобылғы тор ат, сегіз құлақ ақ шатыр* т.б. Бұл, біздің байқаумызша, қазақ ауыз әдебиетінің тіліндегі көркемдеуіш амалдардың көзге түсер ерекшелігі қазақтың ауызша дамыған әдеби тілі, яғни қазақтың XY-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулары берік сақтап келген» [3, 38].

Эпикалық этномәдени концептілер этнос (лингвомәдени қауымдастың) танымы тәжірибесінің белгілі бір нәтижесі мен туындысы болып келеді, өйткені этностың (адамның) танымы мен білімі сөзде, материалдық және рухани мәдениеттің туындыларында, әдет-ғұрыптарда, ритуалдарда, тілдік мәтіндерде, паремиологиялық және фразеологиялық қорда, жалқы есімдерде т.б. сақталған.

Эпикалық этномәдени концептілерді біз бірнеше түрге бөлуге болатынына көзіміз жетті. Мәселен, «адам» концептісі өз кезегінде «ер» және «әйел» концептілеріне бөлінсе, «ер» концептісін «батыр», ал «әйел» концептісін «батырдың қалыңдығы» т.т. тармақтай беруге болады. Мұндай бөлу гиперо-гипонимиялық дифференциацияға жатады, яғни тек-түрлерге (родвид) бөлінеді. Гипероним – тектік сипаттағы нысанды (құбылысты) білдіретін болса, гипоним – түр сипаттағы нысан (құбылыс). Сонда «адам» - гипероним, ал оның гипонимдері – «әйел» мен «еркек» т.т.

Б.М.Тілеубердиев пікірінше, «адам» концептісі – күрделі құрылым және «ер», «әйел» концептілерінен құралады, өз кезегінде «ер» концептісі «мерген», «батыр», «кеже бала», «тазша», «жетім» концептілерге бөлінеді. «Ер», «батыр», «әйел», «мерген», «кенже бала», «тазша» т.б. концептілерде негізгі (актуалды) өзек немесе сипат, мән сақталады: ол – «адам», ал аталған адам түрлерін көрсететін концептілерді диахрониялық тарихи концептілер ретінде қарастыруға болады, өйткені онда ұлттық концептіге енген тарихи (пассив) сипаттағы тектік лингвоментальды бүкіл ақпараттар бар [4, 118-119].

Қазақ батырлар жырларындағы адам жайындағы гипонимиялық концептілер негізінен эпикалық персонаждарға қатысты қалыптасқан

және құралған, сол себепті оларды персонаж есімімен де атауға болады: мысалы, «Құртқа» этномәдени концептісі, «Алпамыс батыр» концептісі т.т. Эпикалық персонаждар сюжетте белгілі бір орны мен мәні бар екені белгілі, сонымен қатар қаһармандық эпостағы түлғалар ғасырлар бойында жинақталған таным тәжірибесінің нысаны, фольклорлық мәтіндердегі көрінісі іспетті. Эпикалық шығармалардағы әр бейне – халқымыздың рухани танымымыздың қайталанбас жемісі мен үлгісі. Осы тұрғыдан алғанда, эпикалық этномәдени концептілер – ұлтымыздың тарихи жадының бірліктері болып табылады.

Эпикалық этномәдени (гипонимиялық) «батыр» концептісінің лингвоментальды құрылымын құрайтын және қалыптастыратын бейнелер (оларды концептілер түрінде де қарастыруға болады) Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, Қамбар т.б. бейнелері.

Қобыланды бейнесінің сипаттамасы эпикалық қаһарманның басты функциясына қызмет етеді: батыр бүкіл халықтық мүдделер үшін күреседі, ол – ержүрек, адал, жеңілісті білмейтін құтқарушы – жауынгердің идеалы.

Бейненің басты сипаты – батырдың бірегейлігі, «еш теңдесі жоқтығы». Басқа қаһармандық жырлардағыдай, батыр балалық шағында небір күшті батыр палуандарды жеңеді, одан асқан күшті жауынгер төңірегінде табылмайды. Поэмада «жалғыз жауынгер» дәстүрлі мотив сақталған. Жырдың басынан аяғына дейін батырдың өзі және де басқа персонаждар ол (Қобыланды) ата-анадан жалғыз екенін, жалғыз өзі жауға аттанғанын немесес соғыс алдында жалғыз өзі қалғанын үнемі айтып келеді; Қобыландының не ағасы не інісі жоқ, сүйенері, жәрдем берері жоқ. Көп жағдай ол жалғыз өзі мыңдаған жау әскерімен соғысады және жау батырын жеңеді.

Қобыланды батыр бейнесін лингвомәдениеттанымдық және лингвокогнитивтік тұрғыдан сипаттау барысында «не себеп Қобыланды батыр жалғыз жауынгер түрінде көрсетіледі», сөйтіп суреттеуге қандай негіз бар деген сауалға жауап беруіміз керек. «Жалғыз жауынгер» мотиві фольклорлық дәстүрлі мотив деген түсіндірме (жауап) когнитивтік лингвистика мамандарын қанағаттандыра алмайды.

Эпикалық батырдың «еш теңдесі жоқ» сипаттары, гиперболикалық күші мен қаружарағының кереметтілігі, «жалғыз жауынгер» түрінде суреттелуі т.б. қаһарман бейнесінің антологиясында, генезисінде жатыр деп есептеуімізге тура келеді. Сырт көзбен қарағанда, эпикалық батырды бұлай етіп суреттеу – фольклорлық шығарманың лингвопоэтикалық жүйесінен табылатын ерекшеліктеріне, яғни фольклорлық, эстетикалық дәстүрге байланысты болып көрінгенімен, эпикалық батырдың бұл сипаттары алғашқы адам, демиург, мәдени қаһарман сипаттарына негізделеді және бастау алады. Мифологиялық дүниетанымда эпикалық батырдың прототипі болған мифтік қаһарман алып (космостық масштабта) алып адам болған, ол садақ пен жебелер арқылы аспан әлемін (космосты) реттеген, алғашқы адам болғандықтан, ол жалғыз еді т.т.

Эпостың көптеген сюжеттерінде батыр аты елеулі орын алатынын зерттеушілер атап көрсеткен. Дала халықтарының түлпарға (жылқыға) деген ерекше көзқарасын А.П.Окладников былай түсіндіреді: « ... Бұрынғы заманда әскери аттың (әскери атты қолдың) маңызы өте зор болған, сондықтан да эпикалық мәтіндерде жылқы (батыр аты) белсенді түлғалардың бірі. Сонымен қатар, тереңде жатқан тотемистік жылқы культін және қорғаушы-пір жылқы бейнесін ұмытпауымыз керек» [5, 6 б].

Түркі және монғол халықтарының өткен тарихына көз салсақ, олардың ментальдық танымында атты ер адам жайында мынадай түсініктерді байқар едік: «Түркі және монғол эпосында көшпелілер мен жартылай көшпелілер қоғамына тән мынадай дәстүр айқын байқалады – ер адамға жаяу жүру және атсыз болу жат нәрсе. Бұл дәстүр өте терең тамыр жайған, осыны эпостан ғана емес, сонымен қатар көне жазба ескерткіштерінен де көруімізге де болады. М.И.Артамонов Аммиан Марцелиннің көшпелі ғұндар мен аландар жайында қалдырған мәліметтерін келтіреді: олар туа біткен аттылар екенін және өмір-салты ұқсас екенін көрсеткен. «Аландарда балалар ерте бастан атқа мініп жүреді, жаяу жүруді олар ұят санайды», ғұндар да аттың үстінде өседі және тек ат үстінде соғысады (Артамонов). Көне заманда көшпелілерді кентаврлар деп түсінген (Плетнева). Сондықтан да түркі және монғол халықтарында атты иесімен бірге жерлеу дәстүрі болған; эпоста бұл ереже сақталады – ержүрек жаудың өзін атымен бірге жерлейді (Гесер) [5, 241 б.].

Эпикалық батырды ақ сұңқармен теңестіру зерттеушілердің пікірінше, «тұрақты поэтикалық формула». А.Т.Бақтыбаеваның пайымдауынша: «Екі халықтың (қазақ пен орыс) эпосына тән дәстүр – троптарды қолдану.

Соның ішінде жыртқыш құстарға батырды теңеу троптардың белгілі бір тобын құрайды. Бұл салыстырудың негізінде психологиялық параллелизм құбылысы жатыр, яғни сұңқар іс-қимылдар әрекеттерінің репертуары. Осыған орай айта кететін жай – салыстыру, теңеу үшін тек құстар бейнелері қатыстырылмайды, солармен қоса жануарлар (батыр – арыстан, батыр – бөрі) және өсімдіктер (батыр – богатырь – емен) бейнелер пайдаланылады. Мәселен, Қобыланды сұңқармен салыстырылады. Оның ерекшелігі мынадай антитеза арқылы көрсетіледі: «Сен – сұңқар, біз – қарға». Қобыландының баласы Бөкенбай сұңқар бейнесі арқылы суреттеледі:

Фольклорды поэтикалық жүйе ретінде қарастыратын болсақ, А.Т.Бақтыбаеваның бұл тұжырымы өте дұрыс. Алайда, бір кездерде (өте-өте ерте замандарда) қазір фольклорлық, яғни поэтикалық (эстетикалық) шығармалар (мәтіндер) саналатын туындылар мифологиялық мәтіндер болған, яғни онда мифтік таным мен білімдер орын алған – қазір «миф», яғни «жалған» деп есептелетін дүниелер көне адамдар күмәнсіз сенетін білім – ақиқат көздері болған. Егер «сұңқар» бейнесі сол ежелгі замандардан қалған болса, онда когнитивтік лингвистика тұрғысынан бұл бейнеге, бұл теңеуге мүлдем басқа түсінік беруге тура келеді.

Эпикалық «батыр» концептісіне жүргізілген лингвомәдениеттанымдық және лингвокогнитивтік талдау көрсетіп отырғандай, негізінен батыр үш басты сипатқа ие; біріншіден, ол «теңдесі жоқ адам», яғни құдай жаратқан, «құдай қолдаған», «таңдаулы», басқа адамдардан оқшау тұратын тұлға; екіншіден, ол ержүрек, өте батыл, қарулы адам; үшіншіден, ол ел қорғаушысы, ел қамын ойлайтын адам. Бір қызығы, көне түркілер заманындағы қағандар халық танымында осы (жоғарыда аталған) негізгі үш сипатқа ие болған немесе ие тиісті болған. «Олардың (қағандардың – Е.Ж.) сипаттамалары үш жайтке міндетті түрде сәйкес болуы тиіс еді.

Осыған қарағанда, көне түркілер лингвомәдени қоғамдастығында, халық арасында, халық танымында кәміл (идеальный) адам немесе батыр, немесе қаған (билеуші) осы негізгі үш сипатқа ие болуы тиіс, яғни бұл идеалды адамның сананы эпикалық батырдың бейнесі аталмыш сипаттарға қатысты сомдалады, сонымен бірге оның жеке басты, қарапайым адами сипаттамалары бір екенін эпикалық көркем мәтіннің мазмұнынан көре аламыз.

Дегенмен, эпикалық батыр - ерекше «теңдесі жоқ» адам. Зерттеуші С.И. Жапақов қаһармандық эпостағы батыр бейнесін «ирреалды бейне» деп атайды: «Эпикалық жағымды қаһармандардың бейнесі белгілі бір стереотиптерге құралады. Қаһарман суға салса батпайды, отқа салса жанбайды, кессе қылыш, атса оқ өтпейді. Бұдан қаһарман ерекше қасиет иесі деген концептуалды семантиканы байқаймыз. Эпикалық қаһарманның байырғы тілдік ұжым санасында мұндай ирреалды бейнесінің қалыптасуында өзіндік қисын жоқ емес. Олай болатыны қаһарманның ата-анасы перзент көрмей, «әулие» кезіп, «әулиеге түнеп» әулие-әмбиелердің жаратушы хақтың сұрауымен жалған дүниеге келеді» [2, 51 б.].

Қазақ батырлар жырларындағы «адам» концептісі өз кезегінде «батыр», «батырдың қалыңдығы», «анасы», «әкесі», «дүшпандары (жаулары)» т.б. концептілерге бөлінеді. «Батыр жаулары» концептісіне қатысты төмендегідей мәліметтер назар аудатарлық: «батыр жаулары көп-ақ; этикалық канондарға сәйкес олар орасан күш иесі және оқ тисе - өлмейді, қылыш шапса-өтпейді», кейбіреулері гротекс түрінде суреттеледі, ол Алшағырдың жақтастары, алып қызылердің ұлдары Ағынас пен Тоғынас. Олар Қараспан тауындай алып – дәулер. Қарадәудің басы қазандай. Қобыланды Қазан ханмен жекпе-жекке шығар алдында оны «биіктегі тау асуы» деп Қазанның тектілігін және алып батыр екенін өз сөзінде айтады.

Сонымен, эпикалық этномәдени концептілер этнос (лингвомәдени қауымдастың) танымы тәжірибесінің белгілі бір нәтижесі мен туындысы болып келеді, өйткені этностың (адамның) танымы мен білімі сөзде, материалдық және рухани мәдениеттің туындыларында, әдет-ғұрыптарда, ритуалдарда, тілдік мәтіндерде, паремиологиялық және фразеологиялық қорда, жалқы есімдерде т.б. сақталған. Когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарағанда, қаһармандық эпостағы әр бейне – ментальды таным, көзқарас, келтірімдердің, рухани тәжірибенің, этнос болмысының сана айнасындағы көрінісі – сондықтан да эпикалық бейне (образ) лингвоментальды құрылым ретінде қарастырылуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепт, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.

2. Жапақов С.И. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері: филол.ғыл.канд. дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2003. – 107 б.
3. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы.: Санат, 1997 – 224 б.
4. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 208 б.
5. Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. М.: Издательство «Наука», 1984. – 262 с.

* * *

Концепт «человек» занимает центральное место в лингвоментальном пространстве казахского эпического фольклора и в героическом эпосе представляет собой по сути концепт «батыр» (эпический герой). Концепт «батыр» формируется и дополняется такими концептами, как «вооружение батыра», «конь батыра», «бездетные родители батыра, вымолившие его (батыра) у бога», «любимая красавица-жена». Концепт «батыр» представлен, как мы видим, и другими концептами, в совокупности формирующие его целостной образ. Часть названных концептов подвергнута анализу в настоящей статье. Эти концепты по отношению к концепту «батыр» являются микроконцептами.

* * *

The conception of “human” takes the main role in lingvomental space of Kazak epic folklore.

In heroic poems the conception of “Human being” is simply “Hero”. The conception of “Hero” is filled with such conceptions as hero’s weapons, his horse, his brother or sister, his parents and his sweetheart. So, the conception of “Hero” exists not only by itself, it is given with its environment, and each of them is considered to be a concept, the so called microconception. And this article deals with some of these conceptions.

М.Мақатаев өлеңдеріндегі және қазіргі қазақ поэзиясындағы діни сарын көріністері

Д. С. Ибраева

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың II курс магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы діни сарын мәселелері қарастырылады. М.Мақатаев поэзиясындағы кезінде жариялауға тыйым салынған діни өлеңдері талданады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ поэзиясындағы орта буын және жас ақын шығармаларындағы діни сарын көрініс тапқан өлеңдері зерттеліп, соның ішінде Т.Көпбаев, С.Қосан, А.Елгезек поэзиясынан мысалдар келтіріледі.

Кеңестік дәуірде халқымыз бұрынғы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарынан біртіндеп айырылып, діннен де аластатылды. Кеңес заманындағы мұндай қайшылықтар әдебиетіміз бен мәдениетімізге өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Көркем әдеби туындылар болсын, ғылыми зерттеулер болсын барлығы дерлік тілінің бөлектігі ғана болмаса, мазмұны түгелдей кеңестік идеологияның ықпалына бағынды. Көркем әдебиет қоғамның міндеттерімен тікелей байланыстыра қаралып, онда адамзат игілігіне жарайтын жалпы ортақ мәселелер көтерілмеді. Бұл процесс – әдебиетті өзінің даму заңдылықтарынан айырды. Әдебиетте идеологияға ұрыну басым болғандықтан, еркін тақырыпқа жазу тіпті мүмкін болмады. Сөз бостандығына жол берілмеді. Жеке авторлар мен олардың еңбектерін бағалауда талғампаздық жете бермеді. Жеке шығармалар тақырыбына қарап мадақталды, ал кеңестік идеологияға сәйкес келмейтін туындылар өлтіре сыналды. Әдебиетте де дін тақырыбына жазуға тыйым салынды. Атеистер «Дін – апиын» деп ұран тастап, халықты діннен әбден бездіруге бар күштерін салды. Ұлтқа бөліну, дінге бөліну дегеннен мүлдем ада қалған халық кеңестік биліктің айтқанынан шыға алмады.

Бірақ сол дәуірдің өзінде қазақ позиясында дін тақырыбына қалам тартқан, діни өлеңдер жазған ақындар да болды. Ол ақындардың шығармалары қатаң сынға алынып, жариялануға тыйым салынды. Соған қарамастан діні мен діліне берік ақындар діни тақырыпта өлеңдерін жаза берді.

Солардың бірі және бірегейі, халқының асыл азаматтарының бірі, артына өшпес мұра қалдырған, ақиық ақын – Мұқағали Мақатаев. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында қазақ поэзиясынан ойып түрып орын алған, поэзияға өзіндік түр, өрнегін қалыптастырған, жаңалығы мен жаңашылдығын қоса ен-

гізген ақын Мұқағали Мақатаев артынан мол мұра қалдырды. Әдебиеттің партия ықпалына түсіп, сөз еркіндігіне түсау салынған уақытта да, қайсар ақын өз дегенінне жаңылмады, өз ұлтын, тілін, дінін жан-тәнімен сүйді, құрметтеді, қорғаштады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін әр алуан баспасөз беттерінде «Жарияланбаған жырлар» топтамасымен жарыққа шығып жүрген өлеңдерінің бірқатары – діни тақырыпқа жазылған өлеңдер.

Сатқан емен.
Сатпаймын дінімді мен,
Алла есімі – жүрегім жұдырықтай,
Жүрегімнің соққанын біліп жүрем [1.77]

деген қайсар ақынның жүрегінде өз дініне деген өшпес махаббаты, сарқылмас сенімі жатыр.

Мұхаммедтің үмбеті – мұсылманмын,
Пайғамбарым қолдайды қысылған күн.
Алсын тағалам, ант етем, ант етемін,
Алла есімін кеудемнен ұшырған күн.
Алла - ақиқат.
Аллаға сеніп өтем
Адалдық пен ақиқат серігі екен.
Адаспаймын, Аллама сеніп өтем,
Арамдыққа баспаймын – жолы бөтен! [1.77]

Бұл өлең ақынның ешқандай партиялылыққа, атеистік көзқарастарға мойынсұнбаған, дініне берік жан болғанынның айқын көрінісі.

Дін – ғылымның анасы,
Дін ғылымның әкесі.
Ғылым – діннің баласы,
Дін – ғылымның көкесі!!! [1.81]

Өлеңде діннің адам өміріндегі маңызын, орнын түсіндіріп, ғылымның бастауы – дін деген тұжырымға келеді.

Я, Жаратушы Аллам!
Қолдай гөр,
Сүйей гөр мені, сүйей гөр!
Қолдары да, қорғаны да жоқ жан ем.
Жасаған ием!
Құлап барам, сүйей бер!
Пенделерге табына – табына болған ем.

Бұл жолдар арқылы ақынның жүрек толқынысынан шыққан мұңы мен арман-тілегінің куәсі боламыз.

Алланы сүю ұғымы – адамның жеке басындағы асыл қасиеттерді қастерлеу, адамгершіліктті негізгі қағидаға айналдыру, ал ол үшін ең алдымен өзіңді өзің тазалауың қажет. Алланы сүю ізгілікке байланысты жол. Ақын тура жолдан адаспаған. Ақын түсінігінде Алла шүбәсіз шындық, дүниедегі бардың есімі. Алла тек ауызбен айтылған ақиқат емес, ол жүрекпен қабылданатын шындық. Ислам дінінде иман келтіріп, мұсылман атану үшін Алланың бір, пайғамбардың хақтығын мойындау шарт.

Еліміз егемендік алып, өз алдына дербес мемлекетке айналуы көптеген өзгерістер енгізді. Тәуелсіздіктің әдебиетке тигізген ықпалы да аз болмады. Халқымыздың рухани байлығын шындап игеруге енді қол созуға мүмкіндік туды.

Көп жылдардан кейін халқымыз есін жиып, рухани саңлақтарымыздың жарық жұлдыздары көріне бастады. Қазіргі кездегі қоғамдағы қажеттілік өткенге үлкен құрметпен қарау, рухани мұраларымыздың сабақтастығы, ұрпақтарымыздың тарихи жақындастығы, оны танып білуге деген құштарлық болашаққа жол ашып отыр.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, қазақ әдебиетінде негізінен, поэзияда бұрын ашылмаған, өз дәрежесінде жырланбаған, тың тақырып – дін тақырыбына кеңінен жол ашылды. Дін – қоғамдық құбылыстардың ішіндегі күрделісі, қоғамдық сананың үлкен бір саласы. Діни сезімдер адамдардың басын біріктіруде маңызды орынға ие екендігін жақсы білеміз. Қазақ халқы дінімен қайта қауышты. Кеңес заманында аға буын өкілдері шығармашылығынан көрініс таба қоймаған тың тақырыпты жастар жағы іліп әкетті.

Соңғы жиырма жылға таяу уақыттан бері 70 жыл бойы құрсауда болып келген діни наным-түсініктер қайта жаңғырып, жас ақындар шығармаларына арқау болды. Ол шығармаларда діннің қоғамдық-әлеуметтік мәні, адамгершілік принциптері мен этикалық ерекшеліктері бүгінгі күн түрғысынан қайта пайымдалып, жаңаша мазмұнда жырлануда.

Жыр майталманы, көрнекті дарынды ақын – Серік Ақсұңқарұлы жырларынан діни сарын көрініс береді. «Дұға» атты өлеңдерінде туған елінің, халқының болашағын ойлап, елім – алаш жұртым аман, тыныш болса екен деп, Алладан медет тілеп, көмек сұрайды.

Алашымды сақта, құдай, жасыннан,
Әзәзілден құлықтарын асырған.
Қонақжай, пәк көңілдерін басынған,
Сақтай көрші обыр менен масылдан.

Алла елшісі Мұхаммед пайғамбардың сенімділігін, табандылығын, қайырымдылығын, жомарттығын, хас мұсылмандығын өлеңдерінде ақын Серікбай Қосан дәріптейді.

Ең ақырғы пайғамбар – бір Алланың Елшісі,
Құдай сүйіп дос етті, Құран – оның еншісі.
Қысылғанды демеген, мүміндерді жебеген,
Қалаулысы Құдайдың – жүректердің емшісі. [3.6]

Ақын Темірғали Көпбаев «Астарлы сөз» өлеңінде сөздің өзі Алланың адамға сыйға тартқан қазынасы екендігін, Құран Кәрімнің өзі асыл сөзден құралғандығын еске салып, оқырманға ой салады.

Сөз – әуелден қазынасы Алланың,
Тағдырымыз сөз бен істің тізбегі.
Құран Кәрім дүниенің бар мәнін
Асыл сөздің астарынан іздеді. [2.25]

Қазақ поэзиясына өзіндік үлес қосқан, көрнекті ақын Мұхамеджан Тазабековтің «Дін Ислам – діңгегім» өлеңінде қазақтың арғы-бергі тарихында діннің орны бөлек болғанын, ата-бабамыздың ежелден діні мен діліне берік халық екендігін жырлай келіп, тәуелсіздікке қол жеткізгеніміздің өзін сол бес уақыт намазын қаза қылмай, елінің азаттығын аңсап өткен ерлердің ақ тілегінің қабыл болуы дейді.

Дін Ислам болсын бізге неге бөтен,
Тектілердің тарихы терең екен.
Кешегі Күлтегін мен Тоныкөктер
Жаратқанға сыйынып келген екен...

Өткір тілді ақын халқының бостандыққа қол жеткізсе де, дінге әлі толыққанды мойынсұнбағанын, батысқа еліктеушілік пен арақ-шарап, ішімдік санасын улап, жалған жарнамаларға алданып жүргенін айтып налиды.

Біз қазақ бүл күндері кіммен доспыз,
Адасып, айдалада жүрген көшпіз.
Арабтың тіліндегі дінмен емес,
Арақтың түбіндегі жынмен доспыз.

Имансыздық түбір орға құлататындығын ақын жақсы түсінді. Сол себепті де халқының мұндай дерттен аулақ болуын ойлайды. Қазіргі таңда қаракөз бауырларымыздың ата дінін ұмытып, басқа діннің жетегінде кетуі – ақынды ғана емес, түтас халықты толғандыратын үлкен мәселенің бірі.

Арнайы аттандырған мыстан елдер,
Көбейді мысық тілеу миссионерлер.
Ата дінін айырбастап кетіп жатыр,
Тағдырдың тауқыметі қысқан «ерлер».

Өмірде аз болған соң иманды шақ,
Қазағым қай кезде де қиналғыш-ақ.
Исламға иіс алмас болса-дағы,
Иегова, кришнаитқа иланғыш-ақ.

Ақын елін мазалаған дертті дөп басады. Өзге дінге өтушілер көбейсе, халықтың тамырына балта шабылар деп, дінге бөлінушіліктің түбі жақсылыққа апармайтынын түсініп, қайғырады.

Ақберен Елгезек – қазақ поэзиясына өзіндік үнімен, өзіндік болмысымен келген жас талант. Ақберен поэзиясынан тәңіршілдік рухты, діни сарын көрінісін байқау қиын емес. Ақын өлеңдерінен өмірдің шым-шытырық тірлігіне шамырыққан адами рухтың тәңірмен диалогы де естілгендей болады.

Күнәһарлар аттанатын маһшарға,
Мына ізбен қылкөпір ме тасталған?
Кеше ғана мың арманмен мастанған
Екі жағы көрінбейді бастардан... [4.32]

Бес парыздың бірі, діннің ажырамас бөлігі намаз бен оразаның маңызын жас ақын Арман Бердалин өлеңінен көреміз.

Жалғанда!
Намаз – қымбат, малдан, тіпті жаннан да!
Ақыретте болып қалма арманда!
Бүл сөзімнің түсінерсің астарын,
Қара басың қауқайып,
Қабіріңде жалғыз өзің қалғанда...

Ақынның «Жүрші, әке» аталатын өлеңі ата-анасын намаз оқуға шақырған баланың үндеуі іспетті, мұсылман баласының жүрегін селт еткіәзбей қоймайды.

Жүрші, әке, намазға жығылайық,
Құбылаға жүрекпен бұрылайық.
Жәннат бағын біздерге бүйыртпайды,
Жаратқанның болмасақ құлы лайық.
Айтты екен деп тақпашы ұлыңа айып...

Исламның бес парызын мүлтіксіз орындауға шақыру Олжас Отаров өлеңдерінен де көрініс табады.

Орындалсын бір Алланың өкімі,
Мұсылманға ол бес парыз боп бекіді.
Иманды бол, намаз оқы, адаспа,
Түсінгенге жұмақтың бүл кепілі.

Ақынның «Алла деген ар болмас», «Е, Алла» атты өлеңдерінде Алланы ойлап, ізгі амалдарға бет бұрып, пайда бермес мал-мүлік

жиғаннан гөрі, жүректі иманмен сусындатуға шақырады.

Талантты ақын Шорабек Айдаров «Ақырет – ақырымыз» толғауында елін исламның қасиетін ұғынып, нәпсіні тыйып, жалғанда қызық қуғаннан бұрын, ақ жолға түсіп, Құдай сөзі Құранмен үлгі алуға үндейді.

Текті елім, терең ойлап, толғанып ал,
Мүсылманның мызғымас қорғаны бар.
Ол – иман, Аят, Хадис және дұға,
Жолдас етсең, бақытың жолда тұрар.
Қисапсыз қинау көрсең, бұл жалғанда,
Жағдайың ақыретте оңғарылар.

Жалынды жастар өз шығармаларында Алланы дәріптеп, пайғамбарды мадақтап, парызды мүлтіксіз орындауға шақырды. Жас буын өкілдерінің дінге деген құрметі қуантпай қоймайды.

Діни сарындағы өлеңдер халқымыздың басынан өткерген үлкен тарихи кезеңдермен байланысты, мәдениет пен әдебиетте өзіндік орны бар мол мұра болып қалмақ. Рухани байлық – әр халықты толық сақтап қалатын өмір сүру құқын дәлелдейтін қайнар бұлақ. Рух бар жерде халық та бар. Ол рухты сақтау мен толықтыру – келер ұрпақтың тарихи міндетіне айналмақ.

Әдебиеттер:

1. М. Мақатаев. Жарияланбаған жырлар. – Алматы: Жазушы, 1991.
2. Т. Көпбаев. Жаңғырық. – Алматы: Қазығұрт, 2007.
3. С. Қосан. Жүрегімде жүз өлең. – Алматы: Арыс, 2006.
4. А. Елгезек. Көлеңкелер күбірі. – Алматы: Фолиант, 2006.
5. З. Ахметов. Поэзия шыңы – даналық: Зерттеу. – 2 бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2009.

* * *

В статье рассмотрены религиозные мотивы в современной казахской поэзии в период Независимости. Анализируются также религиозные стихи М. Макатаева, которые в то время запретили опубликовать. Также рассмотрены стихи молодых поэтов с религиозными мотивами, таких как А. Елгезек, А. Бердалы, Ш. Айдаров и др.

* * *

In article religious motives in modern Kazakh poetry in Independence are considered. It is analyzed as M.Makataeva's religious verses which have at that time forbidden to publish. As verses of young poets with religious motives such as A.Elgezek, A.Berdaly, S.Ajdarov etc. are considered.

Тенденции образования и развития неологизмов в русском языке

А. З. Кайбулдаева

магистрант 2 курса КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассмотрены актуальные вопросы неологии и активные инновационные процессы в языке. Проанализированы характерные особенности образования и развития неологизмов в русском языке.

Непрерывное изменение мира, развитие общества влечет за собой и постоянные изменения в языке, прежде всего выражающиеся в динамике его лексико-фразеологического состава. «Возникновение новых номинаций ... как результат прогрессивного освоения мира – главная движущая сила во всех языках мира и на всех этапах развития» [1, с. 84]. «Неологический бум», который в настоящий момент переживают многие языки мира, обусловил появление новой отрасли языкознания – неологии – науки о неологизмах, занимающейся разработкой принципов выявления и научного анализа всех видов языковых инноваций.

Неология как научное направление сформировалось сравнительно недавно, хотя отдельные вопросы, связанные с появлением инноваций на разных уровнях языка, были актуальны всегда. Среди лингвистов нет разногласий в том, что наиболее активно и очевидно инновационные процессы протекают на лексическом уровне. Пополнение языка новыми словами, отражающими социально-экономические, политические изменения в обществе и быту, происходит постоянно. Интенсивность изменений на лексическом уровне объясняется

подвижностью соответствующей подсистемы. В условиях межкультурной коммуникации происходит усиление языковых контактов, что ведет к росту заимствований и активизации словообразовательных типов.

Проблеме новых слов в русском языке в разное время посвящали свои работы такие ученые, как Г.О. Винокур, А.Г. Горнфельд, А.А. Потебня, М.М. Покровский, А.И. Смирницкий, В.И. Чернышев, Л. В. Щерба. Наиболее активно новые слова начали исследоваться с 60-х годов 20 века, им посвящены работы С.И. Алаторцевой, С.С. Волкова и др.

Отаршылдық езгісі, елі азап шеккен, жері талан таражға түсіп, тоз-тозы шыққан, берекебірлігінен айырылған халқының тағдыры ақын қолына қалам алдырмауы мүмкін емес еді. Ол өз өлеңдерінде ұлтының қасіретті жағдайын нақты атай отыра, елін серпілтер ой-идеяны өршіл үнмен жеткізді.

Ақын:

Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таяныp.
Талауда малың,
Қанауда жаның,
Аш көзінді оянып [1, 95] –

деп халықтың қасіретінің шегіне жеткендігін, енді «оянбасқа» амал қалмағандығын ашына айтты.

«Маса» сияқты кітаптың жарық көруі, оның атауындағы ерекшеліктің өзі әдебиеттің қоғамдық рөлін көрсетумен бірге, ақынның ел ертеңіне алаңдаған азаматтық тұлғасын танытады. Осы «Маса» жинағындағы «Сөз иесінен» атты өлеңінде Ахмет:

Ызыңдап үшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса:
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен қара, яки қызыл маса.

Үстінде үйықтағанның айнала үшып,
Қаққы жеп, қанаттары бүзылғанша, [1, 72] –

деп бейнелі жырлап, өзінің халықты алдағы күрес күндеріне жетелеуге ұмтылдырған қызметін кішкене жәндіктің әлсіз қимылына балап жеткізеді. Бірақ нәтижесінен үлкен үміт күтеді.

«Масадағы» өлеңдер А.Байтұрсынұлының сол кездегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік сұранысына қажетті ойларымен толықтырылып тұр.

Ахметтің ақындық өнерінің қадір-қасиетін, сыр-сипатын ашатын – заман шындығынан туған құбылыс. Мұны өзі де нақты атап көрсеткен:

Мен жазған кеңес,
Мақтаныш емес,
Ат шығармақ ақындық.
Ер батқанда – жорғалық,
Молда жоқта – молдалық! [2, 41]

Осыдан байқайтынымыз Ахмет өзінің ақындық қасиетін елге қызмет етуге, соның ішінде саяси күрес пен ағартушылыққа арнаған. Сондықтан оның өлеңдері халқының бостандығы жолындағы күрес ұранына айналған. Көптеген зерттеушілер мұны сол бір кездің өзінде-ақ сезінген. Соның бірі – Әмина Мәметова. Ол өзінің «Көркем әдебиет туралы» мақаласында: «Ахаңды мақтайын деуден аулақпын. Бірақ тарихтан тиісті орнын берейік дегім келеді. Ахаң әдебиетімізге жұмыс етпеді ме? Қолынан келгенше заманына қарай жалтыраған түймесін жұлып тастап, құл болған, теңдіксіз болған, жұрт екен деп есепке алынбаған қазақ жұртына заманына қарай көре білгенінше, түсінгенінше жөн сілтемеді ме?» [3] – деген пікірін ашық айтқан болатын.

А.Байтұрсынұлының «Маса» жинағына енген өлеңдеріндегі төңкерісшіл рух 1905-1907 жылдардағы саяси толқулар мен рухани сілкіністің ұшқынынан екені байқалады. Ақын өлеңдеріндегі төңкерісшілдік сарын шымыр ойлар арқылы өріледі:

Байқасақ, жезде,
Бауыздар кезде,
Үн шығару бар емес пе?!

Үндемей өлсек,
Сүйекпен көмсек,
Кейінгілер демес пе?!

Лақ құрлы бақырмай,
Өлген екен, апырым-ай! [2, 42]

Ахаң мұнда екі сипатты айқын танытып отыр. Оның алғашқысы –шыдам таусылған сәттегі зор сілкіністің боларын меңзеу. Екіншісі – тек бүгінгі күнді ойламай, үрпақ алдындағы жауапкершілікті естен шығармау. Ең бастысы соңғысы – үрпақ алдындағы парыз.

Ахмет Байтұрсынұлы – XX ғасырдағы қазақ әдебиетіне азаттшылдық рухты әкелушілердің бірі. Қай әдебиетті алып қарасақ та, онда ағартушылар, ағартушы-демократтар, ұлт-азаттшылдар кезеңі және олардың ірі өкілдері болған. Бұл сипат қазақ әдебиеті тарихына да тән дейтін болсақ, онда ұлт-азаттшылдық кезең Ахметтен басталады. Ендеше Сәкен Сейфуллиннің тарихи шындықты дөп басып айтқан пікірі: «Қорлыққа шыдап, күйікке күйіп, үйқы басқан қалың қазақтың ұлт-намысын жыртып, ұлттық арын жақтаған патша заманында жалғыз Ахмет еді» [4] -дегені де көп нәрсені аңғартады.

А.Байтұрсынұлынан бастау алған М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, І.Жансүгіров шығармаларындағы күрескерлік рух пен ағартушылық сарын осы бостандықты, азаттықты жырлауға жетелейді. Ақындарымыз өздеріне басты міндет халықтың санасын ояту, елдің қамын ойлау, білім, мәдениет жүйесіне өзгеріс әкелу деп білді. Бұл қоғам дамуы тұрғысынан өте дұрыс жол болатын. Өйткені, халықтың санасы оянбай, олардың саяси көзқарасы жетілмей, негізгі қоғамдық реформаларға бет бұруы мүмкін емес. Сол кезде мұны кеңес үкіметі жақсы түсінді. Түсінді де халықтың санасына сәуле шашуға тырысқан зиялы қауымды «халық жауы» атандырды. Бұл әккі саясаттың жемісі болатын.

Кеңестік идеология адам санасын, халық рухын езгілеп жаншыды. Алайда азаттық, тәуелсіздік, бостандық үшін күрес ешқашан толастаған емес. Қазақ әдебиетіне күрескерлік рух әкелген Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы қазақ әдебиетінде алтын қорынан ойып түрып орын алатын құндылықтар.

Ахмет аңсаған азаттық таңы, Ахмет іздеген тәуелсіздік, Ахмет сезінген бостандық оның шығармаларына өлмейтін, мәңгілік сипат берді. Елдің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау жолындағы өшпес ерліктерін, береке-бірлігін жырлаған мұндай шығармалар, әрине, мәңгілік болмақ. Біз Ахметтің төл өлеңдерінен азаттық таңын аңсаған, тәуелсіздік идеясын биікке көтерген сантарап желілерді таба аламыз. Бұған дәлел ретінде А.Байтұрсынұлының елу жылдық мерейтойына арналған мақаласында айтылған қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтің мына пікірін келтіруге болады: «...Ахаңның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері бәріміздің есімізде... Ахаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі

қазақ даласы ұмытқан жоқ. Өлеңдегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті санасы болып, арқаның қоңыр желімен бірге есіп, шалқып жатыр» [5]. Болашақ ұлы жазушы ақын поязиясындағы азатшылдық идеяны көтерген жолдардың үшқыннан жалынға айналар асылдықты таныған еді.

ХХ ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы екендігіне зәредей күмән болмауға тиіс. Қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының, тіл білімінің атасы, ұлы реформатор атанған ол өзінің алдындағы Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ағартушылық, демократтық бағыттарын жалғастыра отырып, өз заманындағы тұтас бір зиялы қауымның төлбасына айналды.

Қазақтың басына түскен қиын да қилы алмағайып заманда ұлтқа бас болу – Ахмет Байтұрсынұлының маңдайына бұйырған киелі іс. Оның мамандығы қарапайым оқытушылық бола тұрып, саяси өмірге араласуына түрткі болған – қаза халқының өз Отанында отырып, бұратананың күйін кешуі еді. Атамекенінде отырып өзінің тіліне, діліне, дініне, жеріне иелік ете алмаған жұртының аянышты ахуалы, Ахметті және оның айналасына шоғырланған қазақ оқығандарын саясат-сахнасына күрескер етіп шығарды. Ұлы қайраткер ретінде Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығымен де, қоғамдық қызметімен де ұлтына адал қызмет етті.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Қырық мысал: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2002. – 119 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
3. Мамыткеліні Амина. Көркем әдебиет туралы//Қызыл Қазақстан. – 1927. – №5-7. – 49-66 бб.
4. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Еңбекші қазақ. – 1923. – 31 қаңтар.
5. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық мерейтойы // Жалын. – Алматы, 2009. – 9 маусым, №9. – 96 б.
6. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 325 б.

* * *

В этой статье рассматривается тема независимости в поэзии Ахмета Байтурсынова.

* * *

The subject of Independence idea manifestation of Akhmet Baytursynov's poetry are considered in this article.

Шешендік теңеулердегі көркемдік стиль

Ж. Б. Кдыралиева

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың I курс магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Бұл мақалада шешендік өнердегі теңеулердің рөлі мен көркемдік стилі жайында қарастырылады. Сонымен қатар шешеннің тіл шеберлігіне, сөз саптауына ырғақ, үйқас, әуез ерекшеліктеріне байланысты стилдің құрамында ғана танылатындығы айтылады.

Шешендік – біліктілік пен білімнен, терең түйсік пен үлкен сезімнен, үшқыр қиылдан, өткір ой мен тер төгуден, зерделіктен тұрады. Ат сүрінгенше ақыл тапқан би-шешендеріміздің өнері жаһандану дәуірінде қажеттілігін аңғартады. Аталы сөздің маңызы да, мәні де өзіндік құнын жоймақ емес. Сапалы, құзыреттілігі талапқа сай, бәсекеге қабілеттілігі жоғары болып, әрқашан қоғамда сұранысқа жауап бере алатын, тіл мәдениеті дамыған тұлға қалыптасуында да шешендік сөздердің алар орны ерекше.

Шешендік ұғымы үшқыр ойдың қас қағымда тілге оралымдылығы, байламы; дер кезінде дәл мағынасын дөп басар бейнелілігі; мәнді, ойлы сөздердің мәйекті мақал мен мәтелге айналуы; даудамайда қазылық, мәмілегерлік; ара қатыста елшілік, жаугершілікте бітімгерлік; ұрпаққа, қалың қауымға өсиет.

Ендеше, бүгінгі қазақ әдебиетіндегі маңызды мәселелердің бірі шешендік сөздердегі көркемдік стильдің қалыптасу бағдары.

Шешендік сөз әлемінде аса жиі кездесетін көркемдік тәсілдің бірі - ұқсастықты баса көрсетіп, теңей айту қасиеті. Теңей сөйлемейтін шешен жоқ. Теңеу – аса ұтымды, жеңіл тәсіл. Троп түрлері секілді ойға, қабылдауға салмақ тудырмайды, тыңдаушыға бірден жетеді, оңай ұғады. Теңеу де сөз мағынасы ауысып, өзгермейді, тек екі құбылыс бір-біріне толық баланбайды, белгілі бір қасиеттері ғана салыстырылады. Әр шешеннің өзіндік теңеу дағдысынан туындайтын шешендік теңеулері болады. Бұл сол бір шешеннің стильдік тәсіліне айналады.

Ал, теңеудің өзінің табиғаты мен ерекшелігіне қазақ әдебиеттануының көшбасшысы А.Байтұрсынов «Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бірнесін сүгіреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз» [1, 186] – деп, көрсеткен өз еңбегінде. Ғалым теңеудің екі түрін бөліп көрсетеді: әншейін теңеу, әдейі теңеу. Шешендік сөздерде бұлардың екеуі де кездеседі. Жалпы, теңеуде екі құбылыстың жеке бір қасиеттері салыстырылады. Салыстырмалы мәнде берілген мағыналардың қолданыла келе, тұрақтылық сипат алуы фразеологизмдерде сақталған: тонның ішкі бауындай, тайға таңба басқандай, тышқан алған мысықтай, қыл үстінде тұрғандай. Бұлар ғалымның айтуынша, «тілді көрнектеу үшін жұмсалатын – әдейі теңеулер».

Өлең сөздің теориясы еңбегінде З.Ахметов «Теңеу – екі нәрсені, құбылысты салыстырудың ең көп тараған тәсілі. Жасалу қалпына қарай теңеулердің сан түрлі болып келетіні байқалады. Бірде теңеу екі нәрсені тұтас алып салыстыру арқылы жасалса, енді бірде айтылып отырған нәрсенің бір сипат-белгісін, түсін, дыбыс-үнін, тағы басқадай жеке ерекшелігін өзге нәрсемен салыстырып бейнелеу негізінде туады. Сонымен қатар бір нәрсені басқа нәрсемен қимыл-қозғалысындағы ұқсастықты тірек етіп салыстыру жолымен жасалған теңеулер де жиі кездеседі.

Бір-біріне мүлде жанасымы жоқ сияқты көрінетін екі нәрсенің қандай да бір қасиет-белгілерінен, не қимыл өзгешелігінен ұқсастық, жақындық тауып, теңестіруге болатынын атап айта кету қажет. Бұған теңеуді әдебиетте, поэзияда бейнелеу құралы етіп пайдаланудың шексіз бай мүмкіндігі бар екені айқындалады» [2, 17-18]- дейді. Ғалымның осы сөзін назарға ала отырып, көркем тілде теңеу *–дай, -ша* жұрнақтарымен, *сияқты, тәрізді, бейне, тең* сөздерінің тіркесімен жасалатынын ескерсек, шешендік сөздерде мұндай теңеулер көптеп кездеседі.

Бөкен бидің Сырымға берген батасы:

Арқаң қара нардай жауыр болсын,
Мінезің қара жердей ауыр болсын.
Өкпең жоқ кеудеңде бауыр болсын,
Құлағыңнан сыбыр кетпесін,
Жасың алпысқа жетпесін, - дейді. [3 , 50б]

Бата түрінде келген бұл астарлы да мәнді шешендік сөзде - дай-дей арқылы адам бойындағы мінез бен қасиетті нардың төзімділігіне және қара жердің ауырлығына теңеп, кеңпейілділікке үндейді. Бұндағы теңеудің астары қалың.

Ал, келесі бір мысалда *жақсымен жолдас болуды* негізгі тақырып етіп ала отырып, осы жолдастықты түрлі құбылыстарға теңейді.

Жақсымен жолдас болған
Ел ұстанған *тілектей* болады,
Қыз ұстаған *жібектей* болады,
Жадыраған *жаздай* болады,
Айдын көлдегі *қаздай* болады,
Отау ортасындағы *оттай* болады,
От ортасындағы *шоқтай* болады,
Тұрағы алтын *шырақтай* болады,
Тұяғы асыл *пырақтай* болады...

Шешендік сөздің сегіз тармағында осы құбылыстың ерекше қасиеттері мен белгілерін басқа бір құбылысқа теңеп, әсерлі де айшықты етіп суреттейді. «Жақсымен жолдас болудың» артықшылығын түрліше *тілектей, жібектей, шоқтай, оқтай, шоқтай, шырақтай, пырақтай* көркем де жағымды образдармен орап, өсіріп айтқан. Осылайша, о бастағы жай теңеу үлғайған, тұтасқан теңеуге айналған, сөйтіп өте бір бейнелі, көркем шешендік теңеу пайда болған. Қазақ тыңдаушысына етене жақын образдар арқылы шешен өз ойының тереңдігі мен сөзінің шұрайын арттырады. Бұл Бөлтірік шешен сөздерінің стильдік ерекшелігі мен теңеу жасау шеберлігін танытады.

Жоғарыдағы мысалдардағы –дай-дей теңеу жалғауының ролі мен мазмұны түрліше сипат алады. Бірінде астарлай жеткізу үшін қолданылса, енді бірде суреттеу үшін, тағы бірде әсерді күшейту үшін қолданылады.

Тұрақты теңеулер сөздігінде »: «теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы»

[4, 387] деген анықтама берілген. Демек, теңей айту әдісін әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы ретінде танитын болсақ, шешендер үшін бұл аса өнімді де ұтымды тәсіл болғаны анық.

Жалпы, теңеулердің әрқайсысының қолданылу мақсаты болатыны белгілі. Төменде келтіріліп отырған мысалдағы теңеу суреттеу үшін қолданылғанын аңғару қиын емес. Он бес жасында Балабиді елуге келгенде Ахмет деген хан шақырып алып:

- Маған Бөрібас байдың қара қасқа түлпарын әперіңіз, - дейді.

Бөрібастікіне келіп түседі. Байдың боз үйінде Мөңке, Байтас, Жантас деген билер түстеніп отыр екен. Құшақтасып дидарласқаннан кейін Бөрібас бай жөн сұрайды. Сонда Балаби:

Ханың саған жұмсады,
Жанбайұлы Бөрібасым,
Берсін деп әдейі жіберді,
Қара қасқа жорғасын.
Сұлулығы ханшаның өзіндей,
Семіздігі өзіндей,
Жорғалығы дәл мына
Мөңке бидің сөзіндей,
Беріктігі Байтастай,
Жүйріктігі Жантастай,
Төрт аяғы таймастай.
Сол түлпарды бермесең,
Көнер емес шайқаспай.
Достығың сенің білінбес
Ат міниіп шапан алыспай.
Дүшпаның тегі иілмес,
Сүңгілеп найза салыспай.
Хан қаһарман ұлығың,
Үнап түр ма қылығың!?
Ендігісін өзің біл,
Жанбайұлы Бөрібас би. [5, 71]

Қарақасқа жорғаның сұлулығын ханшаға, семіздігін ханға, жорғалығын Мөңкенің сөзіне, беріктігін Байтастың мінезіне, жүйріктігін Жантастың жүрісіне теңеп көз алдымызға алмаса болмайтын, беруге қимайтын, жылқының образын әкеліп, суреттілік, бейнелілік әсері арқылы сезіндіріп жылқыдағы ешбір мінсіз көзтартарлық көркем қасиеттерді адамдардың мінез-құлқымен, жүріс-тұрысымен теңеуге сыйдырып отыр.

Ал, кейбір теңеулер шешендік жұмбақтың шешуі ретінде қолданаылады. Жорықтан оралған жігіт Төле үйіне келіп, жол үстінде көрген білгенін әңгімелеп отырады:

- Ауыл іргесіне жақындай бергенде екі-үш жасар баласын мойнына мінгізіп, бір арқа шеңгелді арқалап келе жатқан әйелді кездестірдім. Тікенек үстінде отырған баланы ерге отырғызып, алдыма алайын десем, шешесінің мойнынан айрылмай қойды.

Сонда Төле би:

- Кірпікшешен баласын арқалап жүріп өсіреді емес пе?

- Бұл не дегеніңіз, биеке?

- Ананың *тікенектей арқасы балаға мамықтай* жұмсақ тиеді, - депті Төле.

Мұнда мағынасы қарама-қарсы *тікенектей* және *мамықтай* деген екі сөздің алынуы сөз әсерін күшейтіп тұр. Қарама-қарсы болса да салыстыру мейлінше айқын, дәл, баяндалып отырған жағдай, айтылып отырған пікір ондағы ой тізбегіне жалғасады. Салыстыра теңеуде дәлдік, нақтылап айқындау жағы күштірек, өмірде кездесетін әлеуметтік жағдайдан туындап тартымды жасалып отыр.

Тағы бір шешендік сөздердегі теңеуге назар аударсақ, мұнда сөз қолданысындағы дәлдікке көз жеткіземіз:

Әкесі өлген – асқар тауы құлағанмен *тең,*
Шешесі өлген – ағар бұлағы суалғанмен тең,
Ағасы өлген – қанаты қайырылғанмен тең,
Бауыры өлген – ет бауыры езілгенмен тең.

Қолдану дәлдігі түрғысынан теңдесі жоқ тамаша теңеулер, әке асқар тауға, шешен ағар бұлаққа, аға қанатқа, бауыр қажеттілікке теңелген. Бұдан артық дәлдәк, тапқырлық болмас. Осының басын біріктіріп, ортақ мағына беріп тұрған «тең» сөзі. Осы сөзбен әке, шеше, аға, бауырдан айырылуыдң қандай болатыны образды түрде ойға қозғау салып, осы ұғымдардың асқақ, биік тұлға екендігін дәлелдеп тұрғандай.

Асаубайдың Тіленші биге айтқаны:

Тоғайға бұққан танадай,
Жан-жағына қарамай,
Жапалақша жалпимай,
Қарақұсша қалқимай,
Жолсыз жерге жанаспай,
Тұр, орнымды бер, талтаймай, -

депті. [6, 54]

Көбей би:

Тамаша алғашқы шу сияқты,
Қуанышқа көтерген су сияқты.
Шу қылып аяқ жағын шерменде ғып,
Болады тілеп ішкен у сияқты. [6, 127]

Тіленші бидің теңеулері қазіргі сөз өнерінде көп кездесетін –ша,-ше жұрнағымен теңелсе, Көбей бидің теңеулері жобамен айтылып, «сияқты» сөз арқылы әсерлі суреттелген. Келесі бір шешендік сөзде:

Диқанбай дейтін дулаттың белді кісісі

– Иә, Бөлтірік, сені осы жұрт «сыншы, сыншы» деп мақтайды. Сонда не айтасың өзің, тегі? Сынағыш болсаң, мына мені сынашы, қане! – депті.

- Сенің қолыңдағы байлығыңа, қойыңдағы құтыңа бақытыңа таласым жоқ, бай-еке, - депті Бөлтірік, - қояр кінәм да жоқ. Сол бақыт, бай-

лық күт біткендей сиқың бар ма? Басың бақырдай, бетің тақырдай, кәрі бураның бүтындай бүлтиып түрған үртың мынау. Аузың болса олақ кісі шапқан итаяқтай. Мүрныңның сарт аяғында сүйретіліп жүріп тозған жаман кебістен айырмасы бар ма? Кісінің сенен асқан шартығы бар ма? Осы айтқандарымның артығы бар ма? – депті. [14, 27] Шешен ұтымды да ұтқыр сөздерімен образдап, көркем шешендік теңеулерін – да, -дей жұрнағымен нақтылап отырады да осы теңеулердің шын мәнісінде дәл солай екендігін «айырмасы бар ма», - деп өзіне мақұлдатады. Оған жақын арада жауап та айтылмайды. Уақыт өткен соң сол теңеулердің өзіне лайық екенін елде айта бастайды. Бұл да тек шешендікке тән стиль теңеу жасаудағы ерекшелік.

Шешендер шығармашылығының стилі – негізгі әдістің сыр-сипаты және соның кемелдігінің белгісі. Стиль әдістің құрамында ғана танылады. Әдістің аясына қанша стиль болса да сыя береді. Дарынсыз, тіл өрнегінсіз стиль жоқ. Шешенің тіл шеберлігіне, сөз саптауына ырғақ, үйқас, әуез ерекшеліктеріне байланысты стилдің құрамында ғана танылады. Шешендер шығармашылығындағы көркемдік әдіс өзінің стилімен, стиль өзінің тіл өрнегіне қатысты ерекшелігімен тұтас бірлік тауып шешендер шығармашылығының идеялық, көркемдік сапасын анықтайды.

Әдебиеттер:

1. А. Байтұрсынұлы. Шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш , 2003. – 114 б.
2. Ахметов. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 26 б.
3. Әлменұлы Б. Шешендік сөздер / Құрастырған, түсініктемесін жазған.
4. Ж. Дәдебаев. – Алматы, 1991. – 100 б.
5. Ел аузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. // Құрастырғандар: Адамбаев Б., Жарқынбекова Т. – Алматы, 1998. – 100 б.
6. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 96 б.
7. Билер сөзі. – Алматы, 1992. – 78 б.

* * *

Данная статья посвящена рассмотрению роли сравнений и некоторых элементов художественного стиля в ораторском искусстве. Также речь идет о важности ритма, рифмы, благозвучности при построении выступления оратора.

* * *

Given article is devoted consideration of a role of comparisons and art style in oratory. Also in article it is a question of importance of a rhythm, a rhyme, melodius at construction of the maintenance of style of the orator.

Критерии пассивизации лексики русского языка на современном этапе (социолингвистический аспект)

С. С. Койлыбаева

магистрант 2 курса КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается процесс архаизации словарного состава языка, исторических изменений в нем, учитываются признаки слова, обусловленные факторами внеязыкового, социально-исторического характера. Систематизируется лексика по внешним признакам с учетом главной функции языка как средства общения и функционирования в обществе.

В традиционном социолингвистическом аспекте лексикология изучает формирование словарного состава языка, исторические изменения в нем, систематизацию лексики с точки зрения её происхождения, расслоение по сферам употребления, по степени активности. «Словарный состав русского языка (как и других языков) теснейшим образом связан с внеязыковыми (экстралингвистическими) факторами его развития и формирования, а именно: становлением и развитием государственности, культуры, науки, экономики и т.п., взаимодействием соответствующего языка с другими языками как результата контакта народов, носителей языков, территориальным расселением русского народа в разные периоды его истории и т.п.» [1, 14]. Прежде всего учитываются признаки слова, обусловленные факторами внеязыкового характера, так как основная задача при этом систематизация лексики по внешним признакам с

учетом главной функции языка как средства общения и функционирования в обществе. При этом чрезвычайно важными для изучения словарного состава языка становятся экстралингвистические, внелингвистические факторы его развития, так как жизнь слова и общества связаны «кровной» связью. По этому поводу К.И.Чуковский отметил: «У каждой эпохи есть свой стиль, и недопустимо, чтобы в повести, относящейся к 30-м годам прошлого века, встречались такие типичные слова декадентских девяностых годов, как *настроение, переживание, искания, сверхчеловек* ...В переводе торжественных стихов, обращенных к Психее, неуместно словечко сестренка...Назвать Психею сестренкой - это все равно что назвать Прометея братишкой, а Юнону мамашей» [2, 7].

Известно, что лексика – это организованная система языковых единиц. Причем «идею системности лексики на уровне её социолингвистической и системно-семасиологической организации можно считать общепризнанной» (1, 15). Такое рассмотрение словарного состава русского языка можно увидеть в работах Л.В.Щербы, В.В.Виноградова, Ф.П. Филина, С.И. Ожегова, О.С. Ахмановой, Л.П. Крысина, Скляревской Г.Н. и др., утвердивших идею системности в лексическом строе русского языка.

Поскольку язык и его словарный состав - это изменяющаяся, открытая система, для которой способность к развитию является естественным способом ее социального существования, то естественно утверждать, что развитие языка протекает в условиях его постоянного совершенствования и обогащения. В сфере лексики современного этапа развития русского языка это происходит особенно интенсивно в силу подвижности словарного состава языка и зависимости процесса порождения слова от многих социальных условий, в которых в наши дни активно появляются предметы и явления действительности. Результат этой зависимости выражается в двуедином процессе – архаизации и неологизации словарного состава. Сразу отметим, что оба этих процесса протекают весьма специфически, а именно активно и быстро, поскольку происходят на памяти живущих разных по возрасту и социальному статусу поколений носителей языка, которые зримо могут наблюдать как процесс неологизации, так и противоположный ему процесс постепенного ухода значительного слоя словарного состава на периферию, который мы назвали процессом *пассивизации.* Вот почему основанием нашего обращения к социолингвистическому методу исследования явилось то, что мы делаем попытку выявить критерии такой пассивизации лексики как специфической составляющей общего процесса архаизации лексики русского языка с помощью анкетирования, который является «одним из основных видов письменного опроса, осуществляемого при общении с респондентом с помощью анкеты» [3, 17].

Многие исследователи, рассматривая вопрос архаизации лексики новейшего периода, то есть переход лексических единиц из активного употребления на периферию языка, описывают его как *специфический* процесс, определённое состояние, которое, тем не менее, пока не получило, по нашему мнению, до конца эксплицированной формулировки и оценки с учетом его протекания. Отсюда во многих формулировках, связанных с этим процессом, отмечается преобладание конструкций неопределённого характера, хотя и указывающих на постепенность как специфичную черту такого процесса архаизации, подчиненного определенным факторам. Дело в том, что на языковом пространстве любого языка, в том числе и русского, параллельно с активным на периферии языка находится пассивный запас слов, включающий всё, что «не стало *ещё* или перестало *уже* быть необходимым, привычным и обязательным. Иначе говоря, в пассивный запас входят две категории слов: устаревшие слова и новые (неологизмы), т.е. слова,которые окончательно не вошли ещё в общелитературное, общенародное употребление» [1, 186].

В зависимости от факторов устаревания и путей деактуализации лексических единиц в современном русском языке можно отметить несколько основных моделей архаизации (без учета подтипов), которые мы попытались описать в рамках магистерской диссертации. В имеющихся в науке формулировках архаизмов и процесса архаизации, на наш взгляд, имеют место отдельные лакуны, так как по законам развития языка переход языковых единиц из активного употребления в пассив не является одномоментным действием, а является п р о ц е с с о м, длительность которого варьируется от меньшей степени архаизации к большей. Иными словами, это значит, что некоторые группы лексики проходят промежуточную стадию постепенной *пассивизации*, когда определённые возрастные или социальные группы продолжают использовать лексические еди-

ницы либо имеют чёткое представление об их значении. С учетом сказанного архаизация лексики современного русского языка представляет собой сложное явление, которое нельзя оценивать однозначно и которое заслуживает детального его исследования в движении, с учетом синхронно-диахронической природы языка в целом, так как любой наметившийся процесс движения автоматически из синхронного превращается в диахронический на линии развития словарного состава языка. Отражением условно представленного синхронного состояния языка, но поданного в динамике, в наши дни выступают лексикографические труды, в которых их составители разработали систему семиотических знаков, указывающих на подобную динамику. Одним из таких авторитетных источников для научного использования является «Толковый словарь русского языка конца XX века. Языковые изменения» / Под ред. Г.Н. Скляревской; РАН, Ин-т лингвистических исследований. – СПб.: Фолио-Пресс, 1998 (ТСЯИ), который мы и взяли за основу выявления критериев процесса пассивизации лексики на современном этапе через его социолингвистическую интерпретацию; в качестве дополнительных нами использован национальный корпус русского языка и материалы интернет-форумов.

Социолингвистические исследования дают возможность изучать языковое явление в социальном аспекте. Априори мы предположили, что речь разных социальных, возрастных и т.п. групп должна иметь отличия, что особенно актуально для современного среза истории русского языка. Тем не менее это вызвало необходимость проверить подобную теоретическую посылку, что и стало основной целью магистерской диссертационной работы, в которой мы предлагаем изучение состава и особенностей развития *устаревающей* (т.е. находящейся в процессе пассивизации) лексики русского языка новейшего периода, а также выявление уровней понимания данного пласта лексики в языковом сознании современников. В ходе работы мы попытались выяснить, так различается понимание изучаемых в процессе пассивизации слов в речи людей, принадлежащих к различным социальным и возрастным группам. Для этого был применен широко применяемое в социолингвистике «письменное анкетирование, устные интервью, тесты и некоторые другие методические приемы сбора данных, направленные на то, чтобы выявлять определенные закономерности во владении языком и в использовании его говорящими в тех или иных коммуникативных условиях» [4]. Наиболее приемлемым для нашего исследования был выбран метод анкетирования.

Процедура нашего исследования включила следующие этапы:

- изучение литературы по выбранной теме;
- разработка социолингвистической анкеты;
- проведение пилотажного исследования;
- разработка окончательного варианта анкеты;
- определение объёма и типа выборки;
- обработка собранных данных;
- анализ и описание полученных результатов [5].

В рамках статьи мы предлагаем к рассмотрению этапы составления анкеты и описания полученных результатов. Из набора имеющихся в нашей картотеке слов, уходящих в пассив, после предварительного опроса были выбраны 42 единицы (которые будут показаны в результатах) для составления анкеты. Для доказательства нашей гипотезы о *постепенном, процессном* характере затухания употребительности, а значит архаизации слов, нами предложены слова разных частей речи, разной степени архаизации.

Фрагмент анкеты.

Пожалуйста, ответьте на вопросы нашей анкеты. Это поможет нам в работе над темой **«Процесс пассивизации как специфическая составляющая проблемы архаизации лексики русского языка новейшего времени».** *Личные сведения, которые Вы захотите сообщить о себе, безусловно, конфиден-циальны!*

Анкета включает дихотомические вопросы – такие, которые имеют два альтернативных ответа: *Да* или *Нет, Употребляю* или *Не употребляю,* а также вопрос для ассоциативного эксперимента. В ходе **ассоциативного эксперимента** испытуемым предъявляется (обычно устно) слово-стимул; на него должна последовать словесная ассоциативная реакция, которая фиксируется письменно. По данным таких экспериментов составляют ассоциативные словари, например, «Русский ассоциативный словарь», составленный Ю.Н. Карауловым и др., «Словарь ассоциативных норм» под редакцией А.А. Леонтьева. Словарные статьи включают в себя стимул и все реакции на него, а также усредненную, коллективную реакцию, которую получают с помощью математических методов

обработки множества полученных результатов. Эта реакция «отражает тотальную языковую компетентность, или знание языка, в обследованной массе индивидуальностей, но одновременно является “собственностью” каждой из этих индивидуальностей, хотя каждая из них формально (в эксперименте) участвует только одной реакцией… Именно наличие такой сети в голове среднего носителя языка позволяет ему понимать и воспроизводить тексты, понятные всем членам языковой общности» [4].

В нашем пилотажном исследовании приняло участие 20 человек (студенты, пенсионеры, работающие люди с высшим образованием). Для подтверждения гипотезы о возрастном характере уменьшения степени частотности употребления слов мы расширили диапазон исследования и включили в качестве респондентов школьников и взрослое население различных социальных слоёв. Респонденту предлагалось отметить некоторую информацию о себе, а именно: пол, возраст, образование (среднее, высшее). Всего было опрошено 104 человека. В ходе обработки полученной информации были выбраны 100 анкет. «Тщательное и точное научное описание определенного языка, - отмечал в свое время Р. Якобсон, - не может обойтись без грамматических и лексических правил, касающихся наличия или отсутствия различий между собеседниками с точки зрения их социального положения, пола или возраста; определение места таких правил в общем описании языка представляет собой сложную лингвистическую проблему» (цит. по: [4]).Все опрашиваемые были разделены на возрастные и социальные категории:

1) 1995 - 2003 г.р. – ученики школы;
2) 1989 -1995 г.р. – студенты;
3) 1953-1989 г.р. – люди, не имеющие высшего образования;
4) 1953-1989 г.р. – люди, получившие высшее образование;
5) 1922…1952 г.р. – пенсионеры.

Согласно существующим методикам, «собранные данные сводятся в таблицы и подвергаются обработке – ручной, если этих данных немного, или механизированной, которая применяется при массовых социолингвистических обследованиях. Затем следуют математико-статистическая оценка полученного материала и его содержательная интерпретация, с помощью которой исследователь выявляет зависимость между использованием языка и определенными социальными характеристиками его носителей» [4]. Следующим этапом стал математический подсчёт полученных данных, где к 100% соотносили процент владения каждой лексической единицей.

Анкетирование показало следующие результаты:

№	Слово	1 гр.		2 гр.		3 гр.	
		Знают %	Употр. %	Знают%	Употр.%	Знают %	Употр. %
1	Блат	76	59	75	37	90	85
2	Валютчик	88	39	50	12	85	45
3	Видеолента	94	39	87	37	85	55
4	Вождь	98	59	100	37	90	55
5	ВЦИК	29	18	37	12	25	5
6	Генсек	39	22	87	12	55	20
7	Гласность	61	29	100	75	95	55
8	Директива	18	4	75	12	40	25
9	Дружина	92	41	100	0	90	45
10	Единоличник	90	43	100	62	90	65
11	Ежовщина	10	2	12	0	10	0
12	Звено	96	61	100	75	95	70
13	Империализм	65	14	100	62	80	25
14	Исполком	33	4	100	12	65	20
15	КГБ	78	49	100	37	90	60
16	Колхоз	100	76	87	75	100	90
17	Комсомол	57	24	100	50	100	55
18	КПСС	47	12	87	25	70	35
19	Лимита	33	16	50	12	55	15

20	Октябрёнок	55	2	87	0	100	30
21	Осведомитель	65	31	100	50	80	45
22	Партийность	63	2	87	37	65	20
23	Передовик	39	14	87	25	90	50
24	Плановик	45	12	75	25	100	40
25	Политбюро	41	12	87	25	15	15
26	Рублёвка	92	76	100	62	80	45
27	Социалист	59	24	100	62	70	03
28	Спекулянт	78	41	87	75	95	55
29	СССР	96	71	100	62	95	85
30	Стольник	76	67	87	62	100	95
31	Талон	88	69	100	62	100	95
32	Шарага	69	41	100	50	90	75
33	Юннат	22	10	50	25	60	20
34	ВЛКСМ	4	2	37	0	50	15
35	Очередь	100	98	100	87	100	100
36	Хозрасчёт	47	18	100	25	70	25
37	Погромный	27	14	75	25	65	25
38	Горкомовский	10	100	50	0	35	15
39	Советский	90	57	100	50	100	85
40	Выбить	94	76	100	87	90	90
41	Выбросить	2	90	100	75	100	100
42	Достать	2	90	100	100	95	95

В группах 1-3, куда мы отнесли учеников школ, студентов, а также людей без высшего образования, узнавание слов значительно отличается от групп 4,5, что, на наш взгляд, объясняется разницей в возрасте информантов. Именно это является одним из главных показателей движения в языковой системе, несоответствия языковой картины мира информантов, имеющих разный социальный статус.

№	Слово	4 гр		5 гр	
		Знают %	Употр. %	Знают %	Употр. %
1	Блат	94	83	100	100
2	Валютчик	83	28	75	75
3	Видеолента	89	72	50	50
4	Вождь	100	72	100	75
5	ВЦИК	39	6	100	25
6	Генсек	72	22	100	50
7	Гласность	94	78	75	50
8	Директива	94	67	25	100
9	Дружина	94	61	75	50
10	Единоличник	100	89	100	75
11	Ежовщина	44	17	100	50
12	Звено	94	72	100	75
13	Империализм	89	56	75	25
14	Исполком	78	28	100	50
15	КГБ	89	61	100	75
16	Колхоз	94	94	100	100
17	Комсомол	89	33	100	100
18	КПСС	89	22	100	75
19	Лимита	72	22	75	50

20	Октябрёнок	94	0	100	25
21	Осведомитель	94	50	75	50
22	Партийность	89	17	100	75
23	Передовик	83	39	100	75
24	Плановик	94	39	100	0
25	Политбюро	78	11	100	75
26	Рублёвка	89	60	50	50
27	Социалист	78	11	50	25
28	Спекулянт	94	33	50	75
29	СССР	94	89	100	75
30	Стольник	94	89	100	75
31	Талон	94	83	100	75
32	Шарага	94	61	100	100
33	Юннат	67	33	50	100
34	ВЛКСМ	55	61	50	0
35	Очередь	94	89	75	100
36	Хозрасчёт	78	33	100	25
37	Погромный	61	33	50	25
38	Горкомовский	67	22	50	0
39	Советский	89	78	75	50
40	Выбить	94	94	100	100
41	Выбросить	100	100	100	100
42	Достать	94	94	100	100

Полученные статистические данные позволяют сделать следующие выводы, которые одновременно представляются нам и основными критериями для обоснования процесса пассивизации:

1. Степень архаизации слов в зависимости от социальных и возрастных причин различна.

2. Можно выделить несколько групп слов по степени употребляемости, по параметру «знаю», но «не употребляю», то есть важен количественный показатель в формировании слов, постепенно выходящих из употребления.

3. У групп №№ 4, 5 (люди с высшим образованием и пенсионеры) степень архаизации выражена менее ярко, то есть у данной группы исследуемые слова находятся пока еще в активном употреблении в силу возрастных и социальных причин, данная группа респондентов использует в речи знакомые и привычные слова, в то время как для школьников такая лексика непонятна и вызывает трудности в ее понимании. Данная особенность непосредственно указывает на процесс пассивизации, представленный зримо и очевидно, когда наблюдается постепенность ухода слова в пассивный запас.

4. Предложенный анализ дал возможность выделить 3 основные группы слов по степени архаизации, а при помощи полученных ассоциаций выделить семантические сдвиги (разницу в понимании).

В составе лексики, уходящей в пассив, можно выделить группу слов (типа *ежовщина, ВЛКСМ*), относящихся к историзмам, параллельно с которой существует группа слов, знакомых и используемых носителя современного русского языка в речи. Тем не менее, отмечаются существенные различия в знании и употреблении подобной лексики в целом.

Из сказанного можно сделать общий вывод о том, что слова, находящиеся в процессе пассивизации, в основном знакомы респондентам, но менее употребительны, что и говорит о неполной (а скорее начальной стадии) их архаизации, которую мы и называем процессом пассивизации. В связи с этим и с учетом степени архаизации через стадию пасивизации (постепенного затухания употребительности) мы выделяем три основных разряда слов: 1) лексические единицы, устаревшие, неизвестные и не употребляемые в речи; 2) лексические единицы, находящиеся в употреблении и потому практически понятные в целом всем носителям языка; 3) лексические единицы, устаревшие в новейший период развития русского языка или имеющие тенденцию к устареванию на названном этапе языковой эволюции (в ре-

зультатах анкетирования они соответствуют ответу «знаю, но не употребляю»).

Таким образом, характерная черта социолингвистики второй половины XX столетия – «переход от работ общего плана к экспериментальной проверке выдвигаемых гипотез, математически выверенному описанию конкретных фактов. По мнению одного из представителей американской социолингвистики Дж.Фишмана, изучение языка под социальным углом зрения на современном этапе характеризуется такими чертами, как системность, строгая направленность сбора данных, количественно-статистический анализ фактов, тесное переплетение лингвистического и социологического аспектов исследования» [4]. Поэтому социолингвистический подход является залогом верификации полученных результатов и предоставляет объективную языковую базу для исследования заявленной категории, что, собственно, мы и попытались показать своим материалом, связанным с процессом пассивизации лексики на современном этапе. Как подчеркивает Л.П. Крысин, «Социолингвистический аспект может быть внесен и в некоторые традиционные направления русистских исследований. Это актуально именно на современном этапе развития национального русского языка» [6].

Литература:

1. Гайнуллина Н.И. Лексикология русского языка: Уч. пос. для студентов филологических факультетов университетов. – Алматы, 2003. – 223 с.
2. Бабенко Л.Г. Лексикология русского языка: Уч. пос. – Екатеринбург, 2008. – 125 с.
3. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смагулова Ж.С., Аканова Д.Х. Словарь социолингвистических терминов. Изд. 2-е, доп. и перераб. – Алматы, 2007. – 330 с.
4. Электронный источник: http://www.rusword.com.ua
5. Сон С.Ю. Этапы и процедура социолингвистического анализа: Уч. пос. по курсу «Социолингвистика» для магистрантов филологического факультета. – Алматы, 2003. – 43 с.
6. Крысин Л.П. О перспективах социолингвистических исследований в русистике // Русистика, № 2.: Сборник статей. – Берлин, 1992.– С. 96-106.

* * *

Мақалада тілдің сөздік құрамындағы архаизация процесі қаралады, тарихи өзгерістердің ықпалымен болған сөздің белгілері, тілден тыс, әлеуметтік-тарихи сипаттың мерзімді факторлары есепке алынады. Тілдің бас функциясын есепке ала отырып, сыртқы белгілерге арналған лексиканы жүйелейді және қоғамдағы қарым-қатынастың құралы болып табылады.

* * *

This article considers the archaism process of the language vocabulary, historical changes in it, features of the word are taken into account, due to the extra-linguistic factors, social-historical character. The lexicon systematized on external features, considering the main function of language as a means of communication and functioning in society.

Ғұмар Қараштың азаттықты аңсаған туындылары

А. А. Оспанова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD докторанты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Мақалада XX ғасыр басындағы қазақтың көрнекті ақыны Ғұмар Қараштың ұлт азаттығын жырлау үрдісі зерделенеді.

XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық мұрат, оның әдеби туындыдағы мазмұнына түрікшілдік идеясының қатысы бар. Қазақтың тұрмысы, тағдыр-теперіші туарлы кең толғайтын Ғұмар Қараштың шығармаларындағы түрікшілдікті осыдан көреміз.

«Неден қорқам?», «Саған не болды?», «Көреміз бе?», «Түсінбеймін» т.б. өлеңдерінде қазақ халқының өнінен тарихы, бүгіні, болашағы талданып, болжанып келіп қауіп айтылады, өкінішті күйлер баяндалады.

Ғұмар Қараш «Неден қорқам?» өлеңінде түспалдап, астарлап отырып, нақты құбылыс туралы сөз етіп отырғандай көрінгенімен, заманның райын, қазақтың құбылған уақыттың құрбандығы есебіндегі шарасыз күйін төгеді.

Мезгілсіз ерте түрған таңнан қорқам,
Жауынсыз күр желдеткен шаңнан қорқам.
«Таң туды, мезгіл жетті» деп адасып,
Құрылған қараңғыда заңнан қорқам.
Істері адамдыққа жараспаған,

Жануар – екі аяқты аңнан қорқам

Жарлы мен байды теңгеріп жатқан жайға ақын иланбайды. Аспаннан жұмақ түспейді, сырттан таңған салт қазаққа келмейді деген ой – өлеңнің өзегі.

Үжмақ көптен жерге еңбек емес,
Мезгілсіз бір нәрсе де келмек емес.
Өзің ту, ұл тусаң да, қыз тусаң да,
Әкеліп біреу саған бермек емес.

Үжмақ деп Ғұмар Қараш жаңа заман, жат саяси құрылымды айтады. Табиғи дамуға көлденеңнен киліккен өзгерісті ақын жаны қабылдай алмайды.

«Саған не болды?» өлеңінде Ғұмар Қараш еліне сауал тастап отырып, заман бағытына алаңдаушылық білдіреді. Дәстүрлі жыраулар поэзиясындағы жаугершілік уақыттардың қаупінде күдік айтады.

Үрім-бұтақ үрпағыңды құл етер,
Әлпештеген аруыңды күң етер,
Жарық сәуле бостандыққа мүң етер,
Ойламастай, жұртым саған не болды?

Ақын жұртының келешегіне алаңдайды. Мағжан, Міржақып, Ахмет, Сұлтанмахмұттардың мұңындай өз мұңын шертеді. Елдік намысқа тиіп, ұлтын азаттыққа үндейтін сөзбен әлдилейді.

Алатаудан асып барып жайлаған,
Беткейінде құлын-тайың ойнаған.
Ойыңа алған ісін етпей қоймаған
Ел емес пе ең, жұртым саған не болды?
Шыңғыс, Бати хандық құрып тұрған ел,
Қара қыпшақ Қобыландылар туған ел,
Қарсылаған дұспан жауын қуған ел,
Емес пе едің, жұртым саған не болды?

Ғұмар Қараштың басты мұңы, жан қайғысы – ұлттың азат өмірі.

«Көреміз бе?» туындысында қазақтың өз алдына ел болғанын көреміз бе? деп сұрақ тастайды. Халқының болмыс-бітімі ақын кеудесіне сенім құяды.

«Алаш» атты орда құрып шалқығанын,
Бақ дәулеті туып өсіп балқығанын.
Әрбір істе қазақ исі аңқығанын
Тірілікте көзімізбен көреміз бе?

Ғұмар Қараштың «Түсінбеймін» атты өлеңінде тағы да елінің өткен замандағы асқақ рухын аңсау сарыны көрінеді. Арғы бабалардың даңқы зор еді, бетті еді, алымды болатын, ендігінің бос жүрісі ақылға сыя ма деп күйзеледі ақын.

Ғұмар Қараштың өмірбаянын алғаш түзіп жазған зерттеуші Сәбит Мұқанов сияқты. 1932 жылы жарық көрген «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінде Сәбит Мұқанов Ғұмар ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мол мәлімет айтады. Қарашұлы Омар деп алып отырған. Шамамен 1876 жылдары бұрынғы Бөкей ордасында туған дейді. Ғұмар Қараш өскен өрісі, сол кезеңнің саяси жағдайы нақтылы баяндалған бұл еңбектің Ғұмар Қараш шығармашылығындағы негізгі сарындарды, оның әдеби мұрасының қазақ әдебиеті тарихындағы орнын тануда айрықша орны бар.

«Бөкей елінің ішінде, беріш дейтін руда Құмар қалпе Жазықұлы дейтін ескіше оқымысты бір адам болады. Омар осы Құмар қалпеден сауатын ашып, оқу оқиды. Бұл молдадан сауат ашылғаннан кейін, қазақ даласының маңында Қашқар дейтін татар поселкесінде медресе ашқан Ысмағұл деген татардың молдасынан барып оқиды. Бұл молда сол кездегі қадымшелердің ішіндегі Смағұл Қашқари аталған атақты молданың біреуі болады» (1, 131-б.).

Дін оқуымен сауат ашып, молдалық құрып жүрген Омардың өмірінде 1905 жылдан былай қарай өзгеріс болды дейді Сәбит Мұқанов. Себебі Шәңгерей Бөкейұлымен таныстықпен де сабақтастырады.

«1905 жылдары Омардың пікірінде үлкен өзгеріс туады. Бұл өзгеріске себеп, 1905 жылы болатын төңкеріс. Бұл төңкерістен Омар хабардар болады. Өйткені аман болғанмен Омар құлшылықтан басқаны білмейтін иман болмайды. Ол араптың, түріктің газет-журналдарын оқумен қатар, татар тілінде шығатын «Уақыт», «Таржыман» сияқты газеттерді оқиды, 1905 жылдың ұрандарына ол осы газеттер арқылы түсінеді. Бұл бір.

Екінші, Омар «Өрнек» деген кітабында, өзіне имандық жолының қателігін түсіндірген бір адамға алғыс айтады. Осы адам Қалелдің айтуында, кәдімгі атақты Шәңгерей Бөкейұлы болады. Бөкейұлы Бөкей ханның барлық немерелері сияқты Саратовтағы Кадетский корпусты бітірген, ғылымнан хабары мол адам екен. Сол кісі Омарды ғылым жолына түсіруге үлкен көмектеседі» (1, 131-б.).

Ғұмар Қараштың 1917 жылғы Ресейдегі қазақ төңкерісіне шейін бірнеше жыр жинағы шыққан. «Қарлығаш», «Өркен», «Бала түлпар», «Тумыш» атты кітаптары жарық көріп, «Шайыр», «Көнсілдер» сияқты жыр жинақтарын құрастырып шығарады.

Ғұмар Қараш шығармаларында қазақ даласына Ресейдегі төңкеріс екпінімен келген өзгерістерге қарсылық сарын айқын. Ақын қоғамдық-әлеуметтік сілкіністердің халқы үшін әкелетін ауыр зардабын жанымен сезінеді.

Аласапыран уақыттарда бірде алашорда жағында, бірде кеңестер жағында болып әр қилы қызметтер атқарған өз заманының азаттшыл рухты, астарлы, түспалды бағытымен ерек-

шеленген поэзиялық туындыларын түзген Ғұмар Қарашұлы 1921 жылы қапыда қайғылы қазаға ұшыраған.

Ғұмар Қараштың «Өрнек» кітабы бір мәнде Ыбырай Алтынсарыұлының «Мұсылманшылықтың түтқасы», Абайдың қара сөздегі дін жағын қозғауы, Шәкәрім қажының «Мұсылмандық шарты» сынды еңбектерімен сабақтас, ағартушылық, оның өзінде діни ағартушылық бағытында жазылған еңбек деуге болады.

Сәбит Мұқанов былай дейді: «Омардың «Ықтияһатының» арты тәуіріні шын ықыласпен кішілік кішілік ету, бойұсынуға соғып отыр. Тәңірін пендесіне осылай танытып алған Омар, ораза мен намаз сияқты істерді, адамға «ол тәңіріні ұлықтау ретіндегі борышың» десе, одан кейін пенденің өзіне арнаулы істері туралы былай дейді: «Алланың жолы деген ол: ол құдіреті күшті алла (тағала) өз хүкіметімен біздің бү ғаламды себеп ғаламы ғып жаратқан. Әр нәрсенің бір себебі бар. Мәселен: екпей егін шықпайды, кәсіп, әрекет етпей ризың (тамақ С.М.) болмайды, мал жиылмайды, өнер ғылымсыз әрекет, кәсіп қолдан келмейді.

«Енді адамдар әр ісінде алланың көрсеткен жолымен жүрмесе, яғни, себебіне кіріспесе, ыждиғат етпесе, ғылым, өнер үйреніп орнына қолданбаса, ол аллаға иман келтіріп, оның әміріне бойұсыну болып табылмайды» (7-бет).

Бұл сөзден шығып отырған мағына: адамның істейтін бес парызы (ораза, намаз, зекет, қажы, иман) адамның тән тіршілігіне керекті істер емес: ол істер, жаратқандығы үшін, тәңірге адамның құлдық етуі. Оған не сый беретінін тәңірі өзі біледі. Пенде одан сый күтсе әдепсіздік істейді (1, 135-б.).

Ғұмар Қараштың әдеби мұрасы қазақтың саяси, рухани кеңістігіндегі өз орны туралы сол ХХ ғасырдың 30-жылдарында Сәбит Мұқанов «байшыл, үлтшыл» атауымен әдіптеп отырғанымен, кең, шынайы мағлұмат қалдырған. Алайда бұл еңбекте ғылыми айналымда болмағандықтан, Ғұмар Қараштың шығармашылығы туралы кейінгі үрпақ бимағылум болды десек, қателеспейміз.

Алаш ардақтылары ақталып, еліне оралған ХХ ғасырдың соңғы тұсында Ғұмар Қараш өлеңдері де басылым көрді, оның мұрасы турасында пайымдаулар жасалды.

«Ғұмар Қараш кім еді? Ол – көрнекті ақын, ойшыл-философ, халқын өнер мен ғылымға, берекелі ел болуға үндеген қайраткер-ағартушы, дін-шариғат, имандық жолын, араб, парсы, түрік, татар, башқұрт тілдерін жетік білген ғұлама-ахун, өз дәуіріндегі мерзімді баспасөзге қазақ елінің көкейкесті мәселелері хақында үзбей ой толғаған қаламгер.

Ғұмар Қараш ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласына кең тараған «Айқап», «Мұғалім», «Шора» журналдары мен «Қазақстан», «Ұран», «Дұрыстың жолы», «Қазақ дұрыстығы» сияқты газеттерде сол дәуірдің көкейкесті мәселелері хақында өлеңдер мен мақалалар жариялап, мерзімді баспасөз бетінде жиі көрінеді» (2, 5-б.).

Қилы заманның қиын, қыспақты күндерінде Ғұмар Қараштың шығармашылығы әр мәнде бағаланып, танылғаны туралы зерттеуші Қ.Сыдиықов мол дереккөздерін келтіріп отырып баяндайды (2).

Ұлтының азаттығы жолында ақиқат ой айтудан тайқымаған, ХХ ғасыр басында қазақ арасына жәдит оқуын таратуда ықпалды істер жасаған Ғұмар Қараштың халқымен қауышуы өткеннен бергі уақытта қозғалған дүние баршылық, сонымен бірге зерттеудің жан-жақтылық бағыты осымен таусылмақ емес.

«Отызыншы жылдарда Ғ.Қараш мұрасы бір жағынан, біз ойлағандай, ауыр сынға ұшырап жатса, бір жағынан қазақтың көрнекті ақыны санатында М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаевтың «ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабына» (А., 1933) енді Феонтис Березовский 1936 жылы «Красная ночь» (№3) журналында жарық көрген «Қазақ әдебиеті» деген мақаласында Ғ.Қарашты Абай дәстүрін жалғастырушылар қатарында атады» (2, 8-б.).

Зерттеуші Қ.Сыдиықов Ғұмар Қараш туралы түшымды ой, тың деректер айтқан ғалымдарды атап өтеді. Е.Ысмайылов пен А.Нұрқатов зерттеулеріне ерекше мән береді.

Ғұмар Қараштың шығармаларында қозғалған өз қоғамының хал-күйі, ізгілік уағыздары, азаттық сарындары. Ғұмар шығармашылығы ағартушылық мұраттармен суырылған.

Ілеспе аударманың екінші нұсқасы – ол қағазға қарап алдын ала дайындықпен немесе дайындықсыз ілеспе аударма жасау: аудармашы сөйлеушінің сөзін ол сөйлегенге дейін біраз уақыт бұрын қолына алып, сол мәтінге сүйене отырып ілеспе аударма жасайды. Егер сөйлеуші алғашқы мәтіннен ауытқып жатса, оның сөз алысына қарай түзету жасап отырады. Қағазға қарап ілеспе аударма жасауды даусыз жазбаша материалдың ауызша аудармасы қатарына жатқызуға болмайды. Себебі, аудармашы қағаздағы мәтінге ғана емес, сөйлеушінің ауызша сөйлеген сөзіне де сүйенеді. Демек, ілеспе аударманың бұл нұсқасын ауызша айтылған сөздің ауызша аудармасы және жазбаша материалдың ауызша аудармасы түрлерінің арасындағы нұсқа деп айтуға болады.

Ілеспе аударманың үшінші нұсқасы - ол алдын ала аударылған мәтінді сөйлеушінің сөзіне ілесіп оқып шығу: аудармашы сөйлеуші сөзін бастағанда дайын жазбаша мәтінді оныменілесіп оқып шығады. Мұнда да аудармашы егер сөйлеуші алғашқы мәтіннен ауытқып жатса тиісті өзгертулер жасап отырады. Алдын ала дайындалған мәтінді ілесіп оқу нұсқасында ауызша айтылған сөздің ауызша аудармасы және жазбаша материалдың ауызша аудармасы элементтері кездеседі [9, С. 3-5].

Шет тілін еркін меңгерген кез келген адам ілеспе аударманы сәтті жүзеге асыратын дағдылармен шеберлікті игере алады деу қиын. (Швейцер А. Д. 1969 138 бет). Ілеспе аударма сәтті шығуы үшін оны орындаушы тек қана қостілді маман емес, екі халықтың мәдениетін, тарихын, дүниетанымын, ұлттық психологиясын жақсы білетін, дикциясы анық, дауысы тартымды, сөйлеу ырғағын мағынамен тікелей байланыстырып өзіне бағындыратын, сөзге шешен болуы міндетті. Сонымен қатар ілеспе аудармашының зор жауапкершілігі мен тапқырлығы, екі тілді бірдей меңгеріп, еркін қолдана білуі, көзқарасының жан-жақты болуы, әңгімелеп отырған тақырыпты терең білуі осы салада қойылатын талаптардың бірқатары. Бірақ осы қасиеттердің бәрі де бола тұрып, ойдың жүйріктігі болмаса, ілеспе аудармашы болу әлдеқалай. Себебі, ілеспенің ең басыңқы ерекшелігі - осы жүйріктікте. Сөйлеу іс-әрекеті көптеген басқа психофизиологиялық әрекеттермен байланысып, соларға негізделгендіктен, сөйлеп отырған адамға ілесіп, жаңа ғана дыбысталып сөйлем болып шыққан мәліметті дәл сол кезде екінші тілге аударып шығу аудармашыдан зор қабілеттілікті талап етеді. Әрине, бұл ілеспе аудармашыға қойылатын ерекше талаптар. Олар көптеген арнайы дайындық, жаттығулар арқылы пайда болып, дағдыға айналады.

Зерттеушілер (Л. Виссон, А.Ф. Ширяев, А.Д. Швейцер) ілеспе аударманы сипаттағанда оның басты ерекшелігі ретінде сөз сөйлеу мен аударма тілінде сөз тудырудың параллельді түрде жүзеге асырылуын атап көрсетеді. Бұл – дұрыс пікір. Бірақ, біздің ойымызша ілеспе аударма бұдан әлдеқайда күрделірек процесс. Ол аудармашының сөз сөйленетін тіл мен аударма жасалатын тілдегі жеткілікті тілдік құзыретіне сүйенетін аудармасын ғана емес, аударма жасау барысында қолданылатын амал-тәсілдерді, аудармашының жиын барысында туындауы мүмкін экстремалдық жағдайларға психологиялық тұрғыдан әзірлігін, ілеспе аудармашының бойында болуы керек қабілеттер мен қасиеттер жиынтығын қамтиды.

Көбінесе сөйлеушілер өз сөзінің экспрессивті бояуын қанықтырып, тыңдарманға әсерін көбейте түсу үшін фразеологизмдерді көп пайдаланады. Аударма тілінде ол фразеологизмге мағыналық жағынан сәйкес келетін баламасы бар болғанымен, ол аударма жасау барысында еске түспей қалуы әбден мүмкін. Мұндай кездерде ілеспе аудармашының тәжірибесіне қарай *калька аударма жасау, жолма-жол аударма, мағыналық аударма жасау* қолданылады.

Ілеспе аударма барысында аудармашы сөз сөйленген тілдегі синтаксистік құрылымды жедел қабылдап, аударылатын тілдегі синтактистік құрылыммен тыңдаушыларға жеткізуі керек. Бұл ретте аудармашы *лексикалық трансформация* жасауға, яғни аударылатын тілдегі лексикалық баламаларды іздейді. Мұндайда аудармашы түпнұсқа тілдегі сөйлемнің мағынасын өзгертпей жеткізу үшін, өзінде дайын балаламаларды қолданады. ***Ал грамматикалық трансформацияда*** түпнұсқа тілдегі сөйлемді аударылатын тілдің заңдылықтарына сәйкес құбылтып жеткізеді. Бұл аударма тілінде сөйлемді барынша қысқартып, буындық көлемін азайтып жеткізуге көмектеседі.

Лексикалық және грамматикалық трансформация негізінде *ақпаратты ныгыздау (коомпрессия) амалы* жасалып аударылады. Коомпрессия амалына: ақпаратты неғұрлым аз лексикалық бірліктермен аудару, егер сөйлеуші нақтылаушы, түсіндіруші мағынасы бар қосалқы сөздерді көп пайдаланатын болса, мұндай семантикалық түрғыдан алғанда басы артық сөздерді қысқарта аудару жатады.

Күту амалы – қазақ тілінен ағылшын тіліне аударма жасау барысында міндетті түрде қолданылатын амал. Әлемдік аударма жасау тәжірибесінде етістік сөйлемнің соңында тұратын тілдерден, соның ішінде қазақ тілінен ағылшын тіліне ілеспе аударма жасау барысында да осы күту амалы көбірек қолданылады. Күту амалы – сөйлемді сауатты құру үшін пайдаланатын амалдардың бірі. Сөз сөйлеушіден қалыспай аударма жасауға ұмтылатын аудармашының сауатты сөйлем құруға мүршасы болмайды.

Болжамдау – негізінен тәжірибесі мол ілеспе аудармашылар пайдаланатын амал. Бұл түпнұсқа тілдегі дискурста айтылмай жатып-ақ аудармашының мәтінде қандай етістіктің қолданылатынын болжамдауын білдіреді. Мұндайда аудармашыға оның сөз сөйлеушіні, ол көтеріп жүрген мәселелер туралы жақсы білуі, жиынның қорытынды құжаттарымен алдын ала таныс болуы көмектеседі.

Мәтінді бөліп аудару амалы – сөйлем тым ұзақ болған кезде, сөз сөйленетін тіл мен аударма жасалатын тілдің арасында синтаксистік немесе стилистикалық айырмашылықтар көп болған кезде қолданылатын амал.

Сөйлемнің мол коммуникативтік жүктемесі бар рема бөлігін аудармашы сөйленген тілден аударма тіліне шағын бөліктермен бөліп береді [2, 20-бет].

Ілеспе аударма аудару іс-әрекетіне жататындықтан ондағы тәсілдер аударма түрінің бәріне ортақ болып келеді. Ілеспе аударманың ерекшелігі сол-тәсілдерді жылдам қолдануда, шешімді тез қабылдауда болып табылады.

1) *Сөзді қалдыру тәсілі* (прием опущения) лексикалық қосымшалар тәсіліне қарама қарсы: контекстен мағынасы анықталатын, немесе мағынасы орынсыз қайталана беретін ұқсас сөздердің бірін аударма мәтініне нұқсан келтірмей, қайта қажетсіз қайталана беріп шұбатылудан сақтайды. Және осы тәсіл аударманың неше түрлі лексикалық қосымшалар пайдаланғаннан көлемін өсірмеу үшін қолданылады. Мысалы:

Оратор: The proposal was rejected and repudiated.

Аудармашы: *Ұсыныс қолдауын таппады*.

Ағылшын тіліндегі қолданылып отырған сөздер бір синонимдік қатарғы жатады, және олардың мағынасы бір. Сондықтан аудармашы уақыт тапшылығына байланысты екі синонимдік сөзді бір сөзбен аударды.

2) *Әрбір сөзді жеке аудару тәсілі* (прием пословного перевода) аударманың соңғы нұсқасында емес, аударма процесінің барысында, яғни аралық кезеңде, көбірек қолданылады. Оған себеп түпнұсқадағы мағынаны дәл жеткізу жолында аудармашы шешімге келу үшін неше түрлі варианттарды қарастырады. Әрине, әуелі сөзбе-сөз аудару болады, кейін соның негізінде контекске сай тілдік бірліктер таңдалады.

3) Түпнұсқа тілі мен аударма тілінде мағынасы тең, эквивалентті болып келген сөздер болмаған кезде мағынасы кеңірек (жалпы) сөздерді *мағынасы нақты сөзге ауыстыру тәсілі* (прием конкретизации) және оған қарама-қарсы *мағынасы нақты сөзді мағынасы кеңірек (жалпы) сөзге ауыстыру тәсілі* қолданылады [7, 80-82 бет]. Мысалы:

The participating States intend to further the development of contacts and exchanges among young people by encouraging…the further development of youth tourism and the provision to this end of appropriate *facilities.*

Серіктес мемлекеттер жастар арасын біріктірп, алмастырып қана қоймай жастар туризін ары қарай дамытып, жастарға осыған байланысты жеңілдіктер дайындап отыр.

Бұл сөйлемде ағылшын мәтінінде facilities сөзін сөздікте бірілген баламсымен аударуға болмайды, сондықтан аударма арысында аудар-

машы сөйлемнің мағынасына қарай осы сөзді нақтылау арқылы жеткізіп отыр.

So far 65 people have *died* in floods in Dacca Province, East Pakistan.

Соңғы ақпараттарғы айтылғандай Шығыс Пакистанның Дакка аймағында 65 адам су тасқынынан *қаза тапты*.

Ағылшын мәтініндегі қолданып оытған die қазақ тіліне қарағанда ағылшын тілінде баламасы көп, сондықтан аударма үдерісінде нақтылау қажет.

Сөйлеу арқылы қатынас жасау (речевая коммуникация), соның ішінде тіларалық қатынас, сөйлеушінің айтқан сөзі – мәтіннен тұрады. Мәтін болса, мазмұны ортақ бірқатар сөйлемдерден тұратын сөйлеу іс-әрекетінің нәтижесі деп білеміз. Мәтінде қолданылған тілдік бірліктердің – сөз, сөз тіркестері, идиома, сөйлем – мағыналары өзгеріп, бір-бірімен байланысып кең мағынада контекст туғызады. Жеке сөйлемдерді аударғанда, осы жайтты ескеріп, олардың мәтіндегі орны, басқа тілдік бірліктермен қатынасына мән берген жөн. Аударма барысында аудармашы мәтінді біртіндеп, жеке сөйлемдер арқылы аударатыны анық, сонымен аударма процесінің бірлігі болып жеке сөйлем саналады. Бірақ, әрине, аудармашы жеке сөйлемді екінші тілде құрастырып отырып, жадында басқа сөйлемдердің мағынасымен байланыстырады, кейде тіпті екі сөйлемді біріктіріп жібереді. Ілеспе аударма кезінде, мысалы орыс тілінен аударса аудармашы сөйлемнің мағыналы бөлшегін ести салып екінші тілге аударуға тырысады. Қазақшадан аударғанда бұл тәсіл қолднауға келмейді, себебі сөйлемнің ең маңызды мүшесі – баяндауыш – қазақша сөйлемде соңғы орында.

Әдебиеттер:

1. Р.К. Миньяр-Белоручев. Теория и методы перевода. – Мәскеу, 1996.
2. Комисаров В.Н. Общая теория перевода. – Мәскеу, 1999.
3. А. В. Федоров. Основы общей теории перевода,
4. Әлпейісова К.Ә. Ілеспе аударма жасаудың теориялық және практикалық негіздері. – Астана, 2007.
5. Жетесова Ж.А. Аударма негіздері. – Ақтөбе, 2008.

* * *

В статье «Лексические трансформации в синхронном переводе» излагается общая история развития синхронного перевода и виды лексических трансформаций.

* * *

This article “Lexical transformations in simultaneous interpretation” investigates the history of development of simultaneous interpretation and the types of lexical transformations.

Бөлтіріктің «Ел жарыла көшкенде» дастаны

Г. Әзікен

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың II курс магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Мақала қазақтың танымал ақыны Бөлтірік Атығанұлының шығармашылығына арналған. Автор «Ел жарыла көшкенде» өлеңіне талдау жасайды. Мақалада бұл шығарманың мәселелер мен өзіндік шығармашылық бейнесі көрсетілген.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі туралы өлең, жырлар сол көтерілістің барлық уақиғаларын егжей-тегжейлі, саяси әлеуметтік мәнін, сипаттарын оны бастаған бұқараның жайларын, көңіл күйлерін, бейне қабілеттерін, халықтың ерлігін бәрін бастан аяқ әрі толық, әрі дәл айқын суреттейді. Сонымен бірге олар үстем тап өкілдерінің, бай феодалдардың, би болыстардың халыққа істеген опасыздық әрекеттерін ашық әшкерелеп отырады.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі туралы өлең, жырлар қазақ халқының XX ғасыр басындағы әдебиетінің бір мол саласы, аса құнды қазынасы. Қазақтың тарихи істерінің тарихи, көркем шежіресі деп айтар болсақ бүгінгі таңда бұл біздің тарихымыздан үлкен орын алып

сол бір өткен өмірдің куәсі ретінде әдебиетіміз тарихынан өшпес із қалдырып отыр.

Ғалым Бейсенбай Кенжебаев бұл тұстағы шығармаларды тарихи шындығы мен заңдылығы терең ашылғаны үшін реалистік поэзия десе, онымен қоса 1916 жылғы көтеріліс туралы поэзия қазақ халқының ауыз әдебиетінде ежелден дамып келе жатқан реалистік түрмыс-салт жырларымен тарихи жырлар дәуіріндегі, жаңа уақиғаға байланысты жасалған жаңа поэзия дейді. /2, 18-б./ Айтса айтқандай ақ бұл тұстағы шығармалар мысалға Бөлтірік ақынның «Ел жарыла көшкенде» дастаны Көдектің «1916 жыл» дастаны Исаның «Бекболат» дастанын дәлел деп айтуға болады. Бөлтірік ақынның «Ел жарыла көшкенде» деп аталатын дастанын алып қарайтын болсақ. Бұл дастан ақынның жанынан шығарылған халықтың күйзелісін көрсетсе онда толып жатқан астарлы уақиғалар бар бір жағы халықты аяусыз қанаған патша өкіметінің жағымсыз әрекеті, бір жағы елімен жерінен бөлініп қоныс аударып бара жатқан халықтың жұтаңқы күйі, енді бір жағынан халқымды қорғап қалсам деп алға тартқан Жәмеңке, Үзақ сияқты батырдың бейнесін көрсетеді. Осындай шытырман уақиғаны ақын шығармасында нақты да дәл, түсінікті етіп жеткізіп отырса енді бір тұсынан нақты уақиғаны баяндап қана емес қазақ тілінің негізгі сөздік қорындағы бір қатар сөздерге екінші түрлі жаңа мағына беріп қолданса бірде әр түрлі көркемдеу амалдарын қолданып отырады тіптен шығармада мақалды да кезіктіруге болады. Ақынның тілдік ерекшелігі бұл ғана емес ойын жинақы бейнелеуінен де көрінеді. Шығарманы толықтай оқымай жатқан күннің өзінде бірнеше шумақтардан ақ болған уақиғаның мән жәйін көре аласыз.

Мысал:

Түнды құлақ шуылдап ,
Үшты жүрек зуылдап.
Ауған, азған сорлы елге,
Патшаның қолы ойнақ сап,
Бидайықтай қуырған.
Үпті талап үйді алды.
Қараны құртып қойды алды. /1, 35-б./

Айрылдық тырна бурылдан деп жырлайтын жолдарда бір ғана халықтың сүреңсіз күйі, қоныс аударған мұңлы жағдайы емес зұмыгер патшаның аяусыз әрекеті бірге көрініс табады немесе бір уақиғаның ішінен келесі бір уақиғаның көрініс алуы десек жанырлық жақтан шығарманың дастан екенін дәлелдеп көрсете түседі. Көлемі шағын туратын осы шығарма тұтастай бір уақиғаның болмысын толық ашып отырады, шағын сюжет пен бірге дамытып жеткізеді әрине шығарманың жанырын біз дастан деп танимыз. Шығарманың көркемдік тұстарымен халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне келетін болсақ: мысалы

Патшаның **<u>қолы ойнақ сап,</u>**
<u>Бидайықтай қуырған.</u>
Қолқасын **қойдай** суырған,

деп келетін жолдардан көркемдеу амалдарының **теңеу, эпитет** формаларын көреміз бұл тұста ақын патшаның зұлымда жауыз әрекетін бірден анықта айқын ашып көрсетеді.

<u>Құландай қунап</u> семірдік,
Ен далада елірдік.(теңеу)
<u>Құлан таза</u> боп қалдық. (тұрақты сөз тіркесі)

бұл жолдардағы тіркестер арқылы халықтың мал мүлкінен айрылып құлан таза боп қалғанын айқын көрсетіп тұр.

Көк түтінді түтетіп
<u>Ойнатқан оқты мылтықтан,</u> (Ауыстыру)
Қаптаған мың сан қазақты

Бөріктіріп **<u>бөкендей</u>**
Көрінеу көрге бір тыққан (теңеу)

<u>Безек қағып</u> бастары
Сүңгіді қанға тұмсықтан (эпитет)

<u>Қояндай</u> қорқып қорғалап (теңеу)
<u>Құрдан бетер жорғалап</u> (эпитет)

Сүйтіп еңіреп жүргенде
<u>«Асқанға бір тосқан»</u> боп,

Болыпты зауал ұлыққа бұл арада ақын мақалды орынды қолданған, бір жағы айтар ойын анық жеткізсе енді бір жағы халыққа түсінікті етіп жеткізген.

<u>Оқпен</u> бізді **<u>ұшықтап</u>**

Шошытқан елді қырсыққан. Бұл жерде ауыз әдебиетінің үлгісі кезігеді, ұшықтау

бұл түрмыс салтқа тән қасиет деп айтуға болады. Міне осындай шеберде өткір тілімен ақын өз ойын ашықта айқын жеткізеді және түрлі көркемдеу амалдарымен көркем сөз тіркестерін ұтымды да шебер қолданып отырған. Бұл дастан 1916жылғы ұлт азаттық көтерілісінің көркем шежіресі дастанды оқып отырғанда көтерілістің шығу себебі патша өкіметінің отарлық саясаты елі үшін басын бәйгеге тіккен батырлар образы шынайы көрініс тауып отырады. Сондай ақ ата мекенді тастап кету себебі де осы дастанда шындыққа лайық көрініс тапқан.

Ақын аз сөзге көп мағына сиғызып қазақ халқының белгілі кезеңдегі трагедиясын нақты көрсетіп көркем жырлай білген. 16 жылғы көтеріліс басшылары Жәмеңке, Үзақ сияқты халық батырларының қиын шақтағы іс әрекеті, ерен ерлігі, көрініс тауып нағыз батырлар образы сомдалған. Тарихи дастанның мән маңызы жоғары туынды ретінде қазақ әдебиетінде өшпес орын алды. Аласапран жағдайды бастан кешірген қазақ халқы өзінің қайсар да қайтпас, ержүрек мінезімен батырда, өр тұлғалы ұлдарының арқасында ұзақ жылдар бойы күресіп ақыры азаттықтың ақ таңын қолға алды. Бұл күрес талай жылды бастан кешіріп, сан мыңдаған ұрпақтың қарулы күресінің жемісі болды. Сол қан төккен батырларымыз бүгінде біздің ортамызда онан ары жарқын, көрініп күрескерлік рухымызды азаттығымызды одан ары нығайта берері анық. Соның куәсі өткен тарихты өрнектеп кеткен дастандардан табылады. 1916 жылғы майдан өмірін суреттейтін бұл дастан нағыз көркем шындықтан құрылған. 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының көп ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында аса көрнекті орын алады. Шындығында да, өз тәуелсіздігі үшін ұзақ жылдар бойы жүргізген ерлік-күресінің дәстүрінде тәрбиеленген қазақ халқы 1916 жылы ұлттық және саяси бостандық алу мақсатымен Россия империясының езгісіне қарсы жойқын күреске шықты. Жаңа тарихи кезеңде, империализм мен бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайында Амангелді Иманов, Бекболат Әшекеев, Үзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов және басқа халық батырлары кезінде, Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Кенесары мен Наурызбай Қасымовтар көтерген бостандық үшін күрес туын қайтадан өз қолдарына алды. 1837-1847 жылдардағы Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысынан кейін 1916 жылғы көтеріліс бүкіл Қазақстандық сипатқа ие болып, ұлан-ғайыр Қазақстанның барлық өңірлерін қамтыды. Осын тарих бетіне өрнектеп халқының азаттығы үшін күрескен ұлт жанды батырлар тұлғасын бейнелеп сыр щертетін бұл біздің ақын бабаларымыздың көзбен көріп жазып қалдарған шығармаларынан табылып отыр. Әрине бабаларымыздың жыры мәңгі жырлана береді.

Әдебиеттер:

1. Бөлтірік Атыхан. Азамат болсаң. — Алматы, 1993.
2. Бейсенбай Кенжебаев. Көтеріліс жырлары туралы. — Алматы, 1956.

* * *

Статья посвящена творчеству известного казахского поэта Болтрик Атыганулы. Автор анализирует стихотворение ``Переселение народов`` В статье показано художественное своеобразие и задача этого произведения.

* * *

The article is devoted to the creativity of known Kazakh poet Boltrk Atganuly. The author analyzes a poem “El zharyla köshkende” In the article the artistic originality and problems of this work are revealed.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Шыңғыс хан бейнесі

А. Нусипов

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың II курс магистранты, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Образ великого Чингизхана, особенности его характера и исторические дела правдиво раскрыты в казахской художественной литературе. История Чингизхана на разных этапах связана с историей казахской литературы.

Біздің зерттеуімізге арқау болған ұлы түлға Шыңғыс хан өз хандығын ұлғайтып, мәңгі жасайтын мемлекет құру мақсатында еркімен бас имегендерді қылыштың жүзімен бағындырған. Соғыс – біреуге үрей, біреуге мерей. Жеңілуші жақ ақыры ұлы хандық құрамына енгенімен, соған дейін халықты ерлікке үндеу, жоқтау, зар түрғысында шығармалар (Ақтабан-шұбырынды жылдарындағы атақты «Елім-ай» секілді) тудырғандығы күмәнсіз. Сол шығармада басқыншы Шыңғыстың атының аталғандығы да ақиқат. Әрине, жағымсыз түрғыда. Ал, жеңімпаз ханның әр жеңісін тойға айналдырып отырғандығын ескерсек, жиын-тойда бұрынғы мадаққа қоса, жаңа, тың туындылардың да туылып отырғаны талассыз. Заманнан заман өткенде, әлгі шығармалардың ұмытылғаны ұмытылып, ұмытылмағаны сан өзгеріске ұшыраған. Уақыт ағынымен алға жылжи берген. Аңызға айналып. Енді, сол аңызды кейінгілер өз шығармасына шикізат ретінде қолданған.

Әу демейтін қазақ жоқ. Бес қазақ бас қосса, жыр айтпай тарқамаған заманда, бұрынғылар Шыңғыс туралы жыр-аңыздан естіген, әңгіме арасында қарапайым сөзбен де өткен күнге щолу жасаған. Кейінірек, жаппай «сауаттанып», ауыз әдебиетінен жазба әдебиетіне ауысқан түста, Шыңғыс бейнесі – талай романның, хикаяттың, әңгіменің, поэманың, пъессаның, қысқасы, талай үлкен туындылардың негізі болды. Тікелей Шыңғыс ханға қатысты болмағанымен, өзегінде аты аталып, ісі суреттелетін, бейнесі ұшырасытын көркем шығармалар қаншама!

Шыңғыс ханның ұлы қағанатты құрудың алғышарттарын жасап жатқан түсында ең ірі қарсыластарының бірі – наймандар болған. Найман мемлекеті. Наймандар мен Шыңғыс ханның арасындағы соғыс тарихы әдебиетте қалай бейнеленді? Кім жазды? Біздің қолымызға түскені – Түрсынхан Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» атты романы. Наймандардың күшейіп түрған кезі – Шыңғыс ханның еңсесін енді көтеріп, жаңа хандықтың іргесін жаңа бекітіп жатқан сәтіне сәйкес келеді. Осы сәттен – Наймандардың әлсіреп, Шыңғыстың алдында тізе бүгуіне дейінгі тайталас шығарманың арқауы болған. Романның көркемдігі туралы сөз қозғау артық. Жалпы, бұл романдағы Шыңғыс хан о баста Керей мен Найман деген екі күші басым хандықтың арасында күші аз болғанымен, айласы асқан адам ретінде суреттеледі. Найман мен керейдің арасындағы қақтығыстарды өз пайдасына шебер пайдаланып кете алған айлакер адам. Роман наймандар жақтан баяндалатындықтан Шыңғыс ханның образы жағымды деуге келмейді. Көк бөрілердің көз жасы – наймандардың көз жасы.

Қай оқиғаның түсында екеніне шұқшиып жатпай-ақ, осы шығармадан Шыңғыс ханға берілер баға мен телінер бейнеге аздап тоқталып өтсек:

«Темүжін де айлалы. Сол кеткеннен мол кетіп, қыс өтіп жаз шыққанға дейін ат ізін салмай жатып алды. Ондағысы Керей ақылына келсін, бір ауық оң солын байқап, өзінің оқшау түрғанын, дәл қазір сүйеніш болса, осы Моңғол болар деп, соған көзін әбден жеткізсін дегені еді» (2, 85).

Бұл жерден көретініміз Шыңғыс ханның Керейлерге қол ұшын беріп, оларды өзіне борышкер қылып қойғандығы. Керейдің ханы Оң хан Темуджинге қатты сенеді, оның үстіне өкіл әкелігі тағы бар. Ал, Оң ханның ұлы Сангүн Темуджинді жек көреді. Жазушының суреттеуі бойынша Темуджин мен Сангүн әкенің алдында асыққа таласқан екі ұл сияқты. Ит пен мысықтай. Сангүн жаулығын жасырмағанымен, Темуджин сыртқа шығара қоймайды. Ертеңіне, болашағына сенер адамның ісі. Екі мемлекеттің арасындағы достық есепсіз болмайтындығы белгілі. Қай-қайсысы да өз пайдасын ойлайды. Сол сияқты Шыңғыс ханның Керейлерге жасаған жақсылығы да есепке құрылған, қарымтасы бар жақсылық. Мәселен:

«Темүжін, осы жолы да түскен олжаның бәрін Оң ханға сыйлады. Оның бұл жомарттығының сырын түсінбеген кейбір кісілер беталды қоңқылдап: «Темүжін бар олжаны аузымыздан жырып Оң ханға беріп жатыр, өз ағасын ағалай алмаған, кісі ағасын жағалай алмайды, мұнысы не?» – деп елді дүрліктірмек болды. Сонда Мұқали балуан: «Керейге кеткен

еш кетпейді, ертең айналып келіп өз уысыңа түседі» – деді.

Ақыры соның айтқаны келді» (2, 86).

Бұл да рас. Есебі мықтының екі асайтыны айдай ақиқат. Алысты көздеген, есебінен жаңылмаған Темуджин – Шыңғыс ханға айналды. Наймандарға жау Шыңғыс хан – өз елін бақытқа жеткізуді, теңдікте күн кешуді армандаған қайраткер.

Шығармадағы мына бір Шыңғыстың сөзі:

«– Ежелден Алтайдың күн бетін көрмеген біз де ақымақ екенбіз. Сөйтсек, аспан асты кең екен, алуан-алуан ел екен. Енді ат бауырын жазып, алыс-алысқа шеру тартатын, тамам Моңғол-керейдің аламанын артымнан ертіп, жау түсіріп, олжа салатын, өзгелердің қамбаларын сарқып, салтанат құратын кез жетті. Моңғол-керей жұрты ендігіде Бұрхан мен Қарақорым тауының тағысындай табанын жалап күн кешпейді...

Ол қыза сөйлеп осы араға келгенде жұмық көздері тереңнен жылтырап, өңіне ісік жүргендей күреңдеп, терісіне симай кетті. Әлгі жұмық көздер енді от боп жайнап, қыранның қаншегіріндей талпынып, байыз таппады. Жасы отыз жетіге келген моңғол қағаны осы бетінде әлденеге алақызып, асығатындай.

Алдына келген нояндар оның мына түрінен именіп, сөзден бөгеліп отырып қалды» (2, 96).

Оның алдағы мақсатына асығуы ғана емес, өзінің қарашысын имендіріп тұратын сұсты жүзі көз алдыға келеді. Ол әскерін тек имендіріп қана қоймай, олармен санасып отырған. Кей жағдайда сұраған қалауларын орындайтын болған. Оған бір мысал, Түрсынхан Зәкенұлының осы романындағы әскерінің аң аулауға өтініш айтып, Шыңғыс ханның келісім беріп, біраз уақытын сейіл-серуенге бөлгендігі.

Сонымен қатар, Шыңғыс хан басынан не өтсе де уақытша деп білген шыдамды, төзімді, сабырлы адам. Саят құрып жүргенде итін Сангүннің бүркіті жазым қылады. Сангүннің көздегені де осы болатын. Ханның итінің өлуі де мұндай сын сағаттарда жаулыққа ұласатын араздықтың тууына себеп болуы мүмкін жайт. Бірақ, болашық мақсат-мүдде жолында ақылды хан ондайға жібермейді, келіп түрған ашуын тежей біледі.

Біз тоқталмақ келесі туынды Мұхтар Шахановтың «Жеңілген жеңімпаз хақындағы Отырар дастаны немесе Шыңғыс ханның қателігі» атты поэмасы. Шахановтың ұстанымы белгілі. Шыңғысты қанішер санайды, қазақтың Отырар атты қаласын талқандағын басқыншы есебінде суреттейді. Даңқы жер жарған, екі жүз мың әскері бар Шыңғыс хан алты ай бойы кіпкішкентай Отырарды ала алмайды. Ақыры, іштен сатқын шығып, Отырардың күлі көкке ұшады. Отырардың ханы Қайырдың ерлігіне тәнті болған Шыңғыс хан «сендей бес қолбасшым болса ғой» деп армандайды. Және, өз ханына опасыздық жасаған сатқын, түбінде мені де сатып кетеді деп, Қайыр ханға құрмет көрсетіп, Қарашоқының тағдырын қолына береді.

Осы тұста айта кететін бір жайт, ұлы қағанның сатқындықты кешірмегені тарихтан белгілі. Өзіне көмек берген талай сатқынның тағдыры Қарашоқы тағдыры секілді аяқталған. Қарашоқы аталатын поэма кейіпкеріне тарихи түрғыдан ақ-қарасын айырып, тоқталып жату артық, бұл жердегі әңгіме қандай бейнеде болса да қазақ әдеби шығармаларындағы Шыңғыс хан жайлы. Тарихи шындық хақындағы әңгіме кейінірек.

Шыңғыс хан аузымен айтылатын мына жолдар:

«Әр мықтының осал жері болмай ма?
Болса қайсы? Оған бастар жол қайда?
Ал бұл сұрақ бар кез сенің жүру керек ба-сыңда,
Менің күллі жеңісімнің құпиясы осында!» (3, 25) –

қағанның ұстанымынан хабар береді. Күшті қарсыластың осал тұсын тап басып тани білу жеңіске жетелер бірден бір жол. Қағанның басқан жерінің бәрі қан сасиды, себебі ол жан баласын аямайтын жауыз. Осы поэма бойынша айтқанымыз.

«Рас, менің нөкерлерім безбүйрек
Зұлымдықты ерлік деп те таниды.
Олар тіпті өкшесімен езгілеп
Кете алады жазығы жоқ сәбиді.
Одан да ірі хайуандыққа жете алады төзімі,
Бәрін өзім үйреткенмін о баста.
Қаталдық пен аяушылық сезімі
Жауынгердің жүрегінде түспеу керек таласқа.
Түспеу ләзім қос сезімнің дауына,
Мен осыған қатты көңіл бөлемін.
Қаншама иттік етсе де олар жауына,
Туған жерін сатпасына сенемін» (3, 27).

Шыңғыс хан туралы Отырар дастаны осылай дейді. Біздің мақсат автор ұстанымын талқылау емес, сондықтан осымен тоқтасақ та болады.

Келесі бізге объект болған шығарма Әбіш Кекілбаевтың «Ханша-дария хикаясы» атты хикаяты.

Күрделі тұлға туралы дерек те күрделі. Сан түрлі. Нақтылықтан болжау басым. Ұлы қаған өмірінің соңы, қазасы туралы да әртүрлі айтылады.

«Шыңғыс хан өлімі туралы тарихшылар пікірі де әртүрлі: бір деректерде үнді елінен

жорықтан келе жатып, ауырып өлсе, енді бір деректерде Арбух тауында құлан атып жүріп, аттан құлап өліпті дейді. Қытай тарихшылары басқа дерек айтса, маңғұлдың кейбір тарихшылары Таңғұттың асқан сұлуы Гүрбелжіннің қолынан өлді дегенді айтады» (5).

Біз талдамақ хикаятта осы соңғы нұсқа, моңғолдың тарихшыларының келтірген деректері көркемдік шешім табады. Ел аузындағы аңыз бен тарихи дерекке сүйенген жазушы көргені мен естігенін көркем дүниеге айналдырған.

Енді, тікелей шығарма желісіне көшсек. Ұлы қағанның үйқыдан оянып, саусағындағы жүзіктерін түгендеуден басталады. Он саусағында тұрған он жүзіктің өзіне тиесілі тарихы бар. Жазушы сол оқиғаларға шолу жасап шығады. Шыңғыс хан өзіне бас имеген, қаһарынан именбегендердің басын алып, жүзігін тағып алып отырған. Әлемді титіренткен ұлы жиһангерге бас имегендердің жүзігінің көптігіне тоқталады. Демек, қаған қанша қаһарлы, айбарлы болса да, оған бас имей кеткен қарсыластар аз болмаған. Жазушы шығарма басында осыған бір назар аударады.

«Бұл өз алдына келгенде қаймықпаған адамның қай-қайсысының да жүзік-сақинасын кесіп алып тағып жүр. Адамдар неткен көзсіз, неткен өжет. Тап бұдан именбейтін адам шанда-шанда бір жолығар деп ойлап еді, ондайлардың тек сақина-жүзіктерінің өзі бірнеше керуенге жүк болды. Бұл өрлік пен ерлік түгілі, мешкейлікті де, дүниеқоңыздықты да жеңе алмады».

Таңғұт елін жаулау сапары. Бір қарағанда әйел үшін бастағандай көрінгенмен, көреген ханның екі қоянды бір оқпен атқандығын көреміз. Дәл осы түста, Шыңғыс ханға бағынышты Таңғұттардың жорыққа әскер қосудан бас тартып, онымен қоймай басқа көршілерді Шыңғыс ханға қарсы соғысуға үгіттеп жүргендігі соғысқа басты себеп болады. Жауды жеңу бір басқа, сұлу қыз-келіншегін қатын қылу бір басқа. Алғашқысы елдігіңнің нығайып, күшіңнің артқанын көрсетсе, соңғысы жеңісіңді дәлелдеп, жауыңның сағының біржола сынғанын айғақтайды.

Қаланы алғаннан кейін, жеңімпаз ханның алдына Шидүрге әкелінеді. Шидүргенің: «Мені өлтірсең – өзіңнің басыңа қауіп, өлтірмесең – артыңдағы үрпағыңа қауіп» – деген сөзіне: «Менің басыма көктегі хақ тәңірінің өзінен басқа ешкім қауіп төндіре алмайды, алдажалда басымды шауып алғысы кеп өреленер жау болса, кезінде көріп алармын, ал енді ертең үрпағымның тынышын алатын жау болса, осы қазір қапы қалмай тұрып көзін жояйын!» – деп жауап бергені оның үрпақтың ертеңін ойлаған сайыпқыран хан екендігінің бір көрінісі.

Шидүргенің басы алынады. «Ханым көйлегінің жеңін шап беріп асап алды. Өң-сөл жоқ сүп-сүр жүзін удай ащы көз жасы тілгілеп жатыр» (4, 86). Бұл кек алуға бекінген әйелдің көз жасы еді.

Ақыры, Гүрбелжін ханым «Арына дақ түсірмей, және қанқүйлы жиһангерден айламен кек қайтарып, өмірден өтеді» (7, 72). Шығарманың шешуші сәті – Шыңғыс ханды жаралап, Гүрбелжін ханымның кек қайтаруы:

«Өне бойында лыпа жоқ, қақпанға түскен еліктей өз-өзінен үркіп тұрған аруға қарай төне түсті. ...Құмарлықтың дүлей желігіне біржола беріліп, құдды бір жағаға шығып қалған балықтай тынысы тарылып, танауын жас тәннің, асау қанның, елден ерек сұлулықтың хош иістері қосыла аңқыған қос анардың ортасына енді апара бергенде, ұлы әмірші оқыс ышқынып, сылқ етіп сұлу үстінен ауып түсті» (4, 87-88).

Бар ғұмыры күреспен, жеңіспен өткен ханның өлімі жайлы сыр шертетін хикаяттың финалы осындай. Туған сәтінен бастап Тәңірінен талай сый алған тумысы ерек ұлы билеушінің маңдайына «қансонардың қарындай аппақ тәні бар» аруды құшу жазылмапты. Бар ісін ақылмен, мың ойланып, жүз толғанып барып шешкен көреген қолбасы, бір сәт соқыр сезімнің жетегіне еріп, сабырынан айырылып еді, осындай сұмдыққа кез болды.

Жанды жері жараланып, пұшайман болған ханның ендігі іс-әрекеті: құздан секіріп, дарияға ағып кеткен Гүрбелжінге арнап отау тіктіріп, одан қалған жалғыз белгі – сұлудың жұпар иісі сіңген көйлегін бауырына басып, құныға иіскеп мауқын басып жүріпті. Ақыры:

«Шыңғыс хан әшекейлі қытайы кесеге әлдебір сусын құйып, Қасар мергенге ұсынды: «Түгел жұтып салмай, орталап ішіп, қалғанын өзіме қайтар,» – деді. Қасар мерген бұнысына айран-асыр болса да, ұлы әміршінің бұйрығын орындамауға дәті бармады. Ол қытайы кеседегі жұмбақ сусынды орталап ішіп, кесені мамық төсектің үстіндегі арса-арса бір уыс шалға, ұлы әміршісіне қайтып берді. Қытайы кесенің қолынан шығуы мұң екен, төсектің аяғына құлап түсті. Ол өзінің, күні кеше арқар қуып, тау мен таста қаңғып жүрген жаман аңшының сарқытын жарты әлемді қасы мен қабағына қаратқан ұлы әмірші қалай қағып салғанын көріп, таңғалып, ернін бір сылп еткізуге ғана мұршасы келді.

Бұл Қасар мергеннің ұлы әміршісіне ең соңғы таңғалуы еді» (4, 89).

Аңғарғанымыздай, Әбіш Кекілбаев өз шығармасында ұлы Шыңғыс ханның да пенде екенін, адам екенін басты идея еткен. Оның да осал тұсы болатындығын жазады. Адамзатқа тән осалдыққа ол да ие. Адам баласы ұлы сезім – махаббаттың алдында дәрменсіз. Шыңғыс хан да осы орайдан табылады. Аңдамай басқан бір қадамның өмір бойы ешкім таптай алмаған намысың мен жеңе алмаған тәніңді аяқ асты етуі мүмкін. Шыңғыс хан да күтпеген жерден қырсыққа ұрынады. Ешкімнің айласын өзінен асырып көрмеген хан бір-ақ сәтте соқыр сезімнің құлына айналып, нәзік жыныстының қолынан құрбан болды.

Сөзімізді қорыта айтқанда әдебиет аталатын мектепте біреулер білгенін, көзі жеткенін айтса, ақиқат деп танығанын жазса, бірі құр дықпыртқа сүйеніп, құлағы шалғанын айтып жатады. Заңды құбылыс. Кім не жазса да, өз танымы түрғысынан жазады. Әдебиет осылай қалыптасады. Автор танымын негізге алсақ, сол әдебиетте ұлы адамдар туралы пікір мен көзқарас та сан қилы. Біреу үшін қасиет тұтар, бас иер кие, екінші біреу үшін жиренер жамандық. Ақиқат талас тартыстан ашылатындығын ескерсек Шыңғыс хан туралы дауға да нүкте қойылар күн алыс емес. Тарих – әділ төреші деп жатады. Бас қазы төрелігін бергенше түрлі мазмұндағы, қилы ұстанымдағы шығармалардың жазыла беретіндігі де заңды құбылыс. Жаңсақ ұғым, қате пікірдегі туындылар заманнан заман озғанда, кезінде Шыңғыс хан бабамыз туралы осындай көзқарастар да болған екен дегізетін тарихи құжатқа айналады. Оған дейін дау тоқтап, тартыс тиылмақ емес.

Дау дегеннен шығады, сөзіміздің басында айттық, қаған туралы талас-тартыс әдебиетте ғана емес, БАҚ-да да көрініс тапты. Зиялы қауымның арасындағы тартыс уақыт өте келе қарапайым халық арасындағы таласқа ауысты. Алдымен Мұхтар Мағауинге жүгініп көрейік:

Шыңғыс хан... біз үшін мәңгілік мақтаныш...

Шыңғыс хан есімі біздің халқымыз үшін, міне, тоғыз жүз жылға тартты, ұран болды, қуат болды, ақыры арманға айналды.

Кейбір ағайындар айтып жүргендей, біз Отырарды қорғағамыз жоқ, қоршадық, бергеміз жоқ, алдық, дәлірек айтсақ, жаудан бостан қылдық...

...айтатындары – Шыңғыс хан жаман, қанішер, пәленбай қаланы қиратқан, пәлен жұртты жойған. Біз айтайық, Шыңғыс ханның және оның ұрпақтарының атының тұяғы тиген ешбір жерде ешқандай халық жойылған жоқ. Бәрі де ата жұртында өсіп, өніп, бүгінгі күнге жетті» (8-9).

Енді осыған қарсы Мұхтар Шахановтың айтуы:

«Ал, жарайды, туысқанымыз-ақ делік. Безбүйрек туысымыз әрі әміршіміз болғаны үшін Шыңғыс ханның талай жазықсыз жұртты, тіпті, өз ата-бабаларымызды да қан қақсатқан қасіретіне көз жұмуымыз керек пе? Бұл ойдың ар жағында құлдық сана формуласы, яғни, жұртты соған қайта үндеу жасырынып жатқан жоқ па?» (10).

Қарапайым халық дегеніміз:

«Біз, Отырар қариялары, М. Мағауиннің «Шыңғыс ханның шарапаты» атты мақаласын оқып, жағамызды ұстадық... Шыңғыс ханды «бізге азаттық әкелуші» деп жариялау – барып тұрған әділетсіздік әрі біздің әлі жеке ұлт боп ұйымаған дәуірімізге баға берушілік, нығыздап айтсақ, сауатсыздық дер едік.» (11) – дейді.

«Шыңғыс ханның арғы тегі қият, ал қият пен қыпшақ бірге туысады. Негізінен, батыс пен орыс зерттеушілері Шыңғыс ханның бізге туыс екенін жасыруға тырысты ғой. Тіпті, түркі дегенді айтқызбай, оны моңғол деп атады. Артында Алтын Орда деген мемлекет қалды. Ол – қыпшақ мемлекеті еді... ал енді әлгі «Отырардың күйреуіне» қайтып келсек, оны экраннан алып тастайтын кез жетті. Ол ешқандай патриоттық рух бермейді, қайта оқушыны шатастырады» (12).

Міне, Шыңғыс хан туралы баспасөз беттеріндегі пікірлер. Бұл әрине тарихи таным түрғысынан алғанда қазақ қоғамының қазіргі бейнесі, түсінігі. Қандай шығармалар болмасын, белгілі бір идея түрғысынан туылатындығын ескерсек, біздің келтірген пікірлер (келтірмегеніміз қаншама) болашақта жазылатын шығармалардың сүлбасы деуге болады. Қалай болған күнде де, Шыңғыс хан аңыз арқылы әдебиетімізге келген, орын алған. Енді заманауи ауқымды шығармалар арқылы көркем әдебиеттің төріне шығады. Аңыз ақиқатқа айналады.

Сөзімізді Мағжанның сөзімен түйіндейік:

«Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғиық ой, болат жігер.
Шыңғыстай данышпанның құр аты да,
Адамның жүрегіне жігер берер» (13).

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Он үш томдық шығармалар жинағы, 8том. – Алматы: Қағанат, 2002.
2. Зәкенұлы Т. Көк бөрілердің көз жасы. – Алматы: Олжас, 2002.

3. Шаханов М. Ғасырларды безбендеу. – Алматы: Жазушы, 1988.
4. Кекілбаев Ә. Дала балладалары, 2том. – Алматы: Жазушы, 2001.
5. Қабышұлы И. Шыңғыс хан.// Егемен Қазақстан, 24-тамыз, 1992.
6. Дюсенбаева Ж. Ә.Кекілбаевтың шығармашылығындағы тарихи түлға және көркемдік жинақтау: док.диссертация. – Алматы, 2009.
7. Дүйсенбаева Ж. Ә.Кекілбаев прозасы. Халықтық аңыздар және көркемдік шешім: канд. диссертация. – Алматы, 1999.
8. Мағауи М. Шыңғыс ханның шарапаты. // Жұлдыз. – №3. – 2002.
9. Мағауин М. Ешкі жетектеген екеу. // Алтын Орда, 1-қараша, 2002.
10. Шаханов М. Құлдық сана формуласы немесе Шыңғыс ханды пір түтушылар әлегі. // Қазақ әдебиеті. – №1. – 2002.
11. Ордабаев Қ., Әдіhам Шілтерханов. Оңтүстік Қазақстан, 6-маусым, 2002.
12. Жұмаділов Қ. Мен не жазсам да көзбен көргенімді, куә болғанымды жаздым. // Айқын, 28-наурыз, 2006.
13. Жұмабаев М. Шығармалар, 1том. – Алматы: Білім, 1996.

* * *

In this article of examined about appearance of Great Chingizkhana in kazakh artistic literature. Told about that, how historical businesses and character features are true exposed. Side by side with this connection of literature opens up with history, talked about close connection of history of Chingizkhana on the different stages of development of literature with history of kazakh literature.

Коммуникативная культура и компетентность в профессиональной сфере общения

Ж. Б. Джаламова, Л. А. Алдабергенкызы

ст. преподаватели КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация. Статья представляет собой опыт преподавания курса «Русский язык» на факультете химии и химических технологий. Авторы дают подробную характеристику всем видам работ, применяемых при анализе научного текста. Особое внимание уделяется типологии текстов по специальности; характеризуются работы, представляющие собой итоговую форму оценки знаний.

Формирование профессиональной компетентности базируется на создании значимых структур в сфере профессиональной деятельности. При формировании профессиональной компетентности активность индивида является важной составляющей и «мерой всестороннего проявления своей сущности в конкретных условиях» [1,61].

Стратегические направления в области образования требуют поиска новых организационных форм, методов обучения. В связи с этим возникает необходимость использования инновационных методов в образовательном процессе. Данные изменения во многом обусловлены положениями Болонской декларации, которые нацеливают на подготовку самостоятельной, развитой личности, способной к творчеству, самоидентификации, максимальной самореализации.

Приоритетной задачей является подготовка высококвалифицированного специалиста и, несомненно, формирование профессиональной компетентности, которые ориентированы на создание личности, обладающей фундаментальными знаниями, способной гибко адаптироваться к изменяющимся условиям жизни.

На актовой лекции Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаевы в КазНУ имени аль-Фараби была озвучена задача форсированной модернизации экономики, переход от сырьевой к индустриальной. Президент справедливо заметил, что Казахстану необходима интеллектуальная революция, которая позволит пробудить и реализовать потенциал нашей нации, где науки химия, биохимия и биотехнология должны быть приоритетными в научно-технологической картине мира [2,24].

В условиях быстро изменяющегося образовательного процесса понятие модульности как способа планирования и организации учебного материала при разработке учебных пособий и рабочих программ широко вошло в практику вузовского обучения. Как отмечает Екшембеева Л.В., этот способ зарекомендовал себя рациональным, обеспечивающим программно-целе-

вое и содержательное наполнение основного учебного документа [3,20].

Именно по этой причине чрезвычайно актуальной представляется в этом ключе подготовка студентов факультета химии и химической технологии. Анализируя проблемы возникающие сегодня перед преподавателем курса «Русский язык» на нефилологических факультетах мы хотели бы обобщить опыт, накопленный в результате работы на вышеуказанном факультете. Изначально следует уяснить, что здесь играет роль и социальный заказ общества, а именно обучение в короткий срок специалиста хорошо владеющего русским языком. Нам представляется, что добиться этой конкретной цели – научить студентов в течение ограниченного учебными рамками периода свободно говорить и писать о проблемах своей специальности можно, сочетая традиционные и инновационные методы. Но делая решительный упор на принцип коммуникативности как в обучении, так и в построении используемых учебных материалов и учебных пособий. Изучение особенностей научной речи должно учитывать не только данные методической науки, с одной стороны, и коммуникативные особенности языка специальности в соответствии с профилем обучения, с другой. Традиционно обучение русскому языку на неязыковых факультетах было ориентировано на чтение и понимание специальных тестов, а также изучение проблем синтаксиса научной речи. Сейчас необходимо думать, произошло перемещение акцента в обучении на развитие навыков речевого общения на профессиональные темы и ведения научных дискуссий, тем более, что работа над ними не мешает развитию навыков умений и знаний, так как на них базируется. Научная речь в учебном процессе должна, по-видимому, пониматься как чтение, понимание, и репродуктивное воспроизведение прочитанного в формах как устной, так и письменной. В настоящее время может считаться общепризнанным положение о том, что наука как форма общественного сознания и соответствующая ей сфера человеческой деятельности обслуживаются особой функциональной разновидностью языка, обозначаемый как функциональный стиль научной литературы. В связи с этим актуализируется теория алгоритмизированного процесса усвоения второго языка, предложенная Нуршаиховой Ж.А.. Как отмечает исследователь, особую значимость в период глобализации приобретает решение задач по обеспечению реального двуязычия, а технологический подход к теории алгоритмизированного изучения языка позволяет в целях интенсификации усвоения русского и казахского языков использовать различные способы унификации грамматических знаний [4,14]. Использование неадаптированных текстов из учебного пособия Глинки Н.Л. «Общая химия», как источника для изучения научного стиля речи легко осуществимо в условиях учебной аудитории [5]. В 2011 году нами было опубликовано учебное пособие «Практикум по развитию речи: химический профиль», которое является частью учебно-методического комплекса Русский язык для студентов казахских отделений университета (бакалавриат) [6,7]. Основной целью данного пособия, а также схемой обучения научной речи является восприятие и продуцирование языка специальности. Пособие представляет собой систему обучающих модулей, которая формирует коммуникативную компетенцию для реализации коммуникативных потребностей обучаемых. Содержание обучающего модуля направлено на продуцирование языковых ситуаций научного общения, определяемых типовой программой обучения.

Схема обучения коммуникации с профессиональными узконаправленными целями, на наш взгляд строится с учетом следующих положений:

- определение коммуникативных признаков для большинства типов текстов данной специальности, доминирующим типом текста по специальности химия является описание;

- определение средств выражения коммуникативных признаков, то есть определение коммуникативной задачи текста;

- определение и сопоставление смысло-речевых ситуаций и средств их языкового выражения для активной тренировки;

- определение видов дополнительной информации в тексте по изучаемой специальности и выработка системы упражнения для их активной тренировки;

- анализ различных коммуникативно-ориентированных видов текстов по данной специальности, текст-описание, текст-повествование, текст-рассуждение и определение их основных особенностей;

- создание «базы предварительных знании » для выработки речевых умений и навыков, то есть отбор лексико-грамматических клише, необходимых для чтения, аудирования, понимания и говорения;

- выработка алгоритмов по определению типов текста и коммуникативной задачи текста;

- устная коммуникация от монолога к диалогу, и наоборот, с применением задач и игр проблемно-поискового характера.

Алгоритм решения теоретических и грамматических задач, по нашему мнению, применительно к курсу «Русский язык» на факультете химии и химической технологии представляется следующим образом: подготовительный этап охватывает намерения студентов овладеть определенными знаниями по научному стилю речи русского языка, то есть понять суть, ознакомится с предложенным текстом.

Промежуточный этап охватывает разбор текста в связи со смысло-речевыми ситуациями.

Итоговый этап подразумывает работу по формированию навыков компресии текста и исследовательской работе студентов.

Следует отметить,что в обучении должны широко использоваться современные принципы наглядности, аудио и мультимедийные средства. Если говорить о системе упражнений, по которым построено данное пособие, здесь учитывался метод общего построения к дозировке трудностей: от одной трудности в упражнении до распознавания схожих по типу текстов: описание вещества (кислород, водород, сера, галлий и т.д.), описание прибора (газовая горелка, установка по получению уксусного альдегида, колба, бюретка, цилиндрический стакан, воронка и т.д), описание эксперимента (процесс превращения химической энергии в механическую, определение объема кислоты), до упражнений по созданию схожих текстов и доведении навыка до автоматизма с использованием предложенных языковых клише в рамках конкретных речевых ситуаций учебно-научной сферы деятельности.

Работая на неязыковом факультете, преподаватели русского языка должны достаточно хорошо знать особенности научных текстов по химическим специальностям и по мере необходимости знакомить с ними обучаемых студентов. В первую очередь, это наличие специальной терминологии, особой общенаучной лексики, специфической служебной лексики.

Основой для обучения являются тексты по изучаемой специальности, отобранные таким образом, чтобы помочь студенту реализовать коммуникативные возможности различных видов речевой деятельности. Например, нами были отобраны тексты:

- по средству передачи: в основном письменные;

- по характеру изложения: описание (различных видов, об этом мы говорили выше), сообщение, повествование (биографии известных ученых-химиков), рассуждение и их комбинации во вторичных жанрах научного стиля речи, таких как аннотация, реферат, рецензия, отзыв;

- по степени специализации: исследовательские, такие как тексты из монографии, научные статьи из периодических изданий и обучающие, то есть тексты из учебников, справочников.

Почти все тексты по химическим специальностям направлены на постепенное раскрытие системы научных знаний, перед чтением обязательно проводится словарная работа по определению узкоспециальных терминов и работа с дефинициями, которые являются носителями основной информации текста. Дефиниция дает основные сведения о предмете и развертывание текста происходит в виде описания предмета, явления, процесса, а именно физических и химических свойств вещества, способов применения и получения данного предмета, классификация предмета и сходные с ним по составу предметы. Как показывает наш опыт, следует начинать с простейших описаний и характеристик (к такого рода текстам относятся тексты «Галлий», «Водород», «Кислород», «Алмаз»). Затем можно приступить к изучению и более сложных по структуре текстов, но как можно раньше постараться выработать у студентов алгортим работы с текстом по специальности. Сюда можно отнести определение темы и коммуникативной задачи текста, определение смысло-речевых стиуаций (КЗТ), определение микротем, определение видов дополнительной информации и способов развития ее и как итог составление схемы текста.

Уместным представляется замечание о том, что тексты по химическим специальности характеризуются языковыми штампами, выражающимися в особенностях терминологической системы (принадлежность предмета к классу, состав вещества, физические и химические свойства вещества, вещество в природе, получение и применение веществ). Также следует отметить, что почти все тексты имеют своеобразную наглядность: формулы и схемы атомного строения вещества, температурные графики, схемы и строение приборов.

